

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті

ӘОЖ 1:17(574)

Қолжазба құқығында

АХМЕТОВА ИНДИРА АБДИГАЗЫМОВНА

**Қазақ даласы құндылықтарының жүйесіндегі еріктілік
(философиялық-этикалық дискурс тәжірибесі)**

8D02201 – Философия

Философия докторы (PhD) дәрежесін
алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:
философия ғылымдарының докторы,
профессор-зерттеуші Б.И. Карипбаев
Шетелдік ғылыми кеңесшілер:
PhD, Х.-А. Шимшек (Кастамону қ.,
Түркия Республикасы),
PhD, профессор А.Р. Озкан (Анкара қ.,
Түркия Республикасы)

Қазақстан Республикасы
Қарағанды, 2025

МАЗМҰНЫ

АНЫҚТАМАЛАР	3
КІРІСПЕ	4
1 ЕРІКТІЛІК ФЕНОМЕНІНІҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ-ЭТИКАЛЫҚ ТҰҒЫРЫ	13
1.1 Еріктілік феноменінің онтологиялық негіздері.....	13
1.2 Еріктіліктің аксиологиялық аспектілері.....	28
2 ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ ЕРІКТІЛІК ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ КЕҢІСТІКТІҢ СЕГМЕНТІ РЕТІНДЕ	40
2.1 Қазақ даласындағы түркілер кезеңіндегі құндылықтар жүйесіндегі еріктілік.....	40
2.2 Қазақ даласындағы ислам өркениетінің рухани еріктілік идеялары.....	55
2.3 Қазақ руханиятындағы еріктілік дәстүрі: ақын-жыраулардан алаш тұлғаларына дейінгі жалғастық.....	74
2.4 Қазақ дәстүріндегі еріктілік: қоғамдық тәжірибе және мәдени мұра.....	91
3 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЕРІКТІЛІК: МӘДЕНИ ДӘСТҮРЛЕРДІҢ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ	105
3.1 Еріктілікті институттандырудың қазақстандық тәжірибесі: проблемалар мен перспективалар.....	105
3.2 Жастар еріктілігі және қоғамдық құндылықтардың қайта жаңғыруы: салыстырмалы талдау.....	121
ҚОРЫТЫНДЫ	139
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	143
ҚОСЫМША А – Жастардың еріктілік қызметке қатысуын анықтау	156
ҚОСЫМША Б – Интервью (терең сұхбат) сұрақтары	158
ҚОСЫМША В – Ғылыми зерттеу нәтижелерін Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің білім беру бағдарламаларына енгізу туралы актілер	159
ҚОСЫМША Г – Ғылыми зерттеу нәтижелерін Гази университетінің денсаулық сақтау факультеті, әлеуметтік жұмыс бөліміне енгізу туралы Актісі	162

АНЫҚТАМАЛАР

Аксиология - құндылықтар туралы ғылым. Адамның жеке және қоғамдық өміріндегі құндылықтардың табиғаты, пайда болуы, дамуы және функцияларын зерттейтін философияның бір саласы.

Альтруизм (жанкештілік) - жеке бас мүддесінен бас тартып, өзгелердің игілігі үшін әрекет етуге негізделген моральдық ұстаным.

Ерікті - (волонтер¹) белгілі бір қоғамдық пайдалы істерді атқаруға өз қалауымен, ақысыз қатысатын адам.

Еріктілік - бұл әлеуметтік-мәдени және этикалық-философиялық құбылыс ретінде адамның өз еркімен, мәжбүрлеусіз және өтеусіз негізде қоғам игілігі үшін қызмет етуге немесе көмек көрсетуге ұмтылысын білдіретін азаматтық белсенділіктің көрінісі.

Жомарттық - материалдық немесе рухани байлықтармен өзгелермен бөлісуге дайындық пен ұмтылыс; адамгершілік қасиет.

Қайырымдылық - мұқтаж жандарға материалдық немесе рухани көмек көрсету арқылы қоғамға пайдалы іс-әрекет жасау.

Меценат - өнер, мәдениет немесе ғылымды дамыту мақсатында материалдық және қаржылық қолдау көрсететін адам.

Сақи – «sāqī²» сөзі араб тілінен алынған. Бұл сөз түркі халықтарының әдебиетінде, әсіресе суфизм мен поэзияда «жомарт», «рухани нұр таратушы» мағынасында қолданыс тапқан. Қазақ әдебиетінде «сақи» ұғымы көбіне рухани, мейірімді, жомарт адамның бейнесін білдіру үшін қолданылады.

Сахауат – бұл қазақ тіліндегі араб тілінен енген сөз, мағынасы жомарттық, кең пейілділік, мейірімділік, қайырымдылық деген ұғымдарды білдіреді.

Ұлттық бірегейлік - белгілі бір ұлтқа тән өзіндік ерекшеліктерді, тарихты, мәдениет пен тілді, салт-дәстүрлерді мойындау және оларды құрметтеу арқылы қалыптасатын ұғым. Ұлттық бірегейлік қоғамның тұтастығы мен тұрақтылығын қамтамасыз етіп, ұрпақтар арасындағы сабақтастықты сақтауға ықпал етеді. Бұл ұғым тек жеке тұлғалардың ұлтқа деген сүйіспеншілігі ғана емес, сондай-ақ мәдени мұраларды сақтауға деген жауапкершілік ретінде де көрінеді.

Ұлттық код – ұлттың тарихи жадын, рухани-мәдени болмысын, тілін, дәстүрі мен дүниетанымын айқындайтын тұтастықты құндылықтар жүйесі.

Филантропия - (грек тілінен - адамсүйгіштік) адамдарға деген сүйіспеншілік негізінде олардың өмір сүру жағдайын жақсартуға бағытталған қайырымдылық әрекеттер.

¹ Французша volontaire - «ерікті», «өз еркімен қатысушы» деген мағынаны білдіреді. Бұл сөздің түбірі латын тіліндегі voluntas - «ерік», «қалау» деген ұғымнан шыққан.

² Арабшадан sāqī – «сусын құюшы», «шарап ұсынушы» деген мағынаны білдіреді.

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Зерттеу жұмысы қазақ даласындағы құндылықтар жүйесіндегі еріктілік феноменін философиялық-этикалық тұрғыдан зерделеуге арналған. Еріктіліктің философиялық-этикалық дискурстағы орны, оның қазақ қоғамындағы тарихи-мәдени және әлеуметтік контексте қалыптасу ерекшеліктері талданады. Бұл зерттеу қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымындағы еріктілік ұғымын, оның түркілік кезеңдегі рухани-әлеуметтік тәжірибелерден бастау алып, кейін ислам өркениеті ықпалымен моральдық-этикалық мазмұнмен толыға отырып қалыптасқан рухани-адамгершілік мұралар аясындағы көрінісін терең пайымдауды мақсат етеді. Сондай-ақ зерттеу қазіргі жаһандану жағдайында аталған дәстүрлі құндылықтардың маңызын қайта зерделеу және еріктілік феноменінің әлеуметтік-мәдени өзектілігін айқындау міндетін көздейді.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Еріктілік - адамзаттың ең асыл, ар-ожданлық талпыныстарын бейнелейтін құбылыс. Қазіргі жаһандану дәуірінде ұлттық шекаралардың маңызы әлсіреп, әлем өзара тәуелді жүйеге айналуға. Бір мемлекеттің мәселесі тұтас дүниежүзіне әсер ететін күрделі факторға ұласуы мүмкін. Заманауи кезең - рухани және әлеуметтік трансформациялардың тоғысқан шағы. Жаһандану үдерісі адамның болмысына, дүниетанымына және құндылықтық бағдарларына тікелей ықпал етіп, дәстүрлі моральдық негіздерді қайта зерделеуге итермелеуде. Осындай жағдайда әлеуметтік жауапкершілік, альтруизм, ынтымақтастық пен өзара көмек сияқты ұғымдардың мәні тереңдеп, еріктілік феноменін философиялық-этикалық тұрғыдан зерделеу қажеттілігі арта түсті.

Қазақ халқының дәстүрлі рухани жүйесінде еріктілік құбылысы ежелден терең тамыр жайған. Түркілік кезеңдегі қауымдастыққа негізделген өзара жәрдем, ортақ жауапкершілік, бірлік пен ағайынгершілік қағидалары еріктілік түсінігінің алғашқы онтологиялық және әлеуметтік формалары ретінде айқындалды. Ал ислам өркениетінің ықпалымен бұл ұғым рухани-этикалық мазмұнмен толықтырылып, садақа, қайырымдылық, сауапты іс сияқты категориялармен сабақтасты. Сол себепті, қазақ даласындағы еріктілік дәстүрі ұлттық болмыстың ажырамас бөлігіне айналды.

Дегенмен жаһандану дәуірінде мәдени гомогенизация, индивидуализмнің күшеюі, рухани құндылықтардың әлсіреуі, әсіресе жастар арасында дәстүрлі дүниетанымға қызығушылықтың төмендеуі еріктіліктің мәнін жаңа қырынан қарастыруды қажет етеді. Мұндай жағдайда еріктілікті тек әлеуметтік тәжірибе ретінде ғана емес, оның философиялық, аксиологиялық және дүниетанымдық негіздерін айқындай отырып, рухани-мәдени феномен ретінде қарастыру өзекті болып отыр.

Қазіргі Қазақстанда еріктілік қозғалысының институционалдық дамуы және жастардың қоғамдық белсенділігінің артуы бұл құбылысты ұлттық философиялық дискурс контекстінде талдаудың маңыздылығын арттырады.

Қазақ халқының дәстүрлі рухани құндылықтары мен бүгінгі еріктілік мәдениеті арасындағы сабақтастықты ашу – зерттеудің теориялық әрі практикалық құндылығын айқындайды.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: «еріктілік – бұл халқымыздың тарихи болмысынан бастау алатын, бүгінгі таңда азаматтық қоғамды нығайтуда маңызды рөл атқаратын қоғамдық құбылыс. Еріктілік дегеніміз – бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып әрекет ету. Еріктілік – халқымыздың шынайы болмысы, салт-дәстүрі» – деп атап өтті [1]. Бұл ой еріктілік ұғымының сырттан енген жаңалық емес, керісінше қазақы ортада ежелден қалыптасқан көмек беру, жұртқа жанашыр болу, ортақ іске ұйысу сияқты ұлт болмысына тән қасиет екенін дәлелдейді. Сонымен бірге, мемлекет басшысы ұлы Абайдың «Қарекет қыл, пайдасы көпке тисін» деген даналық сөзін келтіре отырып, еріктілік қызметінің қоғамдық пайдасы мен адамгершілік негізін терең пайымдауға шақырады. Бұл тұрғыдан алғанда, еріктілік – тек әлеуметтік көмектің бір түрі ғана емес, ол – азаматтық белсенділік, рухани жауапкершілік және ұлттық бірегейліктің көрінісі.

Жоғарыда айтылғандардың барлығы, сондай-ақ еріктілік феноменін қазақ даласының құндылықтар жүйесі, тарихи-рухани тәжірибесі, және қазіргі әлеуметтік-гуманитарлық өзгерістермен байланыстыра қарастыру арқылы бұл ұғымның философиялық-этикалық мәнін терең қарастыру, сондай-ақ оның қазіргі заманғы қазақстандық қоғамдағы мәні мен әлеуетін ашу аталмыш зерттеу жұмысының өзектілігін көрсетеді.

Диссертация тақырыбының ғылыми зерттелу деңгейі:

Еріктілік феномені адамзат қоғамында ежелден келе жатқан моральдық, рухани және әлеуметтік әрекеттің бір түрі ретінде қалыптасқанымен, ғылыми категория ретінде оны жүйелі зерделеу тек XX ғасырдың екінші жартысында қарқын ала бастады. Қазақстандық қоғам контекстінде еріктілікті мәдени-философиялық тұрғыда қарастыру бағыты салыстырмалы түрде жаңа ғылыми бағдар болып табылады. Бұл мәселенің қазіргі замандағы өзектілігі тек әлеуметтік салада ғана емес, философиялық-этикалық деңгейде де кешенді талдауды талап ететінін айқындайды.

Адамзат тарихындағы түрлі философиялық мектептерде ізгілікке, жәрдемдесуге, жанқиярлық пен қайырымдылыққа қатысты идеялар кеңінен дамыды. Ежелгі Қытай ойшылдары Конфуций мен Лао-Цзы адам мен қоғамның үйлесімді өмір сүруі үшін мейірімділік пен жақынға жәрдем берудің маңызын атап өтсе, антикалық дәуірде Сократ, Платон, Аристотель, Цицерон секілді философтар жақсылық жасау - адамның табиғи борышы деген тұжырымды ұстанды. Ортағасырлық христиан философиясында (А. Августин, Ф. Аквинский) адам өміріндегі жоғарғы игілік – бұл Құдайға және қоғамға қызмет ету. Бұл идеялар Ренессанс пен Ағартушылық дәуіріндегі ойшылдар (И. Кант, Ж.-Ж.Руссо, Вольтер, Юм, Дидро) еңбектерінде одан әрі дамып, адамның еркін еркі мен моральдық борышы гуманистік құндылықтармен байланыстырыла талданды. XIX ғасырдың философтары: П. Кьеркегор, Ф. Ницше, А.

Шопенгауэр өз еңбектерінде адамның өзгенің игілігі үшін қызмет етуін рухани ерлік пен адам болмысының көрінісі ретінде қарастырды. Ф. Ницше еріктілікті рухани еркіндік, ерік-жігер және құндылықтарды қайта бағалау тұрғысынан сипаттаса, О. Конт позитивизм философиясы арқылы қоғамды ғылыми реттеу қажеттігін негіздеді. Ал Г. Спенсер әлеуметтік эволюция теориясы аясында еріктілікті органикалық даму үдерісінің бір бөлігі ретінде қарастырды. Ж-Ж. Руссо мен Дж. Локк қоғамдық келісім мен азаматтық еркіндік туралы идеяларды дамытты. Т. Гоббс мемлекеттің қажеттілігін абсолютті билік арқылы түсіндірсе, К. Маркс еріктілікті әлеуметтік-экономикалық қатынастармен байланыстырды. Э. Дюркгеймнің зерттеулерінің нысаны – әлеуметтік ынтымақтастық пен моральдық тәртіп, ал Вебер үшін бастысы – әлеуметтік әрекет теориясы арқылы ашылатын рационалды таңдау мен құндылық бағдар.

Қазақ даласындағы ойшылдар да бұл идеяларды өзіндік ерекшеліктерімен дамытты. Әл-Фараби ізгілікті қоғам құруды адамның рухани жетілуімен байланыстырса, Махмұд Қашқари түркі халықтарының тілдік-мәдени қазынасы арқылы жомарттық пен өзара көмек дәстүрін көрсетті. Жүсіп Баласағұн «Құтадғу білігінде» әділет пен қайырымдылықты мемлекет тұрақтылығының негізі ретінде қарастырды. Ахмет Йүгінеки «Хибатул-Хақайқта» кішіпейілділік пен ізгілікті адамгершіліктің өлшемі деп таныды, ал Қожа Ахмет Ясауи болса «Диуани хикметінде» мұқтажға көмектесуді рухани парыз деңгейіне көтерді. Кейінгі кезеңдерде Абай адамгершілік пен әділеттілікті ұлттық ойдың өзегіне айналдырса, Шәкәрім ар-ұждан ілімін қалыптастырып, жауапкершілік пен адалдықты еріктілікке жақын моральдық қағида ретінде түсіндірді. Яғни, ізгілік, өзара жәрдемдесу және қайырымдылық идеялары әр дәуірде әртүрлі философиялық мазмұнға ие болғанымен, олардың мәні адамды қоғаммен, ал қоғамды рухани құндылықтармен байланыстыратын негізгі тірек ретінде қарастырылды. Бұл идеялардың жалғастығы қазақ даласындағы ойшылдар еңбектерінде көрініс тауып, еріктілік қызметтің философиялық-этикалық негізін терең түсінуге мүмкіндік береді.

XX ғасырда еріктілік әлеуметтік ғылымдардың назарында болып, әлеуметтанулық және мәдени зерттеу нысанына айналды. Э. Дюркгейм, М. Вебер, Г. Зиммель, сондай-ақ Ф. Тённис [2] өз еңбектерінде әлеуметтік байланыстардың табиғатын, қауымдастық пен қоғамның арақатынасын, ұжымдық сананың және еңбек бөлінісінің қоғамдағы рөлін талдады. Сонымен бірге, XX ғасыр мен одан кейінгі кезеңде еріктіліктің философиялық және этикалық қырлары да кеңінен қарастырылды. Э. Фромм [3] еріктілікті адамның болмыстық таңдауы мен құндылықтық бағдарларымен байланыстыра отырып, «иелік ету» мен «болу» дилеммасы арқылы түсіндірді.

Әр түрлі теориялық модельдер мен ғылыми еңбектерде еріктілікке қатысу адамның ішкі көзқарастары мен жеке қажеттіліктеріне негізделген мотивациялық себептермен тығыз байланысты екені көрсетіледі. Р. Ли, Д. Х. Смит, Б. Дж. Лаф, Дж. М. Мати, К. Гизинг, М. Дж. Леон, Д. Хаски-Левенталь және С. Страссбург [4] еріктіліктің жаһандық өлшемдерін ашып, оны

адамзаттың ортақ құндылықтарына негізделген әлемдік игіліктің факторы ретінде сипаттайды. Бұдан бөлек, альтруизм мен моральдық жауапкершілік мәселесін С. Бэтсон мен Л. Шоу [5], Р. Шарабани [6], Д. Кребс, Ф. Ван Хестерен [7], Дж. П. Раштон [8], М. Хоффман [9], К. Клавьен, М. Шапюиза [10], Р. Нибур [11], П. Тиллих [12], Д. Бауман, Р. Чалдини, Д. Кендрик [13], Э. Левинас [14], П. Сингер [15], Дж. Фейнберг [16] сияқты ғалымдар терең зерттеген.

Кеңестік кезеңдегі зерттеулерде еріктілік ең алдымен еңбек мобилизациясы мен идеологиялық белсенділік аясында қарастырылды. ХХ ғасырдың алғашқы жартысында ерікті еңбек қоғамдық-саяси мақсаттарға жұмылдыру құралы ретінде сипатталса, 1950-1980 жылдары ол салалық бағыттарда (денсаулық сақтау, білім беру, құқық қорғау, мәдени мұраны сақтау) ұйымдастырушылық деңгейде зерделенді. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін еріктілік азаматтық қоғамның құрамдас бөлігі ретінде зерттеле бастады. Бұл кезеңде Г.П. Бодренкова [17], Л.М. Нечипоренко [18], П.А. Кропоткин [19], И.В. Демина [20], В. Ковалев [21], А. Стрешнева [22], М.В. Пневная [23], Н.В. Черепанова [24], Л.В. Болотова [25] еңбектерінде еріктіліктің теориялық негіздері, ұйымдастырушылық тетіктері мен әлеуметтік-педагогикалық маңызы жан-жақты талданды.

Сонымен қатар, еріктілік құбылысы философиялық және аксиологиялық тұрғыдан да жаңа қырларынан айқындалды. Бұл ретте Г. Хакен [26], И. Пригожин [27], Л.В. Баева [28], Я.Л. Прусский [29] сынды ғалымдардың еңбектері еріктілікті қоғам дамуының этикалық және құндылықтық феномені ретінде пайымдауға жол ашады. Олардың тұжырымдары еріктілік қозғалысының әлеуметтік өзгерістерді ынталандырудағы рөлін, сондай-ақ оның мәдени және моральдық негіздерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Түркиялық зерттеушілер Б. Кючюк [30], Ж. Якупоглу [31], А.Я. Сарыбай [32], Х. Ертуч [33], Х. Дулкадиоглу [34], Н. Чагатай [35], Э. Шимшек [36], Н. Язылыташ [37] еріктілікті сопылық ілімдер мен рухани құндылықтармен байланыстыра отырып, «імесе usulü³», «sandık taşı⁴» сияқты дәстүрлі ұжымдық көмек көрсету формалары арқылы түсіндіреді. Олар еріктілік әрекетті тек әлеуметтік тәжірибе ретінде емес, рухани-парасаттық мәнге ие мәдени феномен ретінде қарастырады.

Қазіргі таңдағы шетелдік зерттеушілер Х. Анхайер мен Л. Саламон [38] еріктілікті азаматтық қоғам аясында салыстырмалы тұрғыда қарастырса, В. Селигман [39], Л. Хустинкс пен Р. Ламмертин [40] еріктіліктің жаһандану жағдайында, азаматтық қоғамның дамуы және тұлғалық әлеуетті жүзеге асыру контекстінде зерттесе, Д. Вегенер, Р. Петти [41] Р.Д. Путнам [42], Деверё Р. [43]

³ «İmesce usulü» – түрік тіліндегі ұғым. Қазақшалағанда «жұмыла кірісу», «бірлесіп көмек көрсету», «асар жасау» дегенді білдіреді.

⁴ «Sandık taşı» дәстүрі – түрік мәдениетінде ауқатты адамдардың түнде мұқтаж жандардың есігі алдына киім-кешек пен тұрмыстық заттар салынған сандықты жария етпей, жасырын түрде қойып кететін қайырымдылық түрі.

және өзге де зерттеушілер еріктілікті жаһандық азаматтық белсенділік, әлеуметтік капиталдың қайнар көзі және мәдени алмасудың формасы ретінде бағалайды.

Отандық зерттеушілер еріктілік феноменінің ұлттық-рухани негіздерін ашуда маңызды үлес қосып келеді. Ғ. Есім [44], А. Нысанбаев [45], Т. Ғабитов [46], Д. Раев [47], А. Сағиқызы [48], С. Кенжеахметұлы [49], А. Көбесов [50] сынды ғалымдардың еңбектерінде еріктіліктің қазақтың дәстүрлі көмек көрсету үлгілерімен – асар, жылу жинау, садақа беру, ағайынгершілік, жомарттық – тарихи-мәдени сабақтастығын көрсетеді.

Осы зерттеу бағыты бойынша қазақстандық бірқатар ғалымдардың еңбектері айрықша маңызға ие. Атап айтқанда, еріктілік пен рухани мәдениет мәселелерін түркілік пен руханият тұрғысынан М.С. Орынбеков [51], Ж. А. Алтаев, Ә.А. Құранбек, Қ.М. Алтынбек [52], Б. Қасабек [53] Г. Ғ. Барлыбаева, А. Д. Мейірманов, М. А. Бижанова, Қ. Ұ. Әлжан, Ж. Б. Ошақбаева, З.К. Шәукенова [54], С.Е. Нұрмұратов [55], Қ. Әлжанов [56], Б. Аташ [57] сынды ғалымдар өз еңбектерінде жан-жақты қарастырған. Олардың зерттеулері философиялық-этикалық ойлау мен ұлттық мәдениет сабақтастығының өзара байланысын ашып, тұлғаның рухани дамуы мен қоғамдағы адамгершілік құндылықтардың орнына терең талдау жасайды.

Қазақстандағы еріктіліктің дамуының қазіргі үрдістеріне ғылымның әр түрлі салаларының өкілдерінің еңбектерінде еріктілік пен қайырымдылық құбылыстары азаматтық қоғамды нығайтудың, әлеуметтік қатынастарды дамытудың, рухани-адамгершілік құндылықтарды жаңғыртудың маңызды факторы ретінде қарастырылады (Демеуова [58], Т.С. Каленова, Н.Б. Тлеукеш [59], А. Хамзина [60], Р.Т. Бейсекова, А.С. Жолдасбек [61], Н.А. Айдыналиева, Ш.Е. Жандауова [62]).

Жалпы алғанда, еріктілік құбылысы отандық және халықаралық зерттеулерде көпәспектті талдауға түскенімен, оның қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымы мен құндылықтар жүйесіндегі тарихи-философиялық орны жеткілікті дәрежеде қарастырылмаған. Осы диссертациялық зерттеу аталған олқылықтың орнын толтырып, еріктілік феноменін ұлттық рухани негіздер мен қазіргі әлеуметтік шындық аясында кешенді талдауға бағытталады.

Зерттеудің нысаны:

Қазақ даласындағы құндылықтар жүйесіндегі еріктілік және оның философиялық-этикалық негіздері.

Зерттеу пәні:

Қазақ халқының дүниетанымында қалыптасқан еріктілік құбылысының философиялық және этикалық мазмұны, оның дәстүрлі құндылықтар жүйесіндегі көрініс табуы мен қазіргі қоғамдағы орны.

Зерттеудің негізгі мақсаты: Қазақ даласындағы еріктілік құбылысының мәнін философиялық және этикалық тұрғыдан зерделеп, оның құндылықтық және мәдени-әлеуметтік маңызын анықтау.

Зерттеудің осы мақсатына қол жеткізу үшін келесі міндеттер

ҚОЙЫЛДЫ:

- Еріктілік феноменінің онтологиялық, аксиологиялық және этикалық негіздерін философиялық тұрғыдан талдау;

- Түркілік дәуірдегі еріктіліктің құндылықтық және рухани сипаттарын айқындау;

- Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Ахмет Йүгнеки, Қожа Ахмет Ясауи және басқа да түркі-мұсылман ойшылдарының еңбектеріндегі еріктілік пен қайырымдылық идеяларын талдау;

- Қазақ халқының рухани мұрасында сақталған еріктілік идеяларының тарихи сабақтастығы мен құндылықтық маңызын айқындау;

- Қазақстанда еріктілікті институцияландыру үрдістерінің даму динамикасын және оған ықпал ететін әлеуметтік-философиялық факторларды анықтау;

- Қазақ халқының ұлттық кодын айқындайтын басты феномендердің бірі ретіндегі еріктілік дәстүрлерінің дүниетанымдық мазмұнын ашу;

- Жастармен жүргізілген әлеуметтанулық зерттеу нәтижелерін талдау арқылы еріктілік ұйымдарының қызметін бағалау.

Зерттеудің ғылыми жаңашылдығы.

- Қазақ даласының дәстүрлі құндылықтар жүйесіндегі еріктілік феномені алғаш рет кешенді түрде философиялық-этикалық дискурс аясында зерттелді. Бұл жұмыс еріктілікті тек әлеуметтік қызмет немесе азаматтық белсенділік ретінде ғана емес, терең рухани-мәдени құндылық ретінде түсіндіруге жол ашады.

- Зерттеудің жаңашылдығы түркілік дәуір мен ислам өркениеті тоғысындағы еріктіліктің құндылықтық және рухани қырларын жүйелі-философиялық тұрғыда зерделеуде айқындалады. Бұл ретте көне түркі жазбалары мен исламдағы қайырымдылық дәстүрлері (зекет, садақа, уақып, ағайынгершілік) еріктіліктің тарихи-философиялық арқауы ретінде талданып, олардың әлеуметтік-мәдени мәні нақтыланды.

- Қазақ қоғамындағы еріктілік тәжірибесінің тарихи-мәдени, дүниетанымдық және этикалық ерекшеліктері айқындалды. Атап айтқанда, дәстүрлі көмек көрсету, асар, ат сүйек беру, алапа, ақ алып шығу, жылу жинау, ерулік, көгендік, кеусен, құдайы қонақ, қонақжайлық, шүлен тарту сияқты ұғымдардың еріктілікпен өзара сабақтастығы анықталды.

- Еріктілік феномені арқылы қазақ халқының әлеуметтік-мәдени және рухани құндылықтарына жаңа философиялық көзқарас ұсынылды. Бұл көзқарас ұлттық дүниетанымның моральдық-этикалық негіздерін терең түсінуге мүмкіндік береді.

- Жаһандану жағдайында ұлттық құндылықтарды сақтауда және мәдени бірегейлікті нығайтуда еріктіліктің әлеуеті анықталды. Бұл тұрғыда еріктілік қазіргі замандағы рухани тұтастықты және ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз ететін құндылық ретінде қарастырылды.

Қорғауға ұсынылатын негізгі нәтижелер мен тұжырымдар:

– Еріктілік феномені – адам болмысының онтологиялық құрылымымен тығыз байланысты, ол адамның еркін ерік-жігерінің, жауапкершілік сезімінің және адамгершілік ұстанымдарының көрінісі ретінде философиялық тұрғыдан негізделеді. Еріктілік еркіндіктің әрекет арқылы іске асу формасы болып табылады.

– Еріктілік – аксиологиялық құбылыс ретінде моральдық және гуманистік құндылықтарды бейнелейді. Оның ішінде альтруизм, жанашырлық, ынтымақтастық және қоғамдық игілік үшін әрекет ету еріктіліктің негізгі құндылықтық тіректерін құрайды.

– Қазақ даласындағы еріктілік феномені ежелгі түркілер дәуірінен бастау алып, қоғамдық өмірдің ажырамас бөлігіне айналды. Түркі халықтарының құндылықтар жүйесінде батырлық, жанқиярлық, руаралық өзара көмек, қонақжайлылық секілді қасиеттер еріктіліктің архетиптік формасы ретінде қалыптасты.

– Ислам өркениетінің қазақ қоғамына енуі еріктілік институттарының құндылықтық мазмұнын байытып, жаңа діни-этикалық негіздермен толықтырды. Садақа, зекет, уақып және қайырымдылық істері ерікті қызметтің діни-рухани түрлерін қалыптастырып, әлеуметтік әділеттілік пен қамқорлықтың құралына айналды.

– Дәстүрлі қазақ қоғамында еріктілік әлеуметтік-мәдени кеңістіктің рухани өзегін құрады. Ағайынгершілік көмегі, асар, жылу жинау, жетім-жесірге қамқорлық көрсету сияқты әлеуметтік тәжірибелер қоғамдағы бірлік пен өзара жәрдемдесуді қамтамасыз етті.

– Еріктіліктің қазақ даласындағы көріністері – ұлттық код пен мәдени болмыстың маңызды құрамдас бөлігі ретінде қоғамдық ынтымақтастық пен моральдық-этикалық тәрбие жүйесінде ерекше орын алады. Бұл тәжірибелер қазіргі заманғы волонтерлік қызметтің тарихи негізін құрайды және жаһандану жағдайында ұлттық бірегейлікті сақтауға қызмет етеді.

– Қазақстанда еріктілік қызметін институционалдандыру процесі кезең-кезеңмен жүзеге асып келеді, алайда оның құқықтық, ұйымдастырушылық және білім беру жүйесіндегі орны әлі де жүйелі қолдауды қажет етеді. Мемлекеттік бағдарламалар мен үкіметтік емес ұйымдар бұл үдерісті жандандыруда маңызды рөл атқаруда.

– Қазақстан мен Түркия жастары арасында жүргізілген салыстырмалы әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері жастардың еріктілікке көзқарасы мен мотивациясында мәдени факторлардың елеулі рөл атқаратынын көрсетті. Жастардың қоғамдық құндылықтарға бет бұруы мен еріктілік арқылы рухани жаңғыруы ұлттық бірегейлікті нығайтуға ықпал етеді.

Зерттеу нәтижелері еріктіліктің қоғамдағы әлеуметтік және мәдени мәнін терең түсіну мен оның дамуын ғылыми тұрғыда қарастыруға мүмкіндік береді.

Зерттеудің жұмысының теориялық және әдістемелік негіздері. Бұл зерттеу еріктілік феноменін философиялық, әлеуметтік және этикалық қырларынан кешенді түрде қарастыруға бағытталды. Теориялық негіз ретінде

философиялық антропология, әлеуметтік философия, мәдениеттану және этика салаларындағы іргелі тұжырымдамалар алынды. Еріктілік ұғымының тарихи қалыптасуы мен даму үдерісін зерделеу үшін тарихи-философиялық және тарихи-логикалық әдістер пайдаланылды, бұл қазақ қоғамындағы еріктілік тәжірибесінің мәдени және әлеуметтік трансформацияларын ашып көрсетуге мүмкіндік берді.

Зерттеу барысында герменевтикалық тәсіл арқылы еріктілік туралы мәтіндер мен дискурстар терең түсіндіріліп, социологиялық және антропологиялық әдістер көмегімен еріктілік қызметінің қазіргі қоғамдағы орны мен маңызы айқындалды. Зерттеудің мазмұнын ашу үшін сипаттау, баяндау, бақылау, салыстыру, индукция және дедукция әдістері қолданылып, бұл тәсілдер деректерді жинақтауға және талдауға бағытталған.

Сондай-ақ салыстырмалы мәтіндік талдау мен құрылымдық талдау арқылы еріктілік ұғымының мәні, мазмұны және қазақ қоғамына ықпалы қарастырылды. Жүйелі көзқарас негізінде жүргізілген бұл зерттеу еріктілік феноменінің тек тарихи-мәдени маңызын ғана емес, сонымен бірге оның әлеуметтік-институционалдық рөлін де ашып көрсетті. Осы әдіснамалық ұстанымдар зерттеу нысанына жан-жақты талдау жасауға және оның теориялық мәнін нақтылауға мүмкіндік берді.

Зерттеу жұмысының тәжірибелік маңызы:

Зерттеу нәтижелері философия, этика және мәдениеттану салаларындағы іргелі ғылыми білімді тереңдетуге үлес қоса алады. Сонымен қатар, еріктілік идеяларын қазіргі білім беру мен тәрбие жүйесіне, сондай-ақ қоғамдық ұйымдар мен әлеуметтік бағдарламаларға енгізу арқылы оның қолданбалы мүмкіндіктері кеңейеді.

Аталған зерттеу нәтижелері білім беру үдерісінде де тиімді пайдалануға лайық. Мәселен, «6B02201 - Философия» білім беру бағдарламасының «Әлеуметтік философия», «6B02202 - Дінтану» білім беру бағдарламасының «Мораль және дін», «6B11401 - Әлеуметтік жұмыс» білім беру бағдарламасының «Әлеуметтік жұмыстағы еріктілік қызметі» пәндері аясында, бакалавриат бағдарламаларында элективті курс ретінде қолдануға болады. Мұндай курс еріктіліктің философиялық, әлеуметтік және мәдени негіздерін меңгеруге мүмкіндік беріп, білім алушылардың кәсіби даярлығы, рухани дамуы және азаматтық ұстанымдарын қалыптастыруға оң ықпал етеді.

Түркия Республикасының Гази университетінің денсаулық сақтау факультеті, әлеуметтік жұмыс бөлімімен ғылыми ынтымақтастық аясында еріктілік феноменін әлеуметтік-философиялық тұрғыдан зерттеу нәтижелері осы бөлімнің білім беру және ғылыми тәжірибесіне халықаралық деңгейде енгізілді. Бұл ынтымақтастық еріктілік құндылықтарын насихаттауға, әлеуметтік жұмыс саласындағы зерттеулердің сапасын арттыруға, сондай-ақ халықаралық ғылыми байланыстар мен академиялық интеграцияны дамытуға жағдай жасайды.

Жұмыстың ғылыми-зерттеу бағдарламаларымен байланысы. Зерттеу

нәтижелері волонтерлік қызметті дамытумен байланысты бірқатар ұлттық бағдарламалар мен стратегиялық құжаттарда көзделген міндеттерді ғылыми тұрғыдан түсіндіруге мүмкіндік береді. Атап айтқанда, жұмыстың теориялық тұжырымдары Ұлттық волонтерлік желі, «Волонтерлікті дамытуды және қолдауды 2024-2026 жылдарға арналған Жол картасы», сондай-ақ жастар саясаты мен азаматтық қоғамды дамытуға бағытталған мемлекеттік бағдарламаларда айқындалған бағыттарды әдіснамалық қолдаумен толықтыра алады. Зерттеу мазмұны университеттің гуманитарлық саладағы ғылыми стратегиясымен үндесіп, әлеуметтік процестерді түсіндіруге қатысты теориялық базаны кеңейтеді және волонтерлікті қолдау механизмдерін жетілдіру жөніндегі практикалық бастамаларға пайдалануға мүмкіндік береді.

Диссертация жұмысының құрылымы мен көлемі. Зерттеу жұмысы кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, қосымшалардан тұрады.

Зерттеу жұмысының сыннан өтуі және мақұлданыуы. Диссертациялық жұмыстың тақырыбы бойынша жалпы саны 23 ғылыми мақала жарияланды. ҚРҒБМ ҒЖБССҚК ұсынған журналдарда - 6 («Адам әлемі» философиялық және қоғамдық-гуманитарлық журналы, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің хабаршы журналдарында); Қазақстанда өткен халықаралық ғылыми конференциялар жинағында - 5 мақала; жақын және алыс шетелде өткен ғылыми конференцияларда 12 мақалалар мен тезистер (оның ішінде Түркия, Испания, Ұлыбритания, Канада елдерінде) басылып шықты. Сонымен бірге, зерттеу тақырыбы бойынша ағылшын, түрік тілдерінде 3 монография (Түркия, Франция) жарияланды.

Зерттеу жұмысы «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті» КеАҚ, философия және психология факультетінің философия және мәдениет теориясы кафедрасының мәжілісінде талқыланып, қорғауға ұсынылды.

1 ЕРІКТІЛІК ФЕНОМЕНІНІҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ-ЭТИКАЛЫҚ ТҰҒЫРЫ

1.1 Еріктілік феноменінің онтологиялық негіздері

Тарих бойы адамзат соғыс, індет, табиғи апаттар, аштық пен тапшылық сияқты түрлі қиындықтарға тап болып отырған. Осындай күрделі кезеңдерде адамдар өз еркімен, қайтарымсыз түрде әрекет етіп, жақсы өмір сүру жағдайларын қалыптастыруға және әлеуметтік мәселелерге назар аудару арқылы оларды шешуге ұмтылды.

Еріктілік пен азаматтық қоғамның қалыптасу тарихы терең әрі ұзақ кезеңді қамтиды. Азаматтық қоғам ұғымының бастаулары Ежелгі грек пен Рим философиясынан, атап айтқанда, саяси және әлеуметтік өмірдің біртұтастығын білдіретін “*koinonia politike*”⁵ концепциясынан тарайды. Бұл ұғым уақыт өте келе өзінің мәні, әлеуметтік рөлі және институционалдық формалары тұрғысынан әр дәуірде қайта қарастырылып, қоғамдағы өзгерістердің ішкі динамикасын, әлеуметтік құбылыстар мен оқиғалардың өзара байланысын пайымдауға мүмкіндік берді.

Әлеуметтік ғылымдарда азаматтық қоғам көбінесе мемлекетке қарсы қойылып түсіндірілсе де, оның мазмұны негізінен қалалық өмірдің дамуы нәтижесінде қалыптасқан әлеуметтік нормаларға бағыну мен азаматтық жауапкершілік қағидаттарына сүйенген қоғамдық құрылым ретінде айқындалды.

Аристотельдің “*koinonia politike*” концепциясынан іргелі алшақтау ортағасырлық Еуропадағы қалалардың өркендеуімен қатар жүрді. Қалалар феодалдық қоғам құрылымының өзгерісіне сәйкес бостандыққа ұмтылыстың орталығына айналып, азаматтық қоғамды саяси билік институттарынан тұлғаны қорғаушы және адам құқықтары ұғымымен сабақтасқан әлеуметтік форма ретінде танытты [32, б.147].

Азаматтық қоғамның қазіргі заманғы негіздері XVII–XVIII ғасырлардағы табиғи құқық пен қоғамдық келісімшарт теорияларынан бастау алады. Осы ойшылдардың ықпалы нәтижесінде құқыққа негізделген жаңа түсінік қалыптасып, азаматтық қоғам ұғымы саяси және әлеуметтік тұрақсыздық жағдайында қоғам мүшелерінің бейбіт қатар өмір сүру мүмкіндігін талқылаудың маңызды нысанына айналды. Тарихи даму барысында азаматтық қоғам көбінесе мемлекетке қарсы әлеуметтік кеңістік ретінде қарастырылып, қоғамдық мәселелерді шешуде мемлекеттің серіктесі емес, керісінше, онымен қақтығыс жағдайындағы әлеуметтік актор ретінде сипатталды.

Еріктілік қазіргі қоғам дамуының әлеуметтік белсенділігі мен әлеуметтік динамикасының заманауи құралы әрі өлшемі, сондай-ақ әлеуметтік ұдайы өндірістің деңгейі мен сапасының, оның құндылық-мағыналық және

⁵ *Koinonia politike* – Аристотельдің «Саясат» (*Politika*) еңбегінде қолданылған ұғым. Ол адамзаттың табиғатынан «саяси жануар» екендігін негіздей отырып, саясат пен қоғам өмірінің бөлінбес бірлігін білдіреді. Бұл концепцияда *koinonia politike* – тек мемлекеттік басқару емес, сондай-ақ азаматтардың ортақ мүдделерге негізделген қауымдастығы ретінде қарастырылады.

әлеуметтік-мінез-құлықтық негізінің көрсеткіші болып табылады. Еріктілік заманауи қоғамның гуманистік міндеттерін шешуге бағытталған, тарихи қалыптасқан қауымдастық. Еріктілік әртүрлі әлеуметтік топтар мен қоғамдық даму институттарының әлеуметтік белсенділігі мен әлеуметтік топтасуын реттейтін белсенді азаматтық күш ретінде қызмет атқарады. Ол жеке адамның және жалпы қоғамның өмірге деген белгілі бір көзқарастар жүйесін қалыптастырады, бұл жүйе қоғамның әлеуметтік көңіл-күйін, әлеуметтік белсенділігін және әлеуметтік эмпатиясын басқаруға мүмкіндік береді. Қазіргі ақпараттық кеңістікте әлемде еріктілікті дамыту туралы пікірлер жиі айтылып жүр. Бұл әлеуметтік қозғалыстың адамзат қоғамына тигізер пайдасы мен оның ауқымы жайында сөз етулер мен жарияланымдар барған сайын көбейіп келеді. Әрбір осындай ресми және бейресми мойындаудың артында, оның мазмұны мен даму ерекшеліктеріндегі айырмашылықтарына қарамастан, еріктіліктің маңыздылығын белгілі бір деңгейде түсіну жатыр. Аталмыш социологиялық мәселені талдау мақсатында біз еріктіліктің ұғымының шығу тегіне жүгінеміз.

Еріктілік – адамның жоғары моральдық қағидаттарға ұмтылуын білдіретін, жақсылық пен ізгіліктен бастау алатын терең әлеуметтік және рухани мәні бар құбылыс. Ол тек әлеуметтік қызметтің түрі немесе азаматтық белсенділіктің көрінісі ғана емес, сонымен қатар адам болмысының мәндік сипаттамасы ретінде қарастырылады. Осы тұрғыдан алғанда, еріктілік – адамның өзінің шынайы «Менін» табуға, өзгеге қызмет ету арқылы өзін жүзеге асыруға бағытталған саналы таңдауы.

Еріктілік адамзат тарихында түрлі мақсаттар мен міндеттерді орындауда әртүрлі формада көрініс тапқан. Орта ғасырларда бұл ұғым негізінен әскери сипатта болған, яғни өз еркімен әскери қызметке қосылу «еріктілік» деп түсіндірілген [63]. Еуропада ортағасырлық латынның *donatorem* (бағыштаушы) сөзі “donor” ұғымының негізін қалап, қайырымдылық пен қоғамдық қызметті білдіре бастады [33, б. 64]. Бұл кезеңде еріктілік көбінесе діни және гуманистік құндылықтарға негізделді.

Әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде қарастырылатын еріктілік немесе волонтерлік қызмет түсінігі ерікті белсенділік, қайтарымсыз көмек көрсету, альтруизм және әлеуметтік бағдар сияқты объективті қағидаттарға негізделеді. Бұл мәселенің өзекті болуының себебі көмек пен қолдауға мұқтаж адамдар санының артуымен тығыз байланысты. Көптеген адамдар жақын туыстарынан қажетті көмекті ала алмай, сол себепті өзгелердің жәрдеміне зәру болады. Мұндай жағдайда еріктілер маңызды рөл атқарады. Еріктілер өз уақытын, күш-жігерін, білімін және дағдыларын ешқандай материалдық пайда күтпестен, басқа адамдарға немесе қоршаған ортаға көмек көрсетуге саналы түрде, ешқандай мәжбүрліксіз арнайды. Көпшіліктің олардың атқарып жүрген жұмыстары, тіпті ол қарапайым болса да, маңызды екеніне сенгісі келеді. Сондықтан еріктілік - бұл азаматтық белсенділіктің көрінісі болып табылады. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, еріктілік қызметтің қайырымдылық сипаты жоғары маңызға ие. Сонымен қатар, еріктілік жастар арасында азаматтық

жауапкершілік, мейірімділік, әділеттілік, адамгершілік, жанашырлық және басқа да маңызды құндылықтарды қалыптастыруға ықпал етіп, адамгершілік тәрбиесінің маңызды құралы ретінде қызмет етеді.

Еріктілік ұғымының мазмұндық мәнін тереңірек түсіну үшін бұл терминнің этимологиясына жүгіну қажет, өйткені ол еріктіліктің негізгі мәндік сипаттамаларын айқындауға мүмкіндік береді. «Волонтерлік» (еріктілік) сөзі француз тіліндегі *volonté* ұғымынан шыққан, ол адамның еркі мен қалауын білдіреді [64]. Бұл термин уақыт өте келе өз мағынасын айтарлықтай кеңейтті. Алғашында “*volonté*” деп әскери қызметке өз еркімен кірген адамдарды атаған [65]. Француз тілінде бұл сөз алғаш рет 1606 жылы қолданылып, негізінен ерікті түрде арнайы әскери бөлімдерге қызметке кірген адамдарды сипаттау үшін пайдаланылған [66].

Батыс қоғамдарындағы “*volunteering*” және “*volunteerism*” ұғымдары ерікті түрде қоғамдық ұйымдарға немесе жеке бастамаларға қатысуды білдіреді. Бұл жөнінде американдық зерттеушілер Х. Анхайер мен Л. Саламон әртүрлі елдерде волонтерлік ұғымына берілген анықтамаларды талдай келе, ағылшын және америкалық “*volunteering*” тұжырымы, француздық “*volontariat*”, италиандық “*volontariato*”, шведциялық “*frivillig verksamhet*” және германиялық “*ehrenamt*” сияқты ұғымдардың сөзбе-сөз аудармалары ұқсас болғанымен, олардың шығу тарихы, саяси және мәдени контексті жағынан айтарлықтай ерекшеленетінін дәлелдейді. Ғылыми еңбектерді саралай отырып, олар Австралия мен Ұлыбританияда еріктілік қоғамдық сектордың бір түрі ретінде қарастырылатынын, яғни оның мемлекет пен бизнестен тәуелсіз қызмет саласы ретінде танылатынын атап өткен. Ал өзге мемлекеттерде волонтерлік анықтамалары әртүрлі болғанымен, зерттеушілер бұл құбылыстың қоғамдық қызметтерді атқаруға және қоғамдық игілікке бағытталғанына ерекше назар аударады [38, б. 5].

Әрі қарай біз «еріктілік» ұғымын халықаралық және қазақстандық нормативтік-құқықтық құжаттарда, сондай-ақ шетелдік ғылыми әдебиеттер мен отандық басылымдарда қолданылу тұрғысынан талдайтын боламыз.

Ерікті түрде басқаға көмек көрсету мен еріктілік идеясы адамзат тарихында түрлі нысанда бірнеше ғасырлар бойы өмір сүріп келеді. Осы құбылыстың маңызды қырларының бірі - оның халықаралық деңгейде құқықтық реттелуі. Еріктілік қызметтің халықаралық-құқықтық негіздерін сөз еткенде, «Еріктілік туралы жалпыға ортақ Декларациясына» (*Universal Declaration on Volunteering*) ерекше назар аудару қажет. Бұл құжат кез келген адамның жынысына, нәсіліне, этникалық тобына, жасына немесе өзге де ерекшеліктеріне қарамастан ерікті түрде қоғамға көмек көрсету құқығын мойындайды және қолдайды. Декларацияда әрбір адамның өз дағдыларын, уақытын және көмегін ақысыз түрде ұсынуға толық құқығы бары атап көрсетіледі. Сонымен қатар, онда еріктілердің де, олардың қамқорлығындағы адамдардың да құқықтық қорғалуы нақты әрі анық баяндалған. Бұл құжат

волонтерлік қызметтің халықаралық-құқықтық легитимдігін қамтамасыз етіп, оны жаһандық деңгейде тануға ықпал етеді.

Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясының ережелеріне сүйене отырып, еріктілік қызметтің негізгі қағидаттары мен құндылықтары алғаш рет халықаралық деңгейде 1990 жылы Париж қаласында өткен ХІ Дүниежүзілік еріктілер конференциясында қабылданған тұжырымдалды. Бұл құжат - Халықаралық еріктілер қызметі қауымдастығының бастамасымен қабылданған Волонтерлік туралы жалпыға ортақ декларация. Онда әрбір мемлекет пен қоғамда еріктілікті дамытудың маңыздылығын дәлелдейтін негізгі принциптер мен тұжырымдамалық тәсілдер баяндалған.

Дәл осы уақыттан бастап еріктілік қызметі халықаралық қауымдастық тарапынан қоғамның әлеуметтік, экономикалық, мәдени және экологиялық дамуының тиімді құралы ретінде таныла бастады. Еріктіліктің азаматтық қоғамның негізі ретіндегі рөлін айқын сипаттайтын заманауи тұжырымдама өз жалғасын 2001 жылғы қаңтарда Амстердамда өткен ХVІ Дүниежүзілік еріктілер конференциясында қабылданған Волонтерлік туралы жалпыға ортақ декларациясының жаңартылған нұсқасында тапты. Осы халықаралық тұжырымдамалық негіздерді нақтылай отырып, Біріккен Ұлттар Ұйымы мен Еуропалық Жастар Форумы (2001) еріктілік қызметтің мазмұнын сипаттайтын үш негізгі критерийді ұсынған. Атап айтқанда: 1) қызмет адамның өз еркімен жасалады; 2) ерікті қызмет қаржылық пайда көздемейді, тек шығындарды өтеумен шектеледі; 3) орындалған іс-әрекет еріктіге де, қоғамға да пайдалы болуы қажет [4, б. 12].

Еріктілік туралы жалпыға ортақ декларацияның жаңартылған редакциясында әрбір адамның еріктілік қызметке қатысуға ажырамас құқығы бар екені нақты айқындалған. Бұл құқық адамның ұлтына, әлеуметтік мәртебесіне, тұрғылықты жеріне, саяси немесе діни көзқарасына қарамастан, барлығына бірдей таралады. Құжатта былай делінген: «еріктілік – азаматтық қоғамның негізі. Ол адамзаттың бейбіт өмір, еркіндік, қауіпсіздік пен әділетке деген ұмтылысын жүзеге асыруға үлес қосады» [67]. Бұл тұжырым еріктілік қызметінің тек әлеуметтік іс-әрекет қана емес, сонымен қатар қоғамдағы жалпыадамзаттық құндылықтарды нығайтудың құралы екендігін дәлелдейді.

Еліміздегі волонтерлік қызметті реттейтін негізгі нормативтік-құқықтық құжат – «Волонтерлік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 30 желтоқсандағы № 42-VІ Заңы болып табылады. Аталған заңға сәйкес, волонтерлік қызмет – бұл өтеусіз негізде жүзеге асырылатын, әлеуметтік бағыттағы ерікті, ерік қалауымен орындалатын қоғамдық пайдалы қызметі ретінде анықталады. Сонымен қатар, заң волонтерлік қызметтің негізгі қағидаттарын және қызметті ұйымдастырудың негізгі ережелерін белгілейді [68].

Алайда, қоғамның болашағы үшін маңызы зор бұл құбылыс – еріктілік – нені білдіреді, ол қандай мазмұнды қамтиды және қандай ұғымдарға негізделеді деген сұрақтар әлі де өзекті болып отыр. «Еріктілік дегеніміз не?» деген сауалға

жауап беру оңай емес, өйткені бүгінгі күні баршаға ортақ, бірыңғай қабылданған нақты анықтама жоқ. Дегенмен, еріктілік тұжырымдамасын құрайтын және оны мазмұндық тұрғыдан толықтыратын бірқатар ілеспе ұғымдарды бөліп алып, оларды талдау орынды болмақ. Осыған байланысты, төменде біз еріктілікпен тығыз байланысты негізгі ұғымдарға тоқталып өтеміз.

Қазіргі таңда еріктілік ұғымы әртүрлі ғылыми салаларда – әлеуметтану, психология, педагогика, саясаттану, құқықтану және философияда – зерттеу нысанына айналып отыр. Бұл оның көпқырлы табиғатын, әмбебаптық сипатын көрсетеді. Алайда, ең алдымен, еріктілікті философиялық-онтологиялық және дүниетанымдық тұрғыдан ұғыну қажет, себебі ол адамның өмір сүру мәніне, болмысымен қарым-қатынасына, құндылықтарға деген көзқарасына тікелей қатысты.

Философиялық жағынан алғанда, еріктілік – адам болмысының жобалануы мен жүзеге асуының формасы. Бұл – өзге үшін әрекет ету арқылы өзін табу, шектелген эгоизмнен шығып, әлеуметтік-рухани кеңістікке ену. Осы негізде еріктілік – адамның экзистенциалдық еркіндігінің нақты көрінісі. Ол сыртқы қысымға бағыну емес, ішкі ұмтылыспен, шынайы ниетпен, рухани жауапкершілікпен байланысты. Осы тұрғыдан еріктілік адамның еркін әрекетке қабілеттілігін сипаттайтын күрделі ұғым ретінде зерттеліп, ерік бостандығы мен адамгершілік құндылықтардың арақатынасын ашып көрсетеді. Бұл ұғымның терең мағынасын түсінуге көптеген ойшылдардың еңбектері арқау болды.

Қазіргі заманғы еріктілік ұғымының тұжырымдамалық және философиялық негізінде бірнеше іргелі идеялар жатыр:

- Еріктілік әлеуметтік құбылыс ретінде - көптеген өркениеттер мен халықтардың терең тамырлы дәстүрі болып табылады. Оның түп-төркіні адамның әлеуметтік табиғатына, өзгелердің мұқтаждығына жауап беру, қоршаған ортаны және өз өмірін жақсарту үшін күш біріктіруге деген табиғи ұмтылысына негізделген.

- Еріктілік - пәнаралық және әмбебап әлеуметтік құбылыс ретінде қоғамда оған деген қажеттілік туындаған жағдайда пайда болады. Еріктілік қызмет бір реттік қоғамдық пайдалы әрекеттен бастап, түрлі салалардағы жүйелі қызмет түріне дейінгі әртүрлі сипатқа ие болуы мүмкін. Бүкіл әлемде волонтер деп - жасына, әлеуметтік мәртебесіне, лауазымына, діни немесе саяси көзқарастарына қарамастан, өз еркін білдіре отырып, өз қауымдастығының өмірін жақсартуға күш-жігерін жұмсайтын және басқаларға немесе қоғамға пайда әкелетін қызметті өтеусіз негізде жүзеге асыратын адамдар аталады. Мұндай қызмет түрі жеке немесе ұжымдық азаматтық белсенділік, сондай-ақ үкіметтік емес ұйымдар жұмысына қатысу арқылы көрініс табады. Бұл ұйымдар мен бастамашыл топтар еріктілер маңызды деп есептейтін, қоғам мен адамдар игілігі үшін қажет мақсаттарға жетуге бағытталады.

- Еріктілік – бұл әлеуметтік қатынастарды қалыптастырудың бір жолы; рухани-адамгершілік және діни ұстанымдарын өмірлік тәжірибеде жүзеге

асыру; жана дағдыларды меңгеру; қолдау мен ынтымақтастықты орнату; қоғамға үлес қосу мүмкіндігін сезіну; ішкі рухани қанағатқа қол жеткізу; қоғам үшін маңызды, әрі пайдалы тұлға ретінде тану.

- Еріктілік кез келген қауымдастықтың өміріне ортақ рух пен ерекше психологиялық мағына береді, жергілікті деңгейде адамдарды біріктіреді, тұлғааралық байланыстарды нығайтады, қарапайым адамзаттық құндылықтарды өзара түсіністіктің негізі ете отырып, қайшылықтарды жоюға көмектеседі [17, б. 25].

«Еріктілік қызмет» ұғымын философиялық білім контекстінде ұғыну арқылы бұл құбылыстың табиғаты, мәні мен мазмұнын «игілік», «жақсылық», «ізгілік», «қайырымдылық», «альтруизм», «гуманизм», «қамсыз өмір» секілді категориялар арқылы түсінуге мүмкіндік туады. Бұл ретте «игілік» пен «жақсылық» еріктілік қызметтің бастапқы қайнар көзі ретінде қарастырылса, «ізгілік» пен «альтруизм» – тұлғаның оң моральдық қасиеттерінің жиынтығы ретінде бағаланады және бұл қасиеттер «қамсыз өмір» ұғымын – осы қызмет түрінің түпкі нәтижесі ретінде жүзеге асыруға ықпал етеді. Ал «қайырымдылық», «гуманизм» және «альтруизм» еріктілік қызметінің идеологиялық құрамдас бөлігі бола отырып, адамды ең жоғары құндылық ретінде тануға негізделген философиялық әрі этико-социологиялық қағидалар ретінде көрініс табады. Олар өзгелердің игілігі үшін жасалатын риясыз әрекеттердің дүниетанымдық негізін құрайды.

Еріктілік құбылысын онтологиялық тұрғыдан тереңірек ұғынуға ұмтылу бізді антикалық дәуір мен қазіргі заман ойшылдарының адам болмысы туралы көзқарастарына жүгінуге жетелейді. Бұл ойшылдар адамның өзге адамдармен үйлесімді қарым-қатынас орнатуға, қоғамда өмір сүруге қабілетті тұлға ретіндегі мәнін негіздей отырып, оның болмысын айқындайтын іргелі адамзаттық құндылықтар жүйесін онтологиялық деңгейде пайымдады. Осы тұрғыдан алғанда, еріктілік – адамның моральдық таңдауына ғана емес, оның дүниедегі болмысына, яғни өзін басқалармен бірлікте жүзеге асыруына негізделген онтологиялық феномен ретінде көрініс табады.

Ежелгі грек философтарының, әсіресе еркін таңдау идеясын ұсынған Аристотельдің көзқарастарында, бұл идея кейінірек неміс ойшылдары Канттың және Гегельдің еңбектерінде өз жалғасын тапты. Дәл осы әлемдік философиялық ойдың сарқылмас қайнар көздерінен біз шынымен де бүкіл адамзатқа ортақ әмбебап құбылыстың - еріктіліктің мәндік мазмұнын тереңірек түсінуге жол ашатын тұғырнамалық негізін таба аламыз. Еріктілік философиясын терең ұғыну арқылы біз бұл құбылыстың әрбір адам, әрбір халық, әрбір ел үшін бірдей маңызға ие іргелі мәні бар екенін түсінеміз. Еріктілік – ұлы ойшылдардың идеяларын нақты өмірде жүзеге асыруға, оларды шынайы болмысқа айналдыруға мүмкіндік беретін құбылыс ретінде көрінеді.

«Өмірдің мәні неде? Басқаларға қызмет етіп, жақсылық жасау» деген ой ежелгі грек ойшылы Аристотельге тиесілі делінеді. Бұл жай ғана әдемі сөздер емес, философтың пайымдауынша, өмір сүрудің терең мазмұнды негізі.

Аристотель шынайы қанағат пен рухани ләззат адам өз мүддесі үшін ғана өмір сүргенде емес, керісінше, өзгенің игілігі үшін риясыз қызмет еткенде туындайтынын алға тартқан. Оның көзқарасы бойынша, көмекке мұқтаж адамдарға қол ұшын беру арқылы адам тек өзгелердің өмірін жақсартумен шектелмейді, сонымен қатар өзінің ішкі рухани дүниесін де байытып, өміріне терең мағына мен шынайы қанағаттану сезімін енгізеді. Яғни, альтруистік әрекеттер адам өмірінің мәнін ашатын негізгі құндылықтардың бірі ретінде қарастырылады [18, б. 170].

Философ адамның табиғатын қоғамдық болмыс ретінде қарастырған және оның жеке бақыты мен игілігі жалпы қоғамның әл-ауқатымен тығыз байланыста деп есептеген. Оның пайымдауынша, басқаларға қызмет көрсету - бұл тек қана мейірімділік не қайырымдылық актісі емес, қоғамның әрбір мүшесінің адами және моральдық борышы болып табылады.

Адамның қоғамдық болмысы мен басқаларға қызмет ету міндеті туралы көзқарастар христиандық философияда да терең дамытылды. Бұл тұрғыда адамның өмірлік бағдарын айқындайтын негізгі құндылықтар – сенім, үміт, тәубе, кішіпейілділік және сүйіспеншілікпен жүзеге асатын қызмет ету – христиан дінінің басты моральдық іргетасы ретінде қарастырылады. Аврелий Августиннің іліміне сүйенсек, нағыз ізгі адам, яғни шынайы христиан, өзінің өмірін Жаратушының еркіне сай құруы тиіс. Ол адамның жүрегінде махаббат пен жанашырлық, ұят пен тәубе сезімдері болуға тиіс, себебі әлем мен адамзат – Құдайдың жаратылысы және адам өмірінің мәні осы жаратылыс заңдылығымен үйлесімде өмір сүруде жатыр. Демек, өзгеге қызмет ету әрекеті тек әлеуметтік міндет емес, құдайшыл адамгершіліктің көрінісі, ал сүйіспеншілік – бұл әрекеттің басты қозғаушы күші ретінде сипатталады [69].

Ортағасырлық Ренессанс дәуірінің көрнекті гуманистік ойшылдары – А. Данте мен Ф. Петрарка – өз ілімдерінде адамның тұлғалық болмысын жоғары бағалап, ізгілікке жетудің басты шарты ретінде адам құқығы мен еркіндігін, теңдік пен әділеттілік қағидаттарын дәріптейтін идеялар жүйесін қалыптастырды. Олардың гуманистік көзқарастары адам мен қоғам арасындағы қарым-қатынаста басшылыққа алынатын моральдық норма ретінде көрініс тапты. Гуманизм бұл тұрғыда тек философиялық ұстаным ғана емес, сонымен бірге тұлғаның күнделікті өмірлік іс-әрекетінде жетекшілік ететін құндылықтық бағдар болды. Ол адамдар арасындағы өзара сыйластық пен әділетті қарым-қатынасты қамтамасыз ететін этикалық жүйе ретінде қалыптасты [70]. Қоғамда өмір сүре отырып, адам сол кезеңнің басты идеясына – өзгеге зиян келтірмеу, яғни азап шектірмеу қағидасына сай әрекет етуге ұмтылды. Бұл ұстаным Ренессанс дәуірінің адамсүйгіштік (гуманистік) дүниетанымының өзегін құрады.

Иммануил Канттың пайымдауынша, ізгі ниет пен игі істер бүкіл адамзат қауымдастығы арасындағы қатынастардың іргетасына айналуы тиіс. Ол адамның табиғатында жақсылық пен зұлымдық бастамасы тең мөлшерде берілетінін атап өтіп, өмірлік жағдайда қай бағытты таңдау – адамның өз еркіне

байланысты деп есептейді. Кант үшін моральдық мінез-құлық – әрбір ақыл-есі бар жан иесіне тән міндет болуы тиіс. Оның көзқарасы бойынша, ізгілік пен ерлікке толы әрекеттер адамның ішкі ар-ожданы мен ерік-жігерінен туындайды және олар тек жеке пайда үшін емес, қоғам игілігі үшін де жүзеге асырылуы қажет. Адам мораль қағидаттарын ұстанған жағдайда, ол тек өзінің әл-ауқатын емес, айналасындағы жандардың да жағдайын ойлайды, оларға көмектесуге және қолдау көрсетуге ұмтылады. Яғни, Канттың этикасында өзгеге қамқор болу мен көмек көрсету – моральдық борыштың көрінісі ретінде қарастырылады [19, б. 210].

Алайда Иммануил Кант «ерікті» (“freiwillig”) сөзін көбіне теріс мағынада қолданған. Мысалы, ол былай деп жазады: «Адамдарға деген сүйіспеншілік пен жанашыр ықыластан оларға жақсылық жасау, немесе тәртіпке деген сүйіспеншіліктен әділетті болу – бұл, әрине, жақсы. Алайда, бұл әрекеттер адамдардың саналы жаратылыс иелері арасындағы орнына сәйкес келетін шынайы моральдық қағидат бола алмайды, егер біз өзімізге міндет туралы ойды біржола ысырып тастап, тек қана өз рахатымыз үшін әрекет етсек [71].

Гегельдің философиялық жүйесінде еркін ерік тек таңдау жасау қабілеті ғана емес, сонымен қатар рухтың өзін жүзеге асыруға бағытталған белсенді қозғалысы ретінде қарастырылады. Бұл қозғалыс еркіндікті шынайы болмысқа енгізуге, яғни құқық, мораль және адамгершілік тәртіптер жүйесінде оны іске асыруға ұмтылады [72]. Осы контексте еріктілік этикалық еріктің нақты көрінісі ретінде түсіндірілуі мүмкін. Мұнда жеке тұлға өз еркімен және саналы түрде басқа адамға игілік жасау жолында әрекет етеді. Бұл арқылы ол рухани әрі әлеуметтік болмыс иесі ретіндегі өзінің ішкі мәнін, адамгершілік табиғатын іске асырады.

Гегельдің көзқарасы бойынша, қоғамға ерікті түрде қызмет ету әрекеті тек абстрактілі немесе субъективті мораль шеңберімен шектелмейді. Ол өз көрінісін азаматтық қоғам аясында табады, мұнда адам этикалық мәні бар әрекеттерге, атап айтқанда, мұқтаж жандарға көмек көрсетуге қатысу арқылы жалпы еркіндіктің нығаюына үлес қосады. Осы тұрғыда еріктілік – жеке мен жалпының, еркіндік пен міндеттің бірлігін жүзеге асыратын акт ретінде пайымдалады. Бұл тұжырым Гегельдің «нағыз еркіндік дегеніміз - өзге арқылы өз-өзінде болу» деген адамгершілік өмір ұстанымына толық сай келеді [72, б.163]. Гегельдің философиялық көзқарасы тұрғысынан еріктілік жай ғана альтруистік ниеттің көрінісі емес, керісінше, тұлғаның әлеуметтік маңызы бар әрекет арқылы өзін жүзеге асыруының жоғарғы формасы болып табылады. Бұл - жеке еркіндік пен қоғамдық жауапкершіліктің біртұтастығы арқылы көрінетін рухани дамудың бейнесі.

XIX ғасыр философтары өз еңбектерінде еріктілік қызметінің іргелі қағидаты болып табылатын «альтруизм» ұғымын терең талдауға алған. Адамның өзінен тыс өзгеге бағытталған рухани ұмтылысын, жанашырлық пен өзара түсіністік арқылы жүзеге асатын өзін өзгеге арнау идеясын ең толық әрі жүйелі түрде А. Шопенгауэр дамытқан. Ол адамаралық қатынастардың негізі

ретінде қайырымдылық пен ізгі ниетті алға тартты. Шопенгауэр ілімінде өзгеге жақсылық жасау – жеке мүддеден жоғары қойылатын құндылық ретінде қарастырылады. Яғни, адамгершілік әрекетте басқаның игілігін өз мүддесінен биік қою – адам табиғатының ең ізгі көрінісі ретінде сипатталады [73]. Шопенгауэр іліміндегі бұл ұстаным еріктілік әрекеттің философиялық негізін құрайтын альтруизм қағидасымен өзектес. Альтруизмнің әмбебап моральдық ережесі – «Өзгелерге өзіңе қалай қарағаның қаласаң, сен де солай әрекет ет» – адам мен қоғам арасындағы қарым-қатынаста өзара сыйластық, әділеттілік және жанашырлық сияқты құндылықтардың жүзеге асуын қамтамасыз етеді.

Тарихи-философиялық тұрғыда еріктілік қызметі көптеген ойшылдардың назарында болған. Солардың қатарында Людвиг Фейербах та бар. Ол адам табиғатының қарым-қатынасқа бейімділігі мен қоғамдық мәні туралы ой қозғай отырып, оны философиялық-антропологиялық аспектіде - яғни адамды өзгемен байланыстағы әлеуметтік болмыс ретінде қарастырады.

Ерте кезеңдегі Фейербах негізінен дін философиясымен, әсіресе әлемдік діндердің мәнін зерделеумен танымал. Бұл оның «Христиандықтың мәні» атты еңбегінде айқын көрініс тапқан [74]. Алайда шығармашылығының кейінгі кезеңінде ол моральдық-этикалық мәселелерге терең бойлай бастайды. Дәл осы уақытта философ адамаралық қарым-қатынасты сипаттайтын жаңа ұғым - «туизмді» (лат. *tui* - «сен», «сен үшін») ғылыми айналымға енгізеді. Туизм Фейербахтың түсіндіруінше, адамның адам болып қалыптасуы мен өмір сүруінің негізі - «Мен» мен «Сеннің» бірлігі мен өзара байланысында жатыр. Яғни адам өз болмысын толыққанды түрде тек өзгемен қатынаста, өзгеге бағытталған әрекет арқылы ғана аша алады. Бұл тұжырым волонтерлік қызметтің этикалық және тұлғалық мазмұнын пайымдауда маңызды философиялық негіз бола алады [20, б.63]. Осы байланыста негізгі рөл атқаратын - адамның өзін құрбан ете білу қабілеті, яғни альтруистік болмысы.

Қазіргі заман философтарының көзқарасына сәйкес, адамның саналы өмір сүруінің маңызды шарттарының бірі - жақынға деген сүйіспеншілік идеяларына негізделген риясыз көмек көрсету болып табылады. Бұл - тұлғаның ішкі дүниесінің үйлесіміне жету жолдарының бірі ретінде қарастырылады. Олардың пікірінше, рухани үйлесімді өмір сүрудің негізі - альтруистік бағдарлар, өмір сүрудің моральдық идеалдарға сай келуі, руханият, тазартылған ар-ождан, яғни адамның ішкі әлемінің адамгершілікпен және ізгілікпен үндесуі [75].

А. Сағиқызы гуманистік дүниетанымды зерттей отырып, адам табиғаты мен мейірімділік мәселесіндегі философиялық қайшылықтарды атап көрсетеді. Ежелгі заманнан бері жалғасып келе жатқан «Адам табиғатынан мейірімді ме, әлде мейірімді емес пе?» деген пікірталас әр дәуірде өзекті болып отырған. Дағдарыс кезеңдерінде зұлымдық мәселесі ерекше назарда болып, бұл феноменнің табиғаты кеңінен зерттелген. Зұлымдық пен ізгілік қатынасы денсаулық пен дерт, бейбітшілік пен соғыс сияқты қарама-қарсы ұғымдармен салыстырылады. Сағиқызының ойынша, адамның әлемдік байланыстармен және қатынастармен үйлесімді болуы үшін әлемге шынайы адамдық қатынас

жасау қажет. Бұл қатынас тек формалды байланыс емес, мейірімді қамқорлыққа, эмоциялық үйлесімділікке негізделуі тиіс. Оның пікірінше, гуманизм феномені теориялық тұжырымдамадан бұрын қалыптасып, адамды қорғау, көмек көрсету және сүю қажеттілігінің эволюциясы нәтижесінде пайда болған. Адамның қоғамдық табиғатын ескере отырып, мұндай қажеттілік алғашқы тайпаларда өзара қолдау мен дамуды қамтамасыз ету мақсатында туған деп болжанады [48, б.13].

А. Көбесов те қарым-қатынастың ізгілік пен игілікке негізделуі қажеттігін атап өтеді. Оның ойынша, адамдар бір-біріне көмектесіп, үйлесімді байланыс орнату арқылы бақытты өмір сүруге жағдай жасайтын ізгілікті қоғам құруы тиіс. Мұндай қоғамда тәрбие ісі адамның бойына ізгілікті сіңіруге, өнегелі мінез-құлық пен моральдық ұстанымдарды қалыптастыруға бағытталады Көбесов А. [50, б.21].

Эрих Фромм өзінің «Иемдену немесе болу» атты еңбегінде адамның өмір сүруінің екі түрлі модусын – иемдену модусы мен болу модусын – салыстыра отырып сипаттайды. Оның пікірінше, өмірінде болу модусы басым адам - бұл шынайы еркіндікке ұмтылатын, тәуелсіз, сыни ойлау қабілеті бар, белсенді тұлға. Мұндай адам материалдық игіліктерге иелік етуге ұмтылмайды, керісінше, рухани және адамгершілік құндылықтарға негізделген өмір сүруді таңдайды. Ол - беруге қабілетті, өзгені өзінің жалғасы ретінде қабылдайтын тұлға. Болуға бағытталған адам мейірімді болып көрінуге тырыспайды - ол шынымен де ізгі ниетті. Оның жақсылығы - жасандылықтан ада, сыртқы әсер қалдыруға немесе өз мүддесін жасырып пайда табуға бағытталмаған. Мұндай адам - ашық, шынайы, көмектесуге дайын, және бұл әрекеттерінде ешқандай есеп пен жеке пайда ізделмейді. Бұл - еріктілік қызметтің моральдық-психологиялық сипатын айқындайтын нағыз альтруистік тұлғаның бейнесі.

АҚШ-та жүргізілген зерттеулерде еріктілікке берілген анықтамаларда функционалдық, әрекеттік және экономикалық тәсілдердің басымдыққа ие екендігін А.А. Шлихтер өз еңбектерінде атап көрсетеді. Ғалымның пайымдауынша, бұл елдегі волонтерлік құбылыс ең алдымен діни құндылықтарға негізделген әлеуметтік институт ретінде қарастырылады. Сонымен қатар, ол волонтерлік қызметтің ерекшелігі ретінде оның еңбекті әкімшілік-құқықтық мәжбүрлеуден босатуымен тығыз байланысты сипатын айқындайды. Яғни еріктілік - бұл адам еңбегінің еркін көрінісі, оның сыртқы қысымсыз жүзеге асатын әлеуметтік белсенділік формасы ретінде түсіндіріледі [76].

М.С. Шераден еріктілік ұғымын қоғам үшін маңызы бар әрекет ретінде қарастыра отырып, оны былайша түсіндіреді: «волонтерлік - бұл ұйымдастырылған формада жүзеге асырылатын, жергілікті, ұлттық немесе жаһандық деңгейде қоғамға елеулі үлес пен қатысуды білдіретін қызмет түрі, оның маңыздылығы мен құндылығы қоғам тарапынан мойындалады және бағаланады. Мұндай қызметке қатысушыларға берілетін ақшалай өтемақы өте

аз немесе мүлде болмайды, яғни ол материалдық ынталандырудан гөрі, моральдық және әлеуметтік жауапкершілікке негізделеді» [43, б.25].

Джонс Хопкинс атындағы американдық университеттің зерттеушілері, әлем бойынша волонтерлік қызметті 20 жылдан астам уақыт бойы жүйелі түрде зерттеп келе жатқан ғылыми топ, еріктілікті келесідей сипаттайды: ол - ақшалай сыйақысыз, бос уақыт шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет түрі, яғни қоғамдық игілікке бағытталған әрекеттер жиынтығы ретінде анықталады. Бұл анықтама волонтерлікті ресми жұмыс немесе кәсіби еңбекпен емес, жеке азаматтың ерікті әлеуметтік белсенділігімен байланыстырады [77]. Еуропалық зерттеушілердің көзқарасына сәйкес, волонтерлік - бұл азаматтардың өз еркімен, ешқандай ақшалай сыйақысыз бір-біріне көрсететін көмегі мен жүзеге асыратын іс-әрекеттерінің жиынтығы [78].

Еріктілік ұғымы ғылыми әдебиеттерде кеңінен қарастырылып, оның мағынасы мен мазмұны терең талданған. Түрік тілі мекемесінің (2016) деректеріне сәйкес, «еріктілік» сөзі бірнеше мағынаны қамтиды. Біріншіден, бұл сын есім ретінде бір істі ешқандай міндеттеусіз, өз еркімен орындауға ұмтылуды білдіреді. Екіншіден, есімдік ретінде «сүйген адам» немесе «сүйікті адам» мағынасында қолданылады. Мұндай семантикалық ерекшеліктердің кездейсоқ еместігі байқалады, себебі бұл ұғымның мәні ерікті болудың негізгі құндылықтарымен тығыз байланысты. Атап айтқанда, альтруизм, эмпатия, мейірімділік, жомарттық, әлеуметтік жауапкершілік және қоғамдастық рухы сияқты адамгершілік құндылықтар еріктілік концепциясының ажырамас бөлігі болып табылады [34, б.7].

Ерікті болу – бұл өз ықыласымен, өз қалауымен әрекет ету ғана емес, сонымен бірге махаббат пен еске алу сияқты терең сезімдерге негізделген іс-қимылды білдіреді. Осы тұрғыда «ерікті» ұғымын нақты анықтауға болады. Еріктілер - өздері өмір сүріп жатқан қоғамның және әлемнің ажырамас бөлігі екенін сезінетін, жоғары жауапкершілік танытатын және осы жауапкершілік сезімін жүзеге асыру үшін өздерін және күш-жігерін құнды деп санайтын адамдар. Олар еріктілік жұмыстарды атқарып қана қоймай, еріктілікті өз өмір салтына айналдырады [42, б.13].

Бұл тұжырымдар еріктілік ұғымының әлеуметтік жауапкершілік пен жеке тұлғалық қасиеттердің тоғысында жатқанын көрсетеді.

Еріктілік – бұл тек жеке адамның игі істері ғана емес, сонымен қатар қоғамның әлеуметтік-мәдени дамуындағы маңызды фактор болып табылады. Ерікті болу адамның ішкі мотивациясынан туындап, жеке тұлғаның рухани жетілуіне ықпал етеді. Сонымен қатар, еріктілік әрекеті қоғамдағы өзара көмек пен сенімді нығайтады, бұл өз кезегінде ұжымдық ынтымақтастықтың артуына септігін тигізеді. Зерттеулер көрсеткендей, еріктілік әлеуметтік капиталдың дамуына оң әсер етіп, қоғамдағы теңсіздік пен шиеленістерді азайтуға көмектеседі [21, б.3]. Еріктілердің жауапкершілікті сезінуі мен қоғам игілігі үшін өз үлесін қосуға деген ұмтылысы адамдар арасында сенім мен бірлік сезімін қалыптастырады. Дей тұрғанмен, еріктілік тек жеке адамның рухани

дамуының құралы ғана емес, сонымен бірге тұрақты қоғам құрудың негізі болып табылады.

Яғни, философиялық таным контексінде еріктілік қызметінің мәні мен мазмұнын түсіндіру әртүрлі теориялық тұғырнамалармен байланыстырылды. Бірқатар концепциялар бұл қызметті ізгілік, жақсылық пен қайырымдылық идеяларымен ұштастырса, өзгелері оны мейірімділік пен альтруизм ұғымдары арқылы сипаттады; үшіншілері – гуманизммен, ал кейбіреулері – жеке тұлғаның әл-ауқатымен байланыстырды. Еріктілік философтар тарапынан материалдық емес болмыс ретінде қарастырылып, ол адамның адамгершілікке негізделген рухани дамуын, моральдық құндылықтарды жүзеге асырумен тығыз байланысты деп танылды. Сонымен қатар, бұл ұстанымдар әр тарихи кезеңдегі адамзат қоғамына тән дүниетанымға негізделіп, өмірдің субъективті қабылдануы мен рухани үйлесім мәселелеріне ерекше назар аударды.

Еріктілік тұжырымдамасы қоғамда әрдайым көмекке мұқтаж адамдардың болатынына және сонымен қатар, бұл көмекті өз еркімен, ешқандай жеке пайда күтпестен көрсеткісі келетін азаматтардың да бар екендігіне негізделеді. Бұл – адамдар арасындағы өзара қолдауға негізделген моральдық қатынас. Еріктілік әрекеті – бұл материалдық сыйақыға емес, рухани ниетке негізделген азаматтық ұмтылыс.

Кез келген қоғамда көмек қажет ететіндер де, сол көмекті ерікті түрде ұсынуға дайын жандар да кездеседі. Бұл адам табиғатының ажырамас бөлігі ретінде қарастырылады.

Еріктілік қызметі туралы тұжырымдамалардың келесі маңызды идеясы – бұл әрекеттің екі тарап үшін де тиімді екендігінде. Яғни, еріктінің көмегін қабылдаған адам ғана емес, көмекті көрсетуші – еріктінің өзі де пайда көреді. Мұндай қызмет барысында адамдар қоғам өміріне белсенді араласу арқылы рухани қанағаттануға, өзін-өзі дамытуға және ішкі үйлесімге жетуге мүмкіндік алады.

Еріктілік – тек көмек көрсету құралы ғана емес, тұлғаның өз әлеуетін жүзеге асыруының және адамгершілік тұрғыда кемелденуінің бір жолы. Бұл қызметтің маңыздылығы оның қоғамдағы әлеуметтік байланысты нығайтып, адамдардың бір-біріне деген сенімін арттыра алатындығында.

Адамдардың ерікті болуға итермелейтін себептері әртүрлі. Әрбір адам жеке тұлға ретінде өзінің еріктілік әрекетін ұйымдасқан құрылым арқылы немесе бейресми түрде жүзеге асыруы мүмкін. Бұл ниет адамның әлеуметтік мәртебесіне, табыс деңгейіне, ұлтына, тұрғылықты мекеніне, саяси не діни көзқарасына тәуелді емес.

Зерттеушілер еріктілікке итермелейтін үш негізгі мотивациялық факторды бөліп көрсетеді. Олар:

Бірінші фактор – альтруистік мотивтер. Бұл – басқа адамдардың күйіне ортақтасу, көмекке мұқтаж жандармен өзін бір деңгейде сезіну, оларға үміт пен қадір-қасиет сыйлау ниеті. Альтруизм көбіне діни сенімдермен немесе ішкі моральдық борыш сезімімен тығыз байланысты болады.

Екінші фактор – пайдалық уәждер. Мұндай мотивтер жаңа адамдармен танысу, пайдалы әлеуметтік дағдыларды меңгеру, бос уақытты мәнді әрі тиімді өткізу мүмкіндігімен байланыстырылады. Еріктілік бұл жағынан жеке дамуға және әлеуметтік интеграцияға ықпал етеді.

Үшінші фактор – парыз бен моральдық қанағат. Мұнда адамдар қоғам алдындағы әлеуметтік жауапкершілігін сезініп, «қайтарым жасау» қажеттігінен еріктілікке белсене араласады. Бұл сондай-ақ адамның өз міндетін адал атқарып, рухани ләззатқа жетуінің бір көрінісі ретінде бағаланады.

Жалпы алғанда, еріктілікке итермелейтін уәждерге қатысты мамандар арасында біржақты көзқарас қалыптаспаған. Кейбір зерттеушілер еріктілік қызмет тек альтруистік негізде болуы тиіс десе, басқалары еріктінің жеке мүддесі, мысалы, кәсіби немесе мансаптық өсуді көздеуі де орынды деп санайды.

Батыс елдеріндегі еріктілік тәжірибесін жақсы білетін мамандардың пікірінше, ондағы еріктілік қызметінде шынайы альтруизм өте аз кездеседі. Ол елдерде еріктілікке көбіне қаржылық жағынан қамтамасыз етілген, алайда қарым-қатынасқа зәру зейнеткерлер қатысса, екінші жағынан – бұл қызметке мансап құруды мақсат тұтқан жастар белсенді араласады. Кейбір салаларда еріктілік тәжірибесінің түйінделуі түйіндемеде көрсетілмесе, кәсіби жолда алға жылжу мүлде мүмкін емес жағдайлар да кездеседі [22, б.2].

Сонымен қатар, сарапшылардың пікірінше, адамның белгілі бір кезеңде өз еркімен, ешқандай ақысыз көмек көрсетуі – алғыс пен құрметке лайық әрекет болып саналады. Қандай себеппен болса да, волонтерлік қызметке белсенді араласу қоғам үшін маңызды құндылық болып табылады. Алайда, еріктілер саны мен қоғамдағы нақты әлеуметтік қажеттіліктер арасында әлі де айтарлықтай алшақтық бар. Түрлі ұйымдарға тіркелген еріктілер саны өсіп келе жатса да, әлеуметтік сұраныстың ауқымы олардан асып түсуде. Бұл еріктілер қозғалысының әлеуетін кеңейту қажеттілігін көрсетеді [23, б.38].

Демек, еріктілер қозғалысына қосылу көп жағдайда көпқырлы уәждермен түсіндіріледі. Ерікті өзінің жеке қажеттіліктері мен мақсаттарын іске асыруға мүмкіндік алады. Егер белгілі бір уәж бірден жүзеге аспаса, еріктілік ортада бейімделу барысында ол басқа уәждермен алмастырылуы мүмкін. Сонымен қатар, еріктілердің басым көпшілігі мансаптық, әсіресе әкімшілік-басқарушылық ниеттен ада болғандықтан, бұл еріктілік ұйымдарының кадрлық құрамына және оларды басқару үдерісіне әсер етеді [79].

Еріктілік қызметінің мәнін ұғыну оның қағидалары мен айқындаушы белгілерін анықтауға негізделеді. Бұл екі ұғымды өзара шатастырмай, нақты ажырата білу қажет.

Еріктілікке қатысты негізгі қағидаттар мыналарды қамтиды: объективті және субъективті факторлардың үйлесімі; тұтастық ұстанымы; мақсатқа негізделген әрі құндылықтық-рационалды әрекеттердің қатар жүруі; органикалық ынтымақтастық; ерікті және саналы әрекет ету; отбасылық немесе

достық шеңберден тыс қоғамдық қызметке араласу; альтруизмге бағдарлану; және белгілі бір әлеуметтік нәтижеге жетуді көздейтін мақсаттылық.

Ал еріктілік қызметінің басты белгілері ретінде келесілерді атауға болады:

Біріншіден, еріктілік кең ауқымды әлеуметтік, экономикалық және саяси қатынастар аясында жүзеге асырылады.

Екіншіден, бұл қызметтің негізінде жалпыадамзаттық және гуманистік құндылықтарға сүйенетін нормативтік өлшемдер бар.

Үшіншіден, еріктілік ұлттық және халықаралық деңгейдегі әлеуметтік әрекеттестік формасы ретінде көрініс табады.

Төртіншіден, оның қызметі процессуалдық сипатқа ие, яғни ол жүйелі әрі тұрақты түрде орындалады.

Бесіншіден, еріктілік қызметі адамның негізгі жұмысынан тыс уақытта жүзеге асырылады, қоғамдық пайда әкеледі және ұйымдасқан еңбек сипатында болады.

Алтыншыдан, ерікті келесі сипаттарға ие болуы тиіс: өз еңбегінің нәтижесіне материалдық сыйақы күтпеу; қызметті саналы түрде ерікті таңдау; жоғары жауапкершілік таныту; қызмет үдерісінен және нәтижесінен моральдық қанағаттану.

Жетіншіден, еріктілік қызметі әлеуметтік, экономикалық, саяси және мәдени ресурстармен қамтамасыз етілуі қажет.

Сегізіншіден, еріктілік ортада ортақ құндылықтар, мүдделер мен дүниетанымдар қалыптасып, әлеуметтік сәйкестік негізін құрайды.

Аталған қағидалар мен белгілер еріктілік феноменінің күрделілігін, оның қоғамдық өмірдегі орны мен маңызын, сондай-ақ теориялық жағынан көпқырлылығын дәлелдейді.

Еріктілік қызметінің ішкі құрылымын қарастырғанда оның төрт негізгі компоненті анықталады: субъект (ерікті тұлға), объект (көмек алушы), қызметтің өзі (әрекет), және мақсат (қоғамдық немесе рухани нәтиже).

Еріктілік қызметінің субъектісі ретінде нақты жеке тұлға – коммерциялық емес ұйымдарда, әлеуметтік қызметтерде жұмыс істейтін немесе қандай да бір қоғамдық ұйымдарға қатыспастан өз еркімен көмек көрсететін ерікті адам болуы мүмкін. Сонымен қатар, еріктілік қызметті ұжымдық түрде жүзеге асыратын еріктілер тобы да субъект ретінде қарастырылады. Осыған байланысты еріктілік қызметі өзінің ұйымдасу түріне қарай екіге бөлінеді: жеке еріктілік және ұжымдық еріктілік [24, б.31].

Қазақстан Республикасының заңнамасы тұрғысынан алғанда, ерікті – бұл еріктілік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға болып табылады. Бұл анықтама «Волонтерлік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 1-бабында ресми түрде бекітілген.

Еріктілік қызмет субъектісі – еріктіге бірқатар жеке тұлғалық және әлеуметтік қасиеттер тән. Олардың қатарына сезімталдық, қарым-қатынас орната білу, креативтілік, ынтымақтастыққа бейімділік, кәсіби қатынас, ақысыз

негізде жұмыс істеуге дайын болу, төзімділік, жоғары мотивация және материалдық пайда күтпеу жатады.

Ерікті болу – бұл қандай да бір мәжбүрлеуді болдырмайтын еркін таңдау негізінде әрекет етіп, азаматтардың лайықты өмір сүру құқықтарын қорғауға жәрдемдесу, сондай-ақ тұтас қоғамға көмек көрсету дегенді білдіреді. Еріктілік қызметтің түрлері сан алуан және кең ауқымды, бұл өз кезегінде әрбір адамға өзіне қызықты әрі басқаға пайдалы, рухани қанағат әкелетін іспен айналысуға мүмкіндік береді.

Сонымен, еріктілер – бұл өз еркімен, жеке үлесі арқылы, ешқандай материалдық өтеусіз, әлеуметтік маңызы бар қызметпен айналысатын азаматтар.

Еріктілік қызметтің объектісі ретінде табиғи орта немесе белгілі бір қызмет саласы қарастырылуы мүмкін. Мысалы, бұл – қоршаған ортаны қорғау, мәдени мұра нысандары, сондай-ақ әлеуметтік институттар: отбасы, әлеуметтік қорғау жүйесі, денсаулық сақтау немесе білім беру салалары болуы ықтимал [80].

Еріктіліктің келесі құрамдас бөлігі – қызметтің өзі болып табылады. Еріктілік қызметі мазмұны мен түрі жағынан сан алуан бағыттарда жүзеге асады. Мазмұнына қарай еріктілік педагогикалық, психологиялық, құқықтық, ақпараттық немесе әлеуметтік жұмыс салаларында жүргізілуі мүмкін. Бұл қызмет түрлерінің барлығына ортақ негізгі сипаттар – саналылық пен мақсаттылық болып табылады [80, б.52].

Еріктілік қызметінің соңғы құрамдас бөлігі – мақсат болып табылады. Бұл аспекті талдағанда еріктіліктің екі түрін бөліп көрсетуге болады: карьерлік және альтруистік еріктілік. Бірінші түрі - карьерлік еріктілік - еріктінің жеке мүдделерімен, ұмтылыстары және таңдауларымен тікелей байланысты. Мұндай мақсаттар жеке тұлғаның психологиялық, әлеуметтік немесе экономикалық жағдайларын жақсартуға бағытталады. Ал екінші түрі - альтруистік еріктілік - әлеуметтік маңыздылыққа негізделеді және өзге адамдардың игілігі үшін әрекет етуге бағытталады. Бұл бағытта ерікті әрекеттердің қоғам үшін нақты әлеуметтік әсері басым болып келеді [80, б.53].

Еріктілік қызметінің моделі еріктілер орталығы жағдайында субъект, объект, қызмет және мақсат сынды төрт негізгі элементке негізделіп құрылады. Бұл қызметтік құрылым міндетті түрде белгілі бір тұжырымдамалық ұстанымдарға, өлшемдер мен қағидаттарға сүйенуі тиіс.

Еріктілік феноменін онтологиялық тұрғыда қарастыру – оны тек утилитарлық немесе функционалдық түсіндіру шеңберінен шығарып, терең метафизикалық деңгейде – қызмет ету, ынтымақ пен ортақтасу идеясымен байланыстыруға мүмкіндік береді. Мұндай көзқарас еріктіні жай ғана әлеуметтік өзгерістердің агенті ретінде емес, жақсылықтың құндылығын ерікті әрі риясыз әрекет арқылы паш ететін субъект ретінде ұғынуға жол ашады. Осылайша, еріктілікті адам өмірінің мағынасы мен тұтастығын табудың, өзін-өзі іске асырудың және әлеуметтік фрагментация жағдайында адамның біртұтас

болмысын қалпына келтірудің тәсілі ретінде қарастыруға болады. Еріктіліктің онтологиялық негізі – бұл «өзгемен-бірге-өмір сүру» идеясы, мұнда жанашырлық, мейірімділік және альтруизм сыртқы міндет емес, адам табиғатының ішкі, шынайы көрінісі ретінде танылады.

Жеке мүдделер мен құндылықтық бағдарлардың дағдарысы белең алған қазіргі әлем жағдайында, еріктілікке онтологиялық көзқарас ерекше мәнге ие болуда. Бұл тәсіл еріктілік қызметін антропологиялық әрі философиялық тереңдікке жеткізеді және оны қоғамдық болмыстың моральдық негіздерін қалпына келтірудің бір формасы ретінде ашады.

Қорытындылай келе, еріктілік – күрделі әлеуметтік-философиялық құбылыс. Оның маңызы тек жеке тұлғаның игі ниетінде ғана емес, сонымен қатар қоғамдық қатынастарды жақсартуға, рухани дамуға және әлеуметтік құрылымдарды жетілдіруге қосатын үлесінде жатыр. Еріктіліктің философиялық интерпретациясы оны еркін ерік, адамгершілік, әлеуметтік жауапкершілік, рухани даму және мәдени трансформациялар аясында қарастыруды талап етеді.

1.2 Еріктіліктің аксиологиялық аспектілері

Еріктілік – бұл жай ғана әлеуметтік әрекет емес, аксиологиялық тұрғыдан негізделген іс-әрекет, яғни адамның жеке және қоғамдық құндылықтар жүйесіне сүйене отырып жасалатын қызмет түрі. Ерікті адам кәсіби этикадағыдай міндеттен емес, нарықтық қатынастардағыдай пайда көздемей, ізгілік, ынтымақтастық, әділеттілік, мейірімділік және жауапкершілік сынды жоғарғы құндылықтар жолында әрекет етеді. Еріктілік қызметін ұйымдастыруда бұл қызметтің ішкі мазмұны мен маңызын айқындайтын жалпыға ортақ қағидаттарды ескеру қажет, себебі дәл осы қағидаттар еріктіліктің тұтастығы мен бірегейлігін қамтамасыз етеді. Қазіргі заманда еріктілік қызметінің басты миссиясы – адамға және қоғамға риясыз қызмет етуді, азаматтық борыш пен адамдық міндетті орындауды құндылық ретінде бекіту. Сонымен қоса, еріктілік қызметі жоғары экономикалық маңызға ие. Еріктілердің көмегімен жергілікті қауымдастықтардың, ұлттық немесе халықаралық бағдарламалардың бюджетінде қарастырылмаған бірқатар әлеуметтік мәселелер шешімін табады. Бұл – еріктілік тек рухани ғана емес, нақты қоғамдық игілікке де қызмет ететінін көрсетеді.

Атап айтқанда, еріктілік қызметі өзінің жоғары моральдық және этикалық құндылықтарымен ерекшеленеді. Адамның өзгеге көмек көрсету арқылы өзінің адамдық болмысын іске асыруы, азаматтық борышын өтеуі және басқалармен шығармашылық тұрғыда өзара әрекеттесуі – мұның бәрі еріктілікті тұлғалық даму мен демократиялық қоғамды жетілдірудің маңызды ресурсына айналдырады.

Еріктілік қызметін аксиологиялық тұрғыдан қарастыру – бұл құбылысты тек әлеуметтік іс-әрекет ретінде емес, сонымен қатар адам болмысының мәні мен ішкі рухани қажеттілігін бейнелейтін құндылықтық категория ретінде

тануға мүмкіндік береді. Еріктілік – адам еркіндігінің, таңдауының және ізгілікті ұмтылысының нәтижесі. Бұл әрекет адамның өзге үшін қызмет ету арқылы өзінің тұлғалық мәнін ашуына жағдай жасайды. Ерікті болу – тек көмек көрсету емес, өмірді, айналаны, қоғамды адамгершілік тұрғысынан жақсырақ етуге бағытталған саналы қадам.

Еріктілік феномені өзінің мазмұны мен мәні жағынан тек қана практикалық көмек көрсету әрекеті емес, сонымен қатар терең моральдық-этикалық және философиялық негізге ие. Ол адамның рухани болмысын, дүниетанымдық бағдарын, қоғаммен өзара байланысын айқындайтын құндылықтарға сүйенеді.

Еріктілік қызметке қатысты ғылыми білімдегі аксиологиялық детерминанттар жүйелі түрде қалыптаспағанымен, оның әлеуметтік маңызы бірқатар отандық және шетелдік зерттеушілер тарапынан атап өтіледі. Мәселен, Н.В. Черепанова жүргізген зерттеулерде еріктілік қызметті зерделеуде құндылықтық көзқарас басым бағыттардың бірі ретінде ерекшеленеді. Зерттеушінің пайымдауынша, еріктілік – бұл тұлғаның құндылық бағдарларына негізделген қоғам мен адамдарға риясыз қызмет ету түрі ретінде қарастырылады [24, б.6].

Еріктілік – әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде – адамзат тарихының терең қойнауынан бастау алады. Өйткені ежелгі қауымдастықтарда көршіге немесе қауым мүшесіне көмек көрсету күнделікті өмірдің ажырамас бөлігі болып, қалыпты құбылыс ретінде қабылданған. Қазіргі еріктілер қозғалысы – көпқырлы, күрделі құрылымды жүйе болып саналады және ол терең философиялық қағидалар мен идеяларға негізделеді. Еріктілік феноменінің негізінде альтруизм, риясыздық, теңдік, ынтымақ, азаматтық жауапкершілік, жеке және ұжымдық еркіндік, әділеттілік, адами қадір-қасиетке құрмет пен еріктілік сынды құндылықтарға деген берік сенім жатыр.

Альтруизм - жеке бас мүддесінен бас тартып, өзгелердің игілігі үшін әрекет етуге негізделген моральдық ұстаным. «Альтруизм» термині ғылыми айналымға алғаш рет француз философы және әлеуметтанушысы Огюст Конттың еңбектерінде енгізілді. Ол бұл ұғымды адам болмысының жаңа қағидаты ретінде ұсынды және оны қысқа да нұсқа түрде: «Өзгелер үшін өмір сүр» деген формуламен білдірді [81].

Огюст Конт (1798–1851) – позитивизм бағытының негізін қалаушы. Бұл теориялық парадигмаға сәйкес, барлық білім бақылау мен тәжірибе арқылы қалыптасады. Оның еңбектерінің басым бөлігі ғылым, математика және әлеуметтік прогресс мәселелеріне арналған. Конт әлеуметтану ғылымының бастауында тұрған алғашқы ойшылдардың бірі ретінде танылды [82]. Бақылаулардың нәтижесінде О. Конт қоғамның әл-ауқаты әрбір жеке тұлғаның әрекетіне тікелей байланысты деген тұжырымға келді. Оның пікірінше, қоғамның тұрақтылығы мен үйлесімді дамуы үшін адам басқа адамдардың маңыздылығын терең сезініп, шешімдерін жалпы игілік мүддесіне сай қабылдауы тиіс. Егер адам тек өз мүддесін ғана көздеп өмір сүрсе, онда адам

болмысының негізгі мәні мен тіршіліктің шынайы мағынасы жойылады. Конт нағыз «бақыт пен құндылық» ұғымдарын адамның қоғам алдындағы жауапкершілігімен тығыз байланыстыра отырып түсіндіреді [83]. Осы тұрғыда альтруизм алғаш рет «өзгелер үшін өмір сүру» ұстанымы ретінде анықталып, позитивизм ілімінің адамгершілік кодексiне айналды.

Конт сондай-ақ альтруистік мінез-құлыққа қарама-қарсы мотивация ретінде эгоизмнің бар екенін мойындайды. Оның пайымдауынша, өз мүдделерін көздеуге бағытталған ішкі түрткілер барлық адамдарға тән, алайда адам басқаларға көмек көрсету ниетімен әрекет етуді үйрене алады. «Өзгелер үшін өмір сүру» позитивистік идеясына сүйене отырып, Конт мінез-құлықтың 10 түрткісінен тұратын жіктеуді әзірлеген. Ол бұл түрткілерді 7 негізгі қағидатқа біріктіріп, әрқайсысын не эгоистік, не альтруистік сипатта деп белгілеген.

Конт өз еңбектерінде жеке, эгоистік түрткілер адамның ішкі табиғатына тән және автоматты түрде іске қосылады деп жазады [10, б.129]. Алайда, сонымен қатар, ол адамның әрекетті саналы түрде таңдау қабілеті бар екенін де мойындайды. Демек, адамда эгоистік ниет болған күннің өзінде, ол альтруистік сипаттағы шешім қабылдай алады. Конттың пікірінше, инстинкт, өзін жетілдіруге ұмтылу және амбициялар - адамның жеке мүддесіне бағытталған эгоистік мотивациялар қатарына жатады. Ал сүйіспеншілік, құрмет және ізгі ниет сияқты ұстанымдар - басқаларға бағытталған саналы көңіл бөлудің көрінісі ретінде әлеуметтік-альтруистік бағдарды сипаттайды [84]. Сонымен, Конт альтруистік мотивацияның алғашқы теориялық негіздерін қалыптастырған.

Ғылыми көзқарас тұрғысынан алғанда, альтруизм – әлеуметтік мінез-құлықтың іргелі формасы ретінде еріктілік қызметінің мотивациялық құрылымын талдауда маңызды әдіснамалық негіз болып табылады. Альтруизмді адамның моральдық және этикалық жетілуінің өзегі ретінде түсіндіру - еріктілердің әрекеттерінің мәнін ашуға көмектеседі. Бұл бағытта Клавьен және Шапюиза жүргізген зерттеулер көрсеткендей, альтруистік ұстанымдар қоғамда өзара сенім мен жанашырлық мәдениетін қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Авторлар альтруизмді тек жеке тұлғаның психологиялық ерекшелігі сипатында емес, әлеуметтік капиталды жүзеге асыратын құндылықтық фактор ретінде де қарастырады. Осы тұрғыдан алғанда, еріктілік қызмет альтруизм арқылы қоғамдағы өзара жауапкершілік пен азаматтық бірегейлікті күшейтетін маңызды әлеуметтік тетікке айналады [11, б.149].

Альтруизм – волонтерлік қызметтің негізгі қозғаушы күші болып табылады, себебі ол өзгеге қайтарым күтпей жанашырлық таныту мен көмек көрсету әрекетін қамтиды. Жанашырлық пен эмпатияға негізделген еріктілік әрекеттер қоғамның әлеуметтік дамуына терең ықпал етеді. Еріктіліктің бұл философиялық негізі қоғам өмірінің түрлі салаларын қамтитын сан алуан ерікті бастамалардың қалыптасуына жол ашады. Альтруизмге негізделген еріктілік

философия тек көмекке мұқтаж адамдарға қол ұшын созу немесе өзекті мәселелерді шешумен ғана шектелмейді. Сонымен қатар ол еріктілердің бойында жауапкершілік сезімін, ұжымдық жұмыс дағдыларын, көшбасшылық қабілеттер мен эмпатияны дамытуға ықпал етеді. Ерікті қызметтің бұл материалдық емес аспектісі жан-жақты дамыған, үйлесімді тұлғаны қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Әлеуметтік тәжірибе ретіндегі еріктілік адамдар мен топтарға қоғамдық мәселелерді шешуде бастамашылдық пен шығармашылық танытуға мүмкіндік беріп, азаматтық қоғамды жандандырады. Альтруизм идеясына сүйенетін еріктілік философиясы өзара қолдауға негізделген, әділетті қоғамдық қатынастарды дамыту арқылы әлеуметтік трансформацияның қуатты құралына айналады [12, б.34].

Адамның ерікті әрекеттерінің негізінде жатқан шығармашылық және альтруистік импульстар – оның рухани болмысының тереңінен туындайтын, өзін-өзі танып-білу мен жүзеге асыруға бағытталған ұмтылысының көрінісі. Бұл импульстар адамның «мен» өлшеміне, яғни ішкі рухани бағдарлану мен құндылықтық дамуға негізделеді. Осы идеяны дамыта отырып, америкалық философы Рейнхольд Нибур еркіндікті адамның табиғи болмысынан гөрі рухтың қасиеті ретінде сипаттайды. Оның пайымдауынша, адам өз болмысын жоғары моральдық-рухани құндылықтарға бағыттап, оларды алдын ала түйсіне отырып, саналы әрекет ету қабілетіне ие. Нибур еркіндікті моральдық жауапкершілікпен тығыз байланыстыра отырып, адамның әрекетін тек биологиялық немесе әлеуметтік қажеттілікпен ғана емес, рухани және этикалық өлшеммен де анықтайды. Бұл тұрғыда ерікті әрекет адамның өзінің шектеулі болмысына қарамастан, жоғары құндылықтар жолында саналы таңдау жасау қабілетін білдіреді. Адамның альтруистік қызметке ұмтылысы – оның ішкі рухани сенімінен, өзгенің мүддесін өзінің мүддесімен тең көруінен туындайды. Демек, еріктілік әрекет – бұл адам болмысының терең қабаттарында жатқан жауапкершілік сезімі мен рухани бағдардың өмірлік практикадағы көрінісі [13, б.1041]. Бұл тұжырымды Поль Тиллич те қолдайды. Ол адамның барлық іс-әрекетінде шексіздікке ұмтылыс пен жетілмейтін кемелдік арасындағы қайшылық үнемі қатар жүретінін атап өткен [14, б.87].

Осы тұрғыдан алғанда, еріктілік – бұл жай ғана әлеуметтік көмек емес, ол - рухтың көрінісі, адамның өз болмысын ізгілікке бағыттап отырып, жоғары құндылықтармен үндестікте әрекет етуінің символы. Алайда Нибур мен Тиллич атап өткендей, адам толық кемелдікке ешқашан жете алмайды; оның кез келген әрекетінде өзімшілдік, менмендік немесе әлсіздік белгілері сақталып қалуы мүмкін. Бұл шындықты мойындау – еріктілік феноменін шынайы философиялық тұрғыда түсінудің маңызды шарты.

Альтруизм ұғымын жан-жақты түсіну оны қарсы концепциясы – эгоизммен салыстырмалы талдаусыз мүмкін емес. Эгоизм, әдетте, жеке мүддені көздейтін мотивациялық ұстаным ретінде сипатталады. Бұл тұрғыда адам әрекеттерінің негізгі қозғаушы күші – өзіндік пайда табуға ұмтылу. Әлеуметтік психологтар Бауман, Чалдини және Кендрик жеке тұлғаның мінез-құлқы ең

алдымен жеке мүдделерін қанағаттандыруға бағытталғанын алға тартады [13, б.1043]. Бұл пікірді Вегенер мен Петти [41, б.1038], сондай-ақ Хоффман [9, р. 21] да қолдайды. Олардың пайымдауынша, адам табиғатынан эгоистік болмысқа ие және шынайы риясыздық немесе толықтай өзін-өзі ұмыту секілді ұғымдар шын мәнінде өмірде кездеспейді.

Мұндай көзқарас эгоистік мотивация теориясымен үндеседі, оған сәйкес адам белгілі бір іс-әрекетке ұялу немесе кінә сезімінен қашу үшін немесе ішкі тыныштыққа жету мақсатында барады [85]. Осы тұрғыдан қарағанда, эгоизм адам әрекетінің негізгі бастауы ретінде қарастырылып, альтруизм тек сыртқы көрініс ретінде қабылданады. Бұл ұстаным адамның тек риясыз, басқаның мүддесі үшін ғана әрекет ету қабілетіне күмән келтіреді.

Альтруизм мен эгоизм ұғымдарының бір-біріне қарсы қойылуына қарамастан, екеуі де бір мақсатқа – адамның бақытқа жетуіне және армандарын жүзеге асыруына бағытталуы мүмкін. Алайда бұл екі ұстаным бұл мақсатқа әртүрлі жолмен жетуді көздейді. Альтруизмде өзгелердің мүддесі – мақсат болып табылса, эгоизмде – бұл тек өз мүддесіне жетудегі құрал ретінде қарастырылады. Осы айырмашылыққа қарамастан, аталған екі ұстаным да адам табиғатының терең қабаттарына тамыр жайған.

Адамзатқа тән өзін-өзі сақтау инстинкті – тірі ағзалар үшін негізгі өмір сүру механизмі ретінде бүкіл мінез-құлыққа әсер ететін іргелі факторлардың бірі. Осыған орай, психолог А.В. Капрановтың пікірі назар аударуға тұрарлық: ол табиғатта шынайы альтруизм жоқ деп есептейді және оның мәнін «саналы эгоизм» ретінде түсіндіреді. Яғни, адамның барлық әрекеті, тіпті риясыз көрінген көмектің өзі де, түптеп келгенде, өзінің ішкі қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында жүзеге асырылады.

Саналы эгоизм концепциясы XVIII ғасырда қалыптасқан және оның идеялық негізін қалаушылар ретінде Бенедикт Спиноза мен Клод Гельвецийді атауға болады. Бұл тұжырымдаманың мәні мынада: классикалық эгоист тек өзінің жеке мүдделерін көздесе, саналы эгоист өзіндік мүддені жүзеге асыру барысында қоғамдық ортамен санасып, басқалармен ынтымақтастық орнату қажеттігін түсінеді. Яғни, өз мүддесіне жету үшін де өзгемен қарым-қатынаста болу, келісімге келу маңызды екенін ұғынады.

Осы тұрғыда, альтруизм мен эгоизмнің арасындағы шекара нақты болмауы мүмкін, себебі олардың екеуі де адамның әрекеттерін негіздейтін ішкі мотивациялық жүйеге байланысты. Бұл пікірталасты тереңдете түсетін ұстанымдардың бірі – психологиялық гедонизм. Бұл теорияға сәйкес, адамның барлық әрекеттері жеке рахатқа ұмтылу немесе азаптан қашуға бағытталған. Батсон мен Шоу зерттеулерінде көрсетілгендей, кез келген альтруистік әрекеттің түпкі мақсаты адамның өзінің ішкі күйін реттеуге бағытталады [5, б.112].

Мысалы, адам жолда қалған жүргізушіге көмектесу арқылы шынайы жанашырлық танытудан гөрі, кінәлі сезімнен арылғысы немесе өз әрекетіне қанағаттану сезімін бастан кешіргісі келуі мүмкін. Сондай-ақ, мұндай көмек

қоғам тарапынан оң баға алып, жеке тұлғаның өзін жағымды бейнелеуіне сеп болары сөзсіз. Осы арқылы эгоистік және альтруистік мотивациялар кейде бір-бірімен тығыз байланыста болып, адам әрекетінің күрделілігін көрсетеді.

Альтруизм мен эгоизмді адам табиғатының бір-біріне қарсы, толықтай дара формалары ретінде қарастыру бірқатар зерттеушілердің сынына ұшыраған.

Мысалы, Шарабани әрбір адамда альтруизм мен эгоизмнің элементтері қатар кездесетінін атап өтеді [6, б.120]. Кребс пен Ван Хестерен өз зерттеулерінде көп жағдайда көмектесу актілерінің артында екі түрлі – альтруистік және эгоистік – мотивтердің қатар әсер ететінін көрсетеді [7, б.153]. Бұл идеяны Батсон, Фулц, Шоэнрейд және Падуано да жалғастырып, көмектесу әрекетінің негізінде адамның ішкі (ұят, жан тыныштығы) және сыртқы мотивациялары қатар орын алуы мүмкін екенін алға тартады [86].

Осыған байланысты, зерттеушілер «таза альтруизм» немесе «таза эгоизм» ұғымдарына негізделген бинарлық оппозициядан бас тартып, адамның әрекеттерін бақылау арқылы оның астарындағы күрделі мотивациялық құрылымды түсінуге ұмтылуды ұсынады.

Раштон ішкі мотивация мен эмпатияны жеке және әлеуметтік нормаларға сәйкес орындалатын альтруистік әрекеттердің маңызды қозғаушы күші ретінде қарастырады [8, б.146]. Ал Батсон және авторластардың пікірінше, егер әрекет басқаға көмектесу ниетімен жасалса және жеке пайда көзделмесе, онда ол нағыз альтруистік іс болып саналады [87].

Қазіргі қоғамда тұлғаның әлеуметтік мінез-құлқы альтруизм мен эгоизм арасындағы күрделі тепе-теңдікке негізделеді. Бұл тепе-теңдік еріктілік феноменін түсіндіруде ерекше мәнге ие.

Жалпы, альтруизм мен эгоизмнің шекарасы нақты өмірде әрдайым айқын бола бермейді. Қазіргі зерттеулерде бұл ұғымдардың өзара кірігуі мен сабақтастығы жиі байқалады. Осы орайда «эгоальтруизм» түсінігі адамның өз «Менін» әлеуметтік қатынаста үйлестіруге деген табиғи ұмтылысын сипаттайды. Бұл ұғым индивидтің жеке мүдделері мен қоғам алдындағы моральдық жауапкершілігі арасындағы тепе-теңдікті іздеумен байланысты. Аталған тұжырымды Раштонның көзқарасы толықтыра түседі. Ол ішкі мотивация мен эмпатияны альтруистік әрекеттің басты қозғаушы күштері ретінде қарастырады. Мұндай әрекеттер көбінесе жеке тұлғаның құндылықтық бағдарларына ғана емес, сонымен қатар қоғамдық нормалар мен күтілімдерге де сай келеді. Бұл адамның бойындағы альтруизм мен әлеуметтік бейімделудің бірлігін көрсетеді.

Адам бойында альтруистік және эгоистік уәждер қатар кездеседі. Альтруистік әрекетті нақты бағалау үшін оның ниеті мен түпкі мақсатына назар аудару қажет. Мұндай әрекет кейде өзіндік жайсыздықтан арылуға бағытталса, кейде шынайы түрде өзгенің жағдайын жеңілдетуге негізделеді. Кейбір жағдайларда көмектесу барысында көмек беруші жақсы эмоциялық күй кешуі мүмкін, алайда бұл әрекеттің альтруистік сипатын жоққа шығармайды.

Еріктілік қозғалыстың тағы бір маңызды жағы бар - ол азаматтардың әлеуметтік белсенділігі мен азаматтық қоғам аясында өзін-өзі ұйымдастыру қабілетімен тікелей байланысты. Бұл құбылыс еріктілікті тек көмектесуге бағытталған моральдық әрекет ретінде ғана емес, сонымен бірге қоғам ішіндегі өздігінен реттелетін әлеуметтік бастама ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Өзін-өзі ұйымдастыру ұғымы постклассикалық ғылымда, әсіресе синергетикада, маңызды теориялық категория саналады. Герман Хакен табиғаттағы көптеген жүйелердің сыртқы басқарусыз, жоғарыдан берілген ережелерсіз өздігінен құрылатынын айтып, мұндай құбылыстарды «өзін-өзі ұйымдастыру» деп атайды [26, б.47]. Бұл көзқарасқа сүйенсек, табиғаттағы тәртіп пен құрылым орталықтан басқарусыз да пайда болуы мүмкін.

Илья Пригожин бұл идеяны әрі қарай дамытып, синергетикалық принциптерді әлеуметтік және мәдени процестерге қолдануды ұсынды. Оның ойынша, ғылым – бұл белгілі бір тарихи-мәдени жағдайда қалыптасатын феномен, ал адам – табиғаттың сыртындағы бақылаушы емес, оның бір бөлігі [27, б.50]. Сондықтан адам әрекеті, соның ішінде волонтерлік те, табиғи және әлеуметтік жүйелердің даму заңдылықтарымен өзара байланыста қарастырылуы тиіс. Еріктілік қызмет – бұл тек альтруизм немесе моральдық сезімнің көрінісі ғана емес, сонымен қатар қоғамның ішкі қажеттіліктерінен туындайтын, өзін-өзі ұйымдастыратын өміршең әлеуметтік әрекет.

Л.В. Болотова өз зерттеуінде еріктілікке терең концептуалдық түсініктеме береді. Оның пайымдауынша, еріктілік - бұл материалдық пайда алуды мақсат тұтпайтын, гуманистік құндылықтарға негізделген ерікті альтруистік қызметтің бір түрі ретінде көрініс табатын қайырымдылық әрекеттің белсенділікке бағытталған формасы. Мұндай қызмет субъектінің туыстық, көршілік, достық немесе өзге де жеке байланыстары жоқ адамдарға әлеуметтік қолдау көрсетуге ерікті түрде бағытталған еңбегімен сипатталады [25, б.8]. Айта кету керек, автор еріктілік қызметтің аксиологиялық мағынасын талдай отырып, оны адамдарға қайтарымсыз қызмет ету ретінде сипаттайды.

«Қайырымдылық жомарттықтың негізгі өзегі. Әрине, кейде қайырымдылық адамның өзін-өзі насихаттауы үшін жасалмақ, ол жомарттық емес. Қайырымдылықты жасаған адам емес, сол қайырымдылықтың игілігін көрген адам түсінуі керек. Сондықтан да жомарттық іс атқару – рухсыз адамның қолынан келмейді. Ізгілік іс рух биіктігін талап етпек» – деген отандық философ Ғарифолла Есімнің пайымы еріктілік қызметінің мәнін ашуда ерекше маңызға ие. Себебі еріктілік – материалдық пайда көздемей, қоғам игілігі үшін әрекет етуді, адамның ішкі рухани байлығын және ізгілікке адалдығын талап ететін іс. Шынайы ерікті болу – өзгеге көмектесуді жеке мақтан үшін емес, қоғамға және нақты мұқтаж жандарға пайда әкелу үшін жүзеге асыру деген сөз. Осы тұрғыдан алғанда, еріктілік адамның рухани кемелдігін және қоғамдық жауапкершілігін айқындайтын маңызды өлшемдердің бірі болып табылады [88].

Философ Т. Х. Ғабитов қайырымдылық ұғымын әділеттік категориясымен байланыстырады және оны ізгіліктер ішіндегі бастысы деп таниды. Оның пікірінше, әділеттілік адамдар арасындағы ізгіліктер мен зұлымдықтар ара-жігін айқындап, олардың әлеуметтік қарым-қатынастарын бағалау өлшеміне айналады. Бұл құндылық адам өмірінің мәнімен, оның өмір сүруінің тәсілдері мен шарттарымен тікелей байланысты [46, б.29].

Эммануэль Левинас адамның мәнін әлеуметтік қатынастар аясында қалыптасатын, риясыз көмекке бейім жан иесі ретінде сипаттайды. Оның пікірінше, тұлғалық сәйкестік - аналық, бауырлық, ерлі-зайыптылық, көршілік, достық және азаматтық сияқты әлеуметтік рөлдермен тығыз байланысты. Конттың көзқарасымен үндес тұста, Левинас та адамдар арасындағы өзара байланыстардан моральдық жауапкершілік сезімі туындайтынын атап өтеді - бұл «өзгелер үшін өмір сүру» қағидасы [14, б.75]. Левинас үшін адамгершіліктің шынайы көрінісі - өзгенің мұқтаждығына жауап беру. Басқаның қажеттілігіне деген сергектік пен оған бағытталған қамқорлық - адамды риясыз әрекетке жетелейтін басты фактор. Мұндай ниет тек эгоистік мүддеге негізделген әрекеттерден ерекшеленіп, адамды әлеуметтік болмыс иесі ретінде қалыптастырады. Басқаның дауысына жауап ретінде туындайтын риясыз көмектесу ерік-жігері – бұл альтруизмнің, өзіншілдіктен арылудың және қоғамдық игілікке ұмтылыстың өзара тығыз байланысты категориялары ретінде сипатталады.

Шопенгауэр өзінің «Мораль негіздері туралы трактатында» әділеттілік пен адамсүйгіштік сияқты басты адамгершілік қасиеттерге жеке параграфтар арнайды. Ол үшін жанашырлық – адамның моральдық әрекетін түсіндірудегі бастапқы этикалық феномен болып табылады. Шопенгауэр бұл құбылысты талдай отырып, бір адамның азабы екінші адамға екі түрлі деңгейде әсер етуі мүмкін екенін атап өтеді: бұл әсер пассивті немесе активті әрекетке түрткі болуы ықтимал. Пассивті жанашырлық - адам бойындағы эгоистік ниеттерге қарсы тұрып, өзгенің азап шегуіне жол бермеуге көмектесетін ішкі тежеу болса, ал активті жанашырлық - нақты көмек көрсетуге, белсенді іс-әрекетке жетелейтін түрткі ретінде көрінеді [89]. Шопенгауэр бұл екі моральдық қасиетті негізгі жақсылық деп есептейді және олардың екеуі де жанашырлық сезімінен туындайтынын айтады. Бұл жанашырлық - адам санасындағы объективті моральдық факт ретінде көрініс табады.

Осы моральдық феноменді философиялық тұрғыда тереңірек түсіндіруге тырысқан заманауи ең ықпалды моральдық теориялардың бірі - Кант этикасы мен утилитаризм. Екеуі де Ағартушылық дәуірінде қалыптасқан және моральдық борыш ұғымын орталық категория ретінде қарастырады. Алайда, бұл теориялар адамның моральдық міндеттері мен әрекет еркіндігін түсіндіруде бір-бірінен айтарлықтай ерекшеленеді. Олар этикалық міндеттің, артық моральдық әрекеттің және моральдық тұрғыда рұқсат етілетіннің шекараларын әртүрлі интерпретациялайды. Осылайша, Шопенгауэрдің жанашырлыққа негізделген моральдық көзқарасы мен қазіргі заманғы нормативтік этика

арасындағы байланысты талдау - альтруизм мен адамгершілік мінез-құлықтың философиялық негіздерін терең түсінуге мүмкіндік береді.

Утилитаризм (лат. *utilitas* – пайда, игілік, тиімділік) – «ең үлкен игілік ең көп адам үшін» қағидасына негізделген этикалық теория болып табылады. Утилитаризм көзқарасы бойынша, адам моральдық тұрғыдан алғанда игілікті барынша арттыруға міндетті, әрі бұл міндет бейтарап (яғни, тек өз мүддесін емес, барлық адамдардың игілігін ескере отырып) негізде қарастырылады. Осыған байланысты, моральдық жағынан жақсы әрекет бола тұра, ол міндетті емес деп айту – бұл теория аясында мағынасыз. Мысалы, Питер Сингердің пікірінше, егер кедейлерге көмек көрсету бізден моральдық тұрғыда тең маңызды бір нәрседен бас тартуды талап етпесе, онда біз оларға көмектесуге міндеттіміз. [15, б.228]. Кедейлерге көмек көрсету дәстүрлі түрде еріктілікпен байланыстырылса да, утилитаристік түсінікте бұл әрекет – моральдық тұрғыдан міндетті борыш ретінде қарастырылады. Яғни, біз көмектесуге «ерікті түрде» емес, адамгершілік талаптар негізінде «міндеттіміз». Алайда, көпшілік үшін еріктілік – бұл ішкі ниетпен, таңдау еркіндігімен жүзеге асатын қызмет. Осыған байланысты утилитаризм қаһармандық немесе ерекше жанқиярлық әрекеттерді тек ең төменгі моральдық талаптар деңгейіне дейін түсіреді. Бұл еріктіліктің мәнін – оның моральдық еркіндік пен адамгершілік таңдауға негізделген табиғи болмысын – елемеуге әкелуі мүмкін.

Кант утилитаризмге қарағанда бұл мәселені неғұрлым икемді түрде шешуді ұсынады. Ол адамгершілік міндеттемелерді екіге бөледі: кемел және кемел емес міндеттер. Бұл екі міндет түрі де оның атақты категориялық императивіне, яғни кез келген ақылды жан иесіне міндетті түрде қатысты универсалды моральдық қағидаға негізделеді.

Кемел міндеттер – әдетте негативті сипатта болып келеді және нақты әрекеттерді мүлтіксіз орындауды талап етеді (мысалы, өтірік айтпау немесе біреудің құқығын бұзбау). Ал кемел емес міндеттер – белгілі бір моральдық мақсаттарға бағытталады (мысалы, қайырымдылық жасау, басқаларға көмектесу) және оларды қалай жүзеге асыру керектігін таңдауда адамға еркіндік беріледі. Бұл еркіндік міндеттен бас тартуға рұқсат береді деген сөз емес, керісінше, міндеттің орындалу тәсілін нақтылауға мүмкіндік береді. Канттың өзі атап өткендей, бұл айырмашылық моральдық қағидалардан ауытқуға жол бермейді, тек нақты жағдайлар мен контекстке байланысты адамның әрекет формасын таңдауға мүмкіндік береді. Мысалы, достық – жалпы адамзатқа деген сүйіспеншіліктің нақты бір көрінісі ретінде қарастырылады. Демек, Канттың теориясы еріктілік қызметке қатысты моральдық таңдауды тек міндет деп шектемей, тұлғаның автономиясы мен еркін ниетін де назарда ұстайды [90].

Кант өзінің «Мораль метафизикасы» (*Die Metaphysik der Sitten*) еңбегінде кемел емес (яғни, ерікті) міндеттерді орындауды ерлік (*meritum*) деп сипаттайды. Бұл міндеттерді орындамау, егер адам олардан әдейі бас тартпаса, «кінә» (*demeritum*) болып саналмайды. Керісінше, ол моральдық кемшіліктің

немесе ізгіліктің жоқтығының көрінісі ретінде бағаланады [90, б.390]. Мұның өзі нақты бір іс-әрекетті орындамау кінәлау нысаны бола алмайтынын білдіреді, алайда басқа адамдарға көмектесуді мақсат ретінде мойындаудан бас тарту - моральдық кемшіліктің көрінісі. Осыған байланысты қайырымдылық принципіне негізделген әрекеттерден жүйелі түрде бас тарту адамгершілік тұрғысынан сынға ұшырауы мүмкін. Сонымен қатар, кейбір жағдайларда ізгілік актісі соншалықты маңызды болуы мүмкін (мысалы, суға батып жатқан баланы құтқару), мұндай әрекеттен бас тарту моральдің өзін жоққа шығарумен теңеседі. Мұндайда әрекетсіздік моральдық тұрғыда айыптауға лайық болады. Демек, кемел емес міндеттер саласына жататын кейбір әрекеттер де моральдық қажеттілік деңгейіне дейін көтерілуі мүмкін. Басқаша айтқанда, олар ең төменгі міндетті моральдық әрекеттер қатарына енеді.

Екі теориялық ұстанымда да ерікті қызметтің моральдық құндылығы мен оның ішкі ерік-ниеттен туындайтын еркін әрекет ретіндегі табиғаты арасындағы алшақтық айқын байқалады. Утилитаризмде әлемді жақсартуға ұмтылу адамның міндетіне айналып, еріктіліктің еркін сипатын жоғалтады. Ал Кант этикасында кемел емес міндеттерді жүзеге асырудың өзі белгілі бір дәрежеде адамнан талап етілетін әрекет ретінде бағаланады. Бұл жағдай еріктілік қызметтің негізінде жатқан ішкі бостандық идеясымен – «мен мұны өз қалауыммен істеймін» деген түсінікпен сәйкес келмейді.

Сонымен бірге еріктілікті түсіндірудің тағы бір теориялық интерпретациясы – патерналистік көзқарас. Патернализм (лат. *pater* – әке) адамның еркіндігін белгілі бір деңгейде шектеу арқылы оны қорғауға және қамқорлық көрсетуге негізделеді [91]. Бұл тұрғыдан еріктілік қоғамдағы әлсіз, мұқтаж немесе қорғансыз топтарға қолдау көрсету, оларға «әке қамқорлығы» үлгісінде жәрдемдесу ретінде сипатталады. Мұндай қатынас әлеуметтік әділетсіздікті жұмсартуға және әлсіздердің жағдайын жеңілдетуге ықпал еткенімен, бір мезгілде теңсіздікті бекітіп, көмек алушы тараптың дербестігін шектеуі мүмкін. Алайда патерналистік тұрғыдан еріктілікті түсіндірудің шектеулері де бар. Мұнда көмек көрсетуші мен көмек алушы арасындағы теңсіздік сақталып, еріктілік әрекет еркін ынтадан гөрі міндеттелген қамқорлықтың сипатына ие болады. Бұл жағдайда еріктіліктің басты ерекшелігі болып табылатын ішкі еркіндік пен өз қалауымен әрекет ету қағидасы әлсірейді. Дәл осы тұрғыда утилитаристік және канттық түсіндірмелермен қатар патерналистік тәсіл де еріктіліктің еркін, дербес шешімге негізделген құбылыс ретіндегі табиғатын толық қамтып бере алмайды. Сондықтан еріктілікті философиялық тұрғыда түсіндіруде бұл теориялардың әрқайсысы белгілі бір қырын ашқанымен, оларды кешенді түрде қарастыру қажеттілігі туындайды.

Шүбәсіз, зерттеуіміздің аксиологиялық мазмұнын айқындау тұрғысынан алғанда Л.В. Баеваның тұжырымдамасы, атап айтқанда, жеке және қоғамдық құндылықтар мен ұстанымдардың тепе-теңдігін сақтау идеясы, сондай-ақ құндылық факторы ерекше ғылыми қызығушылық тудырады. Ғалымның

пайымдауынша, «құндылықтық негіз болмыстың субъектке қатынасында да, субъекттің болмысқа қатынасында да тән». Біз Л.В. Баеваның «құндылық» категориясының мәндік сипаттамасына қатысты ұстанымымен келісеміз. Ол бұл ұғымды «субъектіден объективті шындыққа бағытталған эмоциялық, еріктік және зияткерлік сипаттағы уайымдар кешені ретінде» қарастырады. Бұл уайымдар белгілі бір мақсат пен мағынаға ие ұмтылыстар мен талаптардың жиынтығын құрайды. Сонымен қатар, субъектілерде жеке бастық деңгейде ұқсас уайымдар туындауы мүмкін, ал бұл жеке тәжірибелер үлкен әлеуметтік топтар үшін ортақ құндылықтардың құрамдас бөлігіне айналады. [28, с. 96]. Осыған байланысты, еріктілік қызметтің құндылықтары әмбебап сипатқа ие бола отырып, әрбір волонтердің жеке эмоциялық тәжірибесін, олардың субъективті бағасын, ішкі талдауын қамтиды және терең қоғамдық-мағыналық мазмұнмен толықтырылады.

Табиғат пен қоғамдағы эволюцияның маңызды факторы ретінде өзара көмек идеясы философ әрі публицист, анархизмнің ең ықпалды теоретиктерінің бірі П. А. Кропоткиннің еңбектерінде жан-жақты дамытылды. Қоғамға қатысты П. А. Кропоткин «қорғансыз алғашқы қауым адамы тек өзара көмек тәжірибесінің арқасында ғана өмір сүре алды. Орта ғасырларда өзара көмектесу ең жоғары деңгейде қауымдық өмір жағдайында - ауылдық та, қалалық та қауымдастықтарда айқын көрініс тапты». П. А. Кропоткин өзара көмек жөніндегі жалпы теориясын қорыта келе, мынадай тұжырымдар ұсынды: өзара көмек – бұл биологиялық және әлеуметтік заңдылық әрі эволюцияның негізгі қозғаушы факторы; ол тірі организмдер түрінің сақталуына жағдай жасайды, ал оның жоқтығы түрдің әлсіреуіне және жойылуына әкеледі; өзара көмек – қоғамның ілгерілеуінің басты кепілі; табиғат пен қоғамның дамуы үшін өзара көмектің рөлі өзара бәсекелестіктен де маңыздырақ [19, б.102].

П. А. Кропоткиннің өзара көмек теориясында айтылғандай, қоғамның дамуы мен өркендеуінде өзара қолдау көрсетудің маңызы айрықша. Бұл қағида заманауи еріктілік қозғалысының мәнімен тікелей үйлеседі. Қазіргі еріктілік тек әлеуметтік белсенділіктің түрі ғана емес, сонымен бірге адам болмысының терең құндылықтарын бейнелейтін аксиологиялық тұрғыдан маңызды құбылыс ретінде қарастырылады. Оның негізінде – өзге адамның игілігі үшін ешқандай мәжбүрлеусіз, сый-сияпат күтпестен, шынайы ниетпен әрекет етуге дайындық, яғни ізгі ниет жатыр. Дәл осы ізгі ниет еріктілік қызметтің басты құндылықтық негізі ретінде оған шынайы адамгершілік мән мен рухани тереңдік береді.

Бұл жайтқа қазақстандық философ, академик А. Нысанбаев ерекше назар аударады. Ол терроризм мен табиғатты жою сияқты жаһандық қатерлерге қарсы күресуде басты құрал ретінде қаруды емес, адамның моральдық күш-қуатын алға қояды. Ғалымның пайымдауынша: «Адамзат пен табиғатқа қарсы бағытталған терроризмді әскери күшпен жеңу мүмкін емес. Бізге мүлде басқа, еңсерілмейтін күш қажет – ол ізгі ниет, адамгершілік және руханилық» [45, б.13].

Ғалым өз ойын дамыта отырып, ізгілікті тек кейде көңіл жетегіне еріп жақсылық жасайтын адамнан емес, мұндай істері әдетке айналып, соған сай мінез-құлық пен келбет қалыптастырған тұлғадан іздеу керек екенін атап өтеді. Бұл тұжырым волонтерлік қызмет контексінде айрықша мәнге ие. Яғни, еріктілік бір реттік ізет-қайырымға саймайды, ол – ішкі құндылықтарды бойға сіңіру нәтижесінде қалыптасқан, тұрақты моральдық ұстаным. Сондықтан еріктілік – жеке де, қоғамдық та жауапкершілікті қалыптастыратын іргелі құндылық ретінде ізгі ниеттің нақты көрінісі. А. Нысанбаевтың идеялары тұрғысынан алғанда, Қазақстандағы еріктілік – қоғамның рухани негіздерін берік ететін, әлеуметтік бірлікті күшейтетін және заман сын-қатерлеріне лайықты жауап бола алатын, этикалық тұрғыдан негізделген тәжірибе.

Осы айтылғандардан, еріктілік қызметі әлеуметтік, экономикалық, мәдени және экологиялық мәселелерді шешуде ерекше тиімді құрал болып табылатынын байқауға болады. Оның ауқымды біріктіруші, гуманистік және тәрбиелік әлеуеті бар және ол қоғамның бейжай қарамайтын мүшелерін жаһандық деңгейде жұмылдыра отырып, ортақ мүдделерді іске асыруға мүмкіндік береді. Аксиологиялық тұрғыдан қарау еріктілік қызметінің құндылықтық табиғатын, оның гуманистік әлеуетке ие, қоғамды дамыту мен жаңғыртуға бағытталған қоғамдық қызмет түрі ретіндегі мәндік мазмұнын айқындауға жол ашады.

Дәл осы әлемдік философиялық ойдың сарқылмас қайнар көздерінен біз, еріктіліктің шын мәніндегі жалпы адамзаттық әмбебап феномені мазмұнының мәндік мағынасы мен философиясын тереңірек түсінуге мүмкіндік беретін негіздеме таба аламыз. Еріктілік философиясын терең ұғыну негізіндегі тұжырымдамалық даму бізге оны әрбір адам, әрбір халық, барлық мемлекеттер үшін теңдей құндылық болып табылатын, зерттеушілердің идеяларын тәжірибе жүзінде іске асыруға, өмірлік көрініс табуға мүмкіндік беретін іргелі феномен.

2 ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ ЕРІКТІЛІК ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ КЕҢІСТІКТІҢ СЕГМЕНТІ РЕТІНДЕ

2.1 Қазақ даласындағы түркілік кезеңіндегі құндылықтар жүйесіндегі еріктілік

Түркі халқына тән еріктілік дәстүрі тарихи дамудың әр кезеңінде қалыптасып, ұлттық-мәдени болмыстың ажырамас бөлігіне айналды. Бұл дәстүр өз мәнін сақтай отырып, көптеген тарихи дереккөздер мен жазба мұраларда көрініс тапқан және маңызды әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келеді. Түркілердің алғашқы мемлекеттік бірлестіктерінен бастап, қоғамдық өмір мен әлеуметтік құрылымның негізінде ерікті көмек пен жомарттыққа сүйенген қарым-қатынас түрлері орнығып, мәдени-адамгершілік құндылықтар ретінде дамып отырды. Алғашқы кезеңдерде көшпелі өмір салтын ұстанған түркі тайпаларының өмірі туралы мәліметтер, негізінен, олармен саяси және экономикалық қарым-қатынаста болған Қытай, Парсы, Византия сияқты мемлекеттердің жазбаларында кездеседі. Бұл жазбаларда түркілердің өзара көмектесу, қауымдастық ішінде қолдау көрсету сияқты еріктілікке негізделген дәстүрлері сипатталады. Уақыт өте келе түркі тайпаларының тайпаларының бір бөлігі отырықшылыққа көше бастады және басқа халықтармен мәдени байланыстарын нығайтты. Соның нәтижесінде түркілер өздері жайлы жазылған еңбектердің санын арттырып, рухани-мәдени өмірін жүйелеуге мүмкіндік алды [35, б.79].

Жалпы алғанда, түркілік еріктілік дәстүрінің тарихи дереккөздерде көрініс табуы VI ғасырдан бастап – XIII ғасырлар аралығын, яғни Ерте түркі қағанаттары дәуірінен Қараханидтер мен Қыпшақтар кезеңіне дейінгі уақытты қамтиды. Бұл кезең қазақ даласындағы түркілік мемлекеттілік және мәдениеттік қалыптасуы мен дамуында шешуші рөл атқарды. Әсіресе, Білге қаған, Күлтегін, Тоныкөк сияқты тарихи тұлғалар дәуірінде жазылған көне түркі бітіктастарында ел бірлігі, халыққа қызмет ету, әділдік, өзара көмек пен мейірімділік идеялары айқын көрініс тапқан. Қорқыт ата дәуірі мен соған тән мәдени ортада сақталған эпостар, аңыздар, хикаялар, мақал-мәтелдерде де еріктілік ұғымының іздері молынан байқалады. Қонақжайлық, әлсізді қорғау, қауым мүддесін жеке мүддеден жоғары қою, қиын сәтте көмектесу сияқты қағидалар сол дәуірдегі түркі қоғамының әлеуметтік байланыстарын реттеп қана қоймай, кейінгі қазақ халқының рухани болмысына да терең әсер етті.

Түркі мәдениетінің басты анықтаушы элементі – түркілік дәстүр тек мәдени өмірді ғана емес, сонымен қатар саяси қызметті де реттеуші рөл атқарды. Түркі дәстүрінің ең маңызды ұлы мұраты – «әлемдік билік» көптеген түркі мемлекеттерінің басты мақсаты болған. Саяси өмірге осыншама ықпал еткен түркі дәстүрі табиғи түрде мәдениеттің қалыптасуына да негіз болды. Түркілердің саяси, әлеуметтік, экономикалық, діни және басқа да салаларындағы негізгі қағидалар осы дәстүрге негізделген. Сонымен қатар,

түркі халқына тән қайырымдылық қасиеті де осы дәстүрден бастау алады деп айтуға болады.

Түркістан бұл – Еуразия құрлығындағы түркі халықтарының тарихи отаны, өркениет бесігі және мәдени-философиялық кеңістігі ретінде ерекше маңызға ие аймақ, түркілер әлемі. Түркі халықтарының рухани тамыры мен мемлекеттілік дәстүрі осы кеңістікте қалыптасты.

Орхон-Енисей мұралары - түркі халықтарының ең көне жазба ескерткіштері, Орхон мен Енисей өзендерінің бойында тасқа қашалып жазылған мәтіндер. Олар түркілердің тарихы, мәдениеті, саяси құрылымы, дүниетанымы және моральдық-этикалық құндылықтары туралы аса құнды дерек көзі болып саналады. Бұл ескерткіштерде ел мүддесін жеке бастың пайдасынан жоғары қою, қиын сәтте жұртқа тірек болу, әлсізді қорғау және әділдік орнату сияқты құндылықтар дәріптеледі. Мұндай мазмұн қазіргі еріктілер қызметінің басты қағидаларымен үндеседі. Зерттеуші ғалым М. Жолдасбеков: «Орхон жазбаларын кейбір зерттеушілер тарихи деректер жиынтығына жатқызса, енді біразы оларды тарихи ерлік жыры деп тануда. Қалай болғанда да, өте ерте кезеңде жасалған бұл ескерткіштердің түркі халықтарының тарихынан, мәдениеті мен әдебиетінен, ой-санасынан, әдет-ғұрпынан, дәстүрінен құнды мәлімет беретін баға жетпес мұра екендігі даусыз» – деп орынды атап көрсетеді [92]. Бұл баға, шын мәнінде, Орхон мұраларындағы елге қызмет ету, өзара көмек, халық мүддесі үшін жан аямай еңбек ету идеяларының тарихи және мәдени маңызын айқындайды. Ондағы ерлік пен қоғам игілігі жолындағы жанқиярлық қазіргі еріктілік қызметінің рухани тамыры ретінде қарастырылуы мүмкін.

Орхон-Енисей мұраларының негізгі үлгілері - Күлтегін, Білге қаған және Тоныкөк жазбаларында туған жерін, халқын қорғау, әл-ауқатын арттыру, татулықты сақтау жөніндегі ойлар кеңінен қамтылған. Мысалы, Күлтегін жырындағы:

«Жалаңаш халықты тонды,
Кедей халықты бай қылдым.
Аз халықты көп қылдым,
Тату елге жақсылық қылдым,
Төрт бұрыштағы халықты
Бәрін бейбіт қылдым,

Тату қылдым, бәрі маған бағынды» [93] деген жолдар – халыққа қызмет ету мен әлеуметтік жауапкершіліктің көрінісі. Бұл – өз заманының еріктілік миссиясына тең келетін, қоғамдық игілік үшін жасалған ерліктің, ізгіліктің, қайырымды істердің дәлелі.

Ал Тоныкөк болса өз халқының қайғысы мен қуанышын бөлісіп, бірлік пен татулыққа үндеген бейне. Қиындыққа тап болғандарға көмек көрсету, қоғамның тұрақтылығын сақтау, ортақ игілікке үлес қосу еді:

«Елтеріс қаған үшін,
Түрік Білге қаған үшін

Қапаған қаған үшін
Түнде ұйықтамадым,
Күндіз отырмадым.
Қызыл қанымды төктім.
Қара терімді төктім.
Күш- қуатымды аямадым»[93, б.36].

Тоныкөк есімі түркітанушылар арасында түрлі лингвистикалық және халықтық нұсқалар бойынша түсіндіріліп келеді. Француз зерттеушісі Клод Жиро зерттеуінде бұл есімнің мағынасын «майланған киімді адам» деп талдайды. Ғалымның пікірінше, «ton» сөзі - «киім, тон» деген мағына береді, ал «-i» - үшінші жақ тәуелдік жалғауы. «Yuk-» етістігі көне түркі тілінде «ластау, майлау» деген мағынада қолданылған. Ал «-uk» - есім тудыратын жұрнақ. Яғни, toni yukuk тіркесі «киімі майланған» деген ұғымды білдіреді [94]. Уақыт өте келе бұл форма дыбыстық ықшамдалуға ұшырап, tonyukuk, одан кейін Тоңукук түрінде қалыптасқан деген болжам айтылады.

Жиро бұл процесті қазіргі түрік тіліндегі «Abasıyanık⁶» есімімен салыстырады. Мұндай есімдер адам тұлғасына, мінезіне немесе сыртқы ерекшелігіне байланысты қойылған деп есептеледі. Дегенмен бұл көзқарастың өзі - ғылыми тұрғыдан негізделгенімен, халық этимологиясына жататыны да атап өтіледі. Ал халық аңызында Тоныкөк қайырымдылығы мен жомарттығымен танылған тұлға ретінде сипатталады. Аңыз бойынша, ол халыққа мал сойып, азық таратқанда, риза болған жұрт оның етегіне майлы қолдарын тигізіп, алғыстарын білдірген. Осы оқиғадан кейін ол «майға былғанған тоны бар адам» ретінде танылып, «Тоныкөк» атанған екен. Бұл - Тоныкөктің халық санасындағы тұлғалық бейнесін сипаттайтын әдемі әрі мағыналы түсіндіру [95].

Түркі қағанатының көрнекті билеушісі - Білге қаған (VIII ғ.) Қытай және түркі дереккөздерінде ерекше кең жүректі, дана билеуші ретінде бейнеленеді. Орхон-Енисей жазбаларындағы Білге қағанның «Түргеш қағаны және оның халқы бізден еді. Олар білмегендіктен және бізге қарсы қателік жасағандықтан, қаған өлді. Оның әскербасылары мен бектері де қаза тапты. Он-оқ халқы ауыр қайғыға батты», – деген сөзі жазылған [96]. Бұл оның жауларына да түсіністікпен қарап, олардың тағдырына бейжай қарамағанын көрсетеді. Білге қаған өз заманының саяси жағдайын сипаттап, бірлік сақталмағанда халықтың қандай ауыр жағдайға душар болатынын ескерткен.

С. Е. Малов Білге қағанды «елді әскери күшпен ғана емес, ақыл-парасатпен басқарған, халыққа қамқор қаған» деп бағалай отырып, оның биліктегі даналығын ерекше атап көрсетеді [97]. Ал С. Г. Кляшторный мен В. А. Лившиц еңбектерінде Білге қағанның сыртқы саясаттағы негізгі ұстанымы -

⁶ Лексикалық тұрғыда бұл сөз екі бөліктен тұрады: “aba” - түрік тілінде киізден тігілген сырт киім немесе ақсақал, үлкен аға мағынасында қолданылады, ал “sıyanık” (сыйынған, сүйенген) - құрмет білдіруді, сеніп жүгінуді аңғартады. “Abasıyanık” атауы шамамен «ағаға (ақсақалға) сыйынған», «ақсақалды құрметтеген» дегенді білдіреді. Бұл фамилия түркілік мәдениеттегі үлкенге құрмет пен дәстүрлі әлеуметтік иерархияны бейнелейтін атаулардың бірі болып саналады.

қағанаттың тәуелсіздігін сақтай отырып, көрші мемлекеттермен тең дәрежеде қарым-қатынас орнату болғаны айтылады [98]. Осы екі дерек те Білге қағанның саяси қайраткерлік қырын, халық мүддесін қорғаудағы табандылығын және мемлекеттің тұрақтылығын қамтамасыз ету жолындағы көрегендігін айқын көрсетеді. Яғни, түркі жазба ескерткіштерінде көрініс тапқан ерлік пен елге қызмет ету идеялары еріктілік мәдениетінің тарихи-идеялық негізін құрайды. Бұл мұраларда қоғамдық мүддені жеке бастың пайдасынан жоғары қою, өзара көмек пен қолдауды ұйымдастыру, әлеуметтік әділеттілік пен бірлікті сақтау сияқты қағидалар айқын байқалады. Түркілік дәуірден бастау алатын бұл идеялар әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету, қоғам мүшелерінің өзара жауапкершілігін арттыру, азаматтық ынтымақтастықты күшейту және қоғамдық игілікке бағытталған қызметтің мәдени үлгісін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Түркі дәуірінің ерекше рәміздерінің бірі – көк бөрі бейнесі. Түркі аңыздары мен мифологиялық дастандарына сүйенсек, түркі халқының шығу тегі мен рухани түп-тамыры Ашина қасқырдың бейнесімен тығыз байланысты. Бұл бейне түркілердің ұлы бабасы әрі қорғаушысы ретінде қабылданған. Көк бөрі – түркі тайпалары үшін тотемдік аң ретінде аса маңызды рөл атқарған. Ол ерлік пен батырлықтың, еркіндік пен тәуелсіздіктің символы саналды. Ұлы Түркі қағанатының құрамына енген 30-дан астам тайпаның барлығы дерлік бөріні өз тайпалық бірлігінің, рухани қорғанының белгісі ретінде құрметтеген. Бұл жағдай тотемизмнің түркі қоғамындағы маңызды мәдени-діни ұстаным болғанын көрсетеді [99]. Көк бөрі образы түркілердің тарихи жадында жетекші рухани символ ретінде сақталып, оның бейнесі жырларда, тастарда, жалау мен таңбаларда көрініс тапты. Осы арқылы түркілердің табиғатпен үйлесімді өмір сүріп, рухани-мифологиялық дүниетанымға сүйенгенін аңғаруға болады. Сонымен бірге, көк бөрі - ұжымдық жауапкершілік пен қорғаудың рәмізі. Түркілер қасқырды тек жауынгерлік рухтың емес, бірліктің, өзара көмек пен қамқорлықтың көрінісі ретінде де қарастырған. Бұл ерекшеліктер қасқыр бейнесін еріктілік философиясымен байланыстырып, оның түркі мәдениетіндегі әлеуметтік жауапкершілік идеясымен үндесетінін көрсетеді [100].

Көк түріктер дәуірінде ауыз әдебиетінің бірқатар ғажайып үлгілері өмірге келді. Олар: «Көк бөрі» («Бозқұрт») және «Ергенекон» дастандары. Бізге бұл екі дастанның да мазмұндық желісі ғана жеткен. «Ергенекон» дастанындағы кейбір тарихи оқиғалар туралы белгілі тарихшы-шежіреші Әбілғазы Баһадүр хан (1603-1664) өзінің «Түріктер шежіресі» атты еңбегінде жазғаны мәлім. «Көк бөрі» дастаны - ұлы Түрік қағанаты құрған көк түріктердің ежелгі ататегінің шығу тарихын, олардың халық ретінде қалыптасқанын түрлі аңыздар негізінде жыр еткен эпос. Жалпы түркі халықтарының «көк бөрі» хикаялары – мифологиялық наным-сенімнің жарқын бейнесі, әрі ұрпақтан-ұрпаққа ұлттық сенімінің құрушы күші. «Көк бөрі» дастанында ғұндардың «Ашина» деп аталатын «бес жүз шаңырақ руы» туралы, түркі тайпалары осы Ашина тайпасынан тарағаны хақында, алғашқы Түрік мемлекетін басқарған көсемнің

есімі де Ашина болғаны жайында хикая айтылады [101]. Ашина сөзі «асыл текті қасқыр», «бөрі» деген мағыналарды береді. Ал, ежелгі түріктер өздерін көк бөріден шыққанбыз деп түсінген. «Түрік байрақтарына бөрінің басы алтынмен әшекейленіп салынған» [102].

«Көк бөрі» және «Ергенекон» дастандары – түркілік дүниетанымның терең мәнін ашатын, еріктілік дәстүрінің философиялық негіздерін айқын бейнелейтін рухани мұралар. «Көк бөріде» киелі арғы тектің бейнесі ретінде бөрі жетім ұрпақты қамқорлығына алып, оған өмір сыйлайды. Бұл әрекет – табиғи жанашырлықтан, ішкі адамгершілік қажеттіліктен туындайтын, ешқандай міндет не сыртқы қысымсыз жасалатын шынайы еріктіліктің көрінісі. Ал «Ергенекон» аңызында темір қақпаны балқытып, таудан шығу үшін қауым мүшелерінің бірлесіп әрекет етуі – ортақ мақсат жолында өз еңбегін, уақытын және күшін риясыз арнаудың үлгісі. Мұнда еріктілік жеке бастың мүддесін емес, бүкіл қауымның азаттығы мен амандығын көздейтін жоғары моральдық ұстаным ретінде көрінеді. Осы екі дастандағы идеялар Орхон-Енисей жазбаларындағы ел бірлігі, өзара көмек, жомарттық және халыққа қызмет ету қағидаларымен сабақтасып, түркілік рухани мәдениетте еріктілік – ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан өмір салты, адам болмысының ажырамас бөлігі екенін айқындайды.

Қасқыр туралы түркілерден қалған ата сөздерге, аңыздар мен дастандарға, әдеби эпостарға, мақал-мәтелдерге, наным-сенімдерге сүйеніп, қасқырды ұлттық символ ретінде қарастырғанын көреміз. Түркілер ежелден оның күші мен шыдамдылығына, өжеттігі мен жауынгерлігіне, отбасына деген қамқорлығы мен адалдығына сенім артты. Бөрі символикасының астары өте тереңде жатыр. Бөрі түркі халықтарының дүниетанымында төмендегідей кейіпкер ретінде сипатталады:

- Түркі халықтарының тарихи бастауы – көк бөрі;
- Аңыз-дастандардағы көк бөрі әлсіздерге әрқашан көмектесетін – пір, тотемдік қорғаушы;
- Сәбилерді асырап өсіретін қамқоршы, ұлысы үшін жанын қияр жанкешті рух (Асена, Ергенекүн қасқыр туралы мифтік аңыздар);
- Ұлысына, отарына адал жыртқыш.

Филолог Сарбасов Б.С. және басқалары ұжымдық мақаласында «Бөрі символикасының астарында ата-бабаларымыздың дүние, әлем, жаратылыс туралы танымымен қатар ерлік пен қайсарлық, ымыра-бірлік пен адалдық жөніндегі моральдық қағидалары, ұстанымдары да бой көрсетеді», - деп сипаттай келе, қазақ фольклорындағы бөрі бейнесіне мынадай анықтама береді: «Бөрі – халықтың діни наным-сенімін, дүниетанымын танытатын, тотемдік тұлғада берілетін жан-жақты сомдалған күрделі бейне» [103].

Көк бөрінің жануарлар әлеміндегі қасиеттері – көшбасшының өз мүддесінен бұрын отбасының амандығын ойлауы, ұрғашы мен бөлтіріктерді қорғауы, қауіпті жағдайда өмірін құрбан етуге дайын болуы, қиындықта өзгелерді тастамауы – түркілік дүниетанымда жоғары моральдық өлшемдер

ретінде қабылданған. Бұл мінез-құлық үлгілері философиялық тұрғыдан алғанда, альтруизм, өзара көмек, жауапкершілік және қауымдық бірлік қағидаларының табиғи көрінісі болып табылады. Көк бөрі бейнесінде жеке бастың мүддесін ортақ игілікпен ұштастыру, қауым мүшелерінің қауіпсіздігі үшін жанкештілік таныту, көшбасшылықты парасаттылық пен әділдікке негіздеу идеялары жатыр. Мұндай қасиеттер еріктілікпен тікелей сабақтас: ерікті қызмет те дәл осы сияқты – сыртқы мәжбүрлеусіз, ішкі ниетпен, өзгеге пайда тигізу үшін әрекет ету; қауымның амандығын жеке мүддеден жоғары қою; қажет кезде өз ресурсыңды, күшінді және уақытыңды ортақ мақсатқа арнау. Осы негізде, көк бөрі символикасы түркі мәдениетінде еріктіліктің ежелгі, табиғи-биологиялық негіздерін бейнелейтін рухани архетипке айналған [104].

Қазақ әдебиетінде де көк бөрі образы ұлттың азаттығы мен рухани жаңғыруының символы ретінде қайта жаңғырып, еркіндікке ұмтылу мен қоғамдық жауапкершілікті бейнелейтін көркемдік құралға айналды. Бұл туралы Ақын Сүйінбай Аронұлының мына бөрілер ұраны түркілердің қасқырмен байланысының бір айғағы іспеттес:

«Бөрі басы – ұраным,
Бөрілі менің байрағым.
Бөрілі байрақ көтерсе,
Қозып кетер қайдағым! [105]»

Қазақ ақыны Дәлейұлы Ұ.Б. «Қанымдағы қасқыр иісі» өлеңінде асыл, қасиетті ақ қасқырдың ұрпағымын деп қасқыр тақырыбына мына жырын арнайды:

«Қанымдағы қасқыр иісі
Қаздар асқан таудан-дүр,
Қан жосылтқан жаудан-дүр.
Сағыныштар өртеген,
Сазға басам бауырымды ертемен.
Рухымды жеті көктен таппас бұл,
Берген маған, ана-қасқыр,
Ақ қасқыр! [106]»

Ақын Серік Ақсұңқарұлының тырнақалды «Абыл-нама» поэмасында көктүркілердің бөріден тараған ұлы ұлыс ретінде әдемі суреттеуін шумағынан көруге болады:

«Көк Бөрі Түрікпенен егіз еді,
Көз жасы ішіндегі теңіз еді.
Шырылдап жатқан шерлі шарананы,
Еміреніп Құртқа келіп емізеді!
Баланың арқасында шалық көп-ті,
Көзінен қанды жасы тамып кетті!
Салып ап Қасқыр да оны арқасына,
Алтайдың қиясына алып кетті... [107]».

Түркі мемлекеттерінде билеушілердің бойында болуы тиіс қасиеттердің бірі – мейірімділік еді. Ортағасырлық араб мұсылман географы, әрі ойшыл Идриси Нәнжан қаласы туралы былай деп жазады: «Бұл қалаға түріктер билік жүргізеді. Олар халыққа мейірімділікпен қарайтындықтан, билік ешкімнің қолына өтпейді» [108]. Бұл түркі билеушілерінің жоғарыда айтылған қасиетке ие екенін нақтылайды. Шын мәнінде, билеушілердің өз халқына мейірімді болуы «мемлекеттің әкелік сипаты» ұғымынан туындаған.

Түркі халықтарының көне эпостары мен жырлары – олардың қоғамдық құрылымы, моральдық құндылықтары және дүниетанымдық негіздері жөніндегі бірегей дереккөздер болып табылады. Солардың бірі – «Оғыз қаған жыры» – түркілік саяси-әлеуметтік идеалдар мен этикалық ұстанымдарды бейнелейтін аса маңызды әдеби ескерткіш. Бұл жырда Оғыз қағанның жеке тұлғалық қасиеттері мен оның мемлекет басқарудағы ұстанымдары жан-жақты суреттеледі. Әсіресе, оның мейірімділік, әділдік және әлеуметтік жауапкершілікке негізделген билік жүргізу дәстүрі айқын көрініс табады.

Мәтінде Оғыз қаған «ерекше мейірімді жан» ретінде сипатталып, айналасындағылар тарапынан «Оғыз Аға» деген құрметті атауға ие болғаны атап өтіледі. Бұл атау оның жеке қасиеттері мен халыққа көрсеткен шынайы қамқорлығының нәтижесі екендігі келесі өсиеттер арқылы дәлелденеді. Онда патшаның көмекшісі мен уәзірі тек байлыққа ғана емес, дінге де жанашырлық танытып, халыққа зұлымдық жасамай, қызметін адал атқаруы, қарттарды құрметтеп, жетімдерді қамқорлыққа алуы, бай мен кедей арасында әділ теңгерім орнатуы қажеттігі айтылады. Сонымен қатар, патшалардың әлсіздер мен қорғансыздарға қысым көрсетпеуі және олардың құқықтарын қорғауы міндет ретінде қойылады. Бұл өсиеттер Оғыз қағанның шексіз мейірімділігі мен ізгілікке негізделген билік жүргізу философиясын айқындап, оны түркілік саяси-этикалық дәстүрдің жарқын үлгісіне айналдырады [55, б.127].

VIII–IX ғасырларда өмір сүрген ұлы ойшыл, жырау, күйші және қоғам қайраткері – Қорқыт ата түркі халықтарының тарихи жадында терең із қалдырған. Ол тек өнер иесі ғана емес, елдің бірлігі мен рухани тұтастығын насихаттаған, халықтың әлеуметтік және моральдық құндылықтарын дәріптеген тұлға ретінде белгілі. Оның есімімен байланысты «Қорқыт ата кітабы» – оғыз тайпаларының өмірі, салт-дәстүрі, дүниетанымы мен қоғамдық қатынастарын бейнелейтін, түркі өркениетінің асыл мұраларының бірі саналады. Қорқыт есімімен байланысты «Қорқыт ата кітабы» – оғыз тайпаларының өмірі, салт-дәстүрі, дүниетанымы мен қоғамдық қатынастарын бейнелейтін, түркі өркениетінің асыл мұраларының бірі. Бұл еңбекте батырлық, әділдік, жомарттық, қонақжайлық және мейірімділік сияқты қасиеттер жоғары бағаланып, халықтың бірлігі мен ынтымағын нығайтуға бағытталған идеялар көркем тілмен өрнектеледі [57, б.39]. Қорқыт ата жырларында халықтың тұрмыс-тіршілігі, отбасылық және қоғамдық қатынастары, билеушілер мен батырлардың бейнелері шынайы әрі идеалданған түрде беріледі. Әсіресе, Қазан бек сынды билеушілердің халқы үшін жанашырлығы мен қамқорлығы,

батырлардың сүйікті жандарына деген мейірімі, қонақжайлық дәстүрінің ұлы құндылық ретінде суреттелуі – түркілік этикалық идеалдардың жарқын көрінісі. Осы тұрғыдан алғанда, «Қорқыт ата кітабы» тек әдеби ескерткіш қана емес, түркі халықтарының әлеуметтік-мәдени болмысын танытатын, ұрпаққа өнеге болатын рухани коды десек болады.

Жыршының асқақ рухы қазақ халқының аңыздары мен ертегілерінде, мақал-мәтелдерінде өз ізін қалдырды. Негізгі өзегі - адам мәселесі болып табылатын Қорқыттың этикалық көзқарастары мен дүниетанымы өмір мен өлім, жарық пен түнек, ізгілік пен зұлымдықтың мәңгілік күресі жайлы терең философиялық толғаныстармен өрнектелген. Бұл ойлар қазақ этносының рухани құрылымына еніп, ұлттық философияның іргелі тақырыптарының біріне айналды. М.С. Орынбеков өз еңбегінде бұл құбылысты дәл сипаттай келе: «Қорқыттың рухани мұраларында табиғатқа жақындық, өмірге құштарлық және өмірді сүю сезімі айқын көрініс табады» деп атап өтеді. Осы тұрғыдан алғанда, Қорқыт тұлғасы қазақтың рухани болмысының символдық көрінісін бейнелеп, мәңгілік өмір мен адамдық ізгіліктің идеяларын паш етеді [51, б.117].

«Адам – адамға қасқыр» дейтін еуропалық көзқарасқа қарсы, түркі халқы «Адам – адамға пана» қағидатымен өмір сүріп келген. Түркілер өзінің болмысын өзгелердің болмысымен байланыстырған, олардың бақыты мен қуанышын өз бақыты деп білген. Дастарқанындағы нанын өзгемен бөлісіп, содан ғана шынайы тыныштық пен рухани қанағат табатын түркі жұрты қонақжайлықты ұлттық мінездің ажырамас белгісі ретінде қалыптастырған. «Сүйіспеншілік, құрмет, адалдық, сенім мен шындық қағидаттары негізінде құрылған қоғам мықты әрі тұрақты болады. Мұның негізінде адамды сүю жатады» [36, б.69]. Түркі мәдениетінде адамға деген сүйіспеншілік пен оған көрсетілетін құрмет ерекше орын алады, ал бұл сезім табиғи түрде қонақжайлыққа ұласады. Түркілердің бейтаныс адамдарға да қарсы ақы күтпей мейіріммен қарауы – қонақжайлық дәстүрінің берік орнығуына негіз болды. Осы сүйіспеншіліктен туған қамқорлық, әділет, бөлісу және альтруизм түрлі дін, тіл және этностардың ұзақ уақыт бейбіт өмір сүруіне ықпал етті. Жаратушыны сүйгендіктен адамды сүю, әр нәрсеге мейіріммен қарау – түркі дәстүрінде қонақжайлықтың табиғи мінез-құлық ретінде қалыптасуына алып келді.

Түркілік дәуірде қазақтардың дәстүрлі мәдени дүниетанымы қалыптасқан. Сол себепті халық руханиятының семантикалық өзегі мен онтологиялық тірегі ретінде «құт» ұғымы алынады. Қазақ болмысында бұл ұғым өмірдің барлық саласымен байланысқан: әлеуметтік не рухани құбылыстың мәні мен құндылығы адам немесе қоғам үшін құтты, қайырлы болмаса, оның мағынасы жойылады. Осы тұрғыдан «құт» - қазақ дүниетанымының аксиологиялық өзегі. Қазақ философиясының ерекшелігін тану, оған тән сипаттамаларды айқындау халықтың рухани байлығын терең түсінуге мүмкіндік береді. Сондықтан «құт» ұғымын өмірлік күш, өркендеу

бастауы, өмір нәрі, бақыт, игілік, үлес, тағдыр ұғымдарымен байланыстыру орынды. Бұл ұғым онтология, антропология және әлеуметтік философияны біріктіретін рухани іргетас болып табылады.

Қазақ менталитетінде материалдық байлыққа құнығу дәріптелмеген. Керісінше, исламдық дүниетанымнан енген «қанағат», «сабыр», «тәубе» ұғымдары үйлесімді сіңісіп, өмірдің өлшемі мен үйлесімін сақтауға бағытталған. «Қанағат қарын тойғызар» деген түсінік халықтың диалектикалық және экзистенциалдық ойлау жүйесінің бар екенін дәлелдейді [54, б.31].

Қонақжайлық – халық санасында көне заманнан бері әлеуметтік міндет, қоғамдағы бірлікті нығайтатын ізгі дәстүр ретінде танылды. Әке көрген ұлдың қонақ күтуді үйренуі, отбасы тәрбиесінде осы әдеттің үлгімен берілуі маңызды деп саналған. Қорқыт ата кітабында «Әке көрмеген бала қонаққа ас тартпайды» деген нақылдың айтылуы да осыған дәлел [109].

Түрік халқы үшін қонақ күту – орындалуға тиіс адами борыш болып есептелген. Бұл міндетті атқарған үйде бақыт пен береке қонады деп сенілген. Қонақ қабылдайтын шаңырақ қадірлі саналып, ал қонақсыз үйлер – қадірсіз деп бағаланған.

Ежелгі түркі дәстүрінде қонаққа берілетін ас оның әлеуметтік мәртебесіне сай болуы шарт деп есептелген. Егер қонаққа лайықсыз деңгейде (мысалы, тоқты орнына лақ) сый көрсетілсе, ол үйден ренжіп кетуі мүмкін. Мұндай жағдайда қонақ өз құқығы ретінде үйден бір зат алып кетуге де хақылы болған. Солтүстік якут түріктерінде қонақтың үй иесінен тамақ пен қону орнын талап ету құқығы болған. Сондықтан якуттар сапарға шыққанда өздерімен азық-түлік ала жүрмеген [110]. Қонақты дұрыс күтіп алмау немесе жеткілікті дәрежеде сыйламау - ұят саналатын әрекет. Қонағын қашырған, қонағын түнеткеннен кейін қарғыс алған адам ұзақ уақыт бойы қоғам алдында абыройынан айрылатын. Қонақ көңілі толмай үйден кетсе, бұл үй иесі үшін үлкен масқара еді. «Қонақты жақсы қарсы ал, даңқың елге жайылсын» [111] деген қанатты сөз - тек ақыл-өсиет емес, бүкіл қоғамды қамтитын құқықтық-әдеттік норма болатын.

Бұқаш хан - «Қорқыт ата кітабындағы» басты кейіпкерлердің бірі, Оғыз елінің бектерінен шыққан жас батыр. Оның есімі әсіресе «Дерсе хан ұлы Бұқаш хан» жырында айтылады. Бұл эпоста Бұқаш хан жас кезінде аңшылық кезінде жараланып, өлім қаупіне ұшырайды. Әкесінің оны жазым етуге бұйрық бергенін естіген жас батыр әкесімен араздасып, кейінірек ерлік көрсетіп, елін қорғап, әкесінің кешіріміне ие болады. Жырда Бұқаш ханның бейнесі - ержүрек, намысшыл, батырлыққа, әділеттілікке және отбасылық бірлікке адал кейіпкер ретінде суреттеледі [109, б.46].

Қонақжайлылық дәстүрі «Дерсе хан ұлы Бұқаш хан» жырында да бейнеленген. Онда Баяндұр ханның жыл сайын өткізетін үлкен жиындарының бірінде ұлдары барлар - ақ отауға, қыздары барлар - қызыл отауға, ал ұлы да, қызы да жоқтар - қара отауға орналастырылатыны айтылады. Өзінің қара отауға отырғызылып, астына қара киіз төселіп, алдына қара қойдың қуырдағы

қойылғанына қынжылған Дерсе хан ашуланып, мұндай қорлыққа не себеп болғанын ойлайды. «Баяндұр хан менің қандай кемшілігімді көрді? Қылышымнан ба, дастарханымнан ба?» – деп налиды [112]. Ол өзін құрметтемеудің, қара отауға отырғызудың себебін - қонақтарының көңілін таппауынан көреді.

Дерсе ханның көпшілік алдында бұлай масқара болуы - оның психоәлеуметтік мәртебесіне ауыр соққы еді. Әсіресе, мұндай қорлық оғыз бегі сияқты беделді тұлғаға жасалса, ол мүлдем қабылданбайтын. Сондықтан арнамысы тапталған Дерсе хан бұл жағдайдың себебін анықтамайынша, тыныштық таба алмайды. Зерттеушілер атап өткендей, бұл жырда «баласыздық салдарынан қорлану мотиві» айқын көрінеді [113]. Дерсе ханның қара отауға отырғызылуының себебі - баласыздығы екенін түсінген ол әйеліне барады. Әйелі оған бірқатар өсиет сөздер айтады: «Аш адам көрсең, тойдыр; жалаңаш көрсең, киіндір; қарызгөрді қарызынан құтқар; тау-тау ет үй, көлдей қымыз сауғыз; үлкен той жаса, тілек тіле, бәлкім аузы дуалы адамның батасымен Алла бізге ізгі ұл береді» [109, б.25]. Әйелінің кеңесін ұстанып, осы ізгі істердің бәрін орындағаннан кейін Дерсе хан шын мәнінде ізгілікті балаға ие болады.

Түрік зерттеушісі Шахиннің [112, б.297] пікірінше, Дерсе ханның бала сүюі үшін орындалуы тиіс шарттар - аштарды тойдыру, мұқтаждарға жәрдем беру секілді әрекеттер - ізгіліктің маңызды көрсеткіші болып табылады. Сол ізгіліктің бірі - аузы дуалы адамдарды қонақ етіп, көңілін табу. Бұл жағдайдан шығатын қорытынды: егер адам жақсылықпен сый-сияпат жасаса, қонағын құрметтесе, өмірде көптен күткен арман-тілектеріне қол жеткізуі мүмкін.

Аллаға тілек тілеу мен қонақ күту – түркілердің ең көне дәстүрлерінің бірі. Аштарды тамақтандыру, жалаңашты киіндіру сияқты ізгі істер бұл сенімнің маңызды көрінісі саналады. Мәселен, «Қорқыт ата кітабындағы» ең әсерлі және философиялық терең мазмұнға ие кейіпкерлердің бірі Дели Думрулдың Аллаға жасаған жалбарынуында да осы ұстаным айқын байқалады [112, б.299]: «Әрдайым бар Жаббар Ием, жол бойына ғимарат салайын – Сен үшін! Аш көрсем, тойдырайын – Сен үшін! Жалаңаш көрсем, киіндірейін – Сен үшін!». Құдайға қарсы келмеу, кемшіліктері үшін кешірім сұрау, күнәлардан арылу, ұмытылған құндылықтарды қайта еске алу және лайықты құл болу – адамның ішкі жан дүниесіне күш беріп, психологиялық тұрғыдан бекем етеді. Мұндай сенімі берік адам қиындық алдында оңай берілмейді.

Дастандардан көрінгендей, қонақ күту қоғамдағы белгілі бір әлеуметтік мәртебеге жетудің басты шарттарының бірі болған. Әсіресе, Баяндұр ханның мәжілісінде болу үшін адамның бойында белгілі қасиеттер болуы қажет еді: халыққа төнген үлкен қатерді жою, жауды жеңу, аш-жалаңашты қонақ ету, жетім-жесірді қорғау. Батырлық бейнесін қалыптастыратын осы әлеуметтік міндеттердің қатарында халықтың әл-ауқатын ойлау, ел бірлігін нығайту және, әрине, қонақты лайықты күту де бар. Кей өңірлерде айтылатын «Даңқ үшін өткір қылыш пен мол дастархан керек» деген сөз осыны растайды. Яғни қоғамда беделге ие болу үшін адам әрі күшімен (қылыш), әрі жүрек жылуымен

(сый-құрмет) әрекет етуге тиіс. Мұнда қоғамның адамды батырлыққа жетелейтіні айқын сезіледі. «Қорқыт ата кітабының» түркі мәдениет тарихындағы ең бағалы қырларының бірі – батыр бейнесінің қалай қалыптасатынын суреттейтін көріністері. Әр өркениет өз болашағын қамтамасыз ететін адам үлгісін арнайы тәрбиелейді және ол үшін түрлі институттар құрады. Көшпелі қоғамда бұл міндет әдет-ғұрып пен салт-дәстүр арқылы жүзеге асқан [114].

Түркі мәдениетінде кейбір дастархандарға қонақ ретінде шақырылу – үлкен мәртебе болып саналған. Мұндай жиындар достықты нығайтудың, сондай-ақ билік пен беделді көрсетудің маңызды алаңы еді. Бұл мәжілістерге қатысу – шақырылған адамға берілген құрметтің белгісі. Осындай дәстүрлердің бірі – «жаңмалау» (мүлікті бөлісу) дәстүрі. Егер белгілі бір рулар мен бектер мұндай дастарқанға шақырылмаса, бұл кейде наразылық пен бүліктің себебіне айналған.

Мысалы, «Ішкі Оғыздың Сыртқы Оғызға қарсы шығып, Бейректің өлгені» атты дастанда бұл дәстүрдің іздері анық көрінеді. Түркі фольклорында бұл дәстүр «потлач» деп аталып, иран мәдениетінде де «хан-и яңма» атауымен белгілі. Бұл дәстүр бойынша, тайпа басшысы өз қауымына мол әрі ысырапты ас береді де, мүлкін түгелдей қонақтарына таратып береді [115].

Аталған жырда Ішкі Оғыздың бегі Қазан, Ішкі және Сыртқы Оғыз бірге жиналғанда үйін «жаңмалауға» беретіндігі суреттеледі: «Қазан тағы да үйін жаңмалауға берді. Алайда бұл жолы Сыртқы Оғыз қатыспады, тек Ішкі Оғыз ғана жаңмалады. Әдетте, Қазан үйін жаңмалауға бергенде алдымен зайыбының қолынан ұстап, оны сыртқа шығаратын, содан кейін ғана мүлік үлестіру басталатын. Бұл жағдайды Сыртқы Оғыз бектері – Аруз, Емен және өзгелері естіп: «Қарандаршы, осыған дейін Қазанның үйін бірге жаңмалап едік, енді неге бірге болмайық?» – деп, өзара келісіп, бәрі Қазанға бармай, оған қарсы шықты» [112, б.205]. Бұл эпизодтан дәстүрлі дастархан мен «жаңмалау» рәсімінің тек қонақжайлық белгісі ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік бірлікті нығайтатын маңызды мәдени институт болғанын көруге болады. Оған қатысу – одақтастықтың, ал шақырылмау – саяси қарсылықтың нышаны ретінде қабылданған.

«Қорқыт ата» жырларында кездесетін жаңмалау дәстүрі мен Қашқари Махмұттың еңбегінде келтірілген «жарылқау» дәстүрі мазмұны жағынан бір-біріне өте ұқсас. Махмұт Қашқари «сыйлық шашу» сөзін: «Хандардың тойларда немесе мерекелерде отыз аршын биіктікте, мұнара тәрізді етіп жасалған, қонақтар тарапынан жаңмалау үшін әзірленген дастархан» [116] деп түсіндіреді. Бұл дәстүрдің мәні – өте ауқымды әрі сән-салтанатты ас беру. Дастарханға қонақтардың жеуінен әлдеқайда артық тағам әзірленіп, сол арқылы үй иесінің байлығы мен қуаты айқын көрсетіледі. Түркі түсінігінде бектер тек дүние-мүлкін аямай жұмсау арқылы ғана даңққа бөленеді. Бұл ойды қолдайтын сөздер жырдың кіріспесінде де келтірілген: «Қара қошқарды аямайынша жол ашылмас, қара болат қылышты суырмайынша дұшпан тынбас, ер мүлкін

аямайынша аты шықпас» [117]. Мұны бір жағынан қонақтарға жасалған ашық шақыру әрі бәсеке деуге болады. Дәстүр бойынша, қонақтар бұл сый-құрметке одан да асқан сән-салтанатты, мол дастарханмен жауап қайтаруға міндетті болған. Егер қонақтар бұдан да ауқымды, бай дастархан әзірлемесе, олар қоғамдағы барлық беделі мен абыройынан айрылатын. Ал алғашқы ас беруші осы арқылы өзге руларды өз билігіне бағындыруға мүмкіндік алатын. Бұл аңыздарда қоғамдық өмірдің шынайы қырлары айқын көрініс тауып, түркілердің дәстүрлі мәдениетіне қатысты көптеген мәселелер қамтылады. Мұнда жақсыларға бата, жамандарға қарғыс айтылып, ерлік, қонақжайлылық, табиғатқа құрмет, отбасы құрылымы секілді құндылықтар бейнеленеді.

Түркі қоғамының гуманистік деңгейін айқындайтын қонақжайлылық – қоғамдағы әлеуметтік өмірдің бір бөлігі болумен қатар, адами ізгіліктердің алдыңғы қатарында тұрған қасиет саналған. Бұл ізгіліктің тәжірибедегі көрінісі жеке адамға күш-қуат беріп қана қоймай, қоғамда өзара құрмет, сүйіспеншілік және әлеуметтік ынтымақтастықты қалыптастырған. Хақ алдында да, халық алдында да аса бағалы әлеуметтік-этикалық құндылық болып саналатын қонақ пен қонақжайлылыққа терең әлеуметтік өзара көмек пен ынтымақ түсінігі негізінде қаралған.

Бұл жайында мәдениеттанушы Нихат Язылыташтың пайымын атап өтсек болады. Ол әлеуметтік өзара көмек пен ынтымақты қоғамның тұтастығын сақтап, өміршеңдігін қамтамасыз ететін маңызды әлеуметтік құбылыс ретінде қарастырады. Ғалымның түсіндіруінше, «әлеуметтік өзара көмек пен ынтымақ» – бұл қоғамды құрайтын жеке адамдар мен топтардың бір-біріне көрсететін барлық материалдық әрі рухани көмектерінің жиынтығы, сондай-ақ сырттан келетін қауіп-қатерлерге қарсы ортақ мақсат жолында бірігіп әрекет етуі [37, б.164]. Демек, әлеуметтік байланыстардың мәні тек экономикалық немесе тұрмыстық қажеттіліктерді қанағаттандыруда емес, ең алдымен қоғамның бірлігі мен тұрақтылығын сақтауда жатыр.

Қоғам ішіндегі өзара көмек пен ынтымақтастық – кедейлерге, науқастарға, жолаушыларға, аш-жалаңаштарға материалдық және рухани жәрдем көрсетумен өлшенеді. Бұл түсініктің көрінісі Бамсы Бейрек жырында да айқын байқалады. Онда жырау кейпіне енген Бамсы Бейрек өзіне жылап отырған қарындастарын көріп, аш екенін айтады. Ағалары екенін танымай қалған қыздар бейтаныс жырауға нан беріп, қарнын тойғызады. Тіпті оған ағалары – Бамсы Бейректің қымбатты шапанын да сыйлайды [117, б.39]. Түркі халқының жомарттығын бейнелейтін бұл көрініс – халқымыздың моральдық құндылықтарының бірі болып саналатын өзара көмектің қадірін айқын көрсетеді.

Сондай-ақ жырлардың барлығында дерлік ішкі рухтың айқын бейнесі – «асыл тұлға» архетипі көрініс табады. Солардың бірі – Қорқыт ата. Ол бір батасында: «Бұл дастан Дели Думрулдікі болсын. Менен кейін батыр жыраулар жырласын, маңдайы ашық, жомарт ерлер тыңдасын» дейді. Бұл сөздер қоғамда абыройлы әрі жомарт адамдардың әрдайым мадақталғанын білдіреді. Сонымен

бірге жыл сайын той өткізетін Қазан бей осы мерекелерде мұқтаж жандарға киім, қымбат шапан, шатыр, киіз үй сыйлап, өзінің жомарттығын паш еткен [113, б.76].

Түркі халқы тәннің қуаты – тамақтануда, ал рухтың қуаты – өзгеге ас ұсынуда деп сеніп, қонақтың көңілін әрдайым шат ұстаған. Қонаққа жасалатын сый-сияпаттың ерекшелігі, деректерде айтылғандай, жылқыдан – айғыр, түйеден – бура, қойдан – қошқар сою арқылы көрініс тауып, қонақ күтудің мәнін және оған көрсетілетін құрметтің ауқымын білдірген.

Түркілердің қоғамдық өмірінде кездесетін өзара көмек пен ынтымақтастықтың негізінде олардың өмір сүрген дала жағдайының үлкен әсері болғаны айқын. Түрік тарихының алғашқы кезеңдерінің көбіне Азия далаларында өтуі және даланың қатал табиғи жағдайы сол ортаға бейімделген «шопан» мәдениетін қалыптастырды.

Бұл мәдениеттің өзегінде – малға жаңа жайылым табу, олардың өміршеңдігін сақтау арқылы өз тіршілігін жалғастыру мақсаты тұрды. Күнкөріс қамы жүктеген міндеттер (ірі мал табындарына жаңа өріс іздеу, оларды айдап-басқару, ауылдар арасындағы қарым-қатынас және т.б.) өзара көмек, бір-бірінің жағдайын ескеру және ынтымақ идеяларын өмірге әкелді [115, б.117]. Географиялық жағдаймен қатар, түркі адамның мінезіндегі Жаратушы жаратқанды сүю қасиеті қонақжайлылықтың ұлттық сипат ретінде қалыптасуына ықпал етті.

Қонақ күту – түркі мәдениетіндегі әлеуметтік өзара көмек пен ынтымақтастықтың ең көрнекті үлгісі. Оған арзан бағамен қызмет көрсететін керуенсарайлар, қонақүйлер мен арнайы бөлмелер нақты мысал бола алады. Түркі мәдениетінде маңызды орынға ие болған «Ахилік» дәстүрінің де қонақ күту ісінде айтарлықтай мәнге ие болғаны анық [37, б.165].

Ахилік дәстүрінің бір формасы болып саналатын тойлар арқылы жүзеге асатын өзара көмек пен ынтымақтастық – Қорқыт ата жырларында жиі кездесетін мәдени-рухани мотивтердің бірі.

Тарихи сабақтастық тұрғысынан қарағанда, «Оғыз қаған» дастанынан бастау алып, Қорқыт ата жырларына дейін жалғасқан той дәстүрі – тек қана тұрмыстық рәсім емес, түркі болмысының әлеуметтік және этикалық архитипін бейнелейтін символдық институт. Мұндай тойлар жыл сайынғы хан тойы, тілек тойы, ат қою тойы, үйлену, жеңіс, жаңмалау немесе жорық тойы түрінде өткізіліп отырған. Бұл рәсімдер – қоғамның құрылымдық бірлігін нығайтатын әлеуметтік механизм ғана емес, сонымен бірге әлемдік тәртіп пен билік идеясының көрінісі. Дәстүрлі дүниетанымда той – тек материалдық байлықтың белгісі емес, билікке ие тұлғаның әділетті бөлу қабілетінің сынағы. Осы тұрғыдан тойлар «әлемді әділ басқару» қағидасымен, яғни биліктің тек күшке ғана емес, жомарттық пен қамқорлыққа сүйенуін көздеген аксиологиялық ұстаныммен астасады.

Түрік мәдениет антропологы және фольклортанушысы Али Дуймаз [117, б.56] атап өткендей, бұл дәстүрде ең маңызды мағыналардың бірі – дүниені әділ

бөлісу идеясы. Яғни, егер билікке қол жеткізілсе, оның игілігі қалай және қандай үлеспен бөлінетініне қатысты ишаралар осы салтанаттарда бейнеленген.

Өткеннен бүгінге дейінгі тарихи тәжірибе көрсеткендей, түркі қоғамында ауқатты адамдар әртүрлі себептермен, өз мүмкіндігі шегінде, мол дастарқан жайып, әсіресе, тұрмысы төмен адамдарды басым түрде шақырған. Мұндай жиындар – бір жағынан қоғамдық теңдікті қамтамасыз етуге бағытталған әлеуметтік акт, екінші жағынан – адамгершілік парыздың орындалуы. Бұл дәстүрлер – беру мен бөлісудің этикасы, қоғамда құндылық алмасу арқылы бірлік пен өзара сенімді қалыптастыратын мәдени-кодтық әрекет. Мұндай тойлар – түркі дүниетанымындағы «жақсылық жасау – болмысты нығайту» қағидасының өмірлік көрінісі болып табылады. Мақал-мәтелдердегі «Қонақ он ырысымен келеді, бірін жейді, тоғызы қалады» немесе «Қонақ өз несібесімен келеді», сонымен бірге, «Көрші ақысы – тәңір хақысы» деген даналықтар – қонақжайлылықтың аксиологиялық мазмұнын ашып береді. Бұл жерде қонақ – тек жеке тұлға емес, берекенің, ырыстың және рухани толысудың символы. Қонақты қарсы алу – сыртқы әлемнен келетін ізгілік пен құтты қабылдаумен тең. Яғни, қонақжайлылық – бұл өзара көмек этикасы мен қоғамдық сенімнің практикалық формасы. Түркілердің кедейлерге, науқастарға, жолаушыларға, аш-жалаңаштарға материалдық және рухани жәрдем көрсету дәстүрі – еріктілік пен қайырымдылықтың әлеуметтік тінін бекіткен.

Дәстүрлі түркі қоғамында артықша жеке пайдакүнемдік сезімі кең таралмаған, ал бармен бөлісу дәстүрі – халықты құрайтын көпшіліктің ортақ құндылықтық ұстанымы ретінде қабылданған. Бұл жағдай Қорқыт ата кітабында анық көрініс табады. Жыр кейіпкерлері өзгенің аш-жалаңаштығына бейжай қарамай, оларды тамақтандыру арқылы тек жеке қайырымдылық танытып қана қоймай, қоғамда өзара көмек пен ынтымақтастық мәдениетінің орнығуына ықпал еткен. Яғни, бұл шығармадан байқағанымыздай, көне түркі мәдениетінде қонақжайлылық – тек әлеуметтік әдет емес, қоғамның тұтастығын нығайтатын, адамдар арасындағы сенімді күшейтетін және адамгершілік қатынастардың негізін құрайтын маңызды рухани-этикалық құндылық ретінде қабылданған.

Қорқыт ата жырларында әлеуметтік өзара көмек пен ынтымақтың негізгі тірегі саналатын бұл асыл қасиет – ізгілік, сүйіспеншілік, сенім, бармен бөлісу және төзімділіктің нышаны ретінде дәріптеледі. Сол арқылы адамдардың бір-біріне демеу болуы, сенуі, өзара мұқтаждықтарын өтеуі және бірлікте әрекет етуі қажет екені жөнінде маңызды әлеуметтік хабарлама беріледі. Қонақжайлылық – бұл тек материалдық сый-сияпат дәстүрі емес, ол адам мен қоғам арасындағы сенім көпірі.

Түркі мәдениетінде қонақжайлылық еріктілік пен қайырымдылықтың тоғысқан тұсы ретінде қабылданады. Бұл құндылық – адамдар арасындағы теңдік пен өзара құрметтің, ал қоғам үшін – бірлікті нығайтатын мәдени-этикалық іргетас. Қоғамның беріктігі мен рухани тұтастығы, ең алдымен, осындай сенім мен ізгілікке негізделген әрекеттерден бастау алады.

Қонақжайлылық – бұл жай ғана әдет-ғұрып емес, ол ерік еркіндігі, ізгілік және әлеуметтік келісімнің мәдени институты. Оның негізінде адам мен қоғам арасындағы өзара сенім, ортақ игілік үшін әрекет ету қағидасы жатыр. Қонақжайлық – еріктілік пен қайырымдылық ұстанымдарының тоғысқан жері, себебі қонақ күту – өз уақытыңды, ресурсыңды және көңіліңді еш өтем күтпей бөлісу. Мұндай әрекет – жеке меншіктен биік тұратын, қоғамдағы ынтымақ пен өзара жауапкершілікті бекітетін мәдени-этикалық негіз.

Қорқыт ата кітабындағы оқиғалар қонақжайлықтың тек жеке адамға ғана емес, қоғамдағы әлеуметтік мәртебе мен бедел қалыптастыруда маңызды рөл атқарғанын көрсетеді. Батырлық, әділдік, қайырымдылық секілді қасиеттермен бірге қонақ күту – идеал адам бейнесінің ажырамас бөлігі болған. Бұл дәстүр – еріктілік пен қайырымдылықтың көне түркілік үлгісі. Сонымен қатар, әлеуметтік тұрғыдан қонақжайлық – өзара көмек пен бірліктің, яғни бүгінгі «әлеуметтік еріктіліктің» бастауы. Яғни, тарихи тұрғыдан қарасақ, қонақжайлық – түркілік гуманизмнің айнасы. Онда адамның адамға қамқор болуы, ортақ дастарқан, әділдік пен мейірім идеялары тоғысқан. Бұл – біздің қайырымдылық пен еріктілік мәдениетіміздің ежелгі әрі асыл тамыры, ұлт болмысын айқындайтын мәңгілік құндылық.

Көне түркі жазбалары ежелгі түркілердің дүниетанымы мен әлеуметтік құрылымының өзіндік ерекшеліктерін көрсетеді. Оларда мемлекет пен халықтың тұтастығы, қаған билігінің халықпен үйлесімділігі, әділеттілік қағидалары, сондай-ақ батырлық пен ел қорғау рухы көрініс тапқан. Түркі халықтарында жеке тұлғаның қоғамдағы орны, еркіндігі, жауапкершілігі мен патриотизмі ерекше маңызға ие болды. Бұл құндылықтар кейінгі қазақ қоғамындағы еркіндік пен елдік рухының қалыптасуына негіз болды.

Демек, көне түркі жазба жәдігерлері бізге исламға дейінгі түркі дүниетанымы мен әлеуметтік құрылымының негізгі аспектілерін айқындауға мүмкіндік береді. Олар батырлық пен ерлік, әділеттілік пен бірлік, тәңіршілдік пен еріктілік идеяларын бойына сіңірген тарихи әрі әдеби мұралар ретінде құнды болып табылады:

- Жақсы адам халқының қамын ойлайды; мейірімді болсаң, өзің де ізгі жанға айналасың.
- Барлық адамға мейірімді бол; өзгелерге зиян тілеме, тура жолдан адаспа.
- Елінде көзің мен құлағыңды сергек ұста; мейірімді әр адамға жеткіз.
- Ашкөздіктен арылып, таза жүрекпен Тәңірге сыйын, халыққа жанашырлық таныт.
- Адамдардың ең таңдаулысы – айналасына пайдасы тигені; халық үшін ең құрметтісі – мейірімдісі.
- Нағыз адам деген атқа ие болу үшін екі нәрсе қажет: оның бірі – мейірімділік [118].

Жалпы алғанда, жоғарыда келтірілген мысалдар исламға дейінгі түркі қоғамында адамдардың мейірімді, жанашыр болғанын көрсетеді. Бұл қасиет – ата-бабамыздан бізге жеткен ең асыл құндылықтардың бірі.

Сонымен, көне түркі жазбалары мен «Қорқыт ата» дастаны бір арнада тоғысатын ортақ құндылықтар – мейірімділік, әділеттілік, өзара көмек, елдік бірлік пен ерлік рухы – түркі өркениетінің рухани өзегін құрайды. Бұл мұралар ата-бабамыздың қоғам мен адам арасындағы үйлесімділікке, әлсізді қорғауға және ортақ мүддені бәрінен жоғары қоюға негізделген дүниетанымын паш етеді. Мыңдаған жылдар бойы қалыптасып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан бұл асыл қасиеттер қазіргі түркі халықтарының бірегейлігін айқындап, болашақ ұрпақтың да рухани бағдаршамы бола бермек.

2.2 Қазақ даласындағы ислам өркениетінің рухани еріктілік идеялары

Ислам дінінің түркі халықтары арасында таралуы VII ғасырдың екінші жартысынан бастап, X ғасырда кең көлемде жүзеге аса бастады. Бұл үдеріс алдымен Араб халифатының Орта Азияға жасаған жорықтарымен байланысты басталып, кейінірек бейбіт миссионерлік қызметтер мен сауда қатынастары арқылы жалғасты. Ал түркілердің исламды ресми түрде қабылдауы X ғасырдың екінші жартысында, атап айтқанда, Қарахан мемлекеті (942–1212 жж.) тұсында жүзеге асты. Бұл – қазақ даласындағы алғашқы мұсылман түркі мемлекеті ретінде ерекше маңызға ие тарихи кезең. Ислам түркі халықтарының бұрыннан келе жатқан тәңіршілдіктің, жомарттық және әлеуметтік жауапкершілікке негізделген дәстүрлерімен үйлесім тауып, жаңа рухани синтезге жол ашты. Түркілердің өзіне тән жомарттық пен қайырымдылыққа негізделген еріктілік мәдениеті исламдағы садақа, зекет, уақып, ижтимаи қызмет⁷ ұғымдарымен өзара үйлесе отырып, бұрынғыдан да терең рухани мазмұнға ие болды.

Н.О. Исмаил өз еңбегінде зекеттің мәнін былайша сипаттайды: «Зекет – араб тілінде «тазару», «рақым», «өсу» деген мағыналарды білдіреді. Бұл – белгілі бір мөлшердегі мүліктен мұқтаждарға берілетін бөліс». Автор зекет тек жалпы мұқтаждарға емес, шариғат белгілеген нақты сегіз санатқа арналғанын атап өтеді. Оның ішінде ең алғашқылар - мүлкі жеткіліксіз кедейлер мен ешнәрсесі жоқ, табыс табуға мүмкіндігі жоқ мұқтаждар. Бұл жүйе қайырымдылықты ұйымдасқан, мақсатты түрде жүзеге асырудың исламдық үлгісін көрсетеді [119]. Сонымен қатар, ислам өркениетінің қайырымдылық жүйесіндегі маңызды институттардың бірі - уақып (вакф) болды. Уақып – шариғатта бір адамның мүлкін қайырымдылық мақсатта пайдалануға арнап, оны қайтарымызсыз түрде қоғам игілігіне жаратуы. Бұл жөнінде отандық исламтанушы Қуат Қабдолда: «Шариғатта уақып – белгілі бір мүлікті қайырымдылыққа ұзақ мерзім жұмсамай ұстап тұру. Бұл – үзілмейтін садақа» деп жазады [120]. Уақып дәстүрі ғасырлар бойы қазақ даласындағы халықтың

⁷ «Ижтимаи қызмет» (араб тілінен «қоғамдық») - қазақ тілінде «қоғамдық қызмет», «әлеуметтік қызмет» деген мағына береді.

материалдық және рухани қамтамасыз етілуінде маңызды рөл атқарған. Жалпы алғанда, ислам өркениетінің алғашқы кезеңдерінде-ақ қазақ даласында еріктілік әрекеттері қоғамдық құбылыс ретінде пішінделе бастағанын байқауға болады. Әрине, «еріктілік» ұғым ретінде қолданылмағанымен, оның мазмұны жақсылық жасау, жанашыр болу, көмек көрсету, бауырмалдық таныту сияқты құндылықтармен астасып жатқанын байқаймыз. Бұл идеялардың астарында альтруизм, гуманизм, адамға жанашырлықпен қарау, рухани борышты сезіну сияқты философиялық мазмұн жатқанын аңғару қиын емес.

Ислам мәдениеті қалыптастырған бұл идеялар қазақ халқының дүниетанымына терең бойлап, жақсылықты «Алла разылығы үшін» жасау, жасаған қайырымы үшін сауап күту секілді рухани ұмтылыстарға негіз болды. Осы негізде, ерікті әрекеттер исламмен біте қайнасқан моральдық әлемнің бөлінбес бөлшегіне айналды.

Ислам дәуіріндегі еріктілік қызметінің бір көрінісі – фүтүввет қозғалысы болды. Бұл жастық, ерлік, жомарттық, көмектесу және жанқиярлық сияқты жоғары адамгершілік қасиеттерді ұлықтап, ислам діні мен сопылық ахлаққа негізделген өмір сүру салтын қалыптастырды. Фүтүввет мүшелері өз қоғамында әлсіздер мен мұқтаждарға көмек көрсетуді, адалдық пен әділеттілікті ұстануды басты міндет деп білді. Олар үшін бұл қызмет – тек рухани кемелдікке жету жолы ғана емес, сонымен қатар қоғамдық келісім мен тәртіпті сақтау амалы болды. Фүтүввет дәстүрі ислам өркениетінің әртүрлі аймақтарында, әсіресе түркі халықтары арасында кеңінен таралып, түркілердің әлеуметтік-рухани құрылымына терең ықпал етті [121]. Кейінгі кезеңдерде бұл дәстүр қазақ даласында «ағайынгершілік», Анадолыда «ахилик» деп аталатын кәсіптік-сопылық бірлестіктер арқылы жүйеленіп, нақты қоғамдық ұйымдарға айналды. Ахилер – қолөнер мен сауданы меңгерген, бірақ сонымен қатар адамгершілік пен діни тәртіпті де берік ұстанған тұлғалар болды. Олар жас шеберлерді тәрбиелеумен қатар, мұқтаждарға көмектесіп, әділ сауда мен қоғам игілігі жолында қызмет етуді өмір салтына айналдырды [122]. Бұл құрылым тек кәсіби қауымдастық емес, қоғамның моральдық тірегіне айналды. Яғни, ислам дәуірінде фүтүввет пен ахилик арқылы еріктілік діни, адамгершілік және әлеуметтік міндеттің тоғысқан тұсы ретінде дамыды.

Қарахан мемлекеті тұсындағы түркі халықтарының қоғамдық-мәдени дамуы тарихында ерекше кезеңді «Қайта өркендеу дәуірі» деп атауға болады. Бұл дәуірде Әбу Наср әл-Фараби, Махмұт Қашқари, Жүсіп Баласағұни, Ахмет Йүгнеки, Қожа Ахмет Ясауи сынды ойшылдар өмір сүріп, түркі өркениетінің даңқын әлемге танытты. Олар өз еңбектерінде ізгілік идеяларды дәріштеп, адамгершілік пен қайырымдылықты биік қойды. Діл мен дінді тазалыққа үндеп, ғылым мен өнерде тың жаңалықтар ашып, рухани дүниені жаңа белеске көтерді [101, б.15]. Махмұд Қашқаридың «Диуан Луғат ат-Түрік» атты түркі тілінің алғашқы сөздігі, Қожа Ахмет Ясауидің сопылық ілімді насихаттаған «Диуан-и хикметі», Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білігі», сондай-ақ Әдіб Ахмет Йүгнекидің «Хибатул-Хақайығы» – Қарахан дәуірінде жазылған және түркі

мәдениеті мен әдебиеті үшін аса құнды мұралар болып табылады. Қарахан әулеті дәуірі ислам дінінің түркілер арасында саяси-құқықтық және мәдени тұрғыдан орнығу кезеңі.

Адамзаттың рухани тарихында әлеуметтік болмыс пен аксиологиялық жүйелерді терең талдап, олардың өз дәуіріндегі ғана емес, келешек ұрпақ пен өркениетке де маңызы зор екенін пайымдап көрсеткен тұлғалар аз емес. Солардың қатарында Шығыс өркениетінің көрнекті өкілі, ұлы ойшыл, философ әрі ғалым – Әбу Насыр Мұхаммед ибн Ұзлағ ибн Тархан әл-Фараби ерекше орын алады.

Әл-Фарабидің философиялық мұрасының өзегін адамзат қоғамындағы ізгілік пен парасаттылық идеясы құрайды. Оның бұл идеясы өз жалғасын тапқан аса маңызды еңбектерінің бірі – «Ізгі қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактат». Бұл туындыда ойшыл ізгі қоғам мен оны құрайтын тұлғалардың мәнін, құрылымын және кемелдену жолдарын жан-жақты талдайды. Әл-Фараби бойынша, кемел адам – ең алдымен, ізгі басшы, яғни әділеттілік пен ақыл-парасатқа сүйенген мемлекетті басқарушы тұлға. Мұндай басшы тек саяси билікті ғана емес, рухани жетекшілікті де жүзеге асырады және қоғам мүшелерінің адами қасиеттерінің қалыптасуына ықпал етеді. Ойшылдың пікірінше, егер билік иесі ізгілік пен қайырымдылыққа негізделген саясат ұстанса, онда бүкіл қоғам сол үлгіге қарай бағыт алып, адамгершілікті тұлғалардың ортақ игілік жолында әрекет етуіне жағдай туады. Осы тұста қоғамдық өмір мен адам табиғаты арасындағы үйлесімділік, ерік пен жауапкершілік, рухани тәрбие мен әлеуметтік құрылым секілді ұғымдар Фараби философиясының басты тіректерінің біріне айналады.

«Қайырымдылық екі түрлі болады: этикалық және интеллектуалдық. Интеллектуалдық ақыл-парасаттық жағына жататын қайырымдылық, ол даналық, парасат ақыл-ойдың тапқырлығы мен өткірлігі, ұғымталдық. Этикалық қайырымдылық ұмтылу жағына жататын қайырымдылық, ол ұстамдылық, батылдық, жомарттық, әділдік» [123]. Сондықтан әл-Фарабидің негізгі әлеуметтік тұжырымдамасы гуманизм принципіне сүйенген деген пікірлердің жалпы бағытымен келісуге болады. Сөйтіп, гуманизм мәселесі негізінен адам болмысының түп-тамырын құрайтын – қайырымдылық, мейірімділік, әділеттілік, бақытқа ұмтылу, ақыл – парасаттылық құбылыстарымен байланыстырыла отырып қарастырылады. Ойшыл Әл-Фараби ұсынған парасаттылық ұғымы – адамның кісілік тұрғысынан кемелденуін, өзінің табиғи қабілеттерін толық іске асырып, жоғары моральдық деңгейге жетуін білдіреді [58, б.11]. Мұндай тұлға өз қажеттіліктерімен ғана шектелмей, басқа жандардың да жағдайына жанашырлықпен қарауды басты міндет деп санайды. Бұл – жеке мүддеден жоғары тұратын қоғам игілігі үшін қызмет етуге дайын рухани кемел тұлғаның сипаттамасы.

Әл-Фарабидің іліміне сүйенсек, бақытқа жету жолы – тек материалдық игілікке ұмтылу емес, қайта өзгелерге көмектесу арқылы ішкі үйлесімділік пен рухани қанағатқа жету. Осындай әрекеттер адамның өз еркімен, ешқандай

мәжбүрлеусіз жасалса, ол еріктілік феномені ретінде көрініс табады [124]. Яғни, парасатты тұлғаның ерікті түрде игілік жасауға ұмтылуы – оның ішкі адамгершілігі мен кемелдігінің белгісі. Әл-Фарабидің «парасаттылық» және «ізгілік» ұғымдары қазіргі заманғы еріктілік мәдениетінің философиялық негіздерін айқындап береді.

Әл-Фараби адам мен қоғамның адамгершілік тұрғыдан кемелденуінің басты шарты ретінде бақыт пен ізгілікті алдыңғы қатарға қояды. Бұл ұғымдарды ол адамның табиғатына, ақыл-санасына және саналы ерік-жігеріне тығыз байланыстырып қарастырады. Әл-Фарабидің пайымдауынша, бақыт – адам өмірінің жоғарғы мақсаты, ал ізгілік – сол мақсатқа жетудің негізгі құралы. Бұл жолда адам тек білім мен тәрбие арқылы ғана ізгілікке қол жеткізе алады, ал бұл өз кезегінде қоғамдық үйлесімділікті қамтамасыз етеді. Ойшылдың бұл ілімдері қазіргі заманның әлеуметтік-этикалық құбылыстары, әсіресе еріктілік қызметін түсіндіру үшін өзектілігін жоймаған. Әл-Фараби ізгілік, қайырымдылық және адамгершілік ұғымдарын тек теориялық тұжырым ретінде емес, іс жүзінде жүзеге асуы тиіс рухани әрекеттер ретінде сипаттайды. Оның философиясында адам өмірінің мәні – ақыл мен моральға сүйене отырып өзін жетілдіру ғана емес, сонымен қатар қоғамның да рухани дамуына үлес қосу. Бұл идеялар қазіргі азаматтық белсенділікпен, соның ішінде ерікті қызметпен табиғи үндестік табады.

Сонымен қоса, Әл-Фараби өзінің еңбектерінде қоғамның әрбір мүшесінің этикалық жауапкершілігіне, ерікті түрде жасалған ізгі істердің құндылығына және рухани жетілу жолдарына ерекше мән береді. Осы тұрғыдан алғанда, оның ізгілік, бақыт, адам еркі мен моральдық таңдау туралы көзқарастары қазіргі еріктілік мәдениетінің философиялық негіздерімен өзара сабақтасып жатыр. Ойшылдың дүниетанымы антикалық грек философиясын, әсіресе Аристотельдің ілімін терең меңгеріп, оны исламдық рухани бағдармен үндестіре білгені арқылы ерекшеленеді. Осы синтез Әл-Фарабидің моральдық философиясын жоғары деңгейге көтеріп, ақиқат пен әділеттілікке ұмтылатын кемел тұлға бейнесін қалыптастырды.

Әл Фараби адамның бойындағы жақсы қасиет дарыса, ол әрине игілікке, жақсылық жасауға итермелейді, ал керісінше жаман қасиеттер бойында табылса, ол оны жақсылыққа апармайтынын ескертеді. Яғни, адам бойындағы жақсылық жасау, ізгілік, жомарттық қасиеттер еріктіліктің нышаны екенін аңғартады ойшыл. Бұл туралы Абығалиева Л.И. ғылыми жұмысында «ізгілік» пен «игілік» сөздерінің түсінік ретінде этимологиялық лингвистикалық сараптай келе, «Игілік пен ізгілік ұғымдарының арақатынасын ашықтасақ, олардың мән-мағынасы жағынан ұқсастығы бар. Біріншіден, екі құндылық органикалық байланыста. Олар бірін-бірі толықтырып, бірін-бірі демеп отыратын, біріне-бірі жол ашып беретін құндылықтар» - дей келе, «ізгілік игіліктен кеңірек әрі тереңірек ұғым болып табылады [125] деп тұжырымдайды.

Зерттеуші А. Сағиқызы Әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындары» атты еңбегіне талдау жасай отырып, ойшылдың адам кемелдігіне жетудің

негізгі шарты ретінде бір-біріне көмектесетін адамдардың бірігуін ерекше атап өтетінін көрсетеді. Әл-Фараби: «Барлық бір-біріне көмектесетін адамдардың бірігуі арқылы ғана адам өзінің тума табиғатындағы кемелдікке жете алады» деп пайымдайды [126]. Бұл тұжырым – ізгі қоғамның негізі өзара қолдау мен ұжымдық әрекетте екендігін айқын дәлелдейді.

Ойшыл үшін ізгілік жолындағы ұжымдасу – адамның жеке дамуы ғана емес, тұтас қоғамның рухани жетілуіне ықпал ететін маңызды қағида. Мұндағы «кемелдік» ұғымы - тек ақыл-ой деңгейіндегі өсу емес, тұлғаның өзін-өзі тануы, рухани-адамгершілік биіктікке көтерілуі, сонымен бірге өзгелерге деген эмпатиясын, жанашырлығын сақтауымен тікелей байланысты.

Әл-Фарабидің: «Адам жанының саулығы – әрқашан қайырымдылық жасаудан, игі істерден және әсем әрекеттерден тұрады» деген тұжырымы – еріктілік феноменінің философиялық мәнін тереңінен ашатын маңызды қағидалардың бірі. Бұл ой тек қайырымдылық жасауға үндеп қана қоймай, еріктілікті адамның жан саулығы мен рухани кемелдігіне бастайтын әдемілік пен адамгершілікке толы әрекет ретінде сипаттайды. Біздің түсінігімізде Әл-Фараби үшін еріктілік – тұлғаның ішкі парасаты мен жоғары адамгершілікке негізделген, мәжбүрсіз орындалатын игілікке бағытталған саналы таңдау. Бұл тұжырым еріктілік ұғымын қайырымдылықпен шектемей, оны этикалық және эстетикалық өлшемдермен байланыста қарастыратынын көрсетеді. Яғни, еріктілік - өзінің табиғаты бойынша әсем, ізгі, рухани әрекет. Бұл көзқарас Аристотельдің: «Өмірдің мәні неде? Басқаларға қызмет ету және қайырымдылық жасау» деген тұжырымымен үйлесіп жатыр. Екі ойшыл да еріктілікті тек әлеуметтік көмек көрсету ғана емес, адамның өмірлік мақсатын іске асыратын, тұлғалық кемелдікке жеткізетін моральдық және рухани әрекет ретінде қарастырады.

Осыған орай, Әл-Фараби мен Аристотельдің көзқарастары еріктіліктің қайырымдылықпен ұштасқан, бірақ одан кең, рухани-парасатты мәнге ие этикалық құбылыс екенін айқын бейнелейді. Бұл көзқарастар қазіргі қоғамдағы еріктілік мәдениетінің аксиологиялық негіздерін терең түсінуге мүмкіндік береді.

Әл-Фарабиден кейінгі кезеңде қазақ даласында ойшылдар мен ғұламалар легі үздіксіз жалғасын тапты. Солардың бірі әрі көрнекті өкілі - Жүсіп Баласағұн, оның «Құтадғу білік» еңбегі түркі-мұсылман дүниетанымының әлеуметтік-философиялық негіздерін айқындайтын маңызды туынды болып табылады. Бұл еңбекте ол Әл-Фарабидің ізгілік туралы көзқарастарын жалғастырып, рухани-адамгершілік идеяларды тереңдетіп, ізгілік пен жақсылықты қоғам өмірінің негізгі құндылықтары ретінде сипаттайды.

Жүсіп Баласағұн үшін басты философиялық категория – ізгілік. Ол қоғамдағы әрбір әлеуметтік топтың қызметін сипаттай отырып, жеке тұлғаны жақсылық жасауға, қоғамға пайда тигізуге, рухани жетілуге шақырады. Оның: «Жақсылық қыл, ек жақсылық ұрығын» деген жолы – жақсылықтың көбейіп, ұрпақтан-ұрпаққа таралуының кепілі ретінде қарастырылады [127]. Бұл ой адам

жасаған ерікті игі істердің басқаларға бақыт сыйлайтынын және өзі үшін де рухани қанағат пен жоғары моральдық мәртебе әкелетінін көрсетеді.

Ізгілік пен оң амал, ар мен ождан категориялары дастанда діни әрі философиялық мәнге ие. Мәселен, «Ізгілік – оң, ессіздік – сол: Жүгің – ар...» жолдарында адамның өмірлік бағыты - оның таңдауы мен жасаған әрекеттеріне байланысты екені көрсетіледі. Мұндағы «оң» - ізгілік, жақсылық, ал «сол» - кара ниет пен адасқан жолды білдіреді. Бұл көзқарас адамның фәни және бақи өмірін реттейтін моральдық ерік пен жауапкершіліктің негізін анықтайды [128].

Ойшыл «Екі әлемде кісілерге керегің – ізгі қылық, түзу құлық – дер едім» дей отырып, адамның бұл дүниедегі әрекеттерінің о дүние тағдырына әсер ететінін көрсетеді. Мұсылмандық сенім мен түркілік рухани дүниетанымның тоғысуы арқылы ол ізгі іс пен түзу мінезді адам өмірінің мәні ретінде ұсынады.

Сонымен қатар, ойшылдың:

«Жақсылық қыл, суымай бойда қаның,

Бір өлім бар, жөн болар ойлағаның» - [129] деген жыр жолдары - жақсылық жасауға шынайы ықыласпен, уақыт оздырмай кірісу қажеттігін дәріптейді. Бұл - қазіргі еріктіліктің мәнімен толық үйлесетін философиялық тұжырым.

«Ізгілік пен жақсылық қыл – амалы,

Мұнымен ер екі дүниені алады» және «Кел, ізгілік жаса, сөзінді доғар да» [130] - деген жолдар тек уағыз емес, нақты іс-әрекетке, ерікті игілікке, қоғам алдындағы жауапкершілікке шақыру болып табылады. Бұл – жақсылықтың сөзден емес, нақты амал мен үлгі арқылы көрініс табуы керек екенін білдіреді.

Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» еңбегі – ізгілік, адамгершілік, әділет, жомарттық сияқты моральдық-этикалық категорияларды терең талдаған түркілік философиялық поэзияның үлгісі. Ойшыл әрбір жыр жолында ізгілік ұғымын тек діни уағыз не өсиет ретінде емес, адам болмысының мәні, рухани таңдауы және қоғам алдындағы жауапкершілігі ретінде ұсынады.

Жүсіп Баласағұн адам өміріндегі моральдық бағдардың негізі – ішкі ерік, ар-ождан және ізгілік екенін былайша суреттейді:

855. Ізгілік не? Тегі қандай? Түсі қандай өзінің?!

Мінез-құлық ісі қандай ізгінің?!

856. Елбасы айтты: – Ізгіліктің нышаны –

Ел пайдасы үшін құрақ ұшады.

857. Ізгілікте ізгілігін сатпайды.

Кісілерге өз міндетін артпайды.

858. Қайырымды қайырым етпес есеппен,

Есе күтсең – ұрғанмен тең кесекпен! [130, б.126]

Бұл жолдарда ойшыл шынайы ізгіліктің айырбастыққа құрылмайтынын, нағыз адамгершілік – ештеңе күтпей жасалған қайырымдылық екенін нақтылап көрсетеді.

Жақсылық – жанның саулығы мен рухани өрлеу жолы адам тек ізгі іс арқылы ғана рухани кемелдікке жетіп, қоғамда өз орнын таба алатыны төмендегідей жолдарда көрініс табады:

903. Ізгі іс етсең – өрге өрлеп жүргенің,
Жауыздығың – көрге тірі кіргенің [130, б.129].

914. Ниеті ізгі ер не дейді, тыңдағын:
«Жақсылық қыл», тиген жерге тырнағың [130, б.130].

920. Ізгі кісі, мейлі қанша қор болсын,
Ризамын, болуға оның жолдасы! [130, б.131].

934. Ақылдылық – асылды ізгі жандардың,
Кішілікте – кісілік бар, аңғарғын.

935. Бар қылығы ізгі – ізгі кісінің,
Ізгіліктің ізгісі – ізгі ісіңіз [130, б.132].

Бұл шумақтарда жақсылық жасау адамның ішкі ниетінен басталатыны, сондай-ақ ақыл мен кішілік арқылы ғана адам шынайы кісілік деңгейіне жете алатыны тұжырымдалады.

Баласағұн ізгілік ұғымын бұл дүние мен бақи өмірдің ортақ өлшемі ретінде танытады:

226. Ізгілік пен жақсылық қыл – амалы,
Мұнымен ер екі дүниені алады.

227. Сен ізгілік тілер болсаң, одан да,
Кел, ізгілік жаса, сөзінді доғар да [130, б.81].

1255. Ізгі құлық ізгілікке алмасар,
Ізгі қылық қуанышқа жалғасар! [130, б.154].

1260. Ізгілікке бастап, сұмға талатпа,
Мұқтаж қылма киер киім, тамаққа! [130, б.155].

Бұл ойлар арқылы автор ізгілік тек сөз емес, іс жүзінде көрініс табуы тиіс екенін, әрі адам ізгі ісімен бақи өмірге де сауап жинайтынын айтады.

Жыр жолдарында жомарттық тек материалдық емес, жанқиярлыққа негізделген әрекет ретінде сипатталады:

6101. Жомарт қандай? Кімді айтамыз сақи деп,
Сақи жан тек ер хақына бас имек!

Сақи емес күміс шашып бөлгендер,
Сақи – елге жанын қиып бергендер
Дүние беріп, сый көрсетсе елге кім –
Қайтарар ел оның қолдап бергенін [130, б.484].

245. Уа, малдың иесі, жомарт, ізгі ер,
Құдай саған берген екен, сен де бер.

250. Біліп қой, жомарттық – ол сараңның айнасы.
Қолдың бақыттысы – беруші қол.

Алған, бірақ бермеген қол – қолдың құтсызы.

255. Қанша жиғанмен сараңның көзінің сұқы, көңілі тоймайды.
Ол – малдың құлы, мал – оның билеушісі [131]

Бұл ойлар еріктілік қызметінің философиялық негізін ашады: адамның мәртебесі – оның бергенінен, бөліскенінен көрінеді. Ал сараңдық – рухани жұтандықтың белгісі ретінде сипатталады.

Ақын қоғамдық әділеттілікті ең алдымен әлсіздерге көмек көрсету арқылы түсіндіреді:

3240. Кемтарларға тарат адал малыңды,

Қайырым ет жұмсап қолда барыңды [130, б.297].

5302. Қарасып тұр кедей, жетім, тұлдарға,

Шын әділдік – соларға көз бұрғанда [130, б.434].

4985. Елік- асқан ізгі сұлтан, жаны асыл

Кедей, кемтар, жамандарға жанашыр 130, б.413].

Осы өлең жолдары арқылы Жүсіп Баласағұн еріктілікті – адамның рухани биіктігін, ішкі парасатын, қоғам алдындағы жауапкершілігін айқындайтын құндылық ретінде сипаттайды. Оның ізгілік туралы көзқарастары бүгінгі әлеуметтік гуманизм мен азаматтық белсенділіктің философиялық-этикалық іргетасы бола алады. Сонымен қоса, құрмет, көмек және даналық ұғымдары – түркі халықтарының дүниетанымында ерекше орын алған, әлеуметтік қарым-қатынастың, моральдық нормалардың негізін құрайтын іргелі категориялар. Бұл ұғымдардың көне түркі мәтіндеріндегі көрінісі мен тілдік баламалары олардың тарихи-мәдени маңызын айқындай түседі.

Көмек ұғымы түркілік дүниетанымда адамның басқаға жанашыр болуын, өз еркімен қолдау көрсетуге дайын тұруын білдіреді. Бұл ұғым Құтадғу білікте, Диуан лұғат ат-түрікте басат немесе басут сөздерімен берілген. Ал түрік сөздігінде бұл мағынаға «болуш» сөзі сәйкес келеді. Қашқари еңбегінде «басут» пен «болуш» сөздері қатар қолданылып, екеуіне де «көмек», «жәрдем» мағынасы жүктеледі. Бұл терминдер түркі қоғамында өзара қолдау мен бірлік, көмекшілдік сияқты құндылықтардың терең орныққанын көрсетеді [132].

Мақал-мәтелдер де түркі мәдениетінің ажырамас бөлігі ретінде рухани және әлеуметтік тәжірибені жинақтаушы, даналықты жеткізуші құрал ретінде көрінеді. Бұл тұрақты әрі ықшам нақыл сөздер халықтың ғасырлар бойғы танымын, өмір сүру қағидаттарын сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырған. Түркі жазба мұраларында мақал-мәтел ұғымы «сав» сөзімен берілген. Бұл сөз Құтадғу білікте, Диуан лұғат ат-Түрік еңбектерінде кездеседі. Жүсіп Баласағұн, сонымен қатар, араб тіліндегі «мәсәл» сөзін де осы мағынада қолданған. Бұл – оның әдеби және тілдік синкретизмді меңгергенін, исламдық және түркілік танымды ұштастырғанын көрсетеді. Осы ұғымдардың әртүрлі тарихи-мәдени мәтіндердегі көріністері түркі дүниетанымының тереңдігін, оның әлеуметтік этикаға, бірлікке, ізгілікке, даналыққа негізделгенін айқын көрсетеді. Құрмет, көмек, нақыл сөздер – тек тілдік емес, сонымен бірге рухани-аксиологиялық жүйенің де тіректері болып табылады. Бұлар арқылы түркі қоғамының ішкі мәдени құрылымы мен еріктілік, өзара көмек, әлеуметтік әділет идеялары көрініс тапқан.

Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» шығармасы – тек билеушіге арналған саяси-әлеуметтік трактат емес, сонымен қатар адам болмысы мен қоғам арасындағы үйлесімділікті қамтамасыз ететін этикалық-философиялық қағидалар жүйесі. Дастанда адамның ішкі рухани мәдениетін, сөйлеу мәдениетін, әлеуметтік ортадағы орнын айқындайтын тәрбие негіздері кеңінен сипатталады.

Жүсіп Баласағұн халықтың бай, орташа және кедей болып үш топқа бөлінетінін, олардың мемлекет алдындағы міндеттері материалдық мүмкіндіктеріне сай болуы тиіс екенін, әйтпесе қоғамдағы тепе-теңдік бұзылатынын жыр түрінде жеткізеді [133]:

«Кедейді қолдасаң, орташасы көтеріледі,
Орта топ түзелсе, байлыққа кенеледі.
Кедей орта болса, орта байға айналады,
Бай орта болса, ел баршаға бай болады».

Адамгершілік ұстанымдары жылы сөз, жұмсақ мінез, сыпайылық, ізеттілік, қайырымдылық, сабырлылық, шынайылық сияқты ұғымдар арқылы сипатталып, олар тек жеке адамға ғана емес, қоғамдағы әрбір әлеуметтік топқа – қарапайым халықтан бастап, билік иелеріне дейін – ортақ моральдық жауапкершілік ретінде жүктеледі. Мәселен, «Кім халық арасында беделге ие болғысы келсе, оның сөзі жұмсақ, тілі тәтті, өзі кішіпейіл болуы керек» деген ойда беделдің негізі байлықта не билікте емес, мінез бен сөз мәдениетінде жатқаны нақты көрсетіледі. Мұндай тұжырымдар тұлғалық кемелденудің өлшемі ретінде қарастырылады.

Басшының мінез-құлқы туралы «Билеуші әрдайым жылы жүзді, жұмсақ сөзді болуы тиіс; әрекеттері де осы мінездеріне сай болуы керек» деген жолдар арқылы басқарудың адами сипатына, моральдық бейнесіне баса назар аударылады. Басшыға қойылатын басты талап – қатал биліктен бұрын мейірімділік пен сабырлылық, сөйлеудегі ізет пен әділдік. Сонымен қатар, «Адал еңбекпен табыс тап және мұқтаждарға үлестір» деген ұстанымда еңбексүйгіштік пен әлеуметтік жауапкершілік егіз ұғым ретінде қарастырылады. Бұл ойда ерікті түрде жақсылық жасау – рухани кемел адамның табиғи мінезі ретінде суреттеледі.

Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» дастанында жақсылық ұғымы түркі дүниетанымының рухани өзегі ретінде қарастырылады. Ойшыл жақсылықты жеке тұлғаның кемелденуінің, қоғамның тұрақты дамуының және елдің амандығы мен берекесінің басты шарты деп таниды. Бұл еңбекте жақсылық – жай ғана моральдық ұғым емес, ол адамның бүкіл өмірін бағыттайтын философиялық-этикалық категория деңгейіне көтерілген. Баласағұнның айтуынша, «Құтадғу білікте» қоғамның әділетті құрылымын құрайтын төрт негізгі қағиданың бірі – жақсылық (қанағат, ізгілік, қайырымдылық, мейірім т.б.). Бұл қағида жеке адамның болмысынан басталып, қоғамдық қатынастар мен басқару жүйесіне дейін еніп, қоғамдағы үйлесімділіктің іргетасына айналады.

Диуани Лұғат ат-Түрік – Қарахан дәуірінің тілі мен дүниетанымын бейнелейтін ең маңызды тарихи-лексикалық ескерткіштердің бірі. Түркі тіліндегі сөздердің жүйеленіп, араб тілі негізінде түсіндірілген бұл еңбек – түркі халықтарының өмірлік құндылықтарын, дінмен қарым-қатынасын және сопылық таныммен ерте кезеңнен бастап таныс болғанын айқын көрсетеді. XI ғасыр – түркі жұртының Ислам дінімен кеңінен танысып, рухани ізденістерге бой ұрған дәуірі еді. Бұл кезеңде Иран мен Араб елдерінен тараған сопылық идеялар түркілердің дүниетанымына әсер етіп, сопылық әдебиет пен мәдениет өркендей бастады.

М. Қашқаридың элеуметтік-имандылық көзқарастары – халқы туралы, оның әділеттілік пен бақытқа лайық өмірі туралы ойларынан туындайтын жалпы дүниеге көзқарасының құрамдас бір бөлігі. Адам баласының бәріне бейбіт өмір, тыныштық пен бақыт тілейтіндіктен қонақжайлық ұғымын дәріптейді:

Қонақ келсе, құт келер.

Құт-береке қонақпенен бірге келеді:

Қонақ жақсылықтың белгісі, нышаны.

Қонақты қарсы алғын, асыңды күттірме,

Қуана жар салғын, бір затын зыттырма.

Қонақты құт деп білген ерлер кетті өмірден,

Қалыпты жаны жаман, пейілі қара көмірден [54, б.117].

Диуанның сөздік қоры мен мәтіндік үлгілерінде дін, сопылық және моральдық мәселелер түрлі көркем мысалдармен ұсынылған. Солардың қатарында нәпсі мен ақыл, Аллаға деген сүйіспеншілік, өмірдің өткіншілігі, сабыр, дүниенің алдамшылығы, дана адамдармен жақын болу, жұмсақ мінез, ізгілік және жомарттық сияқты ұғымдар бар. Осы ерекшеліктері арқылы Диуани Лұғат ат-Түрік түркі қоғамының рухани-этикалық құндылықтар жүйесін көрсетумен қатар, сол дәуірде сопылық түсініктің қалыптаса бастағанын және бай тілдік әлеует арқылы берілгенін дәлелдейді.

Қашқаридің Диуани Лұғат ат-Түрік сөздігінде де жұмсақ мінез бен кішіпейілділік мадаққа лайық сипаттар ретінде көрініс табады:

Kotku er – «Кішіпейіл, жұмсақ мінезді адам» [134].

Sun kişi – «Жұмсақ мінезді, жүрегі жылы адам» [134, б.138].

Қашқаридің келесі өлең жолы бұл ұстанымды айқын көрсетеді:

«Uluğlukuğ bolsa sen edhgü kılın

Bolgıl kişiğ begler katın yakşı ulan»

Аудармасы:

«Билікке жетсең, мінезінді көркем қыл;

Бектермен бірге жүргенде – жақсылыққа себепкер бол» [134, б.64]. Бұл ұстаным ежелгі түркі дүниетанымын бейнелеуі тұрғысынан аса маңызды еді. Бұл сөйлем арқылы Қашқари кісіге атақ пен дәрежеге жеткен кезде де қарапайымдылықты жоғалтпау қажеттігін, кішіпейілді болудың – нағыз игілік екенін жеткізеді.

Диуани Лұғат ат-Түрікте де жақсылық жасау, ашты тойдыру, дүние-мүлікті бөлісу, артында халыққа пайдалы мұра қалдыру сияқты әрекеттер ерекше мадақталады. Сонымен бірге сарандық айыпталып, жақын туыстарға жәрдем беру қажеттігі насихатталады:

«Yalñguk oğlı yokadhur edhgü atı kalır»

Аудармасы: «Адам баласы өледі, артында жақсы аты қалады»

Бұл мәтел - әрдайым жақсылық жасауға міндетті жан үшін айтылған [134, б.384).

«Bolsa kiminğ altun kümüş irle iter

Anda bolup Tenğrigerü tapgın öter»

Аудармасы:

«Кімнің алтын-күмісі болса, сол жерге тұрақтап,

Сол жерде тұрып, Жаратушыға құлшылығын орындайды» [134, б.251].

«Koşnı konum ağışka

Kılgıl anğar ağırlık

Artut alıp anungıl

Edhgü tawar ogurluk»

Аудармасы:

«Көрші-қолаң мен туысқа қайырымды бол,

Оларға құрмет көрсет,

Сыйлық алып берсең,

Оған лайық жақсы тарту қайтар» [134, б.114].

Бұл жолдарда жомарттық – тек материалдық көмектің белгісі емес, рухани ізгілік пен адамдар арасындағы байланыстардың күшеюінің шарты ретінде ұсынылады.

Әдіб Ахмет Йүгнекидің еңбектері мен ойлары Қазақ даласындағы ислам өркениетінің рухани еріктілік идеяларымен тікелей байланысты. Оның бізге жеткен басты еңбегі – «Ақиқат сыйы» (қаз. «Хибатул-Хақайық») атты дидактикалық-әдеби шығарма. Бұл шығарма түркі-ислам өркениеті аясында жазылған даналық кітабы болып, адамгершілік, имандылық, жомарттық, білімнің мәні, қайырымдылық пен әділеттілік туралы терең ойлар айтады. «Хибатул - Хақайық⁸» дастаны мазмұндық әрі стильдік тұрғыдан дидактикалық сипатқа ие болып келеді. Шығармада автор адамгершілік, ізгілік, білім мен ақиқат жайлы терең философиялық ойларын өсиет-насихат үлгісінде жеткізеді. Дастанның басты ерекшеліктерінің бірі - поэтикалық бейнелеу құралдарының, соның ішінде көркем теңеулердің кеңінен қолданылуы. Бұл тәсілдер автордың идеялық-тәрбиелік ұстанымдарын эстетикалық тұрғыдан көркемдеп, ұғынықты етіп жеткізуге сеп болады.

Мәселен, шығармада қоғамдық иерархия мен тұлғалық маңыздылықты сипаттау үшін автор өзін – жауын тамшысына, ал ыспахсаларды (яғни мемлекет басқарушыларды) – теңізге теңейді. Бұл теңеу арқылы ақын өзінің

⁸ Ақиқат сыйы (Хибатул -Хақайық) – XII ғасырдың аяғы мен XIII ғасырдың басында жазылған дидактикалық-этикалық мазмұндағы шығармалардың бірі.

қарапайымдылығын білдіре отырып, дана ойлары арқылы үлкен рухани кеңістікке еніп, маржан іспетті құнды идеялар тарататынын ишаралайды.

Йүгнекидің аталған еңбегінде кісілік қасиеттер мен адамгершілік құндылықтар діни-этикалық және философиялық категориялар ретінде терең пайымдалады. Ақын үшін адамның бұл дүниедегі мәні мен миссиясы – ізгілікке негізделген әрекет жасау, кішіпейілділікпен өмір сүру және адамзатқа пайда әкелу арқылы рухани жетілуге ұмтылу.

Дастанда алдымен кішіпейілділік қасиетінің маңыздылығы ерекше аталып өтеді. Жоғары дәрежеге жеткен сайын адамның мінезі жұмсақ, сөзі сыпайы әрі жылы болуы тиіс деген ой түйінделеді. Йүгнекидің «Менмендікті таста, кішіпейілділікті ұстан» деген сөздері адам бойындағы тәкәппарлықты рухани кесел ретінде тануға жетелейді. Бұл ой ислам дүниетанымындағы «тәуазу» ұғымымен астасып жатыр. «Тәуазу⁹» ұғымы – адам бойындағы ең маңызды рухани-адамгершілік қасиеттердің бірі. Адамның нағыз абыройы – оның байлығында немесе атағында емес, қайтадан қарапайымдылығы мен кісілігінде екені көрсетіледі [135].

Йүгнеки дастанында жақсылықты адам болмысының өзегіне айналдырып қарастырады. Ол пайғамбар сөзіне сүйене отырып, бұл дүниені егістікке теңейді де, оған жақсылық дәнін егу қажеттігін алға тартады. Бұл теңеу – өмірге адамгершілік пен жауапкершілікпен қараудың үлгісі. Дүние уақытша, ал мәңгілік құндылық – жақсылық пен игілік екенін дәріптейді. Ақын «Зұлымдық жасаған адамға сен жақсылық істе, жомарттықтың бастауы – осы» деген тұжырым арқылы моральдық асқақтықтың биігін көрсетеді. Бұл ой исламдық дүниетанымдағы «жақсылықпен қайтар» қағидасына сай келеді және рухани тәрбиенің ең жоғары деңгейін сипаттайды.

Сонымен қатар, «Ізгі істер атқарып, жүректерді жаулап өмір сүр» деген жолдар арқылы Йүгнеки жүрек пен сана арқылы әрекет ететін, парасатты тұлға моделін қалыптастырады. Мұнда жүректерді жаулау – билік пен күш арқылы емес, ізгілік пен адамгершілік арқылы орындалатын әрекет ретінде беріледі. Ол адамның ықпалы мен құрметі сыртқы атрибуттармен емес, шынайы ниет пен пайдалы істермен өлшенетінін ұғындырады.

Бұл шығармада автор қоғам үшін маңызды этикалық ұғымдарды - білім, әділет, қанағат, нәпсіні тыю, тәкаппарлықтан бас тарту және жомарттықты - жеке тарауларға бөліп қарастырады. Соның ішінде жомарттық туралы айтылған пайымдар автордың рухани-этикалық көзқарасының өзегін құрайды.

Ахмед Йүгнеки жомарттықты адамның ішкі болмысын бейнелейтін, оның рухани кемелдігі мен адамгершілік дәрежесін көрсететін негізгі қасиеттердің бірі ретінде сипаттайды. Оның айтуынша, жомарт адам – жүрегі кең, сөзі мейірімді, айналасына қайырымды, өзіне қанағатшыл, қоғамға пайдалы тұлға. Көне түркі тіліндегі мына бір шумақ осыны нақты көрсетеді:

Sahāvatlı kişi könglü açuk bolur,

Elge yarlık berür, köñli toquq bolur [136].

⁹ Тәуазу – арабша *tawāḍu* ‘, «кішіпейілділік», «қарапайымдылық» дегенді білдіреді.

Аудармасы:

«Жомарт адам – жүрегі кең болады,

Елге қайырым жасайды, өзі қанағатшыл болады»

Мұндағы «жүрегі кең» мен «қанағатшыл» тіркестері адамның рухани тазалығын, ішкі байлығын білдіреді. Бұл - жомарттықтың тек материалдық көмекпен өлшенбейтінін, оның астарында адамгершілік, рухани сабырлылық, төзімділік жатқанын аңғартады.

Ахмед Йүгнеки өз шығармасында жомарттыққа қарсы қасиет ретінде сараңдықты сынға алады. Сараң адамды ол қоғамнан алшақ, жүрегі тар, тек өзін ғана ойлайтын, айналасына пайдасы жоқ бейне ретінде суреттейді:

Sahāvat bolmasa kişi küng bolur,

Elge berk bolur, özi tolu bolur [136, б.19].

Аудармасы:

«Жомарт болмаса, адам төмен болады,

Айналасына мейірімсіз, тек өзін ғана ойлайды»

Бұл тұжырым жомарттықтың артықшылығын терең философиялық деңгейде көрсетеді. Йүгнекидің пайымдауынша, қоғамда шынайы беделге ие болу үшін материалдық байлықтың өзі жеткіліксіз; ол уақытша әрі сыртқы құндылық қана. Нағыз қадір-қасиеттің өлшемі – жүректің кеңдігі мен сөздің мейірімі. Жомарттық адамды тек әлеуметтік тұрғыда ғана емес, рухани деңгейде де биікке көтереді, өйткені ол адам табиғатындағы ізгілікті іске асырады. Йүгнеки қолданған «саһауат» ұғымы – жомарттықтың, кеңпейілділіктің символы ретінде сопылық дүниетанымда да кең таралған. Бұл ұғым Ахмет Ясауидің «Диуани хикметінде» де көрініс тауып, рухани кемелдіктің негізгі шарттарының бірі ретінде сипатталады. Ясауи ілімінде саһауат – адамның Аллаға жақындауы мен қоғам алдындағы жауапкершілігін айқындайтын басты моральдық категория.

Автор жомарттықты исламдық дүниетаныммен де байланыстырады. Исламда жомарттық – Алланың сүйікті қасиеттерінің бірі болып есептеледі. Құранда «Алла жолында жұмсаңдар» (Бақара, 267-аят), ал хадисте: «Берген қол - алған қолдан абзал» (Бұхари) делінген. Ахмед Йүгнекидің мына жолдары осы түсініктермен үндес:

Sahāvat bir tamğadur, tangı bolur,

Ol tamğalı kişi elge beg bolur [136, б.18].

Аудармасы:

«Жомарттық – ерекше белгі, айқын таным,

Бұл белгі бар адам – халыққа басшы болады»

Осы жолдар арқылы автор жомарттықты көшбасшылық пен халыққа қызмет ету миссиясының негізі ретінде көрсетеді. Бұл түсінік сопылық дүниетанымға да сай келеді, өйткені шынайы сопылар – нәпсісін жеңіп, өзгеге пайда тигізуді өмірлік мақсат тұтқан рухани ұстаздар.

Жалпылай алғанда, Әдіб Ахмет Йүгнеки шығармашылығында кісілік пен кішіпейілділік, қайырымдылық пен жомарттық, сабыр мен имандылық -

тұлғаның кемелденуінің басты шарттары ретінде қарастырылады. Бұл қасиеттер тек жеке адамның емес, бүкіл қоғамның рухани саулығы мен өркениеттілігінің негізі бола алады. Сондықтан да Йүгнекидің бұл ілімі қазіргі еріктілік феноменінің, қоғамдық қызметтің және моральдық белсенділіктің де философиялық-этикалық іргетасын құрайды.

Ахмед Йүгнекидің «Ақиқат сыйы» еңбегіндегі жомарттық туралы ілім – адамзаттың рухани-этикалық тәрбиесі үшін маңызы зор тұжырымдардан тұрады. Автор жомарттықты жеке адамның ғана емес, тұтас қоғамның рухани саулығы мен үйлесімді дамуының негізі ретінде қарастырады. Бұл ойлар бүгінгі күнде де өзектілігін жоймаған, жалпыадамзаттық құндылықтарға айналған тұғырлы пікірлер.

Ортағасырлық түркі әдебиетінің маңызды туындылары саналатын Құтадғу Біліг пен Хибатул-Хақайық шығармаларында моральдық-этикалық құндылықтар жүйелі түрде көрініс тапқан. Бұл еңбектерде адамгершілік қасиеттер көбіне бинарлық қарама-қарсылық арқылы сипатталады. Осындай жұптардың бірі - жомарттық пен сараңдық ұғымдары. Аталған ұғымдар тек моральдық бейнелеудің құралы ғана емес, сонымен қатар дәуірлік дүниетаным мен мәдени-философиялық құрылымның да көрінісі болып табылады.

Ғылыми тұрғыда ұғымдарды жүйелеудің бір әдісі - оларды өз қарама-қарсылығымен қатар қарастыру. Бұл тәсіл ұғымның мәнін айқындауға, оның семантикалық шекарасын нақтылауға мүмкіндік береді. Леви-Стросстың айтуынша, мағына құру процесінің өзегі - бинарлық оппозиция: бір ұғым тек өзіне қарсы ұғым арқылы түсіндіріледі және құрылымдалады. Яғни, жомарттықтың мәні сараңдықтың жоқтығы арқылы ғана айқындалады.

Құтадғу білік шығармасында жомарттыққа байланысты жиі кездесетін сөз - ақи («жомарт», «кең пейілді»). Бұл сөздің қолданылуы ұйғыр жазба ескерткіштерінде де байқалады: *buṣı bērgeli aқи tınlıglar az* («Садақа беретін жомарт жандар аз») [137].

Жомарттық мағынасын білдіретін басқа да формалар: *ақиліқ* («жомарттық») және *ақи bol* – («жомарт болу»). Бұған қарама-қарсы *sarān* («сараң»), *sarānlıқ* («сараңдық») және *sarān bol* – («сараң болу») құрылымдары беріледі. Клаусонның еңбегінде *sarān* сөзі «пиғылы тар, сараң» ретінде сипатталады [137, б. 853-854], ал *sarānka tārınma* («сараңға бас ұрма») және *sarān bolma* («сараң болма») формалары – тікелей моральдық бағдар ретінде қолданылады.

Хибатул-Хақайықта жомарттық та ақи сөзімен беріледі, бұл жағынан екі шығарма арасында ұқсастық бар. Алайда, сараңдықты сипаттау үшін басқа термин - *baḥıl* және оның туындысы *baḥıllıқ* қолданылған. Бұл сөз арабтың *buḥl* түбірінен енген, «тамағыр», «дүниеқоңыз», «қолын ашпайтын» мағынасын береді. Жиі кездесетін мысалдар: *baḥıl tirdi zer sim haramdın öküṣ* («Сараң алтын-күмісті харамнан жинайды»); *baḥıllıқ otlar ongulmaz ig ol* («Сараңдықпен жан тыныштық таппас»). Сонымен бірге, жомарттық пен сараңдық ұғымдары тек моральдық мағынада емес, құрылымдық семантикалық қарама-қарсылықта

беріледі. Мысалы, ақи – saran, ақилық – saranлық, ақи – баһіл, ақилық – баһиллік жұптары нағыз бинарлық құрылым ретінде ұсынылады. Бұл жұптардың бірінде бір ұғым көрінсе, екіншісінің болуына жол жоқ. Сондықтан олардың бірі екіншісінің болмауын ғана емес, мағыналық терістеуін де білдіреді [138].

Құтадғу білік пен Хибатул-Хақайық шығармаларында жомарттық пен сараңдық ұғымдары философиялық тұрғыдан тек мінез-құлық сипаттамасы ретінде ғана емес, құрылымдық, онтологиялық және семантикалық қарама-қарсылық жүйесінде бейнеленеді. Бұл қарама-қарсылық дәстүрлі түркілік дүниетанымда моральдық категорияларды ұғынудың маңызды тәсілі ретінде қызмет еткен [139]. Сонымен қатар, жомарттық – үлгілі қасиет ретінде мадақталса, сараңдық – адамның ар-ұжданына жат қылық ретінде әшкереленеді.

Киелі мекен Түркістанның түркі әлемінің рухани астанасы болуына ең негізгі себеп – түркі әлемінің рухани көшбасшысы Арыстан бабтың шәкірті, ақын, ұлы ойшыл, данышпан діндарымыз Ахмет бин Ибраһим бин Ильяс есімімен байланыстырамыз хақ.

Қожа Ахмет Ясауи тарихтағы алғашқы түрік суфизмінің негізін қалаушы. Түркі елдеріне Ислам дінінің орнығуына үлес қосқан тұлғалардың бірі болып табылады. Қ.А. Ясауидің жолын қуған шәкірттері көп еді. Соның арқасында мұсылман елдерінде оның хикметін жазу дәстүрге айналған болатын. Бұдан біз шәкірттердің оның жолын қуып, тек еліктеуші, ойшылдың хикметтерін таратушы, жалғастырушы деп айта алмаймыз. Қ.А. Ясауи шәкірттерінің де өзіндік келбеті, танымалдылығы мен тың туындылары болды. Олар Хаджи Байрам Вели, Мәулана (Джалаладдин аль Руми), Хаджи Бекташ, Жүніс Әміре, Мансұр Ата, Сүлеймен Бақырғани сынды әлемге аты жайылған мәшһүр ғалымдар мен пәлсапашыларды қалыптастырды. Бұл шәкірттері Ясауидің рухани ілімін бүкіл түркі әлеміне танытты [140].

Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани хикмет» атты кітабы қыпшақ диалектілерімен көне түрік тілінде жазылған құнды еңбек. Бұл еңбегінде ұлы ойшыл сопылық философиялық көзқарастарын, адамгершілік, имандылық, әділдік сияқты күрделі мәселелерді баяндаған. Өз сөзін «бісмілләмен» бастап, даналық жайындағы хикметтерін шәкірттеріне уағыз қылып, «дүр-гауһар шаштым», пайғамбар жасына дейінгі өмірін «әркіммен қан жұтып, шер құштым» деп баяндауда. Қалған өмірін ғылым мен білімге, сопылық ілімнің қалыптасуына арнағанын «Екінші дәптер» сөзін аштым міне» деп, жаңа өмір бастағанын суреттеуді бірінші хикметінен көреміз:

«Баяндап, хикмет айтып бісмілләмен,
Дүр-гауһар шәкірттерге шаштым міне.
Әркіммен қан жұтып, шер құштым да, мен
Екінші дәптер» сөзін аштым міне» [141].

Еңбекте ойшыл адамзат өміріндегі сан түрлі қарым-қатынастары, атап айтсақ, мансап пен дүниеқоңыздық, билік пен кедейлік, нәпсі мен сабыр, тәубе мен қанағат секілді ұғымдар дін ілімі мен рухани таным тұрғысынан

сараланады. Бұл дүниенің өткіншілігі мен ақырет өмірінің мәңгілік сипаты салыстырыла отырып, адамның рухани болмысына азық болар асыл қасиеттер - қанағатшылдық, мейірім, адалдық, ізгілік пен адамгершілік жайында терең толғаныс өрбітеді:

«Қайда да қайырымдылыққа талаптан да,
Кемтарға қайрыла жүр, қарап қалма.
Жақын бол махшар күні жаратқанға,
Мейірімсіз менмендерден қаштым міне» [142].

Диуани Хикмет еңбегінде ойшыл:

«Жан жылуын өшірме» - деп жүрегінді иманға келтіру, басқаға мейірімді болуға шақырса, «Жолда шаршап шалдыққанға сая бол», «Ғаріптерге көңіл бөл», «Әмәнда сауап жаса», «Халқыңа қызмет ет, ізгілерге ізет ет», «Жаны жақсы жайсаңдарға құрмет ет», «Кімді көрсем қызмет қылып құлы болдым».

Жетім, пақыр, ғарыпты жебей жүргейсің: бұл – пайғамбарымыздың өнегесі»,

«Тапқаның болса – ғарып-пақыр, жетім-жесірлермен бөліс», «Қолыңнан келсе кеуденде шырақ жандыр» -деп қоғамдағы әлеуметтік әлсіз топтарды атап өтіп, оларға әрқашан көмек көрсетуге шақырады.

Ясауи хикметі бойынша, қолы ашық адам – қолында барын аямай, кем – кетікке барын бөліп баретін адам – береген, жомарт адам. Мейірімді, жомарт, қайырымды адам өз ортасында сыйлы, бақытты өмір сүреді. Адам бойындағы құндылықтар мұқтаж жанға қамқорлық жасау, риясыз көңілмен өзінде барымен бөлісу, кедей-кепшікке өз көмегін ұсыну - кеңпейілділіктің, қайырымдылықтың белгісі. Бұл ретте Пайғамбарымыз (с.ғ.с): «Көзі көрмейтін адамды бір қадам жетелегеннің алдыңғы күнәлары кешіріледі» - деген сөзі еске түседі. Яғни, Ясауи бойынша мұсылмандардың адам мұқтаждықтары туралы ойлау және әрқашан оларға қол ұшын созу – Алла елшісінің сүннеті.

Тағы өлең жолында «махшар» ұғымы кездеседі. Махшарды айтып, халықты о дүниедегі сұрақ-жауаптан қорқып, сауап жинап өмір сүруге үгіттегенін келесі өлең жолында байқауға болады:

«Мейірімсіз менмендерден қаштым міне», деп ол менмендік – адам бойындағы жағымсыз қасиет екенін еске түсіреді. Шын мәнінде менмендік адам бойында шектен шыққан жағдайда ол жауыздыққа ұласуы мүмкін. Мейірімсіздік адам бойындағы жақсы қасиеттердің қатарынан емес, сол үшін ешқашан ол қатардан болмай, ондай адамдардан қашуға тырыстым деген мағынаны осы бір қатар сөз арасына бізге ой салдырып отыр.

Мағрипаттың он мақамы мыналар: пақырларға пана болу, дәруіштікті қабыл ету, жарлыларға жәрдем қылу, адал ризықта болмақ, ғылым-білім алу, шарифат пен тарикатты бірге ұстау, дүниені тәрк ету, лайықты мақамды білмек, хақиқат сырларын білу, пақырлыққа сабыр етпек [143].

Ойшыл адам баласын ізгілікке шақыра келіп, мейірімсіздік пен надандықты қатаң сынайды. Әсіресе даналық пен надандықты өзара салыстыратын тұстары мейлінше ойлы да әсерлі:

«Жер астына қашып кірдім надандардан,
Қолым жайып, дұға тілейін жомарттардан.
Ғарып жаным жүз тасаттық даналардан,
Дана таппай, жер астына кірдім міне!
Ақырында жақсы кетті, қалдым жалғыз,
Надандардан естімедім бір жақсы сөз.
Дана кетті, надан қалды, көп өкініш,
Жол таба алмай, қайран болып қалдым міне! [144]»

Ясауи өз еңбектерінде рухани тазалық пен ар-ожданның мәнін айқындай отырып, әділдік пен парасаттылықты ұстанған ғалымдарды дүниеқоңыз, парақор, мансапқұмар әкімдер мен екіжүзді дін иелерінен салыстыра көрсетеді. Ол шынайы иман мен ізгілік жолын ұстанғандардың Махшарда жүзі жарқын боларын, ал әділетсіздік пен арамдыққа бой алдырғандардың ақыреттегі жазасы ауыр боларын ескертеді [142, б.27]. Даналықтың игілікпен байланысы болмаса, парақорлыққа, надандыққа апар құз ретінде өкінішін білдіреді.

«Алла жады етер жанды шадыман,
Пақыр болып, безді Әдһам бағынан.
Жомарттық деп жарылды тек ағынан,

Қалғым келер қайырымды боп менің де [142, б.141]» деп жырлайтын 62 хикметінде ғұламаның негізгі ойы адамды жомарттыққа, қайырымдылыққа шақыру және де Алланың адам бойына сіңірген адами қасиеттерді сақтауы.

Байғұсқа, үмбет болсаң, сыйыңды арна,
Айтылар аят, хадис жиын калма.

Шүкір де Алла ризық бұйырғанға,

Шарабын қанағаттың іштім міне! - деген хикмет жолдарында ойшыл адамдарды Алла жолына шақырып, кедей-кепшікке, мұқтазға көмек көрсете отырып, сауап жинаудан жарысып, игі адам, жақсы үмбет болуға тырысуға үндейді. Дүниеқоңыздыққа бет бұрмай, имандылыққа бет бұрып, шүкіршілік етіп, қанағатшыл болуға шақырады. Атам қазақтың «Құдай азды - көпті берсе де, нығметіне тәубе қыл» деген ата сөзі де осы ойды тұжырымдайтындай.

Ақын мұсылман дінінің негізін құрайтын имандылық пен дінсіздікті салыстыра келіп, бұларды сан алуан діни, әдеби, тарихи аңыз, әңгімелермен нақтылай түседі. Осы мақсатта пайғамбарлар мен әулиелердің, белгілі тарихи тұлғалардың, үлгілі жол қалдырған атақты кісілердің іс-әрекеттерін көлденең тартады. Осы орайда қазақ жұртына аты кең тараған Қарынбай мен Атымтай жомарттың, Айыб, Ғайса, Ибраһим, Мұхаммед (с.ғ.с.), Ғали, Омар, Оспан, Арыстан Баб секілді адамдардың өнегелері тартымды сипатталады. Мұның бәрі өзі жалынды жырларын арнап отырған қыпшақ, оғыз тайпаларының салт-санасы мен түсінік-танымына, тұрмысына бейімделгені анық аңғарылады [142, б.28].

Ахмет Ясаидің «Диуани хикмет» еңбегі тұтастай алғанда үлгі-өнеге, ақыл-насихат сипатында жазылған көлемді дастан болып табылады. Түркі әдебиетінде жақсылық пен жамандық, әділетсіздік пен адалдық, мейірімділік

пен қатігездік, ізгілік пен жауыздық, ерлік пен ездік, сарандық пен жомарттық, жастық пен кәрілік сынды маңызды дүниетанымдық мәселелердің кеңінен жырлануына бұл туынды айрықша ықпал етті. Шығарма автордың өмірлік тәжірибесімен, көңіл күйімен және рухани сезімдерімен астасып, терең идеялық мазмұнға ие бола отырып, түркі әдебиетінің дербес үлгісі ретінде ерекшеленеді.

Сонымен қатар, «Диуани хикметте» ізгілік, мейірімділік, жомарттық, адамгершілік, ерлік, Алланың жәрдемі сынды негізгі рухани категориялар жиі кездеседі. Бұл ұғымдар шығарманың тәрбиелік және құндылықтық мәнін айқындай түседі (1-кестеде көрсетілген).

Кесте 1 – Хикметтерде қолданылған негізгі рухани ұғымдар

Ұғым	Мазмұны (қазақша мәні)
Лутф	Ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, нәсіп
Мардан	Ерлік, батырлық, жомарттық
Мураууат	Адамгершілік, мейірімділік, қайырымдылық
Уаһһаб	Жомарттық, кеңдік, қолы ашықтық (Құдайдың сипаты ретінде)
Сахауат	Жомарттық, кең пейілділік
Файз	Мейірім, шапағат, пайдалы болу
Фарғ	Ерікті, ерікті түрде көмек көрсету
Ғиас	Жәрдем етуші, көмек беруші
Нусрет	Жеңіс, табыс, Алланың көмегі, жәрдем, рақым
Ескерту – Автормен жасалған.	

Бұл ұғымдар хикметтерде тек теологиялық түсінік ретінде емес, қоғамдық-практикалық мінез-құлық өлшемі ретінде де бейнеленеді. Әсіресе, «фарғ» ұғымы – ерекше назар аударарлық. Ол адамның өз еркімен қоғамға пайдалы іс жасауын білдіреді. «Фарғ» сөзі – адамның ішкі еркіндігі мен ниеті арқылы қоғамға қызмет ету идеясын білдіреді. Мұндай қызмет түркі халықтарында ертеден бар: қазақтың асар дәстүрі, өзбектегі хашар, қырғыздың имэджэ услую тәрізді ұжымдық көмек көрсету салттары осы түсінікпен сабақтас. Бұл дәстүрлер Түркістаннан Анадолыға дейін кеңінен тараған және рухани жомарттық пен ортақ жауапкершілік идеясын қалыптастырған. Ясауи еріктілікті адамгершіліктің жоғарғы формасы ретінде көрсетеді. Оның түсінігінде ерікті түрде көмек көрсету – материалдық пайда үшін емес, Жаратушының разылығына жету, жан тазалығы, рухани кемелдікке ұмтылу жолындағы амал. Мұндай қызметтің нәтижесі – алғыс, шүкіршілік, рухани қанағат.

Ясауи хикметтеріндегі басты идея – қоғамның тыныштығы мен рухани беріктігі жеке адамның ішкі тәрбиесінен, яғни имандылық пен парасаттылықтан басталады. Ол әділеттілік, адалдық, жомарттық, ізгілік секілді қасиеттерді ұрпақ тәрбиесінің негізі ретінде көрсетеді. Оның шығармасында

көрініс тапқан ұғымдар жүйесі – адамның рухани кемелденуіне ғана емес, қоғамның тұрақты дамуына негіз болатын тұғырлы құндылықтар жиынтығы. Ізгілік, жомарттық, қайырымдылық, еріктілік сынды қасиеттер арқылы ойшыл рухани-моральдық өркениетті қалыптастыруды мақсат еткен. Бұл идеялар бүгінгі таңда ұлттық рухани тәрбие берудің негізгі бағыттарының бірі ретінде өзектілігін сақтап отыр.

Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани хикмет» шығармасы түркі-ислам мәдени кеңістігіндегі рухани-этикалық ілімнің көрнекті үлгісінің бірі болып табылады. Бұл еңбекте сопылық дүниетаным негізінде адамның рухани кемелдікке жету жолы жан-жақты сипатталған. Ясауи ілімінде рухани ізденістің басты өлшемдері ретінде киелік және кісілік қасиеттер қарастырылады. Хикметтерде бұл қасиеттер әрдайым олардың қарама-қарсы ұғымдарымен салыстырыла отырып ашылады. Адам болмысының рухани дамуын көрнекі түрде талдау мақсатында негізгі категориялар жүйеленіп, төмендегі кестеде көрсетілді (2-кестеде көрсетілген).

Кесте 2 - Ясауи хикметтеріндегі рухани дамудың қарама-қарсы категориялары

Киелік / Кісілік қасиеттер	Қарама-қарсы ұғымдар
Ізгілік, мейірімділік	Жамандық, қатігездік
Әділет, адалдық	Әділетсіздік, зұлымдық
Жомарттық, кең пейілділік	Сараңдық, тар пейілділік
Ерлік, қайсарлық	Ездік, қорқақтық
Рухани кемелдік, даналық	Надандық, тоғышарлық
Сабыр, қанағат	Ашкөздік, нәпсіқұмарлық
Жастық жігер	Кәріліктің әлсіздігі
Ескерту – Автормен жасалған.	

Яғни, Ясауи баба үшін рухани қасиеттер - әрқашан маңызды әрі абсолютті ұғымдар. Ол адам табиғатын жақсылық пен жамандық, ізгілік пен жауыздық, жомарттық пен сараңдық сынды қарама-қарсы моральдық сипаттар арасындағы үздіксіз күрес ретінде бейнелейді. Алайда бұл күресте үнемі жақсылық жеңеді, өйткені оның жанашыры - жалғыз құдіретті Алла Тағала.

Ясауидің хикметтерінде рухани ізденіс, жан айқайы, өсиетнама, дерт пен шипа қатар өрбиді. Оның философиялық монологтары - надандыққа қарсы күйініш, рухани мешеуліктен арылуға бағытталған моральдық үндеу. Ол заман ауытқулы, қоғам бұзылған тұста да халқының ертеңі үшін аландайды, рухани тазаруға, ізгілікке үндейді:

Кімде-кім ізгілікті ойласа – рухтанады,
 Жақсылыққа ұмтылған – кемелденеді,
 Қайғы жұтқан – жан жарасына шипа табады.

Бұл жолдар Ясауи ілімінің универсалды гуманистік болмысын дәлелдейді. Қожа Ахмет Ясауидің бізге қалдырған ең басты аманаты -

адамгершілікке негізделген рухани тұтастықты сақтау. Ол:

- Ізгілік жасау,
- Жомарт болу,
- Жақсылыққа үндесу,
- Қоғам үшін пайдалы болу

сияқты қағидаларды ұлттық рухани тәрбие жүйесінің өзегіне айналдырған [145].

«Диуани хикметте» Ясауи адам болмысын кемелдендіретін, оның рухани деңгейін арттыратын негізгі сипаттар мен ұғымдарға түсініктеме береді. Араб және парсы тілдерінен енген бұл ұғымдар адамның мінезі мен іс-әрекетін сипаттай отырып, қоғамдағы рухани бірлік пен әлеуметтік үйлесімділікті бекемдеуге бағытталған.

Сонымен, қазақ даласында ислам өркениетінің енуімен еріктілікке қатысты біртұтас философиялық және аксиологиялық идеялар жүйесі қалыптасты. Бұл идеялар адамның ішкі еркіндігіне, жүрек қалауымен жасалатын қайырымдылыққа, рухани кемелдікке ұмтылуға негізделді. Жақсылықты мәжбүрлікпен емес, ерікпен жасау адамның рухани деңгейінің көрсеткіші ретінде бағаланды. Исламдық руханиятпен өрілген бұл идеялар еріктілік әрекетін тек әлеуметтік жәрдем емес, имандылықтың, адамгершілік пен парасаттылықтың көрінісі деп түсіндірді. Рухани танымда бұл – Жаратушы разылығына жетудің жолы, ал адам мен қоғам арақатынасында – сенім мен жауапкершілікке құрылған қатынас моделі болды.

Осы дүниетанымдық негіздер арқылы еріктілік ұғымы түркі-мұсылман қоғамының этикалық құрылымынан берік орын алды және рухани тәрбие мен қоғамдық үйлесімділіктің өзегіне айналды.

2.3 Қазақ руханиятындағы еріктілік дәстүрі: ақын-жыраулардан алаш тұлғаларына дейінгі жалғастық

Адамзат тарихы көрсеткендей, ежелгі дәуірден бастап қоғам адамның бойындағы белгілі бір құндылықтарды жоғары бағалап, оларды қоғамның моральдық-этикалық негізі ретінде қарастырған. Жалпыадамзаттық құндылықтарға жататын сүйіспеншілік, қайырымдылық, еркіндік, имандылық, ар-намыс, ар-ождан, ерлік пен инабаттылық сияқты қасиеттер тұлғаның адамгершілік өлшемін айқындайды. Осындай ізгі қасиеттер адам бойына рухани қуат беріп, кісілікті қалыптастырады. Қазақ этикасында осы қасиеттерді тәрбиелеудің бай тәжірибесі жинақталған, сондықтан ұлттық дүниетаным адамзатты ізгілікке баулудың маңызды рухани мектебі болып табылады [146]. Бұл құндылықтар ізгілік ұғымымен анықталып, олардың қалыптасуы мен сақталуы жеке тұлғаның мәдени деңгейін, сондай-ақ қоғамның ұйымдасу дәрежесін айқындайтын фактор ретінде қарастырылған. Ізгіліктердің болуы немесе болмауы өркениетті қоғам мен жабайылықтың арасындағы шекараны белгілеуде маңызды рөл атқарған.

Қазақ даласындағы еріктілік феноменін тереңірек түсіну бізді қазақ философиясы өкілдерінің мұраларына жүгінуге жетелейді. Олардың еңбектерінде адамзаттың іргелі құндылықтарын айқындайтын философиялық тұжырымдар қалыптасты. Аталған құндылықтар жеке тұлғаның қоғамда өмір сүру ерекшелігін, адамдармен үйлесімді қарым-қатынас орнату қабілетін сипаттаумен қатар, әлеуметтік дамудың рухани негіздерін де көрсетеді.

Қазақ философиялық ойы қалыптасуының алғашқы кезеңінде халықтың рухани мәдениетінің дамуымен, ауыз әдебиетімен, сондай-ақ қазақ ақындары мен жырауларының шығармашылығымен тығыз байланысты болды. Осыған байланысты Шоқан Уәлиханов былай деп келтіреді: «Тарихи тұрғыдан алғанда, халықтың поэтикалық рухы ерекше назар аударарлық: біріншіден, импровизаторлардың таңғажайып есте сақтау қабілетінің арқасында батырлар ерлігін жырлайтын көне поэмалар бізге бұрмаланбай жетті; екіншіден, әр дәуірде өмір сүрген импровизаторлар өз заманының маңызды оқиғаларын халық жадында өшпестей етіп қалдырды, нәтижесінде олардың барлығы тұтас бір бүтіндікті құрады; үшіншіден, бұл поэмалар әдет-ғұрыптармен, мақал-мәтелдермен, нақыл сөздермен және халықтың құқықтық кодексімен бірге өткен тарихи және рухани өмірдің толық картинасын жасады» [147].

Демек, қазақ философиясының тарихында көптеген философиялық идеялар қазақ поэзиясының бейнелері арқылы көрініс табады. Қазақ қоғамының дүниетанымдық тереңдігі мен рухани тәжірибесінің философиялық мәні ең айқын түрде ақындар, жыраулар мен билердің шығармашылығында орын алды. Осылайша, XV-XVIII ғасырлардағы қазақ философиясы халық даналығының көрінісі болып табылады. Ол дәстүрлі философиялық ұғымдармен емес, билердің, жыраулардың, ақындардың шешендік өнері, сондай-ақ сан алуан аңыздар, мифтер, нақылдар, мақал-мәтелдер арқылы бейнеленген [148].

Дәстүрлі қазақ қоғамында еріктілік ұғымы терең рухани-мәдени мазмұнға ие болды. Қазақ халқы үшін мұқтажға қол ұшын беру, әлсізге жәрдемдесу, қайырым жасау – адамгершілік пен имандылықтың басты көрінісі ретінде қабылданды. Бұл құбылыс тек жеке адамның мінез-құлық нормасы ғана емес, бүкіл қауымның ұжымдық жауапкершілігінің айнасы еді. Қазақ дүниетанымында еріктілік әрекеттері қоғамдық қатынастардың ажырамас бөлігіне айналып, әлеуметтік ынтымақ пен рухани тұтастықты нығайтты. Ел ішінде қалыптасқан асар, шүлен тарату, жылу жинау сияқты дәстүрлер халықтың өзара көмек пен қолдау мәдениетін айқындады. Бұл тәжірибелер әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз етіп қана қоймай, қоғамдық келісімнің тұрақты тетігі ретінде қызмет атқарды.

Қазақ мақал-мәтелдері де осы ұстанымдарды айқын бейнелейді: «Жақсылық жасасаң, қайырымыңды өзің көресің», «Кең болсаң, кем болмайсың», «Қайырымды іс – қайырлы іс», «Көп түкірсе – көл болады», «Адамның күні – адаммен», «Жақсылық жерде қалмас», «Күш – бірлікте, бірлік – Тәңірде», «Қайғыны бөліссе – азаяды, қуанышты бөліссе – көбейеді». Бұл нақыл сөздер халық дүниетанымында әлеуметтік көмектің негізгі формасы

ретінде еріктіліктің әлеуметтік және этикалық мәнін айқындады.

XV–XIX ғасырлар аралығында өмір сүрген қазақ ақын-жыраулары мен ойшылдары да осы идеяларды кеңінен насихаттады. Асан қайғы, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, Бұқар жырау, Махамбет Өтемісұлы, Дулат Бабатайұлы, Шортанбай Қанайұлы, Абай, Мұрат Мөңкеұлы, Шағырай шешен, М. Дулатұлы сынды тұлғалардың толғаулары мен өлеңдерінде ерлік пен батырлық қана емес, елге жанашырлық таныту, жомарттық көрсету, халыққа қызмет ету секілді ізгі қасиеттер дәріптелді. Бұл шығармаларда қайырымдылық жасау, қиын-қыстау кезеңде елге сүйеу болу ұлттық сана мен моральдық жауапкершіліктің маңызды қыры ретінде бейнеленді.

Асан Қайғы (XV ғ.) – қазақ халқының рухани тарихында елдің болашағын ойлаған, халықтың қамын жырлаған жырау. Ол «Жерұйық» идеясы арқылы халыққа бейбіт, бақ-берекелі, әділетті қоныс іздеген тұлға ретінде белгілі.

Ай, Хан ием, мен айтпасам, білмейсің,

Айтқаным көнбейсің.

Шабылып жатқан халқың бар,

Аймағын көздеп көрмейсің [149] - деген жолдар билеушінің халыққа немқұрайлы қарамауы қажеттігін ескертеді. Мұнда қоғам алдындағы жауапкершілік пен халыққа қызмет ету қағидаты көрініс табады, ал бұл еріктіліктің іргелі өзегі болып саналады. Айталық, Асан қайғы жырларында қанағат кең пейілділікпен, нәпсіні тыйюмен, ақсүйектер мен батырларды ел мүддесінен алшақтамауға шақырумен және тағы басқалармен айшықталады (“асқынып жауап айтпаңыз”, “күн шығарып жатпаңыз”, “табиғат, ел қадірін біліңіз”...) [146, б. 288]

...Тіл алсаң, іздеп қоныс көр,

Желмая мініп жер шалсам,

Тапқан жерге ел көшір,

Мұны неге білмейсің!? [149, б.17] - деген ой жыраудың елдің игілігі үшін жеке басын құрбан етуге дайын екенін паш етеді. Бұл еріктіліктің еркіндікке негізделген қоғамдық мүддеге қызмет ету сипатын айқындайды. Ал «Ай, Жәнібек, ойласаң, қилы-қилы заман болмай ма?» деген жолдар болашақ ұрпақтың тағдырын ойлау, келер күннің қиындықтарына алдын ала қамдану қажеттігін меңзейді. Жәнібек ханға арналған толғауларында билеушінің халыққа деген немқұрайдылығы сыналады және ел қамын ойлау қажеттілігі алға тартылады. Жырау қоғамдық жауапкершілікті басты құндылық ретінде көтеріп, халыққа қызмет етудің биліктің басты миссиясы екенін ескертеді. Сонымен бірге ол елдің игілігі үшін жеке басын құрбан етуге дайын екенін білдіріп, қоғамдық мүдде жолындағы ерікті әрекеттің үлгісін көрсетеді. Жыраудың ойларында болашақ ұрпақ тағдырына алаңдау, келер заманның қиындықтарына алдын ала қамдану идеясы да көрініс тапқан [150]. Осы негізде, Асан Қайғы толғауларынан еріктіліктің философиялық мазмұны – халыққа адал қызмет ету, қоғамдық игілікті жоғары қою және болашақ үшін жауапкершілікті сезіну – анық байқалады.

Қазақ халқының тарихында Төле би, Қазыбек би және Әйтеке би есімдері елдің бірлігі мен тұтастығын сақтаудың, халық қамын ойлаудың, қайырымдылық пен әділдікті дәріптеудің символына айналды. Үш би өз дәуірінде тек билік айтушы ғана емес, халықтың рухани жетекшілері болды. Олар жетім-жесірді қорғап, әлсізді қолдап, дауларды әділ шешіп, сыртқы қауіптен елді қорғауда даналық көрсетті. Баталарында қайырымдылықты елді біріктіретін күш ретінде дәріптеп, халық қамын ойлауды әрбір азаматтың ең басты парызы деп түсіндірді. Осы арқылы үш би қоғамдағы әлеуметтік теңдікті нығайтып, халықтың берекесін сақтауға бағытталған моральдық-этикалық бағдар берді.

Төле би Әлібекұлы (1663–1756) - қазақ халқының көрнекті биі, шешені, мемлекет қайраткері. Оның айтқан нақылдары мен берген баталары тек діни-дәстүрлік сипаттағы тілек қана емес, қоғамдық сананы тәрбиелейтін, халықтың әлеуметтік-рухани өмірін бағыттайтын құндылықтар жүйесі болды.

Төле бидің баталары көбіне қайырымдылық пен ел қамын ойлау идеясына негізделген. Мысалы:

«Атасызға ата бол,
Батасызға бата бол!
Арып-ашқан қаріптің
Жел жағына жота бол!
Панасызға пана бол,

Кек сақтамас бала бол!» [151]- бұл жолдарда Төле би қоғамдағы әлсіздерге қамқор болуды, жетім-жесірді, панасызды қорғауды ұрпақтың басты парызы ретінде көрсетеді. Мұнда қайырымдылық - жеке адамдық қасиет қана емес, қоғамдық тұрақтылық пен адамгершіліктің кепілі ретінде айшықталады.

Ал ел қорғаған ерлерге арналған батасында:

Алла ісің оңғарсын,
Жұрттың қамын толғарсың.
Ақ білектің күшімен,
Ақ найзаның ұшымен
Жалпақ жатқан байтақты
Жан аямай қорғарсың.
Пана болып халқыңа,
Көз қырын сал салтыңа,
Адал жүріп қызмет қыл [152].

Бұл өсиет ер азаматқа тек батырлықты емес, елге адал қызмет етуді, халыққа пана болуды, жұрттың қамын ойлауды басты мұрат ретінде ұсынады.

Әйтеке би (1644–1700) – қазақтың ұлы биі, әділ билік пен терең ойдың иесі. Оның шешендік сөздері мен нақылдары ел бірлігін сақтауға, қоғамдағы әділеттілікті орнатуға және халықтың санасын тәрбиелеуге бағытталды. Әйтеке би әрбір адамның қоғам алдындағы міндетін айқындап, бай мен батырдың шынайы қадірін халыққа қызметімен өлшеді.

Оның әйгілі сөздерінің бірі былай дейді: «Бай болсаң, халыққа пайдаң тисін; батыр болсаң, дұшпанға найзаң тисін. Бай болып пайдаң тимесе, батыр болып найзаң тимесе, жұрттан алабөтен үйің күйсін!» Бұл сөздің мәні терең. Мұнда би байлық пен батырлықты жеке бас мүддесі үшін емес, халыққа қызмет ету құралы ретінде қарастырады. Бай адам елге қол ұшын беріп, жомарттығымен қоғамға пайдасын тигізуі тиіс. Ал батыр елінің қорғаны болып, қажет кезінде жауға қарсы тұруы керек. Сондай-ақ Әйтеке бидің тағы бір қанатты сөзі «Өмірім халқымдыкі, өлімім ғана өзімдікі» [153]. Бұл нақыл қазақ қоғамындағы әлеуметтік жауапкершіліктің өлшемін айқындап, елдің амандығы мен бірлігі жеке бастың мүддесінен жоғары тұруы керектігін көрсетеді. Егер байдың да, батырдың да еңбегі халыққа арналмаса, олардың қадірі жоқ екені баса айтылады. Әйтеке бидің осы нақылы қазақ қоғамындағы әлеуметтік жауапкершіліктің өлшемін айқындайды. Бұл – елдің амандығы мен бірлігін ойлаған, халықты ізгілік пен қайырымдылыққа шақырған би даналығы. Яғни, Әйтеке би ел мүддесін жеке бастың өмірінен жоғары қою, халық жолында жанкештілік таныту ұстанымы байқаймыз.

Қаз дауысты Қазыбек би Келдібекұлы (1667–1764) - қазақтың ұлы биі, шешені әрі мемлекет қайраткері. Ол бірде:

Жанашыры жоқ жарлыға,

Жәрдемші бол асыға.

Қиын-қыстау күндерде,

Өзі келер қасыңа.

Бүгін сағы сынды деп,

Жақыныңды басынба...[154] - деп ұлағатты өсиет айтқан. Бұл игі тілек Қазыбек бидің башқұрт елінен бас сауғалап келген батырды бауырына тартып, оны қорғаштаған кезіндегі сөзі болатын. Қызы Қамқаның жоқтауында Қазыбек би тек әке ғана емес, ел қамын жеген әділ би, халықтың арқа сүйер қайраткері ретінде көрінеді:

Қазаққа арнап жол салдың,

Қолайлы қылып әр заңға.

Жесір қатын, жетім ұл

Аруағына таянып,

Ие болды мал-жанға...

Сырдың бойын жаратып,

Мал өсірер орын деп –

Қазақтың ұлын өрдіріп,

Қоныс әпереді Арқадан...[155]. Бұл жолдар Қазыбектің әділ заң шығарып, жесір мен жетімді, әлсізді қорғап, халыққа сенім орнатқанын көрсетеді. Ол ел бірлігін ойлап, үш жүздің басын қосып, кеңес құрған. Сондай-ақ жер жайын реттеп, Сыр бойынан Арқаға қоныс әперіп, елдің мал өсіріп, тіршілігін нығайтуына жағдай жасағанын сипаттайды.

Бұқар жырау Қалқаманұлы (шамамен 1668–1781) – қазақтың ұлы жырауы, Абылай ханның сенімді кеңесшісі, XVIII ғасырдағы саяси-әлеуметтік

ойдың көрнекті өкілі. Ел арасында айтылатын бір оқиғада, қалмақ жұртының басына күн туып, игі-жақсылары Абылайдың алдына келіп көмек сұрайды. Абылай хан кеңесшілеріне қарап, не істерін ойланған сәтте, Бұқар жырау мүдірместен:

Айта да айта кетсін жұртына,
Мұздар да мұздар қатсын мұртыңа.
Еш келмеді қыртыңа,
Кең Абылай, кең аям.
Шұбар ағаш, құба жон,
Мекен еткен шөлде аям.
Телі мен тентегің,

Иіліп алдына келді, аям! [155, б.275] – деп толғайды. Қарт жыраудың осы сөздері мейірімділік пен даналыққа толы болып, келген қалмақ елшілерінің көңілін жадыратты. Бұқар жыраудың жырына сүйенген Абылай хан да сабыр сақтап, кеңпейіл шешім қабылдағаны айтылады.

«Қайырымдылық жасасаң, қайырын өзің көресің» деп ата-бабамыз тегін айтпаса керек. Бұл қағида – жасалған ізгі істің қайтарымы ең алдымен өзіңе тиесілі болатынын меңзейтін терең өмірлік даналық. XIX ғасырдың екінші жартысында Сыр бойы мен Ұлытау өңірінде аты шыққан Шағырай шешен (1705–1785) өз шығармашылығында осы ұстанымды өрнектеп, жомарттық пен адамгершіліктің мәнін терең жеткізген. Оның өлеңінде қайырымдылық – қоғамды біріктіретін, ал жомарттық – адамдық болмыстың шынайы өлшемі ретінде қарастырылады:

Өзін ғана ойлаған –
Жамандықтың белгісі.
Өзгені де ойлаған –
Адамдықтың белгісі.
Үлгілі сөз білмеген –
Надандықтың белгісі.
Бар-жоғына қарамас –
Анық жомарт, ер кісі.

Бұл өлең жолдарынан шынайы жомарт жанның материалдық жағдайына қарамастан өзгеге қол ұшын соза алатындығын, ал адамдықтың басты өлшемі – өзіңмен бірге өзгелердің қамын ойлау екендігін айқын көреміз. Қазақ қоғамында кең тараған «Кең болсаң – кем болмайсың» деген нақыл да осы ойдың заңды жалғасы іспетті. Оның мәніне үңілсек, адам бойындағы жомарттық пен қайырымдылық қасиеттер өмірдің үйлесімді әрі мәнді өтуіне, төрт құбыланың тең болуына ықпал ететінін аңғаруға болады [156].

Махамбет Өтемісұлы (1804–1846) – XIX ғасырдағы қазақ халқының азаттық күресінің рухани жыршысы, халықтың еркіндігі мен бостандығы жолында жанын пиде еткен ақын әрі батыр. Оның поэзиясы – ел тағдырын жырлаған, әділетсіздікке қарсы күрестің, ерлік пен еріктіліктің асқақ үнін жеткізген тарихи мұра. Махамбет үшін ерлік ұғымы тек найза ұстап жауға

шапқында емес, ең алдымен елге жанашыр болу, халық мүддесі үшін қаймықпай күресу еді. Оның толғауларында халыққа сүйеу болу, елдің басын қосу, әділдік орнату идеясы айқын байқалады. Асан Қайғының ел қамын ойлаған толғауларынан бастап, Бұқар жыраудың бірлік пен жомарттықты дәріптеген нақылдарына дейінгі поэзия арнасы Махамбет шығармашылығында жаңа мазмұнға ие болды.

Ақынның «Еділдің бойы ен тоғай...» атты толғауы – соның әдемі мысалы іспеттес. Ол елге кең қоныс, мол дәулет тілеп:

Еділдің бойы ен тоғай –

Ел қондырсам деп едім.

Жағалай жатқан сол елге

Мал толтырсам деп едім... – деп, халықтың тұрмысын жақсартуды арман етеді. Бұл жолдарда жомарттық пен халыққа жанашырлық идеясын көреміз. Ақын өзінің жеке мүддесін емес, елдің мұқтаждығын алға тартады. Халық жанашыры келесі жолдарда:

Еңсесі биік ақ орда –

Еңкеймей кірсем деп едім.

Керегесін кескілеп,

Отын етсем деп едім.

Туырлығын тескілеп,

Тоқым етсем деп едім... [157] – деген жолдары халықты езіп отырған үстем тапқа қарсы күресті меңзейді. Мұндағы «ақ орда» – хандық билік пен отаршылдықтың символы. Махамбеттің мақсаты – халықты азат ету үшін сол орданы қирату. Бұл – ел үшін жанын пида етуге дайын батырдың сөздері. Осы толғауларды ерліктің ғана емес, еріктіліктің де үлгісі ретінде қарастыруға болады. Себебі Махамбет халық үшін күресті сырттан міндеттелген іс деп емес, жүрек қалауынан туған, еркін таңдауы деп қабылдайды. Оның арманы – елге бейбіт қоныс тауып беру, халықты әділетке жеткізу, мұқтажға сүйеу болу. Бұл – қазақтың дәстүрлі еріктілік ұғымымен, яғни асар, шүлен тарату, қайырымдылық сияқты ұлттық дәстүрлермен үндес.

Махамбет Өтемісұлы шығармашылығы – қазақ әдебиетіндегі ержүректік пен рухани еріктіліктің синтезі. Ол ерлікті – халық үшін күресте, еріктілікті – елге жанашырлық пен қайырымдылықта таныды. Оның жырлары ұлттық санада әділет пен азаттық идеясын оятып, қазақ руханиятындағы елге қызмет етудің өлшеміне айналды.

Дулат Бабатайұлы (1802–1874) өзінің «Ақылы шолақ адамзат, жақсылықты қылсаңшы?!» деп басталатын жырында [158] адамдардың бойындағы кемшілікті сынап, жақсылыққа шақырады. Ақын үшін нағыз адамдық қасиет – ізгілікке ұмтылу. Жақсылық жасауды ескермеген жанды ол «ақылы шолақ» деп атайды.

Ақын:

«Ей, жігіттер, азбассыз,

Менің тілім алсаңыз.

Құдай сақтар пәледен,
Хайыр зекет берсеңіз» [158, б. 187]

Бұл шумақта ақын елге үн қатады. Жастарға насихат айтып, жол көрсетеді. «Азбассындар, егер менің тілімді алсаңдар» деп, дұрыс жолға бастайды. Ал сол дұрыс жолдың негізі – қайыр мен зекет беру, яғни мұқтажға жәрдемдесу.

Әуелі Аллах айтайық,
Ағузу биллаһи әліпті.
Қайыр беріп сыйлаңыз

Мүсәпір мен кәріпті [158, б.188] деп бастап, қайырымдылық жасауды, әлсіздер мен мұқтаждарға жәрдем етуді ең үлкен сауап іс деп насихаттайды.

Келесі шумақтарда да:

«Кәріпке қайыр берсеңіз,
Ақыреттің дәулеті,

Қараңғы емес, жарық-ты» [158, б.188] деп, кедей-кепшікке қайыр көрсетудің ақыреттегі жарық жол, рухани байлық екенін айтады.

Сондай-ақ:

«Ақыретте не болар,
Құдайды жақсы білмеген?
...Мына күнім жалғанда

Жақсылық жолдан жүрмеген» [158, б.188] деген жолдарда қайырымсыз, жақсылықтан бас тартқан адамның ақыреттегі жағдайы ауыр болатынын ескертеді. Дулат Бабатайұлы бұл үш шумақ арқылы қайырымдылық – адамның ең басты парызы, мұқтажға жәрдем ету – ақыретте нұрлы жолдың кепілі дегенді халыққа насихат қылады.

Шортанбай Қанайұлы (1818–1881) – «Зар заман» ағымының көрнекті өкілі. Ол заманның азғанын, елдің имандылықтан алыстағанын сынап отырып, халықты ізгілікке, қайырымдылыққа, сауапты амалға үндеді.

Ақын жырларында қайыр-садақа, зекет берудің мәнін ерекше атап өтеді:

«Малынан зекет бермеген,
Аузында құдай кірмеген,

Қайыры жоқ сараңды» [158, б.201] - бұл жолдарда ақын сараңдықты ауыр мінез деп бағалап, малы бар кісілерді зекет беруге, мұқтажға жәрдемдесуге шақырады. Әлемге ортақ ай мен күн сияқты, Алланың берген несібесі де ортақ екенін еске салады.

Ал енді халыққа тікелей үн қатқан жолдарында:

«Сәлем айттым бәріңе:
Қызмет етіп жүріңдер.
Өлгеннен соң қоймайды
Жасы біткен кәріге.
Ұяларсың Құдайдан,

Тірідегі халіңе» [158, б.207] деп, әрбір адамға тірі кезінде қайырымды болып, қызмет етіп, сауапты амал жасау қажет екенін ескертеді. Өйткені,

өлгеннен кейін амал жасау мүмкін емес, ал тіршілікте жасаған ізгілік – адамның ақыреттегі нұры. Осы өлеңдерінде Шортанбай жақсылық жолын ұстанған адам ғана Құдай алдында ұялмайды деген терең ойды жеткізеді. Яғни, Шортанбай Қанайұлы жырлары – халықты қайырымдылыққа, жомарттыққа, қызмет етуге шақырған насихат. Оның «малынан зекет бермегенді» сынауы да, «сәлем айтып бәріңе» деп өсиет етуі де – ізгі амалдың ақырет үшін мәңгілік азық екенін көрсетеді.

Ақын Ақмолла Мұхамедиярұлы (1831–1895) дүниеқоңыздық пен сараңдықты қатты сынап, қайырымдылық пен жомарттықты дәріптейді.

Ол былай дейді:

Жаны сараң жаман бай тастан қатты,

Құдайы қайыр, зекет көңіліне алмас [158, б.220].

Бұл жерде Ақмолла сараң байдың жүрегі тастан да қатты екенін айтады. Мұндай адамның көңіліне Алланың қайыры да, зекеттің парызы да кірмейді. Ақынның ойынша, байлық – адамды сараңдыққа емес, елге пайда тигізетін жомарттыққа бастау керек.

Сонымен бірге осы жырда ол мал мен дүние көбейген сайын адам тәкаппарланып, қанағатсыз болып, ақыр соңында өкінетінін ескертеді. Яғни Ақмолланың насихаты – жақсылық жасап, қайыр-садақа бер, сараңдық пен дүниеқоңыздықтан аулақ бол.

Қазақ халқы бастан кешкен тарихи сын-қатерлер – жоңғар шапқыншылығы, ашаршылық, отарлық езгі жағдайында халықтың бір-біріне деген жанашырлығы, ұйымшылдығы ерекше байқалды. Осындай кезеңдерде ұжымдық көмек пен ерікті қайырымдылық – тіршіліктің, бірліктің және рухани тұтастықтың негізіне айналды. Осы кезеңде Ыбырай Алтынсарин алғашқылардың бірі болып халыққа білім беру ісін ұйымдасқан түрде қолға алды. Ол 1864 жылы Торғайда тұңғыш рет қазақ балаларына арнап мектеп ашып, өз қаражаты мен күш-жігерін ел болашағына арнады. Ыбырай тек ағартушы ғана емес, қоғамдық еріктілік рухын тәжірибе жүзінде көрсеткен тұлға болды. Оның балаларға арналған кітаптар жазуы, қыз балаларын оқытуға көңіл бөлуі, мектеп-интернаттар мен ұстаздар даярлайтын курстар ашуы – қоғамға шынайы жанашырлықтың, еріктіліктің жарқын үлгісі. Ыбырай Алтынсарин ағартушылық қызметімен бірге өлеңдерінде жомарттық пен қайырымдылықты дәріптейді. Ол адамдарға байлығына мастанбауды, керісінше елге қайыры тиетін ізгі істер жасауды насихаттады:

Ұмытпа бай болдым деп бір құдайды,

Жер жұтқан қайырсыздан қарынбайды.

Мекенін білемісіз қайда қалды,

Жомарттық қылған үшін Атымтайды? [158, б.227]

Ыбырай Алтынсарин өз шығармаларында сараңдық пен дүниеқоңыздықтың баянсыз, өткінші екенін атап көрсетеді. Ол адам баласының артында қалатын шынайы ізгілік – байлық та, мансап та емес, өзгеге тигізген пайдасы мен қайырлы істері екенін айқын ұқтырады. Ақын Атымтай Жомарт

бейнесін мысалға ала отырып, жомарттық пен қайырымдылықтың мәңгілік рухани құндылық екенін дәлелдейді. Халықтың жүрегінде өшпес із қалдыратын нәрсе – жомарттықтан туындайтын ізгі амалдар екенін ескертеді. Сонымен қоса, Ы. Алтынсариннің «Жақсы ой мен жақсы сөз жақсы істерге жетелейді» деген қанатты сөзі оның ізгілік үшін әрекет етуді үндеген халық зиялысы екенін тағы бір мәрте сипаттайтындай. Осы арқылы Алтынсарин жеке мүдде мен материалдық игіліктің уақытша екенін, ал қайырымдылық пен қоғамдық игілікке қызмет етудің адамды мәңгілікке дейін халық жадында сақтайтын құндылыққа айналатынын философиялық тұрғыда паш етеді.

Абай Құнанбайұлы (1845–1904) дүниетанымы адамның еркін әрекеті мен рухани кемелдігін ұштастырып, әрбір тұлғаға моральдық жауапкершілік жүктейді. Оның «толық адам» ілімі, «имани гүл» және «жәуанмәртлік» ұғымдары рухани еркіндік, ізгілікке ұмтылу, адамгершілік таңдаудың ерікті сипаты сияқты мәндермен астасып жатыр. Ақынның «Махаббатпен жаратқан адамзатты...» деп басталатын өлеңінде айтылған үш сүю - Алланы сүю, адамды сүю, әділетті сүю - ерікті түрде жасалатын моральдық әрекеттердің өзегі болып табылады:

Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол Алланы жандән тәтті.
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,
Және Хақ жолы осы деп әділетті
Осы үш сүю болады имани гүл,
Иманың асылы үш деп сен тәхқиқ біл.
Ойлан дағы, үшеуін таратып бақ,
Басты байла жолына, малың түгел [158, б.272].

Бұл екі шумақ – Абайдың «үш сүю» философиясы: Алланы сүю, адамды сүю, әділетті сүю. Бұлар – имандылықтың өзегі ғана емес, еріктіліктің де тұғырлы іргетасы. Алланы сүйген жан – адамды сүйеді, адамды сүйген жан – әділетті қолдайды. Ерікті болу – осы үш сүюді өмірге енгізу. Абайдың даналығы бүгінгі еріктілерге де бағдаршам іспетті. Ол бізге адамды сүюдің, әділет пен мейірімділікті ұстанудың, өз ар-ұятыңды күзетудің мәнін түсіндіреді. Еріктілік – әлеуметтік әрекет қана емес, ол – имани гүлге айналған жүректің ісі.

Абайдың «имани гүл» ұғымы адамның ішкі жан дүниесінің тазалығын, рухани талпынысын білдіреді. Бұл ілім бойынша адам өз еркімен ізгілікке ұмтылғанда ғана рухани биіктікке жетеді. «Толық адам» болу - бұл жай ғана білімді болу емес, бұл жүрек, ақыл, қайрат үйлесімінде әрекет етіп, еркін, ізгілікті өмір сүрудің моральдық өлшеміне көтерілу.

Абай шығармаларында кездесетін «жәуанмәрттік» ұғымы - жомарттық, әділеттілік, парасаттылық сияқты қасиеттерді біріктіретін моральдық бейне. Бұл бейне халық ұғымында «мәрт», яғни батыл, әділ, қайырымды тұлғаның көрінісі. Мұндай адам - өз әрекетін еркін таңдай алатын, ізгілікті өмір сүруге ниетті жан. Бұл идеялар арқылы Абай мен Шәкәрім ерік пен адамгершілік, рух

пен жауапкершілік арасындағы байланысты философиялық тұрғыда негіздеді. Академик Ғарифолла Есімнің пайымдауынша, Абай «жауанмәрт» тұлғасының үш іргелі сипатын айқындайды: шыншылдық (сидық), ақ пейілділік (кәрәм) және даналық (ғақыл). Бұл қасиеттердің әрқайсысы өзінен туындайтын ізгі ұғымдармен жалғасады: шыншылдықтан - әділет, ақ пейілділіктен - шапағат, даналықтан - терең таным. Абай осындай моральдық сипаттарға ие жанды «жомарт» деп атаған, ал оның әрекеті - ерікті түрде жасалатын жомарттық [88, б. 249].

Зерттеуші Мекемтас Мырзахметұлы Абай іліміндегі адамгершілік концепцияны шығыс-мұсылман философиясындағы «жауанмәрт» ұғымымен сабақтастыра отырып түсіндіреді. Жауанмәрт – парсы тілінен енген, шыншылдық, мейірімділік, жомарттық және батырлық сынды қасиеттердің бірлігін білдіретін ұғым. Бұл қасиеттердің жиынтығы Абайдың «толық адам» ілімінде көрініс тапқан. М.Мырзахметұлы «жомарттық» ұғымын қазақ дүниетанымындағы жауанмәрттіктің баламасы ретінде қарастырып, оны рухани кемелдіктің бір көрсеткіші ретінде бағалайды [159].

Омаров Асан Қайырбекұлы өз зерттеуінде «жауанмәртлік – адам санасының жетілу мәртебесі» деп тұжырымдайды. Мұндағы «мәртебе» ұғымы жай ғана әлеуметтік лауазым немесе атақ емес, адамның рухани-парасаттық деңгейін білдіретін категория ретінде қарастырылады. Қазақ дүниетанымында «жоғары мәртебелі» деп айтылатын тіркес адам бойындағы асқақ парасат пен ішкі тазаруды меңзейді. Бұл жерде мәртебе – адамның қоғамдағы орнына ғана емес, оның адамгершілік кемелдігіне де қатысты өлшем. Осы ұғымның орыс тіліндегі «сановник» сөзімен үндестігі де назар аударарлық. Латынның “sanus” (таза, биік, рухани тұнық) түбірінен өрбіген бұл түсінік адамның тек сыртқы билігі емес, рухани салмағы мен мәндік деңгейін білдіреді. Демек, «мәртебе» ұғымы шығыс пен батыс мәдениеттерінде адамның тек әлеуметтік рөліне емес, оның рухани биіктігіне қатысты философиялық категорияға айналған. Бұл тұжырым «жауанмәртліктің» мәнін айқындайды: ол – адамды рухани жетілуге жетелейтін, парасат пен ізгілікті өмірлік өлшем етіп қабылдауды талап ететін қасиет. Сондықтан «мәртебе» ұғымы қазақ дүниетанымында адамгершілік пен парасаттың тұтас көрінісі ретінде түсіндіріліп, адамның рухани жетілу дәрежесін анықтайтын өлшем қызметін атқарады [160].

Абайдың философиялық жүйесінде «жомарттық» ұғымы – адамның ең жоғары моральдық сапаларын сипаттайтын этикалық категория ретінде көрінеді. Жомарттық – қайтарым күтпестен жақсылық жасау, өз пайдасынан бұрын өзгенің қажеттілігіне көңіл бөлу, мұқтажға көмек беру сынды әрекеттермен сипатталады. Бұл қасиет қоғамдағы әлеуметтік әділеттілікті нығайтуға бағытталған іс-әрекеттердің негізі болып табылады. Ғылыми еңбектерде бұл туралы: «Жомарттық – бұл адамның ең жақсы қасиеттерінің бірін ұсынатын және жағымды моральдық сапаны анықтайтын этикалық категория. Кедейлерге, қарттарға, мүгедектер мен мұқтаждарға көмек көрсету – игі іс» деген тұжырымдар келтіріледі [161].

Осы тұрғыдан алғанда, Абай үшін жақсылық жасау – адамның сыртқы қоғамдық міндетінен бұрын, оның ішкі рухани әлемінің терең мазмұны. Бұл – «толық адам» болмысының басты өлшемі, оның адамгершілік деңгейінің көрсеткіші және рухани кемелденудің негізгі тетігі. Жақсылық – адамның ар-ұжданы мен жүрек сезіміне негізделген, адамның ішкі еркіндігі мен моральдық биіктігін танытатын әрекет. Сондықтан да Абай үшін «Жақсылық жасау – әр адамның парызы» деген тұжырым – адами болмыстың басты мағынасы мен міндетін айқындайтын, этикалық-философиялық қағидаға айналған.

Абайдың шығармалары қазақ қоғамының рухани, адамгершілік іргетасын қалады. Оның терең философиялық ойлары тек жеке адамға емес, бүкіл адамзатқа қатысты мәңгілік құндылықтарды паш етеді. Бүгінгі таңда еріктілік феноменін түсіндіруде де Абайдың өсиеттері айрықша мәнге ие. Ол – адамды сүю, әділетті ұстану, мейірім мен қайырымдылықты серік ету.

«Кеше бала ең, келдің ғой талай жасқа,

Көз жетті бір қалыпта тура алмасқа.

Адамды сүй, Алланың хикметін сез,

Не қызық бар өмірде онан басқа?!» [158, б.271] – бұл адам баласының уақыт өте есейіп, дүниенің өткіншілігін сезінген шағы. Өмірдің мәні – адамды сүю, Алланың хикметін тану. Яғни, Абай үшін нағыз бақыт – өзгеге пайда тигізу, адамзатқа қызмет ету. Бұл уақытты босқа өткізбеу, Алланың берген өмірін адамға, қоғамға қайырым етіп пайдалану.

«Көптің бәрін көп деме, көп те бөлек,

Көп ит жеңіп көк итті күнде жемек.

Ғаделет пен мархамат – көп азығы,

Қайда көрсең, болып бақ соған көмек» [158, б.268] – бұл жерде Абай көпшілікке еріп кетпеді, әділет пен мейірім жолын таңдауды уағыздайды. Нағыз ізгілік – көптің ағысына ермей, өз жүрегінің әмірін тыңдау. Еріктілердің жолы да осылай: олар барлығына ұқсап «өз қамым» демейді, қайта өзгеге көмек қолын созады. Ғаделет (әділет) пен мархамат (қайырымдылық, мейірім) – еріктіліктің іргетасы.

«Құдай берген бұл достық – кәннің бірі,

Мұңдасқанда қалмайды көңіл кірі.

Қолдан достық жасап ем болар-болмас,

Итмұрындай наданның жыртты бірі [158, б.250]» - өлеңдегі «кән» – кең, кеніш; ауыспалы мағынада: ізгілік, мейірімділік бастауы, қайырымдылық деп беріледі. Бұл да Абайдың ойымен қабысып жатыр: адам баласы – кең дүниенің бір бөлшегі, ал ізгілік пен мейірім – сол кең дүниенің тұтқасы. Егер әр адам жүрегін кең ұстап, қайырымдылыққа бой ұрса, қоғамның іргесі берік болады.

Абай дүниетанымындағы «жақсылық жасау» ұстанымы – оның этикалық жүйесінің түпқазығы әрі «Адам болу» идеясының моральдық-рухани іргетасы. Ойшыл үшін жақсылық – тек әлеуметтік әрекет немесе сыртқы қоғамдық талап емес, ол адамның ішкі болмысының көрінісі, жан дүниесінің рухани кемелденуінің айғағы. Жақсылық жасау – адамның өзіне де, қоғамына да деген

жауапкершілік сезімінен туындайтын ізгі ниеттің, шынайы жанашырлықтың көрінісі. Абай ілімінде адамның кемел бейнесі жүрек, ақыл және қайраттың үйлесімді бірлігімен айқындалады. Бұл үштіктің үйлесімі – «толық адам» концепциясының өзегі. Жүрек – мейірім мен сүйіспеншіліктің, ақыл – таным мен парасаттың, ал қайрат – әрекет пен табандылықтың символы ретінде түсіндіріледі. Абайдың пікірінше, осы үш сипаттың бір-бірінен ажырамас тұтастығы ғана адамды шын мәніндегі кемелдікке жеткізеді.

Шәкәрім Құдайбердіұлы «Адамдық борышың» өлеңінде:

«Адамдық борышың,

Халқыңа еңбек қыл.

Ақ жолдан айныма,

Ар сақта, оны біл» [162]- деп адамның өмірлік миссиясын анықтап береді. «Адамдық борышың – халқыңа қызмет қыл» деген жолдар жеке тұлғаның өз өмірін тек өз игілігіне ғана емес, қоғам мүддесіне арнауы тиіс екенін көрсетеді. Бұл - қоғам мен индивидтің өзара байланысын айқындайтын гуманистік ұстаным.

«Ақ жолдан айныма, ар сақта оны біл» деген өсиет адамдық болмыстың негізгі тірегі - ар-ождан екенін алға тартады. Шәкәрімнің «Үш анық» философиялық еңбегіндегі «ар ілімі» ұғымымен үндес бұл ой, адамды әділеттілік пен адалдық жолында болуға шақырады. Демек, ақын адам өмірінің құндылығы оның арға адалдығы мен әділетті әрекеттерінде деп түсіндіреді.

Ел мен жерін жанындай жырлаған «Зар заманның» көрнекті өкілі - Мұрат Мөңкеұлы (1843–1906) да өз шығармаларында халықты ізгілікке, қайырымдылыққа, адалдыққа шақырып, дүниеқоңыздық пен сараңдықты сынайды. Оның толғауларында «сахауат» сөзі жомарттықтың, қайырлы амалдың баламасы ретінде беріледі. Мысалы, ақын жомарттық пен қайырымдылық кеткен заманды «құндылықтар азған дәуір» деп сипаттайды:

«...Болмаса игі едік масқара,

Байдан кетіп сақауат,

Пақырдан кетіп қанағат.

Діні басқа біреулер

Ел биледі аралап,

Бір пәледен мың пәле

Өсіп бір кетті балалап» [158, б.238] - бұл жолдарда ақын халықтың иманнан алыстап, байынан қайырым, кедейінен қанағат кеткенін қынжыла айтады. «Діні басқа біреулердің ел билеуі» – отаршылдық пен рухани тәуелділікті меңзейді. Нәтижесінде бір бәледен мың пәле туып, елдің күйі мүшкіл болғанын бейнелейді. Яғни, «болмаса игі едік масқара» деп басталған жолдар – имансыздық пен қайырымсыздықтың салдарынан халықтың азғанын ашына айтқан өсиет. Мұрат Мөңкеұлының көзқарасында сахауат – елдің ынтымағы мен берекесінің қалқаны. Бұл түсінік Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани хикметіндегі» сахауат ұғымымен үндес келеді. Ясауи ілімінде сахауат Алланың

сыйы ретінде қарастырылып, жомарттық пен кең пейілділіктің рухани кемелдікке жетудің негізгі шарттарының бірі екені айтылады.

Сонымен, Мұрат Мөңкеұлының шығармаларындағы сахауат әлеуметтік-мәдени деңгейде елдің ынтымағы мен бірлігін сақтайтын ұстаным болса, Ясауи хикметтеріндегі сахауат құдайылық сипатқа ие рухани категория ретінде адамды кемелдікке бастайды. Екеуінің көзқарастары түпкі мәнінде үйлесімдікті байқаймыз.

Халықтың тұрмыс-жағдайын жырлаған ақын Әбубәкір Кердері (1861–1905) халыққа насихат қылып айтқан үшінші сөзінде «Сақи» ұғымын қолданады.

Үшінші ізгі кім десең,
Сақи болған адамдар.
Зекетін беріп тамамдар,
Пақыр-міскін кез келсе,
Садақа беріп қоғамдар.
«Жүмләдан бұрын жұмаққа
Сақи кірер» деген сөз –

Мұны тыңда, жараңдар [158, б.304].

Бұл шумақта ақын халықты қайырымдылыққа, зекет пен садақа беруге, мұқтажды қолдауға үндейді. «Сақи» сөзі – жомарт, қолы ашық, қайырымды жан дегенді білдіреді. Шынайы сақи – қолындағысын аямай, мұқтазға жеткізген адам. Кердері жырларында сақи болудың рухани дәрежесі жоғары бағаланады, тіпті «жұмаққа алдымен кіретіндер – сақилар» деп насихат етеді. Әбубәкір Кердері үшінші ізгілік ретінде сақилікті атап, халықты жомарттыққа, қайырымдылыққа шақырады. Бұл – қоғамдағы әлеуметтік теңдікті сақтап, адамдар арасындағы бауырмалдықты күшейтетін асыл қасиет.

Әбубәкір Кердері «Насихат толғауы» атты өлеңінде халыққа өнеге-өсиет айтып, адамгершілік құндылықтарға үн қатады::

Бай болсаңыз қараңыз,
Зекетсіз болған Қарыңға.
Молда болсаң, қараңыз
Барсиса деген ғалымға.
Көрші жолдас болмаңыз,

Идаһатсыз залымға [158, б.317] Бұл жолдарда ақын терең тәрбиелік мәні бар ойды жеткізеді. Яғни, «бай болсаң – зекет бер, сараңдыққа барма; молда болсаң – ғалымға құлақ ас, даналықты құрметте; көрші болсаң – әділетсіз, залым жаннан аулақ жүр» деген ғибрат айтылады. Осы арқылы ақын жұртшылықты ізгілікке, әділетке, қайырымдылық пен имандылыққа шақырады.

Халықты имандылыққа, білімге, ізгілікке, қайырымдылыққа шақырған ағартушы тұлға, Алаш дәуіріндегі ойшыл ақын, ұстаз, дін қайраткері - Ғұмар Қараш (1875–1921) өлеңдерінде жомарттық, әділет, адамгершілік секілді ұғымдар басты орын алады. Ақын «Жомарттық» атты өлеңінде қайырымдылық пен ізгіліктің мәнін тереңнен толғайды:

«Жомарттық» ашық жүзді шытпағаның,
Мұқтаждан қол қайырың қытпағаның.
«Адаммен адам күні» деген сөздің,

Мәнісін есте тұтып, ұмытпағаның [158, б.348] Бұл жерде Ғұмар Қараш жомарттықты адамның ең асыл қасиеті деп сипаттайды. Мұқтажға қол ұшын беру – «адамның адамға күн» екенінің дәлелі екенін айтады.

Келесі шумақтарда ол жетім мен жесірді жылатпау, кәріпке киім кигізу, суықта ықтау сияқты қайырымды амалдарды жомарттықтың нақты көрінісі деп көрсетеді:

Көз салып, тұтып шафғат еске алғаның,
Жетімдер жылап, жесір сықтағанын.
Кәріпке беріп киім жылытқаның,
Көрген күн суықтағы ықтағаның [158, б.348]

Сонымен қатар, ақын жомарттардың халыққа пайдасы үшін өмір сүретінін айта келіп, аз нәрсесін де бөліспейтін сараңды сынаиды:

...Аз күнге бар нәрсені бере алмасаң,
Ізгілер жұмлесінен шықпағаның.
Бұл етіп аз нәрсені алдағандай,
Осы ма адам болып мықтағаның? [158, б.348]

Ғұмар Қараш жомарттықты қоғамдық және имани құндылық ретінде дәріптейді. Оның ойынша, жомарт адам – жетім-жесірдің көз жасын сүрткен, мұқтажға қайыр берген жан. Ал азын да бөліспей сараңдық қылған адам – нағыз адамдық болмысынан алыстаған жан.

Қазақтың көрнекті ойшылы, ағартушы, ақын және тарихшы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында өмір сүріп, халқымыздың рухани мәдениетінде ерекше із қалдырған тұлға. Мәшһүр Жүсіп – халық даналығын, шежіре мен діни-философиялық ілімдерді жинақтаушы, адамгершілік пен ізгілікке үндеген. Оның: «Өзің сараң болсаң, Құдайдан жақсылық көремін деп ойлама! Өзің сақи болсаң, Құдайдан жамандық көремін деп ойлама...» деп адам мен Құдай арасындағы байланысты іс-әрекет арқылы түсіндіреді. Яғни, жақсылықтың бастауы - адамның өз жүрегіндегі кеңдік пен жомарттықта. Егер адам сараң, қатыгез, өзімшіл болса, ол Құдайдан жақсылық күтпеуі керек; ал керісінше, егер адам жомарт, ізгі болса, Алла тағала да оған жамандық жасамайды. Бұл ой исламдық ахлақ ілімінің өзегімен үндес – «жақсылық жаса, сонда жақсылық көресің» қағидасын дәріптейді [163] Сонымен қатар, ол қазақтың дәстүрлі дүниетанымындағы «қолың ашық болса, жолың ашық» деген халықтық даналықпен де үйлеседі. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының бұл ойы - адам мен Құдай арасындағы моральдық-онтологиялық байланысты терең философиялық тұрғыдан пайымдайтын қағида.

Философиялық тұрғыдан алғанда, Мәшһүр Жүсіптің тұжырымы моральдық себеп-салдар заңына негізделеді: адамның әрекеті оның рухани тағдырын айқындайды. Бұл қағида этикалық детерминизмнің үлгісі болып

табылады - яғни, жақсылық пен жамандық адамның өз болмысынан туындайды. Сарандық - рухани тоқыраудың, жүрек тарлығының белгісі болса, жомарттық - болмыстың ашықтығын, рухани кеңдікті және ізгілікті білдіреді. Осы тұрғыдан жомарт адам - болмысқа жақын, өйткені ол өзгеге берумен өз мәнін жүзеге асырады.

Ойшылдың бұл қағидасы ислам философиясындағы «амал мен ниеттің бірлігі» ұстанымымен де үндес. Имам Ғазали мен әл-Фараби сияқты ғалымдар да ізгі қоғам мен бақытқа жетудің жолын жеке адамның моральдық жетілуімен байланыстырған. Мәшһүр Жүсіптің көзқарасында да Құдаймен байланыс тек сенім арқылы емес, іс арқылы - қайырымдылық, кең пейіл, адалдық арқылы орнайды. Қазақ дүниетанымы аясында бұл идея халық даналығымен де қабысады: «Қолың ашық болса, жолың ашық» немесе «Берсең – берекен артады» деген мақалдар адам мен қоғам арасындағы өзара байланыстың этикалық өлшемін айқындай түсері сөзсіз.

Қазақ қоғамындағы әлеуметтік жағдай мен көмек беру дәстүрі тек билердің төрелігі мен шешендердің өнегелі сөздерінен ғана емес, сонымен қатар рулық жәрдем тетіктерінен және хандардың заңдық жарлықтарынан да аңғарылады. Дәстүрлі құқық жүйесінде жетім-жесірді қорғау – жеке адамның парызы ғана емес, бүкіл қауымның ортақ міндеті саналды. Осыған байланысты ру мүшелері жетімнің мал-мүлкін сақтап, тұрмыстық немесе еңбек қолдауын көрсетіп отырған. Мұндай тәжірибе қазақ қоғамындағы ұжымдық ынтымақ пен әлеуметтік жауапкершіліктің берік негізі болды [164].

Хандық билік деңгейінде қабылданған заңдар бұл ұстанымдарды нақты құқықтық өлшемдерге айналдырды. Қасым ханның «Қасқа жолында» және Тәуке ханның «Жеті жарғысында» жетімнің құқығын аяққа басу немесе жесірдің мәселесін әділетсіз шешу – тек жекелеген адамның қателігі емес, қауымдық тұтастыққа қауіп төндіретін ауыр құқық бұзушылық ретінде бағаланған. Мұндай жағдайда айып пен жаза бүкіл руға жүктеліп, қоғамдық тәртіп пен әлеуметтік тепе-теңдіктің тірегіне айналды [165]. Бұл қағидалар қазақ қоғамындағы «әлеуметтік әділеттіліктің» өзіндік өлшемін айқындайды. Әділет ұғымы тек моральдық ұстаныммен шектелмей, құқықтық жүйемен ұштасып, қоғамдық тұрақтылықтың тетігіне айналды. Жетім-жесірді қорғау дәстүрі – құқық пен адамгершіліктің тоғысында қалыптасқан әлеуметтік-философиялық құндылық ретінде орнықты.

Еріктілік феномені қоғамның өмір сүруінің адамгершілік, аксиологиялық және онтологиялық негіздерін көрсететін әлеуметтік ұйымдасудың маңызды аспектісі. Дәстүрлі қазақ көшпелі қоғамында еріктілік табиғи-климаттық жағдайлар, әлеуметтік құрылымдар және моральдық императивтер арқылы алдын ала анықталған ұжымдық өзара көмектің бір түрі болды.

Қазақ қоғамындағы рулық көмек – дәстүрлі әлеуметтік-мәдени институт ретінде халықтың тұрмысында маңызды рөл атқарған. Бұл құбылыс өз ішінде философиялық, этикалық негіздемелерге сүйеніп, ұжымшылдық пен өзара көмектің ерекше үлгісін қалыптастырды. Рулық көмек жүйесі қоғамдағы

тұрақтылық пен үйлесімділікті сақтау құралы болып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан.

XX ғасырдың басында тарих сахнасына шыққан Алаш зиялылары еріктіліктің жаңа формаларын қалыптастырды. Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейхан, Міржақып Дулатов және басқа да ұлт көсемдері халықтың мұң-мұқтажына бей-жай қарамай, алғашқы қоғамдық қайырымдылық ұйымдары мен жәрдем комитеттерін құрып, ашаршылық, жұт, ауру сияқты қиын кезеңдерде ерікті түрде көмек көрсетуді ұйымдастырды. 1918–1922 жылдар аралығындағы ашаршылық кезінде олар «жылу жинау» шараларын өткізіп, жетім қалған балаларға баспана, киім және тамақ тауып беруге күш салды. Бұл – қазақ қоғамында еріктілік мәдениетінің жаңа кезеңге өткенін көрсетеді [166].

Тарихи тұрғыда қазақ қоғамында ел басына күн туған қиын-қыстау замандарда, ашаршылық пен жұт кезінде ауқатты азаматтар, би-шешендер, зиялы қауым өкілдері қоғам алдындағы әлеуметтік жауапкершілікті сезініп, меценаттық қызметтерін ерікті түрде атқарып отырған. Олар бір рулы елдің немесе бірнеше ауылдың тұрмыс-тіршілігін өз қамқорлығына алып, азық-түлікпен, отын-сумен, мал-жанмен қамтамасыз етуге барынша атсалысқан. Бұл әрекеттер меценаттықтың моральдық сипатын айқындап, оны рухани және мәдени құндылықтарды сақтау мен дамытудың құралына айналдырды.

Алаш қозғалысының қайраткерлері – Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Мұхтар Әуезов, Жүсіпбек Аймауытов және басқалар – ұлттық сана мен білімді жаңғырту жолында тек саяси күрескер ретінде ғана емес, меценаттық қызметтерді де белсенді жүзеге асырған азаматтар ретінде танылды. Олар аштыққа ұшыраған аймақтарға гуманитарлық көмек көрсетуді, мұқтаж студенттерге шәкіртақы тағайындауды, мектептер мен медреселерде білім беруді, кітап шығару мен баспа ісін қолдауды өз міндетіне айналдырды [167].

Алаш зиялысы Міржақып Дулатұлының «Қазақ халқының бұрыңғы һәм бүгінгі хәлі» атты өлеңінде:

«Жігіттің несі жігіт босқа жүрген,
Қызметпен пайда беріп халыққа жақпай?
Бәсең бол, әсем болсаң деген жөнмен,

Һүнерін мұқтаждарға жүрсе сатпай [158, б.381]» халыққа пайда тигізу, білім мен қайырымдылықты өмірлік ұстаным ету негізгі ой болып табылады. Бұл жерде ақын фазылды – яғни ғылымды, ақылды, парасатты ең жоғары құндылық деп біледі. Ал «Мәсжід – медресе хақында» өлеңінде ол діни орындарды тек рәсімдермен шектемей, оқу-білімнің, ағартушылықтың ордасына айналдыруды айтады:

Бір ғалым фазыл заттан иман сайлап,
Байларың жәрдем беріп уақыф қылсаң [158, б.381].

Яғни, фазыл – бұл ақыл мен білімге жету, ізгі амалға ұмтылу, ал мейірім – жүректің жұмсақтығы, қайырымдылық пен өзгеге қызмет ету. Шариғат іліміндегі түсінікпен үндес келетін бұл екі ұғымды Міржақып Дулатұлы ерекше

мәнмен қарастырады. Оның ойынша, шынайы азамат білімді меңгерумен ғана шектелмей, сол білімін халық игілігіне жұмсап, қайырымды іс арқылы қоғамға қайтаруы қажет. М. Дулатұлы «Зиялы қауым халықтың қамын ойлауға міндетті» деп шынайы зиялылықтың өлшемі – жеке бастың емес, қоғам мен ұлттың болашағы үшін қызмет ету екенін көрсетеді. Дулатұлы үшін зиялы қауым – халықтың көшбасшысы, қоғамдық жауапкершілікті арқалаушы күш.

Мағжан Жұмабаевтың өз өлеңінде білімді адамның қоғамдағы орны мен тұлғалық болмысын айшықтап көрсетеді:

Білімдінің сөзі ем,
Мейірімі көп, өзі кең! [168]

Бұл өлең жолдарында ақын білімді жанның сөзі халыққа шипа болатынын, оның жүрегі мейірімге толы, кең пейілді болатынын бейнелейді. Мағжан үшін білім тек танымдық құндылық емес, сонымен бірге ізгілік пен адамгершілікке бастайтын рухани күш. Осы тұрғыда ол білімді адамның бойындағы даналықты, мейірімділік пен кеңпейілділікті үлгі етіп, жастарды ғылымға, парасаттылыққа шақырады.

Сонымен, ақын-жыраулар поэзиясында халықты ынтымаққа шақыру, әлсізді қорғау, елге адал қызмет ету идеялары дәріптеліп, еріктіліктің рухани-адамгершілік мазмұны бекітілді. Ал Алаш қайраткерлері бұл құндылықтарды жаңа тарихи жағдайда ағартушылық, ұлттық тұтастықты нығайту және қоғамдық қызметпен сабақтастырып, оны заманауи мазмұнмен толықтырды. Осы тарихи сабақтастық еріктіліктің қазақ халқының рухани дүниетанымындағы орнының тереңдігін, оның әлеуметтік және мәдени өмірдің тұрақты құндылығы ретінде қалыптасқанын дәлелдейді.

2.4 Қазақ дәстүріндегі еріктілік: қоғамдық тәжірибе және тарихи мұра

Шешендер мен билердің нақылдары мен ақын-жыраулардың жырларында қоғамдағы әділет пен жомарттық, өзара көмек идеялары дәріптелген. Осы ойлар халықтың тұрмыс-тіршілігінде дәстүрлік тәжірибеге айналып, әлеуметтік институт ретінде орнықты. Бұл тұрғыда асар, жылу жинау, шүлен тарату сияқты дәстүрлер тек күнделікті тұрмыстық көмек емес, қоғамдағы еріктілік пен азаматтық жауапкершіліктің көрінісі болды. Яғни, шешендік сөздерде өсиетке, билер билігінде нормаға, ақын-жыраулар шығармашылығында рухани мұратқа айналған қағидалар қазақ халқының дәстүрлік тәжірибесінде нақты әлеуметтік тетікке ұласты.

Қазақ халқының дәстүрлі әлеуметтік құрылымы рулық және жүздік жүйеге негізделді. Бұл жүйе өзара көмек пен ұжымдық жауапкершілікке сүйенді. Философиялық тұрғыдан алғанда, рулық көмек – қоғам мүшелерінің бір-біріне деген сенімі мен моральдық борышының көрінісі. Қазақ дүниетанымы адам мен қоғамның ажырағысыз байланысын мойындайды. Жеті ата қағидасы – рулық қатынастарды реттеуші басты тетік. Қазақтар арасында «Ағайын – ағайынның алтын тұғыры» деген ұстаным кең таралған, бұл – рудың

әрбір мүшесінің өз туыстарына қолдау көрсетуге міндетті екендігін білдіреді.

Қазақтың дәстүрлі мәдениетінде қонақжайлылық ерекше орын алған: қонақ (мүсәпір) жоғары әлеуметтік мәртебеге ие болып, түскен үй иесінің толық қорғауында болған. Неміс этнографы Ф. фон Хелльвальд бұл жөнінде: «Қырғыз-қайсақтар айрықша қонақжай, сондықтан бөтен жолаушы киіз үйде ешбір тонаудан немесе өлтірілуден қауіптенбей, тыныш ұйықтай алады» деп жазған [169].

Дәл осы қазақтың қанға сіңген меймандос дәстүрлерін А. И. Левшин (1792–1879) - Ресейде қазақ халқы жөнінде алғаш монографиялық зерттеу жасаған ғалымдардың бірі. Оның 1832 жылы жарық көрген «Қырғыз-қайсақ ордалары мен даласының сипаттамасы» атты еңбегінде қазақтардың тұрмыс-тіршілігі мен рухани болмысына ерекше назар аударылады. Зерттеуші қазақ халқының қонақжайлылық қасиетін жоғары бағалап, «ауылға қонақ келсе, барлығы жиналып, әңгімені ықыласпен тыңдайды, қонаққа көрсеткен сый-құрмет үшін ешқашан ақы сұрамайды; меймандостық – олардың ең қастерлі заңы» деп жазады. Сонымен қатар, Левшин қазақтардың адамгершілік болмысын сипаттай келе, олардың табиғи қайырымдылығын, қарттарға деген ілтипатын, батырларын ұлықтау дәстүрін ерекше атап өтеді. Ол: «Қырғыздар (қазақтар) туған жерін терең сүйеді, ата мекенін қасиетті санайды; кіндік қаны тамған жерден алыстауға ешкім бейіл емес» [170], – деп, қазақ халқының ел мен жерге деген сүйіспеншілігін ұлттық рух пен отансүйгіштік ретінде сипаттайды.

Қазақ қоғамындағы еріктілік көбіне рулық байланыстар мен салт-дәстүрлер арқылы көрініс тапты. Олардың ең негізгі түрлерінің қатарына «асар» салты жатады. Асар – қоғамда кең таралған көмек көрсету түрі, белгілі бір адамға немесе отбасына тегін көмек көрсету мақсатында ұйымдастырылатын ұжымдық еңбек. Бұл құбылыстың негізгі ерекшелігі – оның еріктілігі мен мүдделік есепке құрылмауы. Қазақ халқы «Көп түкірсе – көл» деп, кез келген істі бірлесе атқарудың тиімділігін айқындаған. Бұл ұстаным халықтың бауырмалдық, ауызбіршілік және өзара құрмет қағидаларын берік ұстанғанын көрсетеді. Әсіресе, күш-қуаты азайған, жалғыз қалған қарттарға көмек беру дәстүрлі түрде жүзеге асырылып отырған. Қазақ қанша қиын жағдайға тап болса да, ар-намысын жоғары қойып, «Жаным – арымның садағасы» деген қағиданы ұстанған. Сондықтан кез келген көмек адамның намысына тимей, құрмет көрсету негізінде ұйымдастырылады. Осындай игі дәстүрлердің бірі – асар. Бұл дәстүр ауыл тұрғындарының, әсіресе жастардың, жалғызбасты қарттарға немесе ауыр жұмысты өздігінен атқара алмайтын адамдарға жаппай көмектесу дәстүрі. Асар тек көмек қана емес, оның әлеуметтік, қоғамдық және өмірлік маңызы зор, өйткені ол бірлік пен ынтымақтың жарқын көрінісі болып табылады [171].

Асар туралы тарихи деректерге тоқталсақ: «Ауқатты адамдарда, – деп жазады ХІХ ғасырдың бірінші жартысында қазақ даласында болған орыс генерал-майоры Броневский, – қой қырқу, ешкіден түбіт тарау, жүн сұрыптау

және киіз басу сияқты жұмыстар асар арқылы атқарылады. Үй иесі барлық таныс әйелдер мен қыздарды шақырып, олар қажетті жұмыстарды атқарып болған соң, өз дәстүрлері бойынша ән айтып, көңіл көтеріп, қонақ болып тарайды. Осындай жиындар үнемі өтіп тұрады» [172].

Асар ортақ жауапкершілік пен адамгершіліктің өлшемі. Ол белгілі бір тәртіппен, жұрттың ризашылығымен және ортақ моральдық келісіммен жүзеге асырылады. Кез келген адам асар ұйымдастыра алмайды, өйткені оның мәні жеке мүддеге емес, қоғамның шынайы қажеттілігіне бағытталған. Асардың басты ерекшелігі – ел қолдауына ие болуы, шынайы мұқтаждыққа негізделуі. Күші бар, денсаулығы мықты адам достарын шақырып, өзіне көмек сұраса, бұл асарға жатпайды. Себебі асар – ең алдымен әлсізге қолдау көрсету, әділдік пен теңдіктің салтанат құруы. Ол көбіне үйінде жұмыс атқаруға қауқарсыз адам болғанда, не ауыр науқас кезінде, не шаруашылық үшін қауырт кезеңде ұйымдастырылады. Мұндай жағдайда ағайын-туыс, ауылдастар асардың қажеттілігін мойындап, оны қуаттайды. Сонымен қатар, асар тек көмек алу емес, қонақжайлылық пен ризашылық білдіру мәдениетін де қамтиды. Асар ұйымдастырған адам жиналған қауымның қажетін алдын ала ойлап, олар үшін жағдай жасайды. Бұл – еңбектің қадірін білу, еңбектеген жанның еңбегін бағалау деген сөз. Яғни, асар – өзара қолдаудың, адамдар арасындағы мейірім мен әділдіктің бейнесі ғана емес, сондай-ақ қоғамның моральдық тұтастығын сақтайтын жүйе.

Асар – өзара көмек пен бірліктің көрінісі, ол адамдардың ортақ мүдде үшін бірігуін қамтамасыз ететін ұлы дәстүр. Бұл үрдіс алма-кезек жүзеге асырылып, бірде біреуге, енді бірде басқаларға қолдау көрсету арқылы жалғасады. Асарға қатысудан бас тартқан адам қиындыққа тап болғанда, қоғамнан да сондай жауап алуы мүмкін. Асардың кейбір жерлерде «серне» деп аталуы оның бір ғана атаумен шектелмейтінін, бірақ мәні өзгермегенін көрсетеді: ол әлі де ортақ игілікке бағытталған бірлескен еңбектің символы болып қала береді.

Асар қазақтың береке-бірлігін айқындайтын, өзара қолдау мен мейірімділікке негізделген жарасымды дәстүр. Ол тек көмек көрсету ғана емес, тағдырдың қиындығын көп болып еңсерудің, ортақ жауапкершілік арқалаудың рухани жолы. Асар ағайынның жүрек қалауымен, ризашылықпен жасалатын ізгі амал. Бұл – ауыртпалық түскен жанды жалғыз қалдырмау, қиындықты бөлісіп, бір-біріне сүйеу болуды білдіреді. Ол адамның әлсіздігі емес, керісінше, бірліктің күші мен ортақ мүдденің биіктігін дәлелдейді. Қазақ үшін асар – тағдыр сынағына қарсы тұратын қалқан, көптің жүрегін бір арнаға тоғыстыратын қасиетті келісім. Бұл – өмірдің қаталдығына жұмыла қарсы тұру, «Жалғыздың үні шықпас, жаяудың шаңы шықпас» деген қағиданы айшықтайтын халық даналығы. Асар – жомарт жүректің жүгін бірге көтеру, ырыс пен ынтымақтың алтын арқауы болып отыр [173].

Қазақ халқының этномәдени ұстанымдары күнделікті тұрмыстық және салт-дәстүрлік өмірді толық қамтып, асар дәстүрін – қазақ еріктілігін –

адамгершілік реттеуші ретінде атқарған. Бұл дәстүр халықтық тәрбиелеу мен әлеуметтендірудің әдістеріне негізделген. Олардың қатарына бақылау, еліктеу, үлгі көрсету, үйрету, өмірлік жағдайларды пайдалану, сендіру, талап қою, мадақтау, жазалау және тағы басқа әдістер жатады. Асар мәдениетінде ерекше маңызға ие болған әдістердің бірі – өмірлік жағдайларды қолдану еді. Мұндай жағдайлар қысқа, мазмұнды және тұтас сипатымен ерекшеленіп, түрлі асарлық әрекеттерді, оқиғаларды, істерді бейнелейтін. Оларды орынды әрі шебер қолдану арқылы аға буын өкілдері балалардың санасында асарлық түсініктерді, ой-пікірлерді және наным-сенімдерді қалыптастырды. Бұл әдістің тиімділігі, әсіресе, бақылау, еліктеу, үлгі көрсету немесе сендіру сияқты басқа да халықтық тәсілдермен ұштасқанда арта түседі. Демек, асарға қатысты өмірлік жағдайларды баяндау мен түсіндіру барысында жас ұрпақ біртіндеп асарға тән ұғымдарды, мінез-құлық үлгілерін және қарым-қатынас тәсілдерін меңгеріп, ұжымдық өзара көмек мәдениетінің құндылықтық және адамгершілік негіздерін бойына сіңіреді [174].

Асар дәстүрі – тек қана шаруашылықты жеңілдетудің құралы емес, ол адам болмысының терең мәнін ашатын әлеуметтік-рухани құбылыс. Асарға шақырған жан үшін бұл іс – шығынды үнемдеп, жұмысты алға жылжытудың тиімді жолы болса, қатысушы үшін – игілікке толы әрекет, сауап пен рухани қанағатқа жету тәжірибесі. Асар барысында адам қимыл-қозғалыспен денесін шынықтырады, жаңа адамдармен танысады, әңгімелесу арқылы ой өрісін кеңейтеді, табиғат аясында болып, жанын тынықтырады. Қала өмірінің күйбеңінде жүрген адам үшін мұндай орта нағыз рухани демалыс пен өзін-өзі қайта табудың бір түрі болып саналады [175].

Ғылым мен технология дәуірінде асар дәстүрі сирек көрініс тапқанымен, оның ізі жоғалған жоқ. Уақыт пен қоғамның өзгеруіне қарамастан, шынайы жақсылықты қайтарымсыз жасайтын адамдардың болуы – адамзаттың рухани мәнінің өлмегенін айғақтайды. «Өмір – бумеранг» қағидасы бойынша, бір кезде алған жақсылық түбінде өзге жолмен қайтып келетіні өмір заңдылығы. Біреуден көмек көрген жан кейін басқаның тағдырлы сәтінде қолдау көрсетуге дайын болады. Бұл – ізгіліктің өзара жалғасатын шексіз тізбегі.

Осы тұжырымды Қазақстан тарихындағы белгілі бір оқиға – 2019 жылғы Арыс қаласындағы төтенше жағдай айқын дәлелдейді. Мыңдаған отбасы қиындыққа тап болған сол кезеңде бүкіл халық тұтас бір организмдей әрекет етті: кәсіпкерлер де, еріктілер де, қарапайым азаматтар да көмекке асықты. Бұл – ұлттық бірліктің, ортақ жауапкершіліктің және риясыз жанашырлықтың көрінісі еді. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, бұл азаматтардың патриотизмінің, өзара көмек пен ынтымақтың жарқын үлгісі болды [176]. Қысқа мерзімде қаланы қалпына келтіруге мүмкіндік берген құрылысшылардың қажырлы еңбегі – асар рухының қазіргі заманғы бейнесіндей.

Қазақ халқының қайырымдылық дәстүрлері – тек материалдық қолдау ғана емес, сонымен қатар ортақ жауапкершілік пен адамгершілік

құндылықтарының көрінісі. Асардан бөлек, қоғамда әділдік пен мейірімділікті сақтауға бағытталған түрлі көмек түрлері қалыптасты. Адам тағдырдың тауқыметін тартып, мал-мүлкінен айырылғанда немесе ауыр жағдайға тап болғанда, оның жүгін жалғыз арқаламауы – бүкіл қауымның парызы. Мұндай сәтте ауылдастары, көршілері мен ағайын-туыстары бірігіп, қолдау көрсетеді. Бұл көмекті ұйымдастыру міндетін белгілі бір беделді тұлға мойнына алады, ал осындай жанашырлықпен жиналған қаражат пен мал «жылу» деп аталады. «Жылу жинау» адамның қадір-қасиетін қорғаудың, оны тағдыр тәлкегіне жалғыз тастамаудың белгісі. Сонымен қатар, қиын жағдайға түскен жанды ел алдында ұялтып, оның абыройын түсірмей-ақ, ақсақалдар мен ағайын-туыстары оны қолдаудың жолын тапқан. Қоғамның аға буыны, елдің бас көтерер азаматтары көпшілікке үндеу жасап, ортақ іске жұмылдырып, қаржылай немесе мал-мүлікпен жәрдемдескен. Осындай ұжымдық қамқорлық бүкіл халықтың бірлігін нығайтып, әділеттіліктің сақталуын қамтамасыз еткен. Осындай кең ауқымды қайырымдылық әрекеті «жұртшылық» деген атауға ие болды. Бұл дәстүрлер – халқымыздың бірлігінің, рухани тұтастығының, жеке адамның құндылығын сақтай білуінің көрінісі. Олар уақыт өте өзгергенімен, өзегі – өзара қолдау мен адамгершілік қағидалары – ешқашан мәнін жоғалтпайды [177].

Қазақ дәстүрінде қоғам мүшелерінің әлеуметтік жағдайына үнемі назар аударылып, олардың қажеттіліктеріне қолдау көрсетілген. Қазақ даласында халықтың тұрмыстық жағдайын жақсартуға бағытталған көптеген әлеуметтік көмек түрлері қалыптасқан, олардың бірі – ат майы дәстүрі.

Бұл дәстүрдің мәні көлік құралынан айырылған немесе жеке мінер аты жоқ кедейлердің ауқатты азаматтарға, көршілеріне немесе туыстарына уақытша пайдалануға жылқы сұрап жүгінуінен көрінеді. «Ат майын сұрау» ұғымы белгілі бір мерзімге мініске немесе алыс жолға мінер ат беруін өтіруді білдіреді. Себебі ұзақ сапар барысында жылқы әлсіреп, күш-қуатын жоғалтуы мүмкін. Қоғамда мұндай өтініштерді қанағаттандыру қалыпты әлеуметтік норма ретінде қабылданған және ол қазақ халқының өзара көмекті негіздейтін қайырымдылық құндылықтарының бір көрінісі болып табылады [178].

«Ат майын сұрау» – тек көлікке деген мұқтаждықты білдіретін өтініш қана емес, адамның басқа адамға деген сеніміне, қоғамның өзара жәрдемдесуіне негізделген, әлеуметтік байланысты нығайтуды, ортақ игілікке ұмтылуды бейнелейтін моральдық құндылық. Алыс сапардан аттың әлсіреуі мен қайта қалпына келуі – өмірдің өзіне тән метафорасы. Адам да қиын кезеңдерді бастан өткергенде, қолдау мен демеуге мұқтаж болады. Бұл дәстүр – материалдық игілікті бөлісу арқылы рухани тұтастықты сақтауды көрсетеді [179].

Көгендік дәстүрі – мал шаруашылығымен айналысқан қазақ қауымында кең таралған және терең символикалық мәнге ие дәстүр. Этнограф Болат Бопайдың мәліметіне сәйкес, бұл дәстүр бойынша қазақ малшылары туыстарына, жас отау иелеріне немесе тұрмысы төмен отбасыларға ырымдап мал сыйлаған. Көгендікпен берілген мал тек материалдық көмек емес, сонымен қатар игілік пен берекенің нышаны болып есептелген [180]. Көгендік малын

алған адам малды көгенге сойып, ақ тамызып, оны «құтты мал», «мал басы» деп қабылдайтын болған. Бұл рәсім – алушы мен беруші арасындағы рухани байланысты, қоғамдағы өзара жауапкершілік сезімін күшейтуге бағытталған. Сонымен қатар, көгендік арқылы әлеуметтік теңгерім мен ынтымақтастық нығайған.

Кеусен дәстүрі – егін шаруашылығына байланысты қалыптасқан жомарттық дәстүрлердің бірі. Бұл дәстүр егін науқаны кезінде туыстар мен көршілерді ортақ еңбекке жұмылдыру арқылы жүзеге асқан [49, б.67]. Этнографтың айтуынша, егін иесі жұмысқа көмектесуге келген қауымдастарын алдымен дастарханға шақырып, құрмет көрсеткен. Яғни, еңбек пен ынтымақ бірлікте өрбіген.

Еңбек аяқталғаннан кейін, диқандар алғаш жиналған өнімнің бір бөлігін «кеусен» ретінде тұрмысы төмен адамдарға таратқан. Бұл – еңбек нәтижесін әділ бөлу мен әлеуметтік қолдаудың көрінісі. Сонымен қатар, кеусен үлестірілгеннен кейін бата беріліп, береке мен молшылық тілейтін халықтық поэтикалық формалармен бекітілген.

Шүлен тарату дәстүрі - әлеуметтік теңсіздікті жұмсартудың бір механизмі болып табылады, бай мен кедей арасындағы қатынастарды реттеудің, қоғамда материалдық игіліктерді әділетті үлестірудің және әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етудің бір тетігі ретінде қызмет атқарды. Қазақ дүниетанымында жеке бастың байлығы мен жетістігі тек жеке мақсаттарға арналмаған. Байлық – қоғам игілігіне жарайтын құрал ретінде қарастырылды. Сол себепті, «Шүлен тарату» әлеуметтік жауапкершілік пен ұжымдық сананы қалыптастыратын дәстүр ретінде маңызды рөл атқарды [179, б.224].

Этнографиялық мәліметтерге сүйенсек, шүлен таратқан адамдар «шүлен адам» деп аталып, ерекше құрметке ие болған. Олар тек мал-мүлікпен бөлісіп қоймай, үйсіз-күйсіз адамдарға баспана тұрғызып, ауыр халдегі жандарға жан-жақты қолдау көрсеткен. Бұл дәстүр көбінесе күз айларында жүзеге асқан, өйткені дәл осы кезеңде мал басы көбейіп, азық-түлік қоры молайған. Мұндай көмек қоғамдағы әлсіз топтардың қыс мезгілінен аман шығуын қамтамасыз ететін әлеуметтік қорғаныс механизмі ретінде қызмет етті. «Шүлен тарату» дәстүрі қазақ даласында билер, сұлтандар, хан-сұлтандар мен дәулетті адамдардың әлеуметтік жауапкершілігін көрсететін, кедейлерге мал үлестіру арқылы жүзеге асатын, маңызды қайырымдылық түрі болды. Байлар өздерінің дәулетін тек жеке пайда үшін емес, қоғамның әл-ауқатын көтеру үшін пайдалануды өздеріне парыз санаған.

Бұл дәстүр тек материалдық көмек көрсетудің ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік бедел мен құрметке ие болудың да бір жолы болды. Жомарт адамдар халық арасында жоғары мәртебеге ие болып, олардың аты ел ішіне кең тараған.

Қазақ халқының дәстүрлі құндылықтары арасында қоғамдағы әлсіз топтарға көмек көрсетудің бір үлгісі ретінде қалыптасқан «Шүлен тарату» дәстүрі тарихи-әлеуметтік феномен ретінде қарастырылады. Бұл дәстүр – материалдық игіліктерді әділетті бөлу, әлеуметтік тепе-теңдікті сақтау және

адамгершілік парызы өтеу қағидаларына негізделген қайырымдылықтың бір түрі.

Қазақ халқының қайырымдылық дәстүрлерінің келесі бір түрі «белкөтерер». Белкөтерер – даналық пен өмірлік тәжірибенің қадірін білудің, ұрпақтар сабақтастығы мен ізгіліктің көрінісі. Аталған дәстүр егде жастағы адамдарға ерекше қамқорлық көрсетіп, олардың рухани және физикалық әлауқатын қолдауға бағытталған. Белкөтерер кезінде тағам құрмет пен сүйіспеншіліктің нышаны ретінде ұсынылады. Қазы, жент, қымыз, сүзбе сияқты жұмсақ әрі нәрлі тағамдар қарттардың денсаулығына лайықталып дайындалады, ал осы игі дәстүрдің өзі – адамның қартаюын табиғат заңдылығы ретінде қабылдап, оған мейіріммен қараудың көрінісі. Бұл дәстүр – уақыт пен ұрпақтар арасындағы үйлесімді байланыстың, ізгіліктің және жанашырлықты сипаттайды [181].

«Атсүйек беру» – қазақ халқының жауынгерлік, қайырымдылық дәстүрлерінің бірі, оның негізінде қиын жағдайға тап болған адамға көмек көрсету, оны жау қолында қалдырмау қағидаты жатыр. Бұл дәстүр әсіресе соғыс уақытында ерекше мәнге ие болған. Жауынгерлер майданда аты өлген сарбазды жау қолында қалдырмауға міндетті саналған, ал жолдасын тастап кету адамгершілік тұрғысынан ең ауыр әрекеттердің бірі ретінде қарастырылған [182].

«Атсүйек беру» дәстүрі тек әскери қажеттіліктен туындап қана қоймай, қазақ жауынгерлерінің батырлық рухын, жанқиярлық ерлігін және өзара жанашырлығын бейнелейтін маңызды моральдық қағида ретінде қалыптасты. Бұл дәстүрдің мәні ұрыс даласында сарбаздардың бір-біріне көрсеткен қолдауынан, сондай-ақ ел басшыларының мұндай ерлікті ерекше бағалап, оны жұрт алдында мойындауынан да көрінеді. «Атсүйек беру» – жеке батырлық пен ортақ жауапкершілікті ұштастыратын қазақ әскери дәстүрінің маңызды көрінісі болып табылады. Аталған дәстүр тек соғыс жағдайында ғана емес, сонымен қатар түрлі апатты оқиғалар мен күрделі өмірлік қиындықтарға тап болған адамдарға да қолданылған. Оның ерекшелігі – көмек көрсетушінің жәрдемге мұқтаж адаммен таныстығына немесе туыстық байланысына тәуелді болмауында. Яғни, бұл дәстүр әлеуметтік жауапкершілік пен адамгершілік қағидаттарына негізделіп, кез келген адамға қолдау көрсетуге бағытталған.

«Атсүйек беру» – жеке батылдық пен ортақ жауапкершілікті тоғыстырған, сенім мен намысқа сүйенген, міндетті сипат алған еріктілік үлгісі. Ол қауымдық өмірде адамды құтқаруды бірінші орынға қояды, ал құтқару әрекетін қоғамдық мойындау арқылы келесі ұрпаққа үлгі ретінде тапсырады. Осы механизмдердің бірлігі дәстүрді өткінші әрекет емес, тұрақты әлеуметтік институт деңгейіне көтеріп, елдік тұтастықтың ішкі діңгегіне айналдырады.

Қазақ даласындағы еріктілік дәстүрлердің келесі мысалы - «Алапа» дәстүрі. Ел тыныштығын күзеткен немесе оны сыртқы қауіп-қатерден қорғаған сарбаздарға арнайы бөлінетін азық-түлік пен қажетті құрал-жабдықтар «алапа» деп аталған [183]. Бұл көмектің ерекшелігі – оның қарапайым халық есебінен

жиналатындығында. Қазақта «Алапасын арттырып, Арпалап атын қунатқан...» деген көркем сөз осы әдемі дәстүрді сипаттайды.

«Алапа» – қазақ тілінде «олжа», «пайда», «табыс» мағынасын береді. Бұл сөз көбінесе еңбектің немесе егіннің мол өнімін бейнелеуде қолданылады: «Егін жақсы шықса, халыққа үлкен алапа» – яғни, халыққа үлкен игілік, береке дегенді білдіреді [184].

Ежелгі дәуірлерде халық өздерінің қорғаушылары – сарбаздар мен батырларға материалдық қолдау көрсетуді ортақ міндет әрі парыз деп санаған. Өйткені, ел қауіпсіздігі мен тұрақтылығы тікелей осы жауынгерлердің еңбегіне байланысты болды.

Алапа тек азық-түлікпен шектелмей, сондай-ақ киім-кешек, ат-көлік, қару-жарақ түрінде де ұсынылған. Бұл дәстүр әскери қызметтің маңыздылығын көрсетеді, сондай-ақ қоғам мүшелерінің бір-біріне деген жауапкершілігін, ортақ игілік үшін жұмылу идеясын бейнелейді. Халық өз азаматтарын қорғауға шыққан сарбаздарға көмек көрсетуді елдік борыш деп есептеген және бұл қолдаудан бас тарту моральдық тұрғыда құпталмаған. «Алапа» дәстүрінің мәні ұлттық бірлікті нығайтудағы маңызды әлеуметтік институт ретіндегі рөлінде де көрініс тапқан. «Алапа» дәстүрі қоғам мен тұлғаның диалектикасын айғақтайды: батыр елді қорғаса, ел өз кезегінде батырды қолдайды. Бұл өзара тәуелділік қазақ дүниетанымындағы бірлік пен тұтастықтың іргелі аксиомасы ретінде көрініс табады [178, б.54].

Қазақ халқы үшін сүт өнімдері – қымыз, шұбат, айран және басқа да сүт тағамдары «ақ» деп аталып, қасиетті әрі киелі саналады. Сондай-ақ, ақ түс адалдық пен тазалықтың символы ретінде қарастырылады. Осы түсініктерге негізделген «ақ алып шығу» дәстүрі – көшіп келген жаңа көршілерді ізгі тілекпен қарсы алудың дәстүрлі рәсімі болып табылады.

Ауылға жаңа көш келіп жатқанда, жергілікті тұрғындар оларды құрмет көрсетіп, ақ алып шығып қарсы алады. Бұл – жаңа көршілермен тату-тәтті қарым-қатынасты бастауға және болашақ ынтымақтастықтың негізін қалауға бағытталған дәстүр. «Осы ақтай таза, дәмді болайық» деген тілек арқылы жаңа қоныстанушыларға бейбіт өмір, береке мен татулық тілеген.

«Ақ алып шығу» дәстүрі қазақ халқының қонақжайлық, адамгершілік және көршілік қарым-қатынасқа ерекше мән бергенін көрсетеді. Бұл салт материалдық сый-құрмет көрсету, сонымен қатар, адамдар арасындағы өзара түсіністік пен сыйластықтың қалыптасуына ықпал ететін маңызды мәдени құндылық болып табылады. Өз кезегінде, жаңа көшіп келген отбасы ризашылық ретінде көршілеріне алғыс білдіріп, дастарқан жайып, бір малын сойып қонаққа шақырған. Ал бұрыннан тұратын көршілер оларды «ерулікке» шақыру дәстүрін орындап үлгереді. Егер көшіп келушілерді қарсы алмау немесе ерулікке шақырмау орын алса, бұл қазақ дәстүрінде әдепке қайшы, көргенсіздік ретінде қарастырылған және қоғам тарапынан сынға алынған. Жаңа көшіп келген отбасы бастапқы кезеңде тұрмыстық қажеттіліктерге, әсіресе отын мен суға, қол жеткізуде қиындықтарға тап болуы мүмкін. Бұл

ресурстарды қамтамасыз ету үшін белгілі бір уақыт қажет. Дегенмен, қазақ халқының дәстүрлі әлеуметтік жүйесі мұндай жағдайларды алдын ала ескеріп, жаңа көршілерге қолдау көрсету мәдениетін қалыптастырған. Бұл тәжірибе қоғам мүшелері арасындағы ынтымақтастық пен әлеуметтік бірлікті нығайтуға ықпал етеді, сондай-ақ көмек көрсету мен өзара жауапкершіліктің дамуына негіз болады.

Әбдіжәміл Нұрпейісовтің «Қан мен тер» романында қазақ халқының байырғы дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары кеңінен суреттеледі. Романның: «...екі ауыл бір-біріне ерулік беріп, шақырысып, араға аяқ-табақ қатысып қалды» деген үзіндісінде, қазақ халқының қонақжайлығы мен өзара көмек көрсету дәстүрін айқын бейнелейді. Бұл үзінді қазақ қоғамында жаңа адамдарды тезірек бейімдеу мен оларды қауымға тарту үрдісінің тек жеке деңгейде ғана емес, тұтас ауылдар арасында да маңызды болғанын көрсетеді. Ерулік дәстүрі – жаңа көшіп келгендерді қамқорлықпен қарсы алу, сонымен бірге әлеуметтік қатынастарды нығайтудың және ауыл бірлігін сақтаудың маңызды механизмі.

«Ақ алып шығу» мен «ерулік» дәстүрлері – қазақ қоғамындағы көршілік мәдениеттің тереңде жатқан құндылықтық негіздерін бейнелейтін әлеуметтік феномендер. Бұл дәстүрлердің астарында жеке адамның жаңа ортаға енуін жеңілдету ғана емес, қауымдық өмірдің үйлесімділігін сақтау идеясы жатыр. Мұнда көршіге ақ дәм ұсыну – адалдық пен тазалықтың, ал ерулік беру – өзара мойындау мен ортақтықтың символдық әрекеті болып табылады. Осы екі рәсім арқылы қоғам мүшелері арасындағы сенім нығайып, ортақ жауапкершілік сезімі орнығады. Олардың философиялық мәні адамның тіршілігі тек дара күйде емес, өзге адамдармен байланыста ғана мағынаға ие болатындығынан көрінеді. Көршілік қатынастар – кең мағынадағы адам мен қоғамның өзара тәуелділігін білдіретін шағын модель. «Ақ алып шығу» мен «ерулік» дәстүрлері арқылы қазақ дүниетанымы ортақ береке мен рухани өмірдің басты қағидаты ретінде айқындалады.

Қазақ халқының дәстүрлі шаруашылық жүйесінде «Аққұла» дәстүрі - қоғамдағы әлеуметтік әлсіз топтарға көмек көрсетуге бағытталған қайырымдылық рәсімдерінің бірі болған. Бұл дәстүр бойынша әрбір егінші өзіне қажетті дақылын сеуіп болғаннан кейін, арнайы белгіленген жерге қосымша егін еккен. Бұл бөлек егілген өнім «құдай несібесі» немесе «құдай сыбағасы» деп аталып, жиналған соң жетім-жесірлерге, тұрмысы төмен адамдарға және дін жолындағы жандарға үлестірілген.

«Аққұла» дәстүрі қазақ халқының әлеуметтік жауапкершілік, әділеттілік және қайырымдылық қағидаларын ұстанғанын көрсетеді. Бұл қазақшаға аударғанда «құдай несібесі» немесе «құдай сыбағасы» деген сөз екен. «Аққұла» өсіп, жиналғаннан кейін жетім-жесірлерге, қайыршыларға және дін жолындағы адамдарға үлестірілген [185]. Бұл дәстүр ауыл шаруашылығындағы табысты әділ бөлуді, қоғамдағы әл-ауқаты төмен жандарды қолдауды да көздеген.

Бүгінгі күні бұл дәстүр ұмыт болғанымен, оның негізінде жатқан құндылықтар қазіргі заманғы әлеуметтік кәсіпкерлік, еріктілік және

қайырымдылық бастамаларымен үндеседі. «Аққұла» дәстүрі – қазақ қоғамының әділеттілікке, ынтымақ пен өзара көмекке негізделген мәдени мұрасының бір көрінісі.

Қазақ халқының ежелден келе жатқан дәстүрлерінің бірі – «Қанжығаға байлау», ол жомарттық, мәрттік және азаматтық қасиеттерді бейнелейді. Бұл дәстүр бойынша, адам өзі соғып алған аңды немесе олжасын жолыққан кісілерге сыйға тартқан, сондай-ақ тауып алған затын жанындағы адамға ұсыну әдетке айналған. «Байлау» қағидалары адамгершілік пен әлеуметтік әдеп нормаларының негізінде қалыптасқан [186]. Егер бұл дәстүрді орындаудан бас тарту немесе өз мүддесін жоғары қою орын алса, мұндай әрекет қоғам тарапынан теріс бағаланып, айыптауға ұшыраған. Бұл дәстүрдің сақталуы қоғамдық бақылау арқылы қамтамасыз етіліп, көпшілік тарапынан сөгіс немесе ескерту жариялау арқылы реттелген. Алайда, егер адам алғаш рет олжаға кенелсе, бұл жағдай «байлауға» жатпайды, керісінше, оны құттықтап, «құтты болсын» айту әдетке айналған. Осы дәстүр қазақ қоғамында өзара құрмет пен сыйластықты қалыптастырудың, сондай-ақ жомарттық пен ізгілік құндылықтарын дәріптеудің бір көрінісі болған. Ол адамның материалдық игіліктерге деген көзқарасын реттеумен қатар, рухани-адамгершілік қағидаттарға негізделген әлеуметтік қарым-қатынастарды нығайтуға ықпал еткен.

Қазақ халқының көшпелі тұрмысында ұзақ жолға шыққан отбасы немесе көш иелері сапар барысында өздерін де, ат-көлігін де тынықтыру үшін жол бойындағы ауылдардың маңына келіп, уақытша аялдаған. Мұндай уақытша тоқтауды «еру» деп атаған. Бұл кезеңде көш иелері тұрақты киіз үй тікпей, абылайшалап (шаңырақты уықпен көтеріп) немесе жаппа тігіп (кереге басын қосып, уақытша баспана құру) отырған. Осындай жағдайда ауыл тұрғындары көш иелерімен танысып, амандық сұрасып, қонақжайлық танытқан. Олар жаңа келгендерді «ерулікке» шақырып, дәм беріп, құрмет көрсеткен. Егер көш 4-5 күнге дейін аялдайтын болса, «ерулікке – қарулық» дәстүрі орындалып, көш иесі бір қойын сойып, ауылдың үлкендерін арнайы шақырып, олардың батасын алған. Бұл дәстүр қазақ халқының бірлік пен ынтымақтастыққа негізделген өмір салтын, сондай-ақ қонақжайлық пен адамгершілікті айшықтайды. «Еру» салты көшпелі қоғамда адамдар арасындағы жылы қарым-қатынасты сақтауға, өзара қолдау мен түсіністікті қалыптастыруға бағытталған [187].

Қазақ халқының көшпелі өмір салтында қалыптасқан «еру» мен «ерулік» дәстүрлері қоғамның әлеуметтік ұйымын нығайтқан, өзара көмек пен ынтымақты қамтамасыз еткен ерекше институттық тәжірибелердің бірі болып табылады. «Ерулік» рәсімінің мазмұнында қонақжайлықтан бөлек, риясыз көмек көрсету, ортақ жауапкершілікті сезіну және жаңа ортаға бейімдеу сияқты маңызды құндылықтық өлшемдер айқын көрінеді. Бұл дәстүр, мәні жағынан, қазақ қоғамындағы еріктіліктің тарихи-мәдени формасы ретінде қарастырылады. «Ерулік» дәстүрінің еріктілік сипаты – оның есепке, міндетке немесе материалдық өтемге тәуелді болмауында. Жаңа келгендерге дәм ұсыну,

оларды қоғамға қабылдау, қарулық рәсімі арқылы ауыл ақсақалдарының батасын алу – мұның барлығы қоғамдағы береке мен сенімге негізделген өзара қолдау әрекеттері.

Құдайы қонақ ұғымы қазақ халқының ұлттық болмысына тән ерекше мәдени феномен ретінде қарастырылады. Ол – қонақжайлық дәстүрінің айрықша көрінісі болып табылатын, алдын ала шақырылмай, жол үстінде немесе сапар кезінде кездейсоқ келіп түскен меймандарға қатысты қолданылатын атау [179, б.214]. Мұндай қонақ түрі арнайы шақырылған немесе салтанатты жиынға келген қонақтардан ерекшеленеді. Қазақ қоғамында құдайы қонаққа ерекше құрмет көрсету дәстүрі қалыптасқан, өйткені ол тек адамгершілік және ахлақтық нормаларды емес, сонымен қатар халықтың тарихи-әлеуметтік тәжірибесін, өзара сенім мен бауырмалдыққа негізделген қоғамдық қатынастар жүйесін де бейнелейді. Осы тұрғыдан алғанда, құдайы қонаққа құрмет көрсету дәстүрі – қазақ мәдениетінің этикалық және өркениеттік кодын айқындайтын маңызды рухани-әлеуметтік құндылықтардың бірі.

Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымында белгілі бір сирек әрі құнды заттарды, әсіресе тағам түрлерін (қазы, жүрек майы, қарындағы мамыр майы және т.б.), емдік мақсатта сұрау қалыптасқан әдет-ғұрыптардың бірі болып табылады. Халықтық заңдылықтар мен этикалық нормаларға сәйкес, егер біреу қандай да бір затты «емге» деп сұраса, оған еш қарсылықсыз беру міндеттелген, мейлі ол тағам болсын немесе тұрмыстық қажеттілікке жататын зат болсын [179, б.206-207].

Қазақ қоғамында «емге іздесең, таба алмайсың» деген ұғым қалыптасқан, бұл белгілі бір нәрсенің емдік мақсатта сұралған жағдайда ерекше құндылыққа ие болатынын және оның сұралған адам тарапынан берілуі қажеттігін білдіреді [181, б.34] Аталған дәстүр адамгершілік пен жомарттықтың, өзара көмек пен әлеуметтік жауапкершіліктің айқын көрінісі ретінде қалыптасқан. Қазақ мәдениетінде емдік қажеттіліктер үшін сұралған затты беруден бас тарту әдепке қайшы, қоғам тарапынан құпталмайтын әрекет ретінде қарастырылған. Бұл дәстүр халықтың бір-біріне деген жанашырлығы мен рухани бірлігін күшейтіп, материалдық құндылықтан гөрі ізгі ниеттің жоғары бағаланатынын көрсетеді. «Емге беру» тәжірибесі - қазақтың дәстүрлі мәдениетінде адам мен қоғам арасындағы этикалық келісімнің айрықша формасы. Бұл құбылыс риясыз жәрдем мен ізгілікті қоғам өмірінің іргелі принципі ретінде орнықтырған еріктілік дәстүрінің көне үлгісі болып отыр. «Емге беру» дәстүрі қазақ дүниетанымында адамгершіліктің трансценденттік деңгейін бейнелеп, еріктілік феноменін әлеуметтік қатынастардың этикалық өзегіне айналдырған.

Қазақ халқының дәстүрлі шаруашылық жүйесінде «кеусен» – егіншілікпен айналысатын қауымның жомарттық пен сыйластық қағидаларына негізделген әдет-ғұрыптарының бірі. Бұл дәстүр бойынша, егін пісіп, мол өнім жиналған кезде егіншілер өздерінің туған-туыстарына, ауылдастарына және жақындарына астық өнімдерін үлестірген. Мұндай сыйлық «кеусен» деп

аталған. «Кеусен» дәстүрін мал шаруашылығындағы «көгентүп» дәстүрімен салыстыруға болады, онда малшылар жас балаларға немесе құрметті қонақтарға төл сыйлаған [176, б.600]. Бұл екі салт та қазақ қоғамындағы жомарттық пен мейірімділіктің, сондай-ақ ортақ игілікті бөлісу қағидаттарының көрінісі болып табылады. Халық арасында «Кер кеткен кеусен сұрауға да ерінеді» деген мақал тараған, бұл адамның өмірдегі белсенділігіне қатысты айтылған. Яғни, өзіне тиесілі несібеге қол жеткізу үшін белгілі бір әрекет ету қажеттігін меңзейді.

Кеусен мен көгентүп рулық көмек дәстүрлері қазақ мәдениетінде еріктіліктің архетиптік үлгілері. Олар бірлікті сақтап, сенімді күшейтіп, жомарттықты өмірдің басты құндылығы ретінде орнықтырды. Бүгінгі волонтерлік қозғалыстардың рухани-мәдени негізі де осындай тәжірибелерден бастау алады. Оларда риясыз көмек, еркін таңдау және ортақ жауапкершілік қағидалары айқын көрінеді. Мұндай тәжірибе қоғам тарапынан міндеттелмесе де, этикалық тұрғыдан қолдауға лайық деп танылған.

Қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінде еңбек, өзара жәрдем және қонақжайлыққа негізделген этикалық нормалар ерекше орын алады. Осындай дәстүрлердің бірі – қол ұшын беру. Бұл ұғым ауыл адамдарының өзара көмектесуін білдіреді [179, б.230]. Көршісінің үй салып жатқанын, шаруашылық жұмыстарын атқарып жатқанын байқаған адам арнайы шақырусыз-ақ көмекке келген. Мұндай іс-әрекет адамды қайырымдылыққа, ынтымаққа және жанашырлыққа тәрбиелеген.

Қазақ тұрмысындағы еңбекке құрмет көрсету дәстүрінің келесі көрінісі – қол кесер және қол үздік ұғымдары. Халық ұғымында еңбегі сіңген адам ешқашан еңбекақысыз қалмаған. «Қол кесер» дәстүрі көбінесе соғым сойғанда, етті мүшелеп жатқанда орындалып, көмек көрсеткен адамға малдың ауыз омыртқасы сияқты үлес берілген [179, б.229]. Ал «қол үздік» дәстүрінде мал сою, киім тігу, киіз басу, алаша тоқу кезінде жәрдемдескен адамға ризашылық белгісі ретінде жүн, ине-жіп немесе басқа да тұрмыстық заттар сыйға тартылған. Бұл дәстүрлер еңбек адамына құрмет көрсетудің, еңбекті қадірлеудің көрінісі болып табылады.

Қазақ әйелдерінің тұрмыстық еңбегінде қой басты және тулақ шашу дәстүрлері ерекше мәнге ие. Киіз басу сияқты ауыр еңбекті атқарған әйелдерге үй иесі ризашылығын білдіріп, «қой басты» сыйлығын ұсынған. Бұл әрекет әйелдер арасындағы ынтымақ пен бірлікті нығайтқан. Ал тулақ шашу дәстүрі киіз сабау кезінде орындалып, еңбектес әйелдерге дастарқан жайып, құрмет көрсету арқылы еңбек пен бірлікті дәріптеген [179, б.230].

Осы аталған дәстүрлердің барлығы қазақ халқының өмір салтындағы өзара көмек, жомарттық, ризашылық пен еңбекті қадірлеу секілді моральдық-этикалық қағидалардың жүйелі көрінісі болып табылады. Олар қоғамдағы әлеуметтік қатынастарды нығайтып, ұжымдық жауапкершілік пен бірлікті сақтауға бағытталған.

Қазақ қоғамындағы еріктілік өзара көмек дәстүрлерінің тағы бір нысаны - «Сауын» салты. Халық аузындағы «Ердің күйін сұрама, жұрттан сауын сауған

соң» деген сөз бұл дәстүрдің мәнін айқындайды. Дәстүр бойынша, малы жоқ адамдар ауқатты кісілерден белгілі бір мерзімге сиыр не бие алып, оның сүтін пайдаланған. Мұндай жағдайда малды уақытында төлін қоса қайтару шарт болған. Демек, «сауын алу» кедей мен ауқатты арасындағы өзара сенім мен жәрдемге негізделген әдет-ғұрып ретінде қалыптасқан [179, б.340].

«Сауын алу» тәжірибесі дәстүрлі шаруашылық құрылымда қалыптасқан ерекше әлеуметтік институт. Оның мазмұны малдың экономикалық құндылығынан тысқары, қоғамдық қатынастарды реттеуші мәдени символ ретінде көрінеді. Уақытша пайдалануға берілген мал тек тұрмыстық қажеттілікті өтеп қана қоймай, адамдар арасындағы сенім арнасын кеңейтіп, қауымдастықтың ішкі үйлесімін сақтауға қызмет еткен.

Бұл дәстүрдің философиялық мәні – өзара тәуелділікті мойындауда. Бай мен кедейдің ара қатынасы тек мүлік айырмашылығымен емес, сенім мен адалдықты сақтау арқылы үйлестірілген. Мал иесі өз игілігін уақытша бөліссе, алушы міндетті түрде оны аман сақтап, төлін қосып қайтарған. Мұндай әрекет қоғамда жеке меншіктің шектелмей, бірақ қоғамдық мүддемен астасып отырғанын дәлелдейді. «Сауын алу» – қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінде риясыз қолдау көрсетудің институционалданған үлгісі. Ол тек материалдық көмек емес, адамгершілік құндылықтарды нығайтудың тәсілі ретінде қызмет атқарды. Осы арқылы «сауын алу» әлеуметтік байланыстарды сақтап, қауымдық бірлікті тұрақтандырған дәстүрлі еріктілік формасы болып бағаланады.

Бәсіре тарту – қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінде ерекше орын алатын ғұрып. Ол бала дүниеге келгенде немесе жастайынан арнайы мал атау арқылы жүзеге асады. Әдетте ата-әжесі, нағашысы немесе туыстары балаға құлын, қозы, бұзау, бота сияқты малды «бәсіре» ретінде сыйлап, оның иесі деп жариялаған. Бұл дәстүр баланың жеке меншігін қалыптастырумен қатар, еңбексүйгіштікке, малға жанашырлықпен қарауға және жауапкершілікке баулиды. Бәсіре тартудың әлеуметтік мәні де зор: ол туыстық қарым-қатынасты нығайтып, үлкендердің кішіге деген мейірімін, ықыласын көрсететін мәдени-әлеуметтік институт қызметін атқарды [188]. Тәрбиелік тұрғыдан алғанда, бәсіре – жас ұрпаққа еңбек мәдениетін сіңірудің, мал шаруашылығына баулудың және қазақы дүниетанымды жалғастырудың маңызды құралы. Яғни, бәсіре тарту – классикалық қайырымдылықтан гөрі, тәрбиелік және отбасылық сый-сияпат дәстүрі болып табылады. Алайда оның астарында жомарттықты, ізгілікті және қайтарымыз көмек көрсетуді дәріптейтін терең құндылықтық мазмұн жатыр.

Қазақ қоғамында біреудің құнды малына немесе мүлкіне ерекше қызығушылық танытқан адам «қалау» сұрау құқығына ие болған. Бұл дәстүр бойынша, қалаушы сол үйге барып, балаларына сыйлық ұсынып, өз қалауын білдіреді. Сыйлық ретінде қамшы, білезік, алқа сияқты бағалы заттар берілсе, жауап ретінде үй иесі бие, сиыр, кілем сияқты қымбат дүниелерді қалау еткен адамға сыйға тартқан.

Қазақ дәстүрінде қалау сұрау – тек жақын адамдар мен туысқандық қатынастағы жандарға ғана рұқсат етілген. Бұл рәсім еріксіз міндеттеу емес, керісінше, жомарттық пен ризашылыққа негізделген өзара құрметтің белгісі болып есептелген. Қалаушының сұранысын орындау үй иесі үшін әлеуметтік мәртебенің жоғары екенін көрсетіп, оның мәрттігін дәріптеген [189].

Қазақ мәдениетіндегі еріктілік дәстүрлері жеке тұлғаның ұжым алдындағы міндеті мен қоғамның этикалық тұтастығын сақтаудың негізгі элементі болды. Бұл дәстүрлер өзара көмек пен әлеуметтік жауапкершіліктің прагматикалық қажеттілік, қоғамның онтологиялық негізін құрайтын құндылықтар жүйесі екенін көрсетеді.

Қорыта айтқанда, қазақ қоғамындағы еріктілік құбылысы – жеке альтруизмнің немесе қайырымдылықтың көрінісі, қоғамдық этиканың бірегей құрылымы болып табылады, онда адамзаттың бірлігі, өзара қолдау мен әділеттілік қағидалары басым орын алады. Бұл дәстүрлердің жаңарған формалары бүгінгі таңда да әлеуметтік капиталдың қалыптасуы мен қоғамдағы бірлікті нығайтуға ықпал ететін факторлар болып қала бермек. Ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан бұл құндылықтар – халық тарихының, дүниетанымының және рухани мәдениетінің айрықша көрінісі. Әрбір буын үшін ата-бабадан жеткен өсиет пен өнеге өмірлік бағдар болуға тиіс. Зерттеу барысында анықталғандай, көне салт-дәстүрлердің адам өміріндегі орны ерекше әрі олардың тәрбиелік ықпалы зор. Олар жеке тұлғаны ізгілікке, қонақжайлылыққа, мейірімділікке, өзара сыйластыққа тәрбиелеудің қуатты құралы болып табылады. Бұл құндылықтар болашақ ұрпақтың кемелденуіне деген халықтың сенімін айқындайды. Егер біз жас ұрпақты білімді, тәрбиелі, ізетті, мейірімді әрі қайырымды етіп қалыптастырғымыз келсе, халықтық салт-дәстүрлерге, әсіресе көне дәстүрлерді жаңғыртуға айрықша мән беруіміз қажет. Тәуелсіздіктің рухын бекемдеу жолында адамзаттық құндылықтармен қатар, қазақ халқының ғасырлар бойы арман еткен мәдени мұрасын сақтау – ұлттық дамудың басты шарттарының бірі.

3 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЕРІКТІЛІК: МӘДЕНИ ДӘСТҮРЛЕРДІҢ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ

3.1 Еріктілікті институттандырудың қазақстандық тәжірибесі: проблемалар мен перспективалар

XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстан Ресей империясының құрамында болған кезеңде саяси және мәдени-тарихи жағдайлардың ықпалымен халыққа өзара көмек көрсетудің әртүрлі ерікті формалары біртіндеп институционалдана бастады. Бұған дейін негізінен дәстүрлі қауымдық тәжірибелер – асар, жылу жинау, садақа беру сияқты көмек түрлері бейресми сипатта болса, енді олар жаңа әлеуметтік-экономикалық және саяси құрылымдардың ықпалымен ресми ұйымдар мен қоғамдық бастамаларға айнала бастады. Бұл кезеңде қоғамдық қызмет пен қайырымдылық шаралары негізінен жекелеген дәулетті меценаттардың, діни мекемелердің немесе патша әкімшілігі бекіткен құрылымдардың аясында жүзеге асырылды. Арнайы құқықтық-нормативтік негізі болмағанымен, көмектесу мен жанашырлыққа сүйенген дәстүрлі тәжірибелер – жылу жинау, асар, садақа беру – халықтың өзін-өзі ұйымдастыруының маңызды тетіктерінің бірі ретінде қызмет етуін тоқтатқан жоқ. Еріктілік тәжірибеге тек рулық-туыстық қауымдастықтар ғана емес, сонымен қатар ұлттық интеллигенция өкілдері, жеке кәсіпкерлер және әртүрлі этностық топтардан шыққан зиялы азаматтар да белсене атсалысты [173, б.98]. Соның нәтижесінде еріктілік қызметтің мазмұны біртіндеп кеңейіп, XIX ғасырдың соңына қарай құрылымдық әрі мақсатты сипат ала бастады. Аталған кезеңде аштық, эпидемия және әлеуметтік дағдарыстардан зардап шеккен халыққа көмек көрсету ісінде Қызыл Крест қоғамының жергілікті бөлімшелері айрықша рөл атқарды. Мәселен, Торғай басқармасы, Омбы қамқорлық комитеті, сондай-ақ Ақмола мен Петропавлда құрылған бөлімшелер гуманитарлық көмек ұйымдастырып, халық үшін тегін асханалар, түнемел үйлер және уақытша ауруханалар ашты. Бұл қызмет түрлері Қазақстандағы алғашқы институционалданған қайырымдылық пен еріктілік тәжірибелерінің қалыптасуына негіз қалады.

XX ғасырдың басынан бастап қазақ даласында білім мен мәдениетті қолдауға бағытталған жекелеген азаматтардың меценаттық қызметі қалыптаса бастады. Мәселен, Әлихан Бөкейхан, Жаһанша және Халел Досмұхамедовтер, Мұстафа Шоқай және басқа да ауқатты зиялылар мектептер мен медреселер ашып, баспа ісіне қолдау көрсетіп, қазақ тілінде газет-журналдар шығаруға қаржылай жәрдемдесті. Бұл игілікті істердің барлығы – меценаттықтың алғашқы мысалдары ретінде ұлттың рухани өсуіне үлкен үлес қосты.

Меценаттық – қайырымдылық әрекеттерінен бастау алатын, мұқтаж адамдарға материалдық қолдау көрсетуге бағытталған әлеуметтік мәні бар пайдалы іс-қимыл ретінде қалыптасқан құбылыс. Оның түпкі мақсаты – адам өмірінің ең қажетті материалдық аспектілерін қамтамасыз ету, өмір сүру сапасын арттыру және жалпы әлеуметтік тұрақтылықты сақтау. Қазақ

даласында алғашқы меценаттық әрекеттердің негізгі өзегі – баспанамен қамтамасыз ету, білім беру мекемелерін ашу, тұрмыстық қажеттіліктерді өтеу сынды игілікті іс-шаралар болды. Бұл үдерістің мақсаты тек қана жеке адамның мұқтаждарын өтеу емес, сонымен қатар оның қоғам өміріне белсенді әрі толыққанды араласуына жағдай жасау болды.

Қазақ жерінде меценаттық қайырымдылық табиғи жалғасын тауып, кеңейтілген нысандарда дамыды. Дегенмен, ол Батыс Еуропада қалыптасқан меценаттық дәстүрлерден айтарлықтай ерекшеленді. Қазақ даласындағы меценаттықтың басты өзгешелігі – оның тек жекелеген адамдардың қажеттіліктерін өтеумен шектелмей, тұтас қауымның, рудың, тіпті ұлттың мәдени әрі рухани дамуына бағытталған дәстүрлі миссиямен сабақтас болуында. Бұл жағдай қазақ меценаттығын әлеуметтік-мәдени феномен ретінде даралайтын ерекшелігін айқын көрсетеді.

Осы дәстүрлік миссияның нақты тарихи көріністерінің бірі – 1913 жылы А. Байтұрсынов пен М. Дулатовтың бастамасымен құрылған «Азамат» серіктестігі болды. Ол қазақ қоғамындағы меценаттықтың ұйымдасқан қоғамдық формаға айналуын бейнелеген алғашқы құрылымдардың бірі саналды. Оның негізгі мақсаты – «Қазақ» газетінің үздіксіз жарық көруін қамтамасыз ету, оқу-ағарту ісін ілгерілету және мұқтаж студенттерге қолдау көрсету еді. Бұл серіктестіктің қызметіне Алаш зиялыларымен қатар Қаражан Үкібаев, Тұрағұл және Кәкітай Құнанбаев, Хасен мен Мағат Ақаев сияқты қоғам қайраткерлері де қаржылай демеушілік көрсетті. «Азамат» серіктестігі қайырымдылықты тек жекелеген акциялар деңгейінде емес, мәдени-ағартушылық миссиясы бар қоғамдық институт ретінде жүзеге асыруымен ерекшеленді [190].

1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейін құрылған «Жанар» жастар ұйымы – Алаштың еріктілік және қайырымдылық идеяларын жалғастырған тағы бір мысалы. Бұл ұйым Жетісу және Сырдария облыстарындағы аштыққа ұшыраған қазақтарға көмек көрсететін арнайы комитет құрып, оны Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов және Мұхтар Әуезов басқарды [191]. Мұндай қадам ұлттық сипаттағы қайырымдылық ұйымының институционалдық деңгейге көтерілген нақты үлгісі болды. 1917 жылы Орал қаласында құрылған тағы бір өзара көмек ұйымы «Ақниет» ұйымы болды. Ұйым мүшелері мәдени-ағартушылық және қайырымдылық шараларын ұйымдастыру арқылы халыққа жан-жақты қолдау көрсетіп, қоғам игілігіне қызмет етті.

«Жанар» мен «Ақниет» ұйымдарының қызметі қазақ қоғамындағы қайырымдылық пен өзара көмек дәстүрлерінің жаңа тарихи жағдайда қайта жанданғанын көрсетсе, осы үрдісті теориялық тұрғыда негіздеуде Әлихан Бөкейханның ойлары ерекше маңызға ие болды. Ол қазақтың көне «жылу» дәстүрін халықтық жанашырлық пен шынайы көмек көрсетудің айрықша үлгісі ретінде қарастырып, оның мәнін жаңғырту қажеттігін атап өтті. XX ғасырдың басында бұл дәстүрдің әлсірей бастағанын сынға алып, оны қоғамды біріктіруші әлеуметтік-мәдени құндылық ретінде қайта түлету қажет екенін

ескертті. Әлихан Бөкейхан «жылуды» тек қарапайым қайырымдылық әрекеті емес, қазақ мәдениетінің «жылылық» атты ішкі этикалық құрылымын бейнелейтін жүйе ретінде сипаттады [192]. Бұл түсінік адамның адамға деген риясыз қамқорлығын, қоғам алдындағы моральдық жауапкершілігін және ізгілікке негізделген әлеуметтік қарым-қатынастың феноменін білдіреді. Дәстүрлі «жылу» тәжірибесі еріктілік пен меценаттықтың философиялық-этикалық негізін айқындап, олардың институционалдық деңгейде дамуына рухани тірек болды.

Әлихан Бөкейханов Алаш қозғалысының басқа да қайраткерлерімен бірге саяси және ағартушылық қызметті ғана емес, сонымен қатар еріктілік пен әлеуметтік қолдау ісін де жүйелі түрде жүзеге асырды. Ол тұрмысы төмен отбасылардың балаларын мектепке орналастыруға, оларды киім-кешекпен, оқу құралдарымен және азық-түлікпен қамтамасыз етуге ерекше назар аударып, бұл бағытта үздіксіз еңбек етті. Қазақстандағы алғашқы қайырымдылық ұйымдарының қалыптасуы да тікелей Алаш зиялыларының бастамаларымен байланысты. Қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінде мейірімділік, жанашырлық пен риясыз көмек ұғымдары «жылулық» түсінігімен сабақтасып, ұлттық болмыстың айрықша құрамдас бөлігіне айналғаны белгілі. Осы орайда Әлихан Бөкейханов өзінің 1889 жылы жазған «Ежелгі заманның құнды қазыналары» атты еңбегінде қауымдық-тайпалық қатынастар дәуіріне тән «қонақжайлық» пен «жылу» сияқты әлеуметтік-мәдени дәстүрлерді сипаттап, олардың тарихи мәнін ашып көрсетті [193]. Оның пайымдауынша, ХІХ ғасырдың соңына қарай бұл әдет-ғұрыптар бастапқы әлеуметтік мағынасын жоғалтып, біртіндеп жасандылық сипат ала бастады. Әсіресе, «жылу» дәстүрі өзінің шынайы гуманистік мазмұнынан ажырай бастағанымен, жаңа ұлттық элита оны ағартушылық идеялармен ұштастырып, қоғамды рухани жаңғырту құралына айналдыруға күш салды. Ә. Бөкейханның: «Хан баласында қазақтың хақысы бар еді, тірі болсам, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын» деген серті оның жеке тұлғалық ұстанымынан гөрі, тұтас Алаш зиялыларының халық алдындағы тарихи жауапкершілігін айқындады. Бұл қағида ұлтқа қызмет ету ұранына айналып, меценаттық пен қайырымдылықтың философиялық негізін қалады.

Аталған кезеңнің меценаттары театрлар, мұражайлар, баспалар, медреселер мен кітапханаларға қолдау білдіру арқылы мәдени жадыны сақтауға айрықша үлес қосты. Бұл – меценаттықтың әлеуметтік жад ретіндегі қызметін көрсетеді. Бүгінгі күнде Алаш меценаттарының қызметі жастар үшін рөлдік модель бола алады. Себебі олар жеке пайда үшін емес, қоғамдық игілік үшін қызмет етті.

Қазақ қоғамындағы меценаттық ұлттық мәдениеттің, рухани кемелдіктің және ағартушылық дәстүрдің маңызды көрінісі болып табылады. Оның тарихи қалыптасуы қайырымдылық тәжірибелерінен бастау алып, уақыт өте келе қоғамдық қызметтің жоғары формасына айналды. Алаш зиялыларының бұл бағыттағы қызметі отаншылдық, адамсүйгіштік және әлеуметтік жауапкершілік идеяларының айқын көрінісі ретінде ерекшеленді. Олар қоғамдағы әлеуметтік

тұрғыдан әлсіз топтарды қорғаумен қатар, халықтың рухани және мәдени дамуына серпін берді. Бұл құбылыс меценаттықтың ұлттық ұстанымдар мен азаматтық борыштың тоғысқан тұсы екенін көрсетіп, оның қазіргі Қазақстан үшін де өзектілігін айқындайды. Қазақ қоғамының зиялы әрі ауқатты бөлігі – дәулетті азаматтар, кәсіпкерлер мен оқығандар – өз мүдделерімен ғана шектелмей, ұлттың болашағы үшін қаржылық әрі рухани қолдау көрсетуге ұмтылды. Олар білім беру ісін, әдебиет пен өнерді, баспа ісін дамытумен қатар, жетім балалар мен тұрмысы төмен отбасыларға көмек көрсетуді ерікті түрде жүзеге асырды. Нәтижесінде, қазақ қоғамында меценаттық тек материалдық қолдаумен шектелмей, ұлттық сана мен рухани жауапкершілікпен астасқан ерекше әлеуметтік-мәдени феномен ретінде қалыптасты.

Кеңестік кезеңде (1922–1991) еріктілік пен қайырымдылық қызметтері түбегейлі жаңа мазмұнға ие болып, орталықтандырылған сипат алды. Қоғамдық пайдалы еңбек, сенбіліктер, комсомолдық және пионерлік бастамалар мемлекет тарапынан жүйелі түрде ұйымдастырылып, еріктілердің ішкі ниеті мен дербес шешімінен гөрі, саяси-идеологиялық мақсаттарға бағындырылды. Бұл қызмет түрлері формалды тұрғыдан «ерікті» аталғанымен, іс жүзінде мемлекеттік нақандық талаптар негізінде жүзеге асырылды. Соған қарамастан, мұндай тәжірибелер қоғамда ұжымдық жауапкершілік пен қоғамдық белсенділік мәдениетінің қалыптасуына ішінара ықпал етті. Жастардың еңбекке, қоғамдық іске араласуы белгілі бір дәрежеде әлеуметтік ынтымақтастық сезімін нығайтты. Алайда бұл кезеңде еріктілік заңнамалық деңгейде жеке бағыт ретінде танылған жоқ. Кеңестік жүйе жағдайында еріктілік жеке тұлғаның еркін таңдауына емес, мемлекеттік құрылымдардың ұйымдастырушылық және идеологиялық ықпалына негізделіп, оның гуманистік, адамгершілік мазмұны екінші кезекке ысырылды, еріктілік өзінің табиғи-мәдени мазмұнынан алшақтап, саяси жүйенің құралына айналды. Дегенімен бұл кезеңнің тәжірибесі кейінгі жылдары азаматтық қоғам қалыптасуы барысында еріктіліктің институционалдануына жанама түрде ықпал еткен тарихи алғышарттардың бірі болып саналады.

Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін еріктілік қызмет жаңа мазмұнмен қайта дами бастады. 90-жылдардың ортасынан бастап азаматтық қоғам институттары - қоғамдық қорлар, жастар ұйымдары мен бастамашыл топтар - еріктілік қызметті мемлекеттік қолдаусыз, өз бетінше ұйымдастыруға кірісті. Бұл кезеңде Алматы, Астана, Шымкент, Қарағанды және басқа да ірі қалаларда халықаралық ұйымдардың гранттық көмегімен жұмыс істейтін үкіметтік емес ұйымдар қалыптасты. Олар кедейшілікпен күрес, әлеуметтік әлсіз топтарды қорғау, қоршаған ортаны сақтау секілді бағыттарда жұмыс істеп, құрамына еріктілерді тартып отырды. Сонымен қоса, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында елімізде азаматтық қоғамның дамуына байланысты еріктілік қызметі жаңа сипат ала бастады. 90-жылдардың соңында алғашқы коммерциялық емес ұйымдар мен жастар бірлестіктері қалыптасып, әлеуметтік бастамалар жүзеге асырыла бастады. Бұл кезеңде еріктілік қызмет бейресми сипатта жүргізілді

және құқықтық жағынан нақты реттелмеді.

2000-жылдардан бастап әртүрлі қоғамдық ұйымдар еріктілік қызметті үйлестіру мен құқықтық тұрғыда тану мақсатында күш біріктіре бастады. Бұл бағытта волонтерлік инфрақұрылымдарды дамыту, жүйелі тәсілдер мен заңнамалық негіздерді қалыптастыру қажеттілігі туындады.

2001 жылы қабылданған «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы [194] қайырымдылық қызметті құқықтық тұрғыда алғашқы рет айқындады. Заңда қайырымдылық ұйымдары коммерциялық емес ұйымдардың түрі ретінде сипатталып, олардың құқықтық мәртебесі мен қызмет аясы белгіленді. Бұл құқықтық акт азаматтардың қайырымдылықпен заң шеңберінде айналысуына жол ашты.

2011 жылы «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» ҚР Заңы қабылданды. Заңда жастардың қоғамдық белсенділігі мен еріктілік қызметке қатысуы заңнамалық тұрғыда алғаш рет танылды [195]. Бұл заң жастардың бастамаларын қолдау және әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастыру тетігі ретінде еріктілікті мемлекеттік деңгейде дамытуға негіз болды.

2015 жылы Қазақстанда еріктілік пен қайырымдылықты құқықтық реттеу бойынша маңызды қадам жасалды. 16 қарашада «Қайырымдылық туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (№ 402-V) қабылданып, 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енді. Бұл заң қайырымдылық қызметтің құқықтық, әлеуметтік және экономикалық негіздерін нақтылап, қайырымдылық ұйымдарының, донорлардың және көмек алушылардың мәртебесін айқындады [196]. Сондай-ақ, мемлекеттік қолдау тетіктері, салықтық жеңілдіктер, әлеуметтік жобаларға грант бөлу мәселелері де осы заңмен реттелді.

2016 жылдың 30 желтоқсанында «Волонтерлік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Бұл құжат еріктілік қызметтің заңды негізін анықтап, волонтер түсінігін, оның түрлерін, құқықтары мен міндеттерін, сонымен қатар волонтерлік ұйымдар мен мемлекеттің өзара әрекет ету механизмдерін жүйеледі. 2017 жылы осы заңды іске асыру үшін бірнеше нормативтік-құқықтық актілер қабылданып, волонтерлерді тіркеу, есепке алу және қолдау тетіктері бекітілген болатын.

2020 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен елде «Волонтер жылы» жарияланды. Бұл бастама волонтерлік қызметті дамытудың жаңа кезеңін бастады. «Birgemiz» атты ұлттық жоба шеңберінде мыңдаған еріктілер әлеуметтік, медициналық, білім беру және экологиялық жобаларға тартылды. Осы жылы волонтерлік қозғалысқа институционалдық қолдау көрсетілді және мемлекеттік органдардың еріктілермен өзара іс-қимылы ретке келтірілді [197].

2021–2023 жылдары еріктілік қызметін қолдауға арналған Жол картасы жүзеге асырылды. Бұл құжат волонтерлік инфрақұрылымды дамыту, еріктілерді даярлау стандарттарын енгізу, өңірлік фронт-офистер құру және волонтерлік бастамаларды қаржыландыру мәселелерін қамтыды. Сонымен

қатар, волонтерлік қызмет туралы Заңға өзгерістер енгізіліп, оның қолданылу аясы кеңейтілді [198].

Нәтижесінде, Қазақстанда еріктілік пен қайырымдылық қызметі тарихи тұрғыдан дәстүрлі бастамалардан бастау алып, бүгінгі таңда құқықтық, институционалдық және әлеуметтік негіздері нақты бекітілген, дамыған салаға айналды. Мемлекет бұл қызметті азаматтық қоғамды нығайтудың маңызды құралы ретінде қарастырып, оны заңнамалық және құрылымдық деңгейде қолдауды жалғастырып келеді. Бұған орай, елімізде еріктілік азаматтық қоғамның дамыған әрі құқықтық негіздері айқындалған саласына айналды.

Қазақстанда еріктілік – жастар мен өзге де әлеуметтік топтардың елдің мәдени, экономикалық және әлеуметтік өміріне қатысуының ең нәтижелі тетіктерінің бірі болып табылады. Бұл құбылыстың ауқымы жылдан жылға кеңейіп, бүгінде тәуелсіз еріктілік ұйымдары да қызмет атқаруда. Еріктіліктің маңызы қоғам өміріне әрбір адамның қатысу құқығымен және оның өзін-өзі ұйымдастыруымен айқындалады. Біріккен Ұлттар Ұйымы өз резолюцияларында еріктілікті мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық даму стратегияларына енгізуді ұсынады. Сонымен қатар, ізгілікке негізделген мұндай қызметтің осы үдерісті сипаттайтын өзіндік ерекше белгілері бар (3-кестеде көрсетілген).

Кесте 3 - Еріктіліктің ерекшеліктері

Белгісі	Сипаттамасы
Сыйақы	Ерікті өз қызметінен пайда табуды көздемеуі тиіс, ал қаржылық өтемақы оның іс-әрекетінің құнынан төмен болуы қажет.
Ізгі ниет	Көп жағдайда еріктілікке қатысуға деген уәж әріптестердің (ата-аналардың) қысымымен немесе қоғам алдындағы борыш сезімімен байланысты болады. Дегенмен мұндай қызмет ерікті түрде, мәжбүрлеусіз жүзеге асырылуы шарт.
Пайдасы	Еріктілік қызметінің пайдасын кім алатынын анықтау маңызды. Бұл абстрактілі түсініктер (орта, қоғам), сондай-ақ отбасы немесе еріктінің достары болуы мүмкін.
Қатысу дәрежесі	Қатысушылардың көпшілігі бұл іске тұрақты негізде араласады. Алайда толыққандыдан бастап эпизодтыққа дейін әртүрлі деңгейде қатысу да кездеседі.
Ескерту - Кестеде Қазақстандағы еріктілік қызметінің қағидалары мен сипаттамалары көрсетілген.	

Дереккөз: Ғалымдардың еңбектері негізінде құрастырылған [61].

Автордың тұжырымдауынша, азаматтық қоғам институттарын дамытудың негізгі міндеті жастардың еріктілік ұйымдарын құрудан тұруы тиіс, өйткені бұл елдің әлеуметтік саласында оң өзгерістерге бағытталады. Мұндай

қызметтің басты мақсаты – әлеуметтік және азаматтық жауапкершілікті арттыру болып табылады [199].

Демек, еріктілікті дамытуға қолайлы орта қалыптастыруда басымдыққа ие мемлекеттік жастар саясатын жүргізу маңызды. Жастарды бұл қызметке тарту және оларды әлеуметтік көмек көрсету дағдыларына үйрету теңдік, өзін-өзі жүзеге асыру және қоғамдық мойындау қағидаттарына негізделуі тиіс. Бұл ретте билік органдарының басқа да әлеуметтік институттармен бірлесе әрекет етуі үлкен рөл атқарады. Мұндай ынтымақтастық жастардың инновациялық әлеуетін еріктілік қызмет арқылы ілгерілетуге мүмкіндік береді. Волонтерлікті қолдау қажеттілігі жаңа адами ресурстарды тартудың әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуге, ұлттық жобаларды жүзеге асыруға және қоғамды жетілдіруге ықпал ететіндігімен дәлелденеді [59, б.77].

Зерттеулерде еріктілік қызметтің бірнеше түрі айқындалады: өзара көмек, филантропия немесе қызмет көрсету, мүдделерді қорғау, басқаруға қатысу. Ал желілік волонтерлік ынтымақтастық ортақ мақсаттарға ие белгілі бір тұлғалармен, қорлармен, қозғалыстармен және ұйымдармен байланыс орнатып, бірлесе әрекет ету процесі болып табылады. Волонтерлік желілердің қызметі ерікті сипатта жүзеге асады және оның нәтижелілігі барлық мүшелердің белсенді қатысуына байланысты. Мұндай желілердің басты сипаттамаларына патриотизм мен шынайы ниеттің болуы, материалдық ресурстардың қамтамасыз етілуі, ортақ мақсат пен құндылықтардың айқындалуы, бірлесе еңбек етуге дайындық, теңдік қағидасын ұстану, тәжірибе алмасу, сенім орнату, қызметтің үздіксіздігі, құжаттық негіздемелердің болуы және толеранттылық жатады [60, б.645].

Жастардың еріктілік қызметке тартылуы олардың бойында патриоттық құндылықтарды қалыптастыруға, ұлттық маңыздылықты түсінуге, жалпыадамзаттық құндылықтарды жетілдіруге, моральдық нормаларды дамытуға, агрессивтілікті бейтараптандыруға, шығармашылық өсу мен өзін-өзі дамытуға жағдай жасауға мүмкіндік береді. Сондықтан жастардың ұмтылысы мен бастамашылдығын қолдап, олардың әлеуметтік-позитивті белсенділігін арттыру қажет. Бұл аспектілер рухани-адамгершілік гуманистік идеалдарды орнықтыруға және жеке сенімдерге сәйкес әрекет етуге жол ашады [62, б.158].

Яғни, азаматтық қоғам институттарының дамуы тұрақты қолдау мен әлеуметтік бастамалардың бір түрі ретіндегі волонтерлікті жетілдіру арқылы ғана мүмкін болады. Мұндай қызметтің негізгі мақсаты – әлеуметтік және азаматтық белсенділікті арттыру, бұл азаматтық қоғам құрылымының негізін қалыптастыруға ықпал етеді.

Посткеңестік елдердегі еріктіліктің институционалдық модельдеріне тоқталатын болсақ, аталмыш елдерде еріктілік құрылымдары екі негізгі бағыт бойынша қалыптасып, дамыды. Бірінші бағытта еріктілік саласын халықаралық ұйымдар үйлестіреді. Бұл жағдайда халықаралық еріктілер бірлестіктері жетекші рөл атқарып, олардың кеңселері мен өкілдіктері арқылы иерархиялық

жүйе қалыптасты. Мұндай модельде үшінші сектор еріктілерді халықаралық донорлардың ресурстары арқылы тартып, өз қызметін жүзеге асырады.

Екінші бағыт Қазақстан тәжірибесіне негізделген. Мұнда формалды және бейформалды еріктілік құрылымдарының желілері дамыды. Бейформалды желілер – бұл қатысушылары арасындағы өзара қолдау мен байланысқа сүйенетін, виртуалдылыққа негізделген ерікті бастамалар мен бірлестіктер. Ал формалды түрде мемлекеттік қолдауға ие еріктілік орталықтарының жүйесі қалыптасады. Бұл орталықтар әдетте облыстық немесе қалалық мемлекеттік мекемелердің базасында, жергілікті атқарушы органдардың, әсіресе жастар саясатына жауапты бөлімдердің келісімімен құрылады. Жергілікті деңгейде жекелеген өңірлерде, қалаларда, ауылдық жерлерде белгілі бір әлеуметтік мәселе туындағанда еріктілер өз бетімен шоғырланып, уақытша немесе тұрақты негізде жұмыс істейтін еріктілік топтары мен қозғалыстарын құрайды.

Жоғарыда айтылғанды пайымдай келе еріктілік күрделі де көп деңгейлі құрылымға ие құбылыс екенін байқаймыз, онда әртүрлі ұйымдастырушылық формалардағы еріктілер қауымдастығы көрініс табады, ал еріктілердің қызметі институционалдық деңгейде ресми нормалар мен ережелер арқылы реттелуі қажет. Бұл нормалар өз кезегінде негізінен гуманистік және жалпыадамзаттық құндылықтарға сүйенуі керек.

Қазақстандағы еріктілік қызметі қоғамның тарихи және мәдени дәстүрлерімен тығыз байланысты болып қана қоймай, соның өзінде жаңа дәстүрлер мен мінез-құлық үлгілерін қалыптастырады. Осы үдеріс барысында қоғамдық мәселелерді тиімді әрі сапалы шешуге атсалысқысы келген ерікті азаматтар үкіметтік емес ұйымдар арқылы белсенділік танытып, түрлі әлеуметтік жобаларға араласуда. Коммерциялық мақсатты көздемейтін, тек қоғам игілігіне бағытталған бұл ұйымдар мен тұлғалар еріктілік саласындағы негізгі қозғаушы күштерге айналды. Волонтерлік кәсіби негізде іске қосылып, елдегі әлеуметтік өткір мәселелерде қызмет көрсете бастағанын ерекше айтып өтуге болады.

Қазіргі кезеңде жаһандану үдерісі дүниежүзінде қарқынды жүріп, адамзат өмірінің барлық салаларын – экономиканы, саясатты, мәдениетті, ақпараттық кеңістікті түбегейлі өзгертуде. Осы тарихи-әлеуметтік дамулар негізінде жаһандану мен еріктілік арасындағы өзара байланыс оң бағытта өрістегені айқын байқалады. Жаһандық ықпалдастық бір жағынан жаңа мүмкіндіктер мен дамудың тың бағыттарын ұсынса, екінші жағынан ұлттық ерекшеліктер мен рухани болмысқа қауіп төндіруде. Соңғы онжылдықтарда адамзат көптеген жаһандық және әлеуметтік өзгерістерді бастан өткеруде. Бұл өзгерістер адамдар арасындағы өзара көмек пен қолдаудың маңыздылығын күшейтіп, жаңа әлеуметтік мәдениеттің қалыптасуына ықпал етті. Қазіргі заманның басты ерекшеліктерінің бірі – өмір сүру қарқынының жеделдеуі мен әлеуметтік байланыстардың күрделенуі. Цифрлық технологиялар мен ғаламдану дәуірінде адамдардың көпшілігі өзін жалғыз сезінеді, бұл психологиялық қысымның артуына және менталдық денсаулықтың әлсіреуіне алып келеді. Ойымызша,

осындай жағдайда өзара көмек мәдениеті – қоғамның ішкі бірлігін сақтап қалудың және тұрақты дамуын қамтамасыз етудің ең тиімді тетіктері болмақ.

Қазақстандағы еріктілік институты рөлінің артуының маңызды кезеңі - елімізде пандемия кезінде төтенше жағдай енгізіліп, қазақстандықтардың көпшілігі күнкөріс көзінен айырылған кезең еді.

Пандемия жағдайындағы еріктілік іс-әрекеттер «Біргеміз» жалпыұлттық жобасымен қоса, өңір-өңір әртүрлі бастамашыл ұйымдар мен жастардан құралған топтар елдегі жағдайға алаңдап, денсаулығы мен өз өмірлеріне қауіп төнсе де үлкен еңбек етті. Ал 2022 жылғы қаңтардағы трагедия кезінде ел басына күн туған шақта ұйымдасқан ерікті отрядтардың қызметі – халықтың бірлігін сақтау, саяси-әлеуметтік ахуалдың күрделі жағдайында елге қолдау көрсету және азаматтық жауапкершілікті терең сезінуі еді. Ел басына күн туған сын сағатта қоғамның түрлі топтары, соның ішінде еріктілер де ел тыныштығын қорғау мен халыққа көмек көрсету ісіне белсене атсалысты. Ақмола, Орал және Түркістан өңірлерінде еріктілер мен ардагерлер бірлесіп, қоғамдық тәртіпті сақтау, әскери қызметкерлерге моральдық және материалдық қолдау көрсету шараларын ұйымдастырды [200]. Бұл қоғамдағы еріктіліктің тек жекелеген көмек әрекеті емес, ұлттық тұтастықты сақтап қалуға бағытталған рухани-әлеуметтік күш екенін дәлелдеді. Мұндай әрекеттер халықтың тарихи зердесінде орныққан «бірігіп еңсеру» қағидатының жаңғырығы болып табылады. Ол азаматтардың өз тағдырын ел тағдырымен ұштастыруға, ортақ құндылықтарды қорғауға дайын екендігін көрсетіп, еріктіліктің мәнін азаматтық жауапкершіліктің жоғарғы формасы ретінде айқындайды.

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі мәліметтері бойынша, 2022 жылғы ресми есепте еріктілер саны 139 671 адамды құрағанымен, әртүрлі бағалаулар бойынша бұл көрсеткіш 174 000 адамға дейін жеткен. 2024 жылы белсенді 275 000 тұлға волонтерлік қызметке қатысқаны мәлімделді, бұл – мемлекет тарапынан қолдаудың, азаматтардың әлеуметтік белсенділігінің және волонтерлік ұйымдардың санымен бастамашыл топтардың құрылымдық кеңеюінің нәтижесі ретінде бағалайды. Қазіргі таңда Республика бойынша волонтерлік ұйымдардың саны 755-ке жетті, ал бастамашыл, әлеуметтік жобаларды іске қосып жүрген топтар қатарын 2 000-нан астам деп бағалауға болады. Ресми түрде тіркелмеген бастамашыл топтардың да саны 1 882-ге жетіп отыр: бұл цифр бүгінгі волонтерлік қозғалыстың әлеуетін кеңейтіп, оның азаматтық қоғамдағы маңызды элементке айналып келе жатқанын көрсетеді [201].

Мемлекеттік деңгейде волонтерлік қызметті реттеу мен қолдаудың нормативтік-құқықтық базасы жүйелі түрде толықтырылуда. 2024–2026 жылдарға арналған волонтерлік қызметті дамыту мен қолдауды қамтамасыз ететін Жол картасы бекітілді. Ұйымдастыру, мониторинг жүргізу, волонтерлерді тану мен марапаттау жүйелерін қалыптастыру бағытында да нақты қадамдар қолға алынды. Бұл институционалдық өзгерістер еріктілердің әлеуметтік беделін нығайтып, олардың қызметін тұрақтандыруға жағдай

туғызады [202]. 2023 жылғы 18 желтоқсанда Нью-Йорк қаласында Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы Қазақстан Республикасының бастамасын қолдап, 2026 жылды Орнықты даму мақсатындағы Халықаралық еріктілер жылы деп жариялау жөнінде қарар қабылдады. Аталған құжаттың қабылдануы – тарихи маңызы бар оқиға, өйткені ол жаһандық деңгейде еріктілер қозғалысының дамуына серпін беріп, ұлттық, аймақтық және халықаралық ынтымақтастықты жаңа сапалық деңгейге көтеруге ықпал етпек. Бұл бастама Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев тарапынан алғаш рет 2020 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясының 75-сессиясында өткен жалпы саяси пікірталаста ресми түрде ұсынылған болатын [203]. Осы негізде, Қазақстан волонтерлік қызметті қолдауда тек ұлттық шеңберде ғана емес, жаһандық деңгейде де белсенді ұстаным танытып отырған мемлекет ретінде ерекшеленді. Бұл өз кезегінде бастаманың кең қолдау тапқанын көрсетіп, құжаттың тең авторлары ретінде БҰҰ-ға мүше 54 мемлекеттің қосылуымен нақтыланды. Мұндай кең ауқымды қолдау Қазақстанның халықаралық беделін арттырып қана қоймай, еріктілер қозғалысын дамыту ісінде оның бастамашыл мемлекет ретіндегі рөлін де айқындай түсті.

Жалпы алғанда, соңғы жылдары Қазақстандағы еріктілер қозғалысында бірқатар оң өзгерістер мен тұрақты даму үрдістері байқалуда. Еріктілер санының артуы, бастамашыл волонтерлік жобалардың көбеюі және бүкіл ел аумағында әлеуметтік маңызы бар бағдарламалардың іске асырылуы бұл саланың белсенді дамып келе жатқанын көрсетеді. Сонымен қатар, еріктілік қызмет түрлерінің әртараптандырылуы мен ерікті еңбекті қолдану салаларының кеңеюі айқындалуда. Бұл жағдай еріктілікке деген қоғамдық көзқарастың оң бағытта қалыптасып келе жатқанын дәлелдейді.

Мемлекеттік деңгейде де волонтерлік қызметті дамыту мен қолдау мақсатында бірқатар маңызды қадамдар жасалуда. Атап айтқанда, еріктілік қызметті нормативтік-құқықтық тұрғыдан реттеу, волонтерлік қызметті ұйымдастырушылар мен қатысушылар арасындағы өзара қатынастарды жүйелеу, еріктілік қызметтің жүргізілу тәртібін нақтылау және бұл салада құқықтық жағынан қолайлы жағдай жасау бағытында жұмыстар атқарылып келеді. Мұндай институционалды қолдау еріктілер қозғалысының одан әрі тұрақты дамуына мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда Қазақстанда волонтерлік қызмет азаматтық қоғамды қалыптастырудың маңызды құрамдас бөлігіне айналууда. Дегенмен, мемлекет тарапынан қабылданған бірқатар құжаттар мен бастамаларға қарамастан, өңірлік деңгейде бұл қызметті басқару жүйелі сипатқа ие болмай отыр және бірқатар қайшылықтар мен кедергілерге тап болуда. Бұл түйткілдер көбіне макроэкономикалық жағдайлар мен жергілікті басқару ерекшеліктеріне байланысты туындайды.

Макродеңгейде негізгі мәселе – волонтерлік қызметті жалпыұлттық даму стратегияларына тиімді кіріктірудің жеткіліксіздігі. 2016 жылы қабылданған «Волонтерлік қызмет туралы» Заң болғанына қарамастан, оның өңірлік

деңгейде іске асырылуы міндетті механизмдермен қамтамасыз етілмеген. Көптеген мемлекеттік бастамалар декларативті сипатта қалып, қаржылық және материалдық қолдаумен бекітілмейді. Экономикалық тұрақсыздық, инфляция мен халықтың өмір сүру деңгейінің төмендеуі азаматтардың еріктілікпен айналысуға ынтасын азайтады. Әсіресе бұл жағдай ауылдық жерлер мен шағын моноқалаларда жиі кездеседі.

Мезодеңгейде – яғни облыстық және қалалық әкімшілік құрылымдарда – волонтерлікті басқару мен үйлестірудің тұрақты механизмдері қалыптаспаған. Көбінесе бұл саладағы бастамалардың сәтті жүзеге асуы жекелеген лауазымды тұлғалардың белсенділігіне тәуелді. Бір мекемеде волонтерлік клубтар ұйымдастырылып, тренингтер мен акциялар өткізіліп жатса, басқа өңірлерде мұндай қызмет мүлде назардан тыс қалып жатады. Бірыңғай әдістеме мен нәтижелілік индикаторларының болмауы тұтас жүйенің дамуына кедергі келтіреді.

Микродеңгейде – нақты мекемелер мен ұйымдар шеңберінде – мамандар мен еріктілер арасындағы функцияларды айқындайтын нормативтік негіздердің жоқтығы байқалады. Әлеуметтік мекемелер мен ауруханаларда волонтерлермен жұмыс істеуге арналған ережелер, қауіпсіздік талаптары, іріктеу және бейімдеу жүйесі жоқ. Соның салдарынан еріктілердің жұмысы үзік-үзік, жүйесіз сипатқа ие болып отыр. Сонымен қатар, еріктілерге көлік шығыны, тамақтану, сақтандыру сияқты ең қажетті кепілдіктер де қарастырылмаған.

Тағы бір өзекті мәселе – ұйымдастырылған және бейресми волонтерлік бастамалар арасындағы теңсіздік. Жастар саясаты аясында қолдау тапқан кейбір құрылымдалған жобалар жүзеге асып жатқанымен, халықтың өз бастамасымен құрған шағын топтары мен ерікті әрекеттері жергілікті билік тарапынан ескерусіз қалады.

Жалпы алғанда, Қазақстан өңірлеріндегі волонтерлік қызметті басқарудағы мәселелер тек қаржылық немесе ресурстық шектеулермен ғана емес, сонымен қатар жүйелі көзқарастың жетіспеушілігімен байланысты. Мұндай олқылықтарды жою үшін өңірлік ерекшеліктерді ескере отырып, волонтерлікті дамытудың нақты стратегияларын қабылдау қажет. Әлеуметтік қорғау, білім беру, денсаулық сақтау және мәдениет салаларында волонтерлермен өзара іс-қимылға арналған нормативтік құжаттар әзірленуі тиіс. Сонымен қатар, волонтерлік инфрақұрылым мен мотивациялық жүйе қалыптастырылып, азаматтардың бұл салаға белсенді қатысуы үшін қолайлы орта құрылуы қажет.

Бұл орайда, қатаң нормативтік шектеулер енгізу емес, керісінше, мемлекеттік құрылымдар, үкіметтік емес ұйымдар, оқу орындары және еріктілердің өзара әрекеттестігінің синергиялық моделін қалыптастыру маңызды. Тек осындай тәсіл ғана волонтерлік қызметтің әлеуметтік тиімділігін арттыруға ықпал етеді. Волонтерлік қызметті басқаруда философиялық-мәдени аспекті ескерілмеген жағдайда, бұл салада әкімшілік формализм мен нәтижесіз науқаншылдық белең алады [40, б.180]. Қазақстан өңірлерінде волонтерлік

көбінесе патриоттық тәрбиемен астастырылып, нақты моральдық-рухани мазмұннан алшақтап барады. Сонымен қатар, қазіргі Қазақстанда волонтерлік қызмет кей жағдайларда идеологиялық мақсатта, әсіресе патриоттық тәрбиелеу құралы ретінде қолданылады. Бұл ұстаным волонтерліктің бастапқы гуманистік және интернационалдық табиғатымен белгілі бір дәрежеде қайшылыққа түседі. Яғни, еріктілік азаматтың ішкі ұмтылысына, альтруизмге және моральдық жауапкершілікке негізделген әрекет болудан қалып, көбіне формалды сипаттағы іс-шараларға – шерулер, науқандар, жария көріністерге бағытталады. Мұндай жағдайда еріктілік азаматтық жауапкершілік пен өз еркімен көмектесу идеясынан алыстап, идеологиялық тәрбие тетігіне айналып кету қаупі туады. Патриотизм мен азаматтық белсенділіктің арасындағы шекара бұлыңғырланып, волонтерлік әрекеттер шынайы қоғамдық қажеттіліктерге емес, сыртқы көрініске – есеп беру мен имидж жасауға негізделуі мүмкін. Бұл феноменді «формалды волонтерлік» деп атауға болады. Шынайы азаматтық белсенділік, керісінше, еріктілік қызметтің түпкі философиялық мазмұнын – адам мен қоғам арасындағы сенім мен өзара жауапкершілік қатынасын – іске асыруға бағытталады. Осы себепті волонтерлік тек патриоттық насихат құралына айналмауы тиіс, керісінше, ол қоғамдағы шынайы әлеуметтік мәселелерді шешуге атсалысатын құндылықтық қозғалыс болуға тиіс.

Сондықтан волонтерлікті өңірлік деңгейде басқарғанда, оны тек әкімшілік тетік ретінде емес, қоғамның рухани-мәдени болмысымен ұштастыра отырып дамыту қажет. Еріктілікке жасанды идеологиялық сипат беріп, оны белгілі бір саяси не тәрбиелік мақсаттарға ғана телу – оның табиғатын бұрмалау болмақ. Оның орнына, адамның ішкі еркі мен моральдық жауапкершілігіне негізделген философиялық түсінікті басқару құрылымдарына сіңіру – өңірлік деңгейде тұрақты және мазмұнды еріктілік қозғалысын қалыптастырудың негізгі шарты.

Үкіметтік емес ұйымдардағы ерікті тұлғалар көбірек уақыт пен күш жұмсау арқылы кәсіби менеджерлер мен қызметкерлердің қадағалауымен белгілі бір жобалар аясында әлеуметтік, жеке және институционалдық қосымша құнды жасайды. Бұл тәсіл демократияландыру, әлеуметті бейбітшілік, азаматтық, жалпы адамзаттық құндылықтар және т.б ұғымдарды суреттейді. Сонымен қатар ерікті және волонтерлік қызметтің тұжырымдамалық шекарасының өзгеріп отыруы да байқалады.

Еріктілік тарихи тұрғыдан алғанда мәдени тәжірибенің ажырамас бөлігі ретінде әрбір индивидті қоғамнан бөліп қарамай, қайта оны қауым алдындағы моральдық әрі әлеуметтік жауапкершілік иесі ретінде танытты. Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымында еріктілік- жекелеген көмек көрсету әрекеті ғана емес, халықтың санасында орныққан этикалық қағида, мәдени код және өмірлік философия ретіндегі құндылық. Бұл тәжірибелердің бастауы асар, жылу жинау, шүлен тарату сияқты көне институттардан көрініс тапқан. Алайда жаһандану дәуіріндегі урбанизация, нарықтық қатынастардың үстемдігі мен технологиялық мәдениеттің дамуы адамдарды даралануға, ал дәстүрлі

құндылықтарды ұмыт қалдыруға әкелуде. Бұл құбылысты алғашқылардың бірі болып Ф. Тённис зерттеп, ауылдық қауымдастықтардағы көршілестік байланыстар мен ортақ еңбектің адамаралық ынтымақтастықты күшейтетініне назар аударды [2, б.420]. Дегенмен ХХІ ғасырдың басында урбанизацияның үдеуі және әлеуметтік қорғау жүйелерінің дамуы нәтижесінде дәстүрлі өзара көмек тәжірибесі біртіндеп ресми институттарға орын берді. Осы үдеріс барысында еріктілік қоғамдық өмірдің міндетті нормасынан ерікті әрі таңдамалы сипаттағы әлеуметтік феноменге айналды. Бұл трансформация қазіргі волонтерлік қозғалыстардың институционалдануына негіз қалады. Егер дәстүрлі қоғамда өзара көмек әлеуметтік-моральдық міндет деңгейінде көрінсе, бүгінгі күні ол құқықтық реттеуге, мемлекеттік саясат пен азаматтық қоғам институттарының қолдауына сүйенетін кәсіби және ұйымдасқан қызмет формасына айналды. Сондықтан еріктілікті уақытша акция немесе жекелеген игі іс ретінде ғана емес, тарихи тәжірибеге негізделген, философиялық-мәдени тамырлары терең әлеуметтік институт ретінде қарастыру қажет.

Жаһандану жағдайында ұлттық бірегейлікті сақтау үшін ұрпақты ұлттық код пен рухани-адамгершілік құндылықтар негізінде тәрбиелеу қажет. Ұлттық код – ұлттың тарихи тәжірибесі мен мәдени-рухани мұрасының өзегін сақтайтын рухани тірек, ал ұлттық бірегейлік осы кодтың заманауи көрінісі ретінде ұлттың тұтастығын қамтамасыз етеді. Тілге, дінге, мәдениет пен тарихқа деген саналы құрметті қалыптастыру – ұлттық бірегейліктің басты шарты. Жас ұрпақ өз болмысын өзге мәдениет үлгілерінен емес, өз халқының дәстүрі мен рухани тәжірибесінен табуы тиіс. Ұлттық мәдениет пен дәстүрге негізделген тәрбие жүйесі тұлғаның азаматтық санасын, әлеуметтік жауапкершілігін дамытуда шешуші рөл атқарады. Осы тұрғыда еріктілік ұлттық код пен бірегейлікті үйлестіретін заманауи тетік ретінде қоғам мен рухани өмірді байланыстыратын маңызды қызмет атқарады.

Қазақ қоғамында ғасырлар бойы қалыптасқан құндылықтар жүйесі мен дәстүрлер – халықтың рухани өзегін құрайтын тірек болып табылады. Дәстүр – ұлттың тарихи жады мен мәдени тәжірибесінің, дүниетанымдық болмысының бейнесі. Алайда қазіргі жаһандану мен әлеуметтік-экономикалық өзгерістер жағдайында дәстүрлерге деген көзқарас та елеулі трансформацияға ұшырап отыр. Кей жастар арасында ұлттық құндылықтарға немқұрайлық пен рухани селқостық байқалады. Мұндай жағдайда дәстүрді жаңаша пайымдау және оны қоғамның әлеуметтік қажеттіліктеріне бейімдеу өзекті мәселеге айналууда. Осы тұрғыдан алғанда, еріктілік феномені ерекше маңызға ие. Еріктілік арқылы жеке тұлға қоғам игілігіне қызмет ете отырып, өзінің рухани әлеуетін жүзеге асырады. Сондықтан еріктілік қазіргі заманда тек әлеуметтік көмек көрсету нысаны ғана емес, сонымен бірге ұлттық рухты сақтау мен жаңғыртудың маңызды мәдени-этикалық тетігі ретінде қарастырылады.

Дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар халықтың өмір сүру салтын айқындап, ұрпақтан ұрпаққа берілетін мәдени кодтың негізін құрайды. Бұл жөнінде белорусь социологы Е.М. Бабосов мәдени кодты тарихи қалыптасқан

әлеуметтік-мәдени коммуникациялардың жүйесі ретінде сипаттайды. Оның пайымдауынша, мәдени код халықтың өзін-өзі тану нормалары мен рухани ұстанымдарының жиынтығын бейнелеп, тарихи жады арқылы сақталып, кейінгі дәуірлерде қайта жаңғырылады [204]. Демек, этникалық қауымдастықтар мәдени кодтың басты тасымалдаушылары ретінде өз бойында «тірі өткенді» бейнелейді, ал бұл өз кезегінде әлеуметтік қайта өндірудің символдық принциптерін айқындайды.

Осыған ұқсас пікірді ғалым С. Аралбай да ұсынады. Оның еңбектерінде ұлттық код ұғымы ұлттың тарихи санасы мен рухани-мәдени болмысының іргелі өзегі ретінде қарастырылады. Зерттеуші ұлттық кодты халықтың дүниетанымдық ерекшеліктерін, мінез-құлық мәдениетін және моральдық-этикалық бағдарларын айқындайтын рухани тұтастықтың символы деп анықтайды [205]. Ғалымның пікірінше, ұлттық код – ұлттың тарихи тәжірибесі мен дәстүрлі құндылықтарын заманауи қоғам жағдайында қайта жаңғыртудың пәрменді тетігі болып табылады.

Осы тұрғыдан еріктілік феноменін ұлттық кодтың заманауи көрінісі ретінде бағалауға болады. Себебі еріктілік әлеуметтік жауапкершілік, ізгілік, өзара көмек пен рухани бірлік идеяларын жүзеге асыратын мәдени-этикалық механизм қызметін атқарады. Еріктілер қозғалысы қоғамның рухани әлеуетін арттырып, ұлттың мәдени бірегейлігін сақтау мен ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз етудің тиімді құралына айналуда. Бұл құбылыс дәстүр мен жаңашылдықтың үйлесімін табуға, ұлттық рухани кодты заманауи әлеуметтік тәжірибемен сабақтастыруға мүмкіндік береді.

Осы 2025 жылдың сәуір айында «Бірлік пен келісім жолындағы 30 жыл» тақырыбында Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXIV сессиясы өткен болатын. Бұл маңызды іс-шара елдегі этносаралық келісім мен қоғамдық бірлікті нығайту жолындағы айрықша кезең ретінде бағаланды. Сессияның басты мақсаты – Қазақстан халқы Ассамблеясының отыз жылдық тарихындағы жетістіктерін саралау, оның қоғамдағы тұрақтылық пен келісімді қамтамасыз етудегі рөлін айқындау, сондай-ақ ел бірлігін нығайтуға бағытталған жаңа бастамалар мен стратегиялық жоспарларды ұсыну болды. Бұл жиын мемлекет басшысы Қ. Тоқаев ұсынған «Бірлік пен келісім жолындағы 30 жыл» қағидатының мәнін айқындай отырып, ұлттық код пен қазақстандық бірегейлікті сақтау, азаматтық татулық пен мәдени көптүрлілікті үйлестіру бағытындағы мемлекеттік саясаттың өзегін көрсетті.

Бұл құбылысты ұлттық және мәдени код тұрғысынан қарастырсақ, еріктілік – халықтың рухани жадымен біте қайнасқан, оның тарихи тәжірибесі мен өмір салтында терең тамыр жайған құндылық болып табылады. Егер еріктілік тек институционалдық жобалармен немесе қысқа мерзімді әлеуметтік акциялармен шектелсе, онда оның мәдени сабақтастығы үзіліп, рухани мәні әлсірейді. Жаһандану жағдайында басты қауіптің бірі – ұлттың ғасырлар бойы қалыптасқан рухани тәжірибесін, мәдени жадын және ұлттық кодын сақтап тұрған осындай құндылықтардың жойылып кету қаупі. Сондықтан еріктілік –

ұлттық кодты жандандырып, рухани тұтастық пен мәдени сабақтастықты сақтаудың маңызды тетігі ретінде қарастырылуы тиіс. Мәселені шешу үшін еріктілікті тек әлеуметтік қолдау механизмі ретінде емес, мәдени мұра ретінде пайымдау қажет. Бұл дегеніміз – еріктілік тәжірибесін философиялық тұрғыдан қайта ойлап, оны ұлттық мәдениеттің бірегей қыры ретінде таныту. Жастарға еріктілік тек әлеуметтік жобаға қатысу емес, өз халқының дәстүрлі дүниетанымына қосылу жолы ретінде түсіндірілуі тиіс. Қоғамдық сананы жаңғыртудың негізгі жолдарының бірі де осы еріктілікті ұлттық құндылықтар ретінде анықтап, жаһандық өркениетке лайық жаңа формаларда дамыту.

Қазақ қоғамының алдында тұрған маңызды міндет – дәстүрлі еріктілік тәжірибесін қазіргі жаһандық қоғамда жаңғыртып, оны қоғамдағы рухани тұтастықтың тірегі ретінде сақтау. Бұл тек әлеуметтік мәселе ғана емес, мәдени әрі философиялық сын-қатер. Өйткені еріктілік ұмытылса, халықтың бір-біріне деген сенім жүйесі әлсірейді, ал сенім жоғалған жерде қоғамның рухани негіздері шайқалады. Сондықтан еріктілікті қазіргі заманда жаңаша пайымдау – ұлттық мәдениетті сақтаудың, әлеуметтік тұтастықты нығайтудың және болашаққа сенімді қадам жасаудың кепілі.

Президентіміз Қ.К. Тоқаев: «Ұлы Абай бүкіл адамзатты сүй, бауырым деп жырлағандай», ерікті болу - жүректің ісі, яғни шынайы ниеттің көрінісі. Мен еріктілердің барлық жұмысы еріктіліктің жарқын үлгісі болатынына күмәнім жоқ. Еріктілер жылы аясында Мен, ең алдымен, еліміздің жастарына үлкен сенім артамын. Әрқашан лайықты және табысты болыңыздар, бұл біздің халқымыздың өмір салтына айналуы тиіс. Оны тәуелсіз Қазақстанның заманауи және болашақ символы ретінде ілгерілету қажет. Әрбір азамат еріктілердің ерік-жігерімен және ерік-жігерімен ынталандырылуы керек. Мен еліміздің әрбір ауылдық өңірі осы маңызды жұмыстан тыс қалмайтынына сенімдімін. Бұл ең алдымен өркениетті елдің және үлкен жауапкершіліктің белгісі», - деп республикалық волонтерлік фронт-офистің ашылуында атап өткен болатын [206]. Демек, бүгінде Қазақстандағы еріктілік тек қайырымдылық немесе көмек көрсету ғана емес, ол азаматтық белсенділік пен патриотизмнің, сондай-ақ адамгершілік құндылықтардың нақты көрінісі ретінде бағалануда.

Еріктілер өз еркімен әрекет ете отырып, қоғамның түрлі салаларында – әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, экология, мәдениет және денсаулық сақтау сияқты бағыттарда – маңызды әлеуметтік миссияны орындайды. Бұл қызмет түрі мемлекеттік құрылымдар мен коммерциялық сектор арасында үшінші сектордың – азаматтық қоғам институттарының – нығаюына ықпал етеді.

Еріктіліктің институционалдануы қызмет сапасын арттырып қана қоймай, жаңа әлеуметтік қызмет түрлерінің пайда болуына мүмкіндік береді. Бұл жағдай, әсіресе, жастар арасында білім алу, кәсіби біліктілікті шыңдау, әлеуметтік капиталды кеңейту және өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндіктерін арттырады. Яғни, еріктілік – тек қоғамдық қызметтің бір түрі емес, сонымен

бірге жеке тұлғаның моральдық және әлеуметтік әлеуетін дамытудың феномені ретінде де танылады.

Сондай-ақ еріктілік әлеуметтік шиеленістерді еңсерудің және көпмәдениетті қоғамда келісімге келудің маңызды құралына айналады. Еріктілер қоғамның әртүрлі мүшелері арасындағы көпір қызметін атқара отырып, әлеуметтік интеграцияға, өзара түсіністікке және мәдениаралық диалогқа жол ашады. Мұндай функциясы еріктілікті тек азаматтық белсенділік емес, сонымен қатар бейбітшілік пен келісім философиясының практикалық көрінісі ретінде сипаттайды. Еріктілік қызметінің институционалдануы – қазіргі жаһандық әлемде әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етудің, адамгершілік қағидаттарды нығайтудың және азаматтық қоғамды дамытудың шешуші тетігіне айналуға. Бұл үрдіс жастарға рухани қанағат пен шынайы қуаныш сыйлап қана қоймай, әлеуметтік жүйені этикалық тұрғыдан байыта түседі.

Еріктілік қозғалысын әлеуметтік институт ретінде нығайту үшін бірқатар жолдарды көрсетуге болады. Олар дәстүр мен тарихқа сүйене отырып, қазіргі қоғам талабына сай бейімделген бағыттар болып табылады:

1. Дәстүрді еріктілік қызметінің мәдени-тарихи негізі ретінде тану. Қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан көмектесу дәстүрлері – «жылу жинау», «асар», «шүлен тарату» – бүгінгі еріктілік қызметінің тарихи іргетасы болып табылады. Бұл дәстүрлер халықтың әлеуметтік ұйымдасуының бір түрі, қиындықты ортақтасып жеңудің мәдени тетігі еді. Сондықтан оларды этнографиялық «ескі әдет» ретінде емес, қазіргі азаматтық қоғамдағы еріктілік қозғалысының түпнегізі ретінде қарастыру қажет. Мұндай таным дәстүрді сақтап қана қоймай, оны қазіргі әлеуметтік институттармен байланыстырып, өміршеңдігін арттырады.

2. Жастар арасында мәдени-ағартушылық жұмыстар жүргізу. Қазіргі қоғамда урбанизация, нарықтық қатынастар мен бәсекелестік жағдайында адамдар дарашылдыққа бейімделуде. Мұндай ортада дәстүрлі көмек үлгілері ұмытыла бастайды. Осыған байланысты жастар арасында мәдени-ағартушылық жұмысты жүйелі жүргізу маңызды. Арнайы жобалар, тренингтер, театрландырылған қойылымдар арқылы «асар», «жылу», «кеусен» сияқты дәстүрлердің тарихы мен құндылықтық мазмұнын жеткізуге болады. Жастар еріктілікті Батыстан енген жаңа мәдениет ретінде емес, өзінің төл мәдени-тарихи тәжірибесінің жалғасы ретінде қабылдауы қажет. Бұл олардың еріктілікке қатысуын ұлттық өзіндік сана тұрғысынан нығайтады.

3. Білім беру жүйесінде және қоғамдық ұйымдарда дәстүрлі тәжірибелерді насихаттау. Білім беру – дәстүр сабақтастығын нығайтудың негізгі алаңы. Әлеуметтік ғылымдар саласында қазақтың көмек дәстүрлерін жүйелі түрде оқыту қажет. Мысалы, мектеп бағдарламасында тарих пен әдебиетте осы дәстүрлердің мазмұнын көрсету, ал университеттерде әлеуметтік жұмыс, мәдениеттану, философия пәндерінде арнайы тақырып ретінде енгізу тиімді болар еді. Сонымен қатар қоғамдық ұйымдар мен үкіметтік емес сектор халықты жұмылдыру барысында осы дәстүрлердің атауларын, рәсімдерін

жаңғыртып қолданса, ол мәдени жадты сақтаумен қатар, қазіргі еріктілік тәжірибесін ұлттық сипатта байыта түседі.

4. Қоғамдық санада дәстүрді «өткеннің сарқыншағы» емес, «болашақтың құндылықтық ресурсы» ретінде бекіту. Кей жағдайда жылу жинау немесе асар сияқты дәстүрлер урбанизацияланған қоғамда «архаикалық», «заманға сай емес» деп қабылданады. Бұл дәстүрді жоғалтып алу қаупін күшейтеді. Сондықтан дәстүрді қоғамдық санада жаңаша пайымдау қажет. Дәстүр өткеннің қалдығы емес, болашақтың құндылықтық капиталы, әлеуметтік ынтымақ пен рухани тұтастықты қамтамасыз ететін ресурс ретінде ұсынылуы тиіс. БАҚ-та, әлеуметтік желілерде, мәдени іс-шараларда осы ойды кеңінен насихаттау дәстүрдің жаңа өмірін қалыптастырады.

5. Дәстүрді заманауи форматта қайта жандандыру. Қазіргі заманда дәстүрді тура сол күйінде қайталау мүмкін емес. Алайда оның рухын заманауи форматта қайта тірілтуге болады. Мәселен, «цифрлық асар» – онлайн еріктілік платформалар арқылы көмек көрсету, «жылу» – краудфандинг жүйелері арқылы қоғамдық жобаларға қаражат жинау, «шүлен тарату» – қайырымдылық акцияларының қазіргі үлгілері. Яғни, дәстүр тек тарихта қалып қоймай, жаңа әлеуметтік-мәдени жағдайда да жалғасын табады.

Қазақ қоғамындағы дәстүрлі көмектесу үлгілері – ұлттың рухани өзегін сақтаудың маңызды арнасы. Егер бұл дәстүрлер жойылып кетсе, қоғамның әлеуметтік бірлігіне сызат түсуі ықтимал. Сондықтан еріктілік қозғалысын дамытудың басты бағыты – дәстүр сабақтастығын сақтау, оны заманауи әлеуметтік тәжірибемен үйлестіру. Дәстүрді жаңғырту – тек мәдени еске алу емес, ол болашақ қоғамның тұрақтылығы мен адамгершілік құндылықтарын нығайтатын рухани стратегия.

Қорытындылай келе, жаһандану жағдайында ұлттың болашағы – саналы әрі рухани-ізгілікке бай ұрпақтың қолында. Ұрпақтың ұлттық құндылықтарды терең меңгеріп, оларды күнделікті өмірде басшылыққа алуы қоғамның тұрақты дамуы мен ішкі бірлігінің кепілі болып табылады. Осы тұрғыда еріктілік дәстүрлерімізді қазіргі жағдайға бейімдеп, жас буын санасында қайта жандандыру қажет. Халықтық дәстүрлердің негізінде жатқан жәрдемдесу идеясы қазіргі заманда еріктілік арқылы жаңаша сипат алып, мемлекеттік саясатты толықтыратын маңызды тетікке айналмақ. Сондықтан үйлесімді әрі тұрақты қоғам құру үшін өзара көмек мәдениетін қайта жаңғыртып, оны қоғамдық санада орнықтыру – баршамызға ортақ міндет.

3.2 Жастар еріктілігі және қоғамдық құндылықтардың қайта жаңғыруы: салыстырмалы талдау

Қазіргі кезеңде жастардың азаматтық белсенділігі мен қоғамдық өмірге қатысуы еріктілік қызметтері арқылы көрініс беруде. Еріктілік – бұл тек қайтарымсыз еңбек қана емес, сонымен бірге жеке тұлғаның рухани және әлеуметтік дамуына ықпал ететін, қоғаммен үйлесімді өмір сүруді үйрететін маңызды әлеуметтік тәжірибе. Осыған байланысты жастар арасындағы еріктілік

қызметке қатысудың мазмұны мен құндылықтық негіздерін зерттеу – заман талабы.

Қазақстан мен Түркия университеттерінде оқитын студент жастар арасында сауалнама және тереңдетілген сұхбат (интервью) әдістері арқылы эмпирикалық зерттеу жүргізілді. Жалпы зерттеуге 220 студент тартылды. Оның ішінде 120 студент – Қазақстаннан (негізінен Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті мен өңірлік жоғары оқу орындарынан), ал 100 студент – Түркияның Кастамону университетінен болды. Қатысушылардың барлығы еріктілікпен белсенді айналысатын жастар қатарынан іріктеліп алынды.

Екі елдің жастары ортасында еріктілік іс-әрекетінің далалық зерттеу ретінде таңдалуына негізгі себептерді атап өтсек, Мәулана Руми мен Қожа Ахмет Ясауи - түркі руханиятының қос алыбы. Қожа Ахмет Ясауидің «Рисала» еңбегі мен «Диуани хикметтері» түгелімен адамға жақсылық жасауды, ізгілікке үндеп, мұқтажға көмектесуді рухани парыз деп таниды. Ол адамның кемелдену жолын – өзгеге пайда келтірумен байланыстырған. Ясауи бабамыз адамгершілік пен кішіпейілдікті исламдық, сопылық ілімнің өзегі деп көрсетеді. Ал Мәулананың «Yedi Öğüdü¹⁰» ең алғашқысы: «Көмек көрсетуде ағын су сияқты бол» [207]. дегені - адам баласына қол ұшын беруде кешікпей, бөгелмей, жүректен атқар деген мағынаны білдіреді. Бұл асқан жомарттықтың, шынайы жанашырлықтың белгісі. Демек, Ясауи мен Мәулана екеуі де - ізгілікті іспен, жедел көмекпен, жүрек тазалығымен өмір сүруді насихаттай отырып, адамның рухани кемелдену жолын айқындаған. Екеуінің де ілімі - бүгінгі қоғамда да өзектілігін жоғалтпаған, ізгіліктің жолы. Қожа Ахмет Ясауи мен Мәулана Жәлаладдин Руми ізгілікті, адамға көмектесуді руханияттың өзегі ретінде қарастырса, қоғамдық өмірде осы идеялар дәстүрлік тәжірибемен де ұштасып отырған. Мысалы, Қазақстанда «Асар», ал Түркия Республикасында «İmese usulü¹¹» деп аталатын қоғамдық көмек көрсету дәстүрлері сонау ерте заманнан бері қалыптасқан. Яғни, Мәулана мен Ясауидің ізгілікті насихаттауы мен асар мен імесе сияқты дәстүрлер бір-бірімен сабақтас, екі елдің де рухани мәдениетінің, қоғамға деген жанашыр көзқарасының айғағы. Бұл дәстүрлер бүгінгі күнде де еріктілік қозғалыстарында жаңғырып, рухани мұраның қазіргі қоғамдағы жалғасына айналып отыр.

Зерттеу мақсаттарына қол жеткізу және қойылған міндеттерді шешу үшін еріктілік қызметінің мотивациялық функцияларын анықтауға арналған «Еріктілердің функциялық мотивациялары» (Volunteer Functions Inventory) әдістемесі қолданылды. Бұл әдістеме К. Клэри мен М. Снайдердің [208] еңбектеріне негізделген және қазақстандық студенттік ортаға бейімделген.

¹⁰ «Жеті өсиет» - бұл Мәулана Жәлаладдин Румидің адамзатқа арнаған рухани-этикалық қағидалар жиынтығы. Бұл өсиеттер адамның мінез-құлқын, қоғамдағы орнын және рухани кемелдену жолын сипаттайды.

¹¹ бір ауылда немесе ауыл қауымдастығында шаруалардың ерікті немесе кей жағдайда міндетті түрде, ұжымдасып, бірігіп атқарылуы дегенді білдіреді.

Аталған әдістеме адамның еріктілікке қатысуына түрткі болатын ішкі себептер мен тұлғалық факторларды анықтауға бағытталған. Ол респонденттердің еріктілік белсенділікке қатысу уәждерін ғана емес, сонымен қатар гуманистік және әлеуметтік құндылықтар жүйесіндегі олардың маңыздылық деңгейін айқындауға мүмкіндік берді.

Зерттеу тұжырымдамалық тұрғыдан алғанда, еріктілік феномені тек әлеуметтік белсенділіктің көрінісі ғана емес, сонымен қатар тұлғаның өзін-өзі тану, рухани кемелдену және қоғам игілігіне қызмет ету қажеттілігінен туындайтын әрекет ретінде қарастырылды.

«Еріктілердің функциялық мотивациялары» әдістемесі негізінде еріктілік мотивациясының алты негізгі функционалдық өлшемі анықталды. Құндылықтық мотив (Values) – ізгілікке, адамгершілікке және өзгеге көмек көрсетуге негізделген рухани бағдарды білдіреді. Әлеуметтік мотив (Social) – қоғамда мойындалу, әлеуметтік байланыстар орнату және топтық қатыстылық сезімін нығайту қажеттілігімен сипатталады. Танымдық мотив (Understanding) – жаңа тәжірибе алу, өз білімін және өмірлік көкжиегін кеңейтуге деген ұмтылысты қамтиды. Қорғаныс мотиві (Protective) – тұлғаның ішкі күйзелістерін, кінә немесе жалғыздық сезімін жеңілдету талпынысымен байланысты. Мансаптық мотив (Career) – кәсіби тәжірибе жинау, іскерлік байланыстар орнату арқылы өзін дамыту ниетін көрсетеді. Өзін-өзі жетілдіру мотиві (Enhancement) – өз құндылығын сезіну, өмірдің мәнін табу және ішкі үйлесімге жету ұмтылысын білдіреді.

Әрбір мотив еріктілік қызметіне қатысудың тұлғалық, әлеуметтік және рухани аспектілерін кешенді түрде сипаттайды. Алынған нәтижелер жастардың көпшілігі үшін басты қозғаушы күштер – құндылықтық және өзін-өзі жетілдіру мотивтері екенін көрсетті. Бұл бағыттар тұлғаның рухани ізденісін, адамгершілік ұстанымдарын және қоғам игілігіне қызмет етуге деген ішкі ниетін бейнелейді.

Корреляциялық талдау нәтижелері құндылықтық және өзін-өзі жетілдіру мотивтерінің еріктілік қызметінің әлеуметтік әсерімен (AIS_Total) өзара оң және мәнді байланыста екенін анықтады ($r \approx 0.38-0.52$, $p < 0.01$). Бұл дерек еріктілікті рухани және адамгершілік себептермен таңдаған жастардың оны әлеуметтік маңызы жоғары іс деп бағалайтынын дәлелдейді.

«Еріктілердің функциялық мотивациялары» әдістемесін қолдану нәтижесінде қазақстандық және түркиялық студент жастар арасында еріктіліктің рухани-адамгершілік мазмұны мен тұлғалық өзін-өзі жүзеге асыру құралы ретіндегі маңызы айқындалды. Еріктілік қызметі жастар үшін материалдық немесе мансаптық мақсат емес, ең алдымен қоғам игілігі мен рухани дамуға бағытталған ізгілікті әрекет ретінде көрініс тапты.

Зерттеудің мақсаты: Volunteer Functions Inventory әдістемесі негізінде еріктілік қызметінің мотивациялық құрылымын айқындау, жастардың еріктілік белсенділігін анықтайтын негізгі ішкі және сыртқы факторларды, сондай-ақ олардың әлеуметтік және рухани дамуға ықпалын анықтау.

Зерттеу міндеттері:

1. Еріктілік феноменін философиялық және әлеуметтік-гуманитарлық тұрғыдан қарастырып, оның тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыру жүйесіндегі орнын негіздеу;

2. «Еріктілердің функциялық мотивациялары» әдістемесінің теориялық мазмұны мен құрылымдық ерекшеліктерін талдап, оны қазақстандық және түркиялық студенттік ортаға бейімдеу;

3. Еріктілік қызметінің негізгі мотивациялық факторларын (құндылықтық, әлеуметтік, танымдық, қорғаныс, мансаптық және өзін-өзі жетілдіру) эмпирикалық тұрғыда анықтау;

4. Жастардың еріктілікке қатысу себептері мен ішкі уәждерін әлеуметтік және рухани құндылықтар контекстінде сараптау;

5. VFI шкаласының көрсеткіштері мен еріктілік қызметінің әлеуметтік әсері арасындағы өзара байланыстарды анықтап, олардың бағыттылығы мен мәнін интерпретациялау;

6. Еріктілік мотивациясының тұлғалық даму мен қоғамдағы құндылықтық трансформация үдерістеріне ықпалын бағалау.

Күтілетін нәтиже: Зерттеу нәтижесінде жастардың еріктілік қызметіне қатысуының мотивациялық құрылымы анықталып, құндылықтық және өзін-өзі жетілдіру мотивтерінің жетекші рөл атқаратыны дәлелденеді. Бұл еріктілікті рухани-адамгершілік даму мен әлеуметтік интеграцияның маңызды тетігі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Алынған деректер екі ел жастарының еріктілікке көзқарасында ортақ ұстанымдармен қатар, ұлттық дәстүрге негізделген өзгешеліктер бар екенін көрсетті. Қазақстандық жастар үшін еріктілік көбіне ұлттық тәрбие мен отбасылық құндылықтар жалғасы ретінде қабылданады - мысалы, үлкенге құрмет, кішіге қамқор болу, ата-ана батасы, ұрпақ алдындағы жауапкершілік. Ал түрік жастары бұл қызметті азаматтық сана, әлеуметтік әділет пен адамзатқа қызмет ету тұрғысынан түсіндіреді. Дегенмен, екі тарап та рухани-мәдени негіздің еріктілікпен ұштасуын маңызды деп есептейді.

Осы зерттеу нәтижелері жастардың еріктілік арқылы қоғаммен байланысын, әлеуметтік сезімталдық деңгейін және ұлттық-рухани құндылықтарға көзқарасын айқындауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл зерттеу жұмысы Қазақстан мен Түркия жастары арасындағы мәдени ұқсастықтар мен айырмашылықтарды бағалауға, жаһандану жағдайында ұлттық дәстүрлердің маңызын терең түсінуге, сондай-ақ жаһандық ықпалға төтеп беріп, сол дәстүрлердің жаңғыруы мен дамуына өз үлесін қосуға бағытталған.

Сауалнама нәтижелері еріктілік қызметінің қоғамдағы ынтымақтастық пен әлеуметтік бірлікке оң әсер еткенін көрсетті. Зерттеуге қатысқан респонденттердің 90,9%-ы еріктілік арқылы қоғамдық ынтымақтастық сезімі күшейгенін айтты. Бұл - еріктіліктің тек жеке тәжірибе емес, сонымен бірге

әлеуметтік байланыстар мен құндылықтарды нығайтатын құрал екенінің айғағы.

Сонымен қатар, қатысушылардың 90,1%-ы ерікті қызметке қатысу өз бойларында әлеуметтік сезімталдықты арттырғанын жеткізді. Бұл қатысушылардың түрлі әлеуметтік топтарға, әсіресе осал топтарға деген жанашырлығы мен жауапкершілігінің артқанын білдіреді.

Қоғамдық құндылықтардың берілуі тұрғысынан алғанда, сауалнамаға қатысқандардың 89,3%-ы еріктілік олардың этикалық және рухани құндылықтарын дамытуға оң әсер еткенін айтты. Бұл нәтиже еріктіліктің жастардың бойындағы мәдени мұра мен дәстүрді жаңғырту мен сақтауға ықпал еткенін көрсетеді (нәтижелері төменде 4- кестеде көрсетілген).

Кесте 4 – Еріктілік қызметінің әлеуметтік дамуға ықпалы

Көрсеткіштер	Иә (%)	Жоқ (%)
Еріктілік қоғамдық ынтымақтастықты арттырды ма?	90,9	9,1
Еріктілік әлеуметтік сезімталдықты дамытуға көмектесті ме?	90,1	9,9
Еріктілік қоғамдық құндылықтарды жеткізуге ықпал етті ме?	89,3	10,7
Ескерту – Автормен жасалған.		

Жоғарыда көрсетіліп отырған зерттеу нәтижелері бойынша еріктілік қызметінің тұлғалық даму ғана емес, қоғамдық тұрғыда да үлкен рөл атқаратынын дәлелдейді. Ол адамдар арасында эмпатияны, өзара көмек пен қоғамдық жауапкершілікті арттыра отырып, қоғамдағы бірлік пен тұтастықты нығайтады.

Зерттеудегі маңызды сұрақтардың бірі – ерікті қызметке жастардың қандай мақсатпен қатысатынын анықтау болды. Бұл сұраққа берілген жауаптар 1-диаграммада көрсетілген. Алынған нәтижелерге сүйенсек, жастардың көпшілігі үшін материалдық құндылықтар басты себеп емес екенін байқаймыз. Респонденттердің тек 13,6%-ы ғана еріктілік арқылы материалдық игіліктерге қол жеткізуді көздейтінін айтқан. Ал 83,9%-ы өзін бақытты сезіну, 76%-ы рухани кемелдену, 69,4%-ы діни сенімге сүйенген сауапты іс жасау ниетімен қатысатынын көрсеткен. Бұл ретте әл-Фарабидің бақыт туралы ілімімен байланыс орнатуға болады. Ғұлама философ бақытты – адамның кемелдікке жету процесінің жоғары нүктесі деп қарастырған. Оның пайымдауынша, адам бақытқа тек ізгілікті іс-әрекеттер арқылы, басқаға пайдалы болу, қоғам игілігіне қызмет ету арқылы ғана қол жеткізе алады. Осы тұрғыдан алғанда, қазіргі жастардың еріктілікке ұмтылысы – нағыз фарабитанулық мағынадағы бақытқа жетудің жолы ретінде бағаланады.

Сонымен қатар, жастардың 68%-ы жаңа адамдармен танысуды, 52%-ы азаматтық ұстанымының көрінісі ретінде еріктілікке қатысатынын көрсеткен. Бұл еріктіліктің тек рухани ғана емес, әлеуметтік интеграция мен азаматтық белсенділікті қалыптастыру құралы екенін айғақтайды. Яғни, еріктілік арқылы жастар жеке тұлғалық, қоғамдық және рухани дамуға ұмтылып отыр.

Алайда, респонденттердің отбасылық дәстүр мен ұлттық құндылықтарға байланысы төмен көрсеткішке – 24%-ға ие болды. Бұл ұлттық мәдениет пен дәстүрге негізделген еріктілік мотивациясының әлсіздігін байқатады. Осыған орай, қазақ өркениеті мен ұлттық салт-дәстүрді еріктілік қызметі арқылы дамыту аса өзекті міндет болып отыр. Бұл бағытта еріктілік қызметі мен заманауи мәдени тәжірибелерді үйлестіре отырып, жастарға ұлттық мұраның маңызын сіңіру қажет (1-суретте көрсетілген).



Сурет 1 – Еріктілік қызметіңізде қандай мақсат көздейсіз?

Зерттеу нәтижелері бойынша респонденттердің бағалауы еріктілерге тән ең маңызды қасиеттер ретінде ізгі ниет (21%), эмпатия (17,3%), альтруизм (16%), жауапкершілік (15,08%) және төзімділік (13,9%) сияқты рухани-адамгершілік сапаларға басымдық беретінін көрсетті. Бұл қасиеттер еріктілік қызметінің моральдық-этикалық негізге құрылатынын көрсетеді.

Ал кәсіби және прагматикалық сипаттағы қасиеттер, мысалы, біліктілік (4,9%), белсенділік (7%), сенімділік (2,6%), көшбасшылық (1%) және шығармашылық (0,5%) салыстырмалы түрде төмен пайыздық көрсеткіштер жинады. Бұл жастардың еріктілік қызметіне қатысуда алдымен адамгершілік және сезімдік өлшемдерге мән беретінін білдіреді (2-диаграммада көрсетілген).

Зерттеуге қатысқан студенттердің 32%-ы еріктілік қызметінің қоғамды жақсартуға нақты ықпал ететініне сенетінін білдірген. Сонымен қатар, 21,5%-ы

бұл қызметтің жеке тұлғаның өзін-өзі өзгертуіне әсер етеді деп есептесе, 15%-ы еріктілік тек жеке өзгеріс жасауға мүмкіндік береді деп санайды.

Бұдан басқа, 11% респондент еріктілік қызметі өзгерістерге әкелмейді деп есептесе де, олардың 24%-ы бұл қызмет қоғам үшін пайдалы деп мойындайды.

Жеке басымдықтар мен әлеуметтік нормалардың арақатынасына қатысты респонденттердің пікірлері мынадай болды:

- 17,3% – бұл туралы ешқашан ойланбаған;
- 24% – жеке басымдықтар мен қоғамдық нормалар арасында мақсатты келіспеушілік бар, бірақ олар бір-біріне қайшы келмейді деп санайды;
- 20% – еріктілік әрекеттерін қоғамдық нормалар мен талаптарға толықтай сәйкес бағытталған деп бағалайды.


Зерттеу нәтижелері Қазақстан мен Түркиядағы студент жастардың еріктілік қызметке қатысуының құрылымдық және мотивациялық ерекшеліктерін, аймақтық айырмашылықтарын, сондай-ақ әлеуметтік белсенділік пен құндылықтық бағдарларын жан-жақты талдауға мүмкіндік береді. Ең алдымен, сауалнамаға қатысқан респонденттердің жыныстық құрамы еріктілер қатарында әйелдердің басымдығын (75,9%) көрсетті. Бұл нәтиже әйелдердің болмысындағы мейірімділік пен жанашырлық сияқты табиғи психоэмоционалдық қасиеттердің, сондай-ақ олардың әлеуметтік жауапкершілікке бейімділігінің көрінісі болуы мүмкін.

Жас ерекшелігіне қатысты деректер еріктілікке ең белсенді қатысатын жастардың негізгі бөлігі – 18-21 жас аралығындағы студенттер екенін көрсетті (50,95%). Бұл кезең адамның әлеуметтік жағынан қалыптасуымен, өмірлік құндылықтар жүйесінің орнығуымен тығыз байланысты. Сонымен қатар, жастардың еріктілікке қатысуының негізгі мотивациялары арасында материалдық емес құндылықтар – өзін бақытты сезіну (83,9%), рухани кемелденуге ұмтылу (76%) және діни сенімге сай сауапты іс жасау (69,4%) – басымдылыққа ие екені байқалды. Мұндай бағыт-бағдар жастардың ішкі рухани ізденісін және еріктілік қызметті тұлғалық даму құралы ретінде қабылдайтынын көрсетеді.

Аймақтық деректер Шығыс Қазақстан облысында еріктілік қызметтің жеткіліксіз дамығанын көрсетіп отыр. Бұл аймақтағы жастардың еріктілікке тартылу белсенділігіне әсер ететін факторларды тереңірек зерттеу қажет. Бұл орайда өңірлік ерекшеліктерге сәйкес мотивациялық қолдау, ақпараттық-түсіндіру жұмыстары және мәдени сәйкестік мәселелері маңызды болып табылады.

Қатысушылардың басым бөлігі (74,6%) еріктілік қызметін өтеусіз негізде жүзеге асыратынын атап өткен. Бұл олардың еріктілікті азаматтық борыш және моральдық міндет ретінде қабылдайтынын білдіреді. Ал қызметі үшін марапат немесе материалдық өтем алғандар – 25,4% құраған. Бұл екі түрлі қатынас еріктілік қызметінің көпқырлылығын және әр адамның ішкі уәжіне тәуелділігін айқындайды.

Еріктілікке тән негізгі қасиеттерді анықтау бойынша жүргізілген сауалнама барысында респонденттердің пікірінше, еріктілерге тән маңызды қасиеттер – ізгі ниет (21%), эмпатия (17,3%) және альтруизм (16%) болып табылады. Ал біліктілік, сенімділік, көшбасшылық және шығармашылық секілді қасиеттер төмен пайызбен бағаланып отыр. Бұл жастардың еріктілікті бірінші кезекте адамгершілік құндылықтармен байланыстыратынын көрсетеді (2 – суретте көрсетілген).




Сурет 2 – Еріктілікке тән қасиеттер

Зерттеу нәтижелерінің бір маңызды қыры – еріктілік қызметтің тұлғалық және қоғамдық даму тұрғысынан әсер ету деңгейін анықтау болды. Студенттердің 32,8%-ы еріктілік қызмет қоғамды жақсартуға ықпал етеді деп санайды, ал 21,5%-ы оның тұлғаның өзін-өзі өзгертуіне әсер ететініне сенімді. Бұл дерек еріктіліктің әлеуметтік белсенділікті арттырудағы әлеуетін нақтылай түседі.

Сондай-ақ, әлеуметтік қорғау орталықтарында жүргізілген қосымша сауалнама нәтижелері көрсеткендей, еріктілік қызмет тек жастардың дамуына емес, қарт адамдар мен мүмкіндігі шектеулі жандардың да өмір сапасына оң әсер етеді. Қамқорлық пен жанашырлыққа негізделген осындай байланыс ұрпақаралық өзара әрекеттестікті жандандырып, қоғамда әлеуметтік үйлесімділік қалыптастыруға септеседі.

Қазақстан мен Түркия елдерінде жүргізілген сауалнама нәтижелері жастардың ерікті қызметке қатысу мотивтері қандай негіздерге сүйенетінін анықтауға мүмкіндік берді. 3 - суретте көрсетілген салыстырмалы мәліметтер екі елдегі студенттердің еріктілікке деген көзқарастары мен ішкі ұмтылыстары арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды айқын көрсетеді.



Сурет 3 – Қазақстан мен Түркия студенттерінің еріктілікке қатысудағы мотивациялары

Қазақстан мен Түркия студенттері арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері еріктілік қызметтің жастар үшін ең алдымен рухани және тұлғалық даму құралы екенін көрсетті. Екі елдің де жастары еріктілікке қатысу арқылы өзін бақытты сезінеді (Қазақстан – 85%, Түркия – 82%), рухани кемелденуге ұмтылады (Қазақстан – 76%, Түркия – 74%) және бұл әрекеттерін сауапты іс деп қабылдайды (Қазақстан – 69,4%, Түркия – 65%). Сонымен қатар, еріктілік жастар үшін әлеуметтік кеңістік құрудың жолы ретінде де маңызды: жаңа таныстар табу (Қазақстан – 68%, Түркия – 70%) және азаматтық ұстанымын білдіру (Қазақстан – 52%, Түркия – 58,5%) сияқты мотивациялар жоғары көрсеткіштерге ие. Ал материалдық мүдде екі елде де ең төменгі орынға ие (13,6% және 16%), бұл жастардың еріктілікті пайда үшін емес, рухани-адамгершілік мақсатпен таңдағанын көрсетеді.

Зерттеу аясында алынған сапалық деректер еріктілік қызметі қоғамдық ынтымақтастықты нығайтып, әлеуметтік сезімталдықты арттыруға едәуір ықпал ететінін көрсетеді. Қатысушылар өз пікірлерінде еріктілік арқылы көмекке мұқтаж жандармен қарым-қатынас орнатқанын, қоғамдағы мәселелерге немқұрайлы қарамауға үйренгенін, азаматтық жауапкершіліктің артқанын атап өтті. Бұл, әсіресе, қоғамдағы әлсіз, қолдауға мұқтаж топтармен тікелей жұмыс істеу арқылы дамиды.

Кейбір сұхбаттан үзінділер көрсетсек:

- «Ерікті болу менің басқа адамдарға көмектесуге ниетімді оятты. Бұрын мен өз әлеміммен ғана өмір сүретінмін, ал қазір басқалардың жағдайын да ойлаймын».

- «Ата-анам үнемі айналаңдағы адамдарға көмектес деп айтып отырады. Мен ерікті болу арқылы сол сөздердің маңызын шын мәнінде түсіндім».

- «Еріктілік мені мүлде басқа әлеммен таныстырды. Бұрын мен тек өз өмірім туралы ойласам, енді маған басқалардың өмірі де маңызды бола бастады».

- «Әлеуметтік жауапкершілік дегеннің не екенін нақты түсіндім. Қазір мен қоғамда болып жатқан мәселелерге көз жұмбай қарай алмаймын».

- «Анам мен әкем кішкентайымнан айналаға көмектесуді айтып отыратын. Бұрын бұл сөздерді жай тыңдайтынмын, енді сол тәрбиенің неге маңызды екенін түсіндім».

Бұл пікірлер еріктілік қызметінің қатысушылар арасында жанашырлық, көмекке ұмтылу, ұжымдық жауапкершілік сияқты қасиеттерді дамытуға ықпал еткенін білдіреді. Сонымен қатар, бұл қызмет түрі қоғамдағы өзара көмек мәдениетін қалыптастырады және нығайтады.

Бұл мәліметтер еріктіліктің тек бір реттік көмек көрсету әрекеті емес, адамның әлеуметтік болмысына әсер ететін тәжірибе екенін көрсетеді. Қатысушылар қоғамдық мәселелерге бей-жай қарамай, соған араласу қажеттігін ұғына бастайды. Сонымен қатар, еріктілік қызметі арқылы адамдар өзара көмекке негізделген қоғамдық қатынастардың маңызын түсінеді, ынтымақ, бірлік секілді құндылықтарды бойларына сіңіреді.

Зерттеу барысында қатысушылар еріктілік қызметінің дәстүрлі және ұлттық құндылықтарды сақтауға әрі оларды кейінгі ұрпаққа жеткізуге ықпал еткенін ерекше атап өтті. Олардың пікірінше, еріктілік - үлкендерден үйренген ізгілік, мейірімділік, жауапкершілік сияқты моральдық құндылықтарды іс жүзінде жүзеге асыру мүмкіндігі. Қатысушылар бұл іс-әрекетті ата-аналарынан, отбасы ортасынан үйренген тәрбиелік қағидалардың жалғасы ретінде сипаттады. Еріктілік тек қана көмек көрсету емес, сонымен қатар қазақ, түрік қоғамына тән адамгершілік нормаларды жандандырудың, оларды өмірде іске асырудың жолы ретінде қарастырылады.

Сұхбаттан мысалдар:

- «Біздің отбасымызда әлсіздерді қорғау, демеу - маңызды болатын. Ерікті болған кезде мен оны нақты іске асыра бастадым».

- «Ата-әжемнен естіген сөздер - үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу, қайырымды болу. Еріктілік осы құндылықтарды өмірде іске асырудың бір жолы».

- «Қоғамдық жұмыстарға араласу арқылы ұлттық болмысты, ата-бабамыздың өмір салтын түсіне бастадым».

Бұл пікірлерден еріктілік қызметінің тек қазіргі жағдайға бейімделген әрекет емес, сондай-ақ ұлт болмысына тән адамгершілік, мейірімділік,

инабаттылық және жанашырлық сияқты қасиеттерді ұрпақтан ұрпаққа жеткізудегі рөлі айқын көрінеді. Бұл үрдіс арқылы жастар ата-аналарынан алған құндылықтарды өз тәжірибесі арқылы жандандырады және қоғамдық өмірде белсенді қолданады. Демек, еріктілік - моральдық және мәдени құндылықтарды қазіргі қоғамда жаңғыртудың, оларды өмір сүрудің ажырамас бөлігіне айналдырудың тиімді тетігі ретінде көрініс тауып отыр.

Кесте 5-те берілген әлеуметтік сезімталдық, қоғамдық мәселелерге қатысу, қоғаммен байланыс, ұжымдық жауапкершілік пен жанашырлық сияқты категориялар адамдардың әлеуметтік әрекеттерін сипаттайды. Бұл құндылықтар тек жеке деңгейде емес, ұрпақаралық сабақтастық арқылы да жалғасады. Сондықтан олар отбасылық, моральдық-адамгершілік және ұлттық-мәдени құндылықтармен табиғи түрде үйлесім табады. Яғни, еріктілік қызметінде көрініс табатын әлеуметтік әрекеттер қоғамдық құндылықтарды сақтап, оларды жаңа тарихи жағдайға бейімдеп жеткізудің негізгі арнасы болып отыр. Қоғаммен байланыс жасау үлгі-өнеге арқылы үйренумен және тәрбиелік мағынаны өмірде қолданумен сабақтасып, еріктіліктің ұрпақтар арасындағы құндылық жалғастығын қамтамасыз ететінін көрсетеді (5-кестеден қараңыз).

Кесте 5 – Қоғамдық ынтымақтастық пен әлеуметтік сезімталдықтың дамуы тақырыбына қатысты кодтар мен категориялар

Категориялар	Кодтар (түйін сөздер)
Әлеуметтік сезімталдық	Басқаларды түсіну, эмоциялық реакция, көмектесу ниеті, көмекке мұқтаж жандарға назар аудару
Қоғамдық мәселелерге қатысу	Қоғамға үлес қосу, немқұрайлылықтан арылу, белсенді азаматтық ұстаным
Қоғаммен байланыс	Қоғаммен етене араласу, әлеуметтік өмірге белсенді қатысу
Ұжымдық жауапкершілік	Топтық жұмысқа бейімделу, бірлескен әрекет, өзара көмек көрсету
Жанашырлық пен мейірімділік	Басқалардың сезімін түсіну, қолдау көрсетуге дайындық
Ескерту - Автормен жасалған.	

Зерттеу барысында еріктілік қызметінің жастардың рухани және құндылықтық бағдарларына ықпалы сапалық тұрғыда да талданды. Контенттік және интервью деректерін сараптау нәтижесінде қоғамдық қызметтің тәрбиелік және мәдени мазмұнын айқындайтын негізгі құндылықтар жүйесі анықталды. Бұл кодтар мен категориялар жастардың еріктілік тәжірибесі арқылы отбасылық, адамгершілік және ұлттық-мәдени құндылықтарды қалай меңгеретінін сипаттайды (6-кестеде көрсетілген).

Кесте 6 - Қоғамдық құндылықтардың берілуі тақырыбына қатысты кодтар мен категориялар

Категориялар	Кодтар (түйін сөздер)
Отбасылық құндылықтар	Ата-анадан алған тәрбие, үлкенге құрмет, кішіге қамқор болу
Моральдық/адамгершілік құндылықтар	Мейірімділік, адалдық, жауапкершілік, қайырымдылық
Ұлттық-мәдени құндылықтар	Дәстүрге бейімделу, мәдени мұраны сақтау, қазақы тәрбие үлгілері
Үлгі-өнеге арқылы үйрену	Ата-әженің үлгісі, бұрынғы буынның тәжірибесі
Тәрбиелік мағына	Қоғамдық қызметтің тәрбиелік рөлі, құндылықтарды өмірде қолдану
Ескерту - Автормен жасалған	

Зерттеу барысында алынған сапалық деректерге сүйене отырып, еріктілік қызметінің адамның тұлғалық дамуы мен рухани кемелденуіне ықпал ететін маңызды тұстары айқындалды. Қатысушылардың басым бөлігі еріктілікке қатысу олардың өзін-өзі тану процесін жеделдетіп, ішкі үйлесімге жетуге көмектескенін атап өтті. Бұл еріктілік феноменінің тек әлеуметтік ғана емес, сонымен қатар психологиялық және философиялық мәнге ие екендігін көрсетеді.

Біріншіден, еріктілік қызметі адамның өзіне деген сенімін нығайтатын фактор ретінде көрініс тапты. Қоғамға пайдалы әрекеттер жасау, адамдармен өзара байланыс орнату және нақты көмек көрсету мүмкіндігі тұлғаның өз әлеуетін тануына мүмкіндік береді. Мұндай әрекеттер арқылы жеке тұлға өзін тек әлеуметтік субъект ретінде ғана емес, сонымен қатар моральдық жауапкершілігі бар азамат ретінде сезінеді.

Екіншіден, еріктілік адамның рухани қанағаттану сезімін арттырады. Өзгеге көмек беру барысында жеке адам өзінің қоғамдағы орнын сезінеді және бұл оның өмірге деген көзқарасын, құндылықтар жүйесін қайта қарастыруына себеп болады. Осы арқылы индивид өмірдің мәнін сыртқы жетістіктерден емес, ішкі моральдық қанағаттанудан іздей бастайды.

Үшіншіден, зерттеуге қатысушылар еріктілік қызметі арқылы өз өміріндегі қиындықтар мен кедергілерге басқаша қарай бастағанын жеткізді. Өзгеге көмек көрсету тәжірибесі оларды өмірдің күрделі тұстарын жеңіл қабылдауға, жеке мәселелерін салыстырмалы түрде бағалауға үйреткен. Бұл жағдай, өз кезегінде, еріктілік қызметінің терапиялық және трансценденттік өлшемге ие екенін көрсетеді. Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері еріктіліктің тұлғаның өзіндік дамуы мен рухани өсуінің маңызды тетігі екендігін дәлелдейді. Еріктілік адамның ішкі жан дүниесіне үңілуге, әлеуметтік қарым-қатынастарды терең түсінуге және өзін өмірдің мәні мен құндылығы

тұрғысынан қайта пайымдауға мүмкіндік береді. Бұл еріктілікті тек әлеуметтік құбылыс ретінде емес, сонымен бірге антропологиялық, аксиологиялық және экзистенциалдық қырынан да қарастыру қажеттігін көрсетеді.

Қатысушылар пікірінен мысалдар:

– «Ерікті болу – мен үшін жай ғана көмек көрсету емес, өзіммен жұмыс істеу, өзімді тану мүмкіндігі болды. Бұрын өзімді пайдасыз сезінетінмін, қазір маған қоғамның қажет екенін білемін».

– «Басқаларға көмектескен сайын өзімнің ішкі әлемім де байи түсті. Рухани тыныштық таптым».

– «Менің өмірімде көп қиындық болды. Бірақ ерікті бола отырып, өзімді әлдеқайда жеңіл сезіне бастадым».

Зерттеу нәтижелерінің сапалық талдауы еріктілік қызметінің тұлғаның ішкі әлеміне және қоғамдық өзіндік санасына тигізетін оң ықпалын айқындады. Интервью мен ашық сұрақтарға берілген жауаптарды талдау негізінде еріктілердің өзін-өзі тануы, рухани өсуі және қоғаммен байланыс сезімінің күшеюін сипаттайтын кодтар мен категориялар анықталды. Бұл деректер еріктілік тәжірибесінің жеке тұлғаның моральдық, рухани және әлеуметтік дамуына ықпал ететін маңызды тетік екенін дәлелдейді (7–кестеде көрсетілген).

Кесте 7 – Еріктілік қызметінің жеке және қоғамдық игілікке әсер етуіне байланысты кодтар мен категориялар

Категориялар	Кодтар (түйін сөздер)
Өзін-өзі тану және даму	Жаңа қырларын ашу, қабілеттерін көру, ішкі рефлексия
Рухани тыныштық	Жан дүниенің байуы, өмірге ризашылық, сабырлы болу
Өз-өзіне сенімділік	Қоғамда өз орнын табу, қажет екенін сезіну, өзін бағалау
Ішкі мотивация	Жеке шабыт, алға ұмтылыс, пайдалы болуға деген ұмтылыс
Қоғамға қатыстылық сезімі	Қоғамның бір бөлшегі болу, жауапкершілікпен өмір сүру
Ескерту - Автормен жасалған.	

Зерттеу барысында алынған сапалық деректер еріктілік қызметінің жастардың білім алу үдерісіне және болашақ мамандық таңдауына жағымды ықпал еткенін көрсетті. Қатысушылар еріктілікке қатысу нәтижесінде өз қабілеттерін тереңірек танып, нақты өмірлік жағдаяттар арқылы кәсіби дағдыларды меңгеруге мүмкіндік алғандарын атап өтті. Бұл тәжірибе тек теориямен шектелмей, тұлғаның нақты әрекет пен тәжірибе арқылы қалыптасуына негіз болған. Қатысушылардың ой-пікірлеріне сүйенсек, еріктілік қызметі олардың кәсіби бағдарын анықтап, өмірлік құндылықтарын

қайта қарауға себепші болған. Бірқатар жастар еріктілік тәжірибесінің арқасында болашақта қай салада қызмет еткісі келетінін түсінген. Сонымен қатар, адамдармен тиімді қарым-қатынас орнату, ұжымда жұмыс жасау, жауапкершілік пен ұйымдастырушылық қабілеттер секілді әлеуметтік құзыреттерді еріктілік үдерісінде тәжірибелік негізде қалыптастырғаны байқалды.

Мұндай тұжырымдар еріктілік қызметінің тұлғаның ішкі әлеуетін ашуға, өзіндік шешім қабылдауына және кәсіби бағыт-бағдарын айқындауға әсер ететін маңызды әлеуметтік-мәдени тәжірибе екенін дәлелдейді. Жастар еріктілік арқылы қоғамға пайдалы болудың мәнін ұғынып, өз өмірлік жолына саналы түрде бағыт бере бастайды. Осы негізде, еріктілік тек көмек көрсету құралы ғана емес, сонымен қатар адамның жан-жақты дамуына ықпал ететін рухани және тәжірибелік мектеп ретінде танылды (8-кестеден қараңыз).

Кесте 8 – Еріктілік қызметінің білім беру және кәсіби даму үдерісіне әсері

Категориялар	Кодтар (түйін сөздер)
Кәсіби бағдар	Болашақ мамандықты түсіну, қызығушылық саласын анықтау
Практикалық тәжірибе	Қолданбалы білім, нақты жұмыс жағдайындағы дағдылар
Коммуникативтік дағдылар	Адамдармен қарым-қатынас, командада жұмыс істеу, көпшілік алдында сөйлеу
Уақыт пен жауапкершілік	Уақытты тиімді пайдалану, тапсырманы дер кезінде орындау
Өзін-өзі жетілдіру	Жаңа қабілеттерді дамыту, ерік-жігер мен еңбекқорлықты арттыру
Ескерту - Автормен жасалған	

Еріктілік қызметі білім алушылар үшін тек әлеуметтік тәжірибе ғана емес, сонымен қатар тұлғалық және кәсіби дамудың маңызды алаңы ретінде көрініс табады. Ерікті әрекет білім алушыны өзінің ішкі әлеуетін тануға, өмірлік және кәсіби бағыт-бағдарын нақтылауға жетелейді. Бұл үдеріс адамның өзін қоғам мүшесі ретінде сезінуіне, әлеуметтік жауапкершілікті саналы түрде қабылдауына, әрі белсенді азаматтық ұстаным қалыптастыруына жол ашады.

Еріктілік қызметі тек көмек көрсету немесе уақытша іспен шектелмейді. Ол - адамның өмірлік мағына іздеу жолындағы нақты қадамы, тұлғалық ізденіс пен өзіндік жетілудің құралы. Мұндай қызметке араласу - жеке бастың ішкі рухани мазмұнын байытып, моральдық-этикалық құндылықтарды нақты іс-әрекет арқылы ұғынуға мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан қарағанда, еріктілік – білім жолындағы студенттің шынайы тәжірибе алаңы, өмірлік бағдарды қалыптастыратын философиялық кеңістік.

Зерттеуге қатысқан жастардың пікірлері олардың еріктілік қызметі арқылы бос уақыттарын мәнді, мазмұнды және пайдалы іске жұмсай білгенін айғақтайды. Уақытты тек тиімді өткізу емес, оны ізгілікті іске арнау – еріктілік феноменінің басты ерекшелігі. Бұл тәжірибе жас адамның рухани әлемін кеңейтіп, өмірге деген көзқарасын, құндылықтар иерархиясын қайта пайымдауға мүмкіндік береді.

Демек, еріктілік - тек сыртқы әрекет емес, сонымен қатар ішкі болмыстың, тұлғалық мәннің көрінісі. Ол адамның өзін-өзі жүзеге асыруының, өмірлік мағына мен бағыт табуының философиялық және практикалық кеңістігіне айналады.

Қатысушылардың пікірлерінен үзінділер:

– «Бұрын уақытымның көбі телефон мен әлеуметтік желілерде өтетін. Еріктілікпен айналысқалы өзімді пайдалы іспен айналысып жүргендей сезінемін».

– «Университеттен кейінгі бос уақытымды еріктілікпен өткізетін болдым. Бұл маған жаңа орта, жаңа достар мен тәжірибе сыйлады».

– «Жазғы демалысты тек демалып өткізбей, біреуге көмектесу арқылы өзімді дамыттым» (9-кестеден қараңыз).

Кесте 9 – Еріктілік қызметінің бос уақытты тиімді өткізуге ықпалы

Категориялар	Кодтар (түйін сөздер)
Бос уақытты жүйелі ұйымдастыру	Жоспарлау, пайдалы іспен айналысу, уақытты бағалау
Қызығушылық пен мотивация	Жаңа нәрселерді үйрену, пайдалы әдеттерді қалыптастыру
Салауатты әлеуметтік орта	Достар табу, жаңа ортамен араласу, ортақ мақсатта бірігу
Өнімділік сезімі	Өз еңбегінің нәтижесін көру, қоғамға пайдалы болу
Бос уақыттың сапасын арттыру	Телефон, интернетке тәуелділікті азайту, рухани байлыққа ұмтылу
Ескерту - Автормен жасалған.	

Еріктіліктің жастар арасында тек қоғамдық жұмыс емес, сонымен қатар тұлғалық өсу мен уақытты тиімді өткізудің бір жолы екенін көрсетеді. Еріктілік – бос уақытты пайдалы әрі мазмұнды өткізуге жол ашатын өмірлік мектеп десе де болады.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, еріктілік қызметі жастардың әлеуметтік капиталын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Әлеуметтік капитал дегеніміз – адамның әлеуметтік желілер, сенім, өзара көмек, ортақ құндылықтар арқылы қоғаммен байланысын нығайтатын ресурс. Бұл тұрғыда еріктілер жаңа әлеуметтік ортаға қосылып, әртүрлі әлеуметтік топтармен байланыс орнату арқылы өздерінің әлеуметтік аясын кеңейтеді.

Қатысушылардың көзқарастары негізінде анықталған негізгі бағыттар:

– «Еріктілік арқылы мен көптеген адамдармен таныстым. Қазір түрлі салада жұмыс істейтін достарым бар».

– «Мен еріктілік кезінде танысқан адамдардың кейбірімен кейін бірге жобалар жасадық. Бұл маған үлкен тәжірибе берді».

– «Бұрын өз ортамнан шыға алмайтынмын. Енді менің таныстарымның ауқымы кеңейді» (10-кестеден қараңыз).

Кесте 10 – Еріктілік қызметінің әлеуметтік капиталға әсері

Категориялар	Кодтар (түйін сөздер)
Жаңа әлеуметтік желілер	Достар табу, кәсіби байланыстар, кең әлеуметтік орта
Өзара сенім мен қолдау	Бір-біріне көмек көрсету, сенімді қарым-қатынас орнату
Ортақ мақсаттар мен құндылықтар	Ынтымақтастық, қоғам игілігіне бағытталған әрекеттер
Қоғаммен белсенді байланыс	Әлеуметтік қатысу, азаматтық белсенділік
Ұжымдық ресурстарға қол жеткізу	Ақпарат алмасу, ортақ мүмкіндіктерге ие болу
Ескерту - Автормен жасалған.	

Еріктілік қызметі әлеуметтік байланыстардың сапасын арттырып, жас еріктілердің қоғаммен байланысын нығайта түсетіні көрсетілді. Сонымен қатар, бұл қызмет арқылы адамдардың бір-біріне сенімі күшейіп, ортақ әрекеттер жасау тәжірибесі дамиды.

Зерттеу барысында жас еріктілер еріктілік қызметінің олардың рухани әлеміне, адамгершілік ұстанымдарына және ішкі құндылықтарына оң әсер еткенін жиі атап өтті. Бұл қызмет олардың жан-дүниесін байытып, жақсылық жасау арқылы өмірінің мәнін түсінуге себеп болған. Еріктілік – рухани кемелденудің жолы, ішкі тыныштық пен өз болмысыңды табуға бастар қадам ретінде сипатталды.

Қатысушылар пікірінен мысалдар:

– «Мен үшін еріктілік – жүректің ісі. Басқаға көмектескен сайын өз жүрегімнің де жұмсара түскенін байқаймын».

– «Ата-анам үнемі «жақсылық өзіңе қайтады» деп айтады. Мен мұны еріктілік арқылы шынайы сезіндім».

– «Ерікті бола отырып, мен адам болу дегеннің не екенін тереңірек түсіндім. Мейірімділік, жанашырлық – бұл жай сөз емес, өмірлік қағида» (11-кестеден қараңыз).

Кесте 11 – Еріктілік қызметінің рухани құндылықтармен байланысына қатысты кодтар мен категориялар

Категориялар	Кодтар (түйін сөздер)
Адамгершілік қағидалар	Жақсылық жасау, мейірімді болу, жанашырлық, адалдық
Рухани кемелдену	Ішкі байлық, өмірдің мәнін түсіну, жүрекпен әрекет ету
Сенім мен шүкіршілік	Алғыс айту, ризашылық білдіру, жақсылықты бағалау
Тәрбиелік әсері	Отбасылық және діни тәрбиемен байланыс, әдеп пен инабаттылық
Ізгілік пен кісілік өлшемдер	Ар-ождан, рухани тәрбие, ізгілікке ұмтылу
Ескерту - Автормен жасалған.	

Жүргізілген салыстырмалы зерттеу нәтижелері еріктілік қызметінің жастардың тұлғалық дамуы мен қоғамдық өмірге қатысуына елеулі ықпал ететінін көрсетті. Қазақстан мен Түркия университеттерінде оқитын студенттерге жүргізілген сауалнама мен тереңдетілген сұхбат материалдары жастардың еріктілікке қатысуын әлеуметтік тәжірибеден гөрі моральдық-рухани мәнге ие құбылыс ретінде қабылдайтынын айғақтады.

Біріншіден, еріктілік жастардың әлеуметтік сезімталдығын, жанашырлығын және жауапкершілігін арттырып, қоғамдық ынтымақтастық пен өзара көмек мәдениетін нығайтуға мүмкіндік береді. Респонденттердің 90%-дан астамы еріктілік қызметі олардың қоғамдағы орнына жаңа көзқарас қалыптастырып, әлсіз топтарға деген жанашырлығын күшейткенін атап өтті.

Екіншіден, еріктілік – жастар үшін рухани-адамгершілік құндылықтарды тәжірибеде іске асырудың құралы. Жас еріктілер ата-ана тәрбиесінен дарыған үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу, ізгілік жасау сияқты дәстүрлі нормаларды қоғамдық қызмет барысында жаңғыртатынын айтты. Бұл жағдай еріктіліктің ұрпақаралық сабақтастықты қамтамасыз ететінін және ұлттық мәдениеттің сақталуына ықпал ететінін дәлелдейді.

Үшіншіден, еріктілік қызметі жастардың кәсіби бағдарын, практикалық дағдыларын және әлеуметтік құзыреттерін дамытуда маңызды рөл атқарады. Студенттердің көпшілігі еріктілік тәжірибесі болашақ мамандық таңдауға, адамдармен қарым-қатынас жасауға және ұжымда жұмыс істеуге дағдыландырғанын атап өтті. Бұл еріктілікті білім беру процесімен және кәсіби даярлықпен тығыз байланысты әлеуметтік-мәдени институт ретінде қарастыруға негіз береді.

Төртіншіден, зерттеу нәтижелері еріктіліктің философиялық-антропологиялық қырына назар аударды. Қатысушылардың пікірінше, еріктілік – адамның өзін-өзі тану, ішкі үйлесімге жету және өмірлік мәнді

түсіну жолындағы тәжірибесі. Бұл тұрғыдан еріктілік әлеуметтік құбылыс қана емес, тұлғаның рухани кемелденуін қамтамасыз ететін аксиологиялық және экзистенциалдық кеңістік болып табылады. Демек, еріктілік – тек қайырымды іс-әрекет емес, ол жастардың рухани дамуын, әлеуметтік интеграциясын және азаматтық жауапкершілігін қалыптастыратын философиялық әрі мәдени феномен. Еріктілік арқылы жастар қоғамның бір бөлшегі ретінде өз орнын тауып қана қоймай, ұлттық және адамзаттық құндылықтарды ұрпақтан ұрпаққа жеткізудің сенімді арнасына айналады.

Сонымен, жүргізілген салыстырмалы зерттеу нәтижелері еріктілік қызметінің жастардың тұлғалық дамуы мен әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыруда шешуші рөл атқаратынын көрсетті. Қазақстан мен Түркия студенттерінің пікірлері еріктілікті тек көмек көрсету әрекеті емес, ұрпақаралық сабақтастықты, ұлттық мәдениет пен рухани құндылықтарды жаңғырту тетігі ретінде қабылдайтынын айғақтады. Еріктілік жастарға жанашырлық пен әлеуметтік сезімталдықты арттыруға, дәстүрлі моральдық нормаларды қоғамдық қызметте іске асыруға, кәсіби дағдыларды дамытуға мүмкіндік беріп қана қоймай, олардың өзін-өзі табуына және өмірлік мағынаны түсінуіне жол ашады. Осы тұрғыдан алғанда, ерікті жастар ұйымдарын дамыту – ұлттық мәдени сабақтастықты сақтаудың, қоғамдық тұрақтылықты нығайтудың және елдің болашағын айқындайтын патриоттық құндылықтарды жаңғыртудың маңызды құралы болып табылады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Осы ғылыми зерттеу барысында алға қойылған мақсаттар мен міндеттерге сай ізденістер жүргізіліп, еріктілік феномені қазақ халқының мәдени-тарихи өмір салтының ажырамас дәстүрі ретінде қарастырылды. Зерттеу нәтижелері бұл тақырыптың терең философиялық негізге ие екенін және әлі де жан-жақты зерделеуді қажет ететін көптеген қырлары бар екенін көрсетті. Еріктіліктің мазмұны мен мәні халқымыздың сан ғасырлық рухани тәжірибесімен ұштасып жатқандықтан, оны тек қазіргі заманғы әлеуметтік қозғалыс ретінде ғана емес, ұлттық дүниетанымымыздың жалғасы, өмірлік қағидасы ретінде ұғыну қажет.

Диссертациялық зерттеу нәтижесінде Қазақстандағы еріктілік іс-әрекеттің философиялық, әлеуметтік және этикалық аспектілеріне терең талдау жасалды.

Диссертациялық тақырыпты зерттеп, зерделеу арқылы бүгінгі таңда тәуелсіз мемлекетімізді нығайту және еліміздің егемендігін баянды ету үшін бабалар мұрасын сақтай отырып, ұлттық құндылықтарға құрметпен қарау, ұлттық дәстүрімізді бүгінгі күннің талабы тұрғысынан саралай білу қажет екендігі дәлелденді.

Қазіргі көпұлтты Қазақстан қоғамында ұлтаралық келісім мен әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуде еріктілік қызметінің маңызы ерекше. Еріктілік тек әлеуметтік қолдау көрсету тетігі ретінде ғана емес, сонымен қатар қоғамдық байланыстарды нығайту, мәдени-ағартушылық бастамаларды ілгерілету, ұлттық мәдениеттер мен білім беру дәстүрлерін сақтау мен тарату ісінде де маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар, еріктілік әрекеттері ұлттар мен этностар арасында өзара түсіністік пен сенімді арттыруға, ел азаматтарының бойында ұлттық патриотизмді қалыптастыру мен дамытуға ықпал ететін мемлекеттік саясаттың тиімді құралы ретінде де танылады.

Осы тұрғыдан алғанда, еріктілік қызметі тек азаматтық қоғамды дамытудың заманауи формасы емес, сонымен қатар халқымыздың дәстүрлі өмір салты мен рухани дүниетанымына негізделген мәдени феномен екені анық байқалады. Қазақстанда еріктілік әрекеттерінің дамуы мен көрініс табуы ұлттық менталитет пен мәдениетпен тығыз байланысты болып табылады. Ежелгі дәстүрлерге негізделген өзара көмек көрсету тәжірибесі – бүгінгі еріктіліктің тарихи-мәдени арқауы ретінде бағалануы тиіс.

Еріктілік қазіргі қоғамдағы әлеуметтік және мәдени процестердің тоғысында орналасқан күрделі және көпқырлы құбылыс ретінде көрінеді. Ол ұлттық бірегейлікті нығайтуға, қоғамдық интеграцияға және ел ішіндегі этносаралық үйлесімділікке қызмет ететін маңызды әлеуетке ие. Сондықтан да еріктілікті дамытуға бағытталған саясаттар мен басқару тетіктері ұлттық мәдени ерекшеліктер мен тарихи тәжірибелерді ескере отырып жүзеге асырылуы қажет.

Зерттеу нәтижесінде төмендегідей тұжырымдар жасалды:

1. Еріктілік феноменін философиялық тұрғыдан зерделеу оның тек әлеуметтік құбылыс емес, сонымен қатар адамның болмысын ашатын, құндылықтық бағдарын айқындайтын және адамгершілік парызын іске асыратын әмбебап категория екенін дәлелдейді. Ол – жеке тұлғаның өзін-өзі табуына, қоғамның рухани жаңғыруына және мәдени сабақтастықтың сақталуына ықпал ететін құбылыс. Еріктілік феноменінің онтологиялық, аксиологиялық және этикалық негіздерін философиялық тұрғыдан талдау оның әлеуметтік тәжірибеден әлдеқайда кең құбылыс екенін айқындайды. Онтологиялық қырынан еріктілік адамның болмысының мәнін, өзін-өзі жүзеге асыру жолдарын көрсетсе, аксиологиялық мазмұны ізгілік, әділеттілік, мейірім, теңдік сияқты іргелі құндылықтарды ұрпақтан ұрпаққа жалғастырудың құралына айналып отыр. Этикалық өлшем тұрғысынан алғанда, еріктілік адамның ар-ожданына, ішкі жауапкершілігіне және моральдық парызына негізделген, яғни ол тек қоғамға пайда әкелетін іс-әрекет емес, сонымен бірге адамның рухани-адамгершілік жетілуінің айғағы болып табылады. Яғни, еріктілік – тұлғаның өзін табуына, қоғамның тұтастығын нығайтуға және мәдени-рухани сабақтастықты сақтауға ықпал ететін әмбебап феномен ретінде көрінеді.

2. Түркілік дәуірде еріктілік дәстүрлері қоғам өмірін ұйымдастырудың негізгі дүниетанымдық және этикалық өлшемдерінің бірі ретінде орнықты. Бұл кезеңде халыққа қызмет ету, әділеттілікті сақтау, өзара көмек пен жомарттық идеялары әлеуметтік тәжірибеден тыс, моральдық-идеялық бағдарлар деңгейінде қарастырылды. Орхон-Енисей жазбаларында ел бірлігін нығайту, халық игілігі үшін әрекет ету, қауымдық татулық пен өзара жауапкершілікті қамтамасыз ету қағидалары айқын көрініс тауып, қоғамдық болмыстың жетекші принципіне айналды. «Көк бөрі», «Ергенекон», «Оғыз қаған» дастандары мен «Қорқыт ата кітабы» сияқты мұраларда әлсізді қорғау, қонақжайлық, қайырымдылық пен өзара көмек қағидалары дәріптеліп, қоғамдағы үйлесімділікті бекітетін этикалық бағдарлар екенін анықтадық. Түркілік дәуірде қалыптасқан бұл дәстүрлер адам мен қауым арасындағы байланысты тереңдетіп, еріктілік феноменінің идеялық-философиялық негізін құрады және кейінгі тарихи кезеңдердегі сабақтастықты қамтамасыз ететіндігі сөзсіз.

3. Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Ахмет Йүгнеки, Қожа Ахмет Ясауи және өзге де түркі-мұсылман ойшылдарының еңбектері ислам өркениетінің қазақ даласына әкелген рухани-адамгершілік құндылықтарын айқын бейнелейді. Олардың философиялық және діни-этикалық ойларында еріктілік пен қайырымдылық идеялары тек жеке ізгілік әрекеті ретінде емес, қоғамның тұтастығын қамтамасыз ететін әлеуметтік-рухани жүйе ретінде қарастырылған. Әл-Фарабидің «қайырымды қала» концепциясы, Баласағұнның «Құтты білік» еңбегіндегі әділет, теңдік, мейірім қағидалары, Йүгнекидің «Ақиқат сыйындағы» ізгілік насихаты, Ясауидің хикметтеріндегі рухани тазару мен мұқтажға қамқор болу идеялары – барлығы да еріктілік феноменінің терең

тамырын айқындайды. Бұл ойшылдардың дүниетанымында қайырымдылық тек діни парыз ғана емес, қоғам алдындағы адамгершілік борыш, әлеуметтік үйлесім мен рухани кемелденудің шарты ретінде сипатталады. Нәтижесінде, түркі-мұсылман ойшылдарының еңбектерін талдау еріктілік пен қайырымдылық идеяларының ислам өркениетімен бірге қазақ мәдениетінде орнығып, кейінгі дәуірлерде әлеуметтік тәжірибеге айналғанын дәлелдедік. Олар бүгінгі замандағы еріктілік қызметтің философиялық-этикалық негіздерін түсінуге теориялық бағдар береді.

4. Қазақ халқының рухани мұрасында сақталған еріктілік идеялары ғасырлар бойы қалыптасқан әлеуметтік-мәдени тәжірибелермен біте қайнасып, халықтың өмір салты мен дүниетанымының ажырамас бөлшегін құрады. Асар, жылу жинау, шүлен тарату, қонақжайлық сияқты дәстүрлер қоғамның ішкі бірлігін сақтауға, әділеттілікті орнықтыруға және өзара жәрдемдесуді жүзеге асыруға негіз болды. Бұл дәстүрлердің ұрпақтан-ұрпаққа үзілмей жалғасуы олардың рухани құндылық ретінде орныққанын айғақтайды. Ақын-жыраулар шығармашылығында еріктіліктің мәні халықты ынтымаққа шақыру, әлсізді қорғау, елге адал қызмет ету идеялары арқылы көрініс тауып, ізгілік пен әділеттіліктің айнасы ретінде дәріптелді. Алаш зиялылары бұл идеяларды жаңа тарихи жағдайда жаңаша мазмұнда дамытып, оларды ағартушылықпен, ұлттық тұтастықты нығайтумен және қоғамдық қызметпен сабақтастырды. Яғни, еріктілік дәстүрі дәуірлік өзгерістерге бейімделе отырып, өзінің рухани-этикалық мазмұнын сақтап қалды. Құндылықтық тұрғыдан ол қоғамдағы сенім мен бауырмалдықты күшейтіп, жеке тұлғаның ар-ожданы мен адамгершілік борышын қоғамдық ортада іске асырудың маңызды құралына айналды. Сонымен, қазақ халқының рухани мұрасындағы еріктілік идеяларының тарихи сабақтастығы мен құндылықтық маңызы пайымдалды.

5. Қазіргі жаһандану жағдайында еріктілік жаңа мазмұнға ие болып отыр. Ол тек әлеуметтік әлсіз топтарға көмек көрсетудің дәстүрлі үлгісі ғана емес, сонымен қатар азаматтық қоғамды нығайтудың, демократиялық мәдениетті қалыптастырудың және жастардың патриоттық сезімін жетілдірудің пәрменді құралы ретінде бағаланады. Қазақстанда соңғы жылдары еріктілік қызметіне мемлекеттік деңгейде жүйелі қолдау көрсетілуі осы үрдістің нақты дәлелі саналады. Мұндай жағдай еріктілікті ұлттық ауқымда дамытуға мүмкіндік берумен қатар, оны халықаралық тәжірибемен ұштастыруға жағдай жасайды. Жастардың волонтерлік қозғалысқа белсенді араласуы олардың әлеуметтік жауапкершілігін арттырып, жаңа құндылықтық бағдарлардың қалыптасуына ықпал ететін маңызды фактор ретінде танылады. Еріктілік - жаһандану жағдайында әлеуметтік қолдау көрсетудің ғана емес, азаматтық қоғамды дамыту мен демократиялық құндылықтарды орнықтырудың пәрменді құралы ретінде жаңа мазмұнға ие әлеуметтік-мәдени феномен болып айқындалады.

6. Еріктілік – қазақ халқының рухани тамырынан бастау алып, дәуірлер тоғысында үзілмей жалғасып келе жатқан құндылық. Ол тек тарихи-мәдени тәжірибенің көрінісі ғана емес, заман ағымына сәйкес жаңғырып отырған,

уақыт пен кеңістіктен тыс мағынаға ие мәңгілік идея ретінде айқындалады. Қазақ қоғамы үшін еріктілік көмек көрсетудің тәсілі емес, ол – өмірлік қағида, адамгершілік қарым-қатынастардың өлшемі және ұлттық бірегейлікті айқындайтын іргелі ұстаным. Қазіргі кезеңде еріктілік жаңа сипаттарға ие болып, заманауи әлеуметтік-мәдени талаптарға бейімделуде. Алайда оның түпкі мазмұны – өзара көмек, ізгілік пен жауапкершілік – өзгеріссіз сақталып отыр. Осы тұрғыдан алғанда, еріктілікті мәңгілік құндылық ретінде ұғыну ұлттық философиялық ойды жаңа деңгейге көтеріп, болашақтағы қоғамдық дамудың бағдарын анықтайтын теориялық негіз болып табылады. Еріктілік – уақыт пен кеңістіктен тыс мәнге ие, өзара көмек пен ізгілікті дәріптейтін және қоғамдық дамудың ұзақ мерзімді бағдарын айқындайтын мәңгілік құндылық.

7. Қазақстан мен Түркия университеттерінде жүргізілген эмпирикалық зерттеу студент жастардың еріктілік қызметке деген ұмтылыстары мен қажеттіліктері олардың әлеуметтік тәжірибеден гөрі рухани-адамгершілік және мәдени құндылықтармен ұштасқан ерекше құбылыс ретінде қабылдайтынын көрсетті. Зерттеу нәтижелері еріктіліктің студенттердің азаматтық жауапкершілігін және қоғамдағы белсенділігін арттыратынын дәлелдейді. Екі елдің студенттері де еріктілікті рухани кемелденудің жолы, адамгершілік қағидаларды іс жүзінде іске асырудың тәсілі деп түсінеді. Респонденттердің басым көпшілігі еріктілік қызметі арқылы өз өмірлік құндылықтарын қайта қарастырып, қоғамға пайдалы болудың мәнін терең ұғынғанын атап өтті. Осы деректер еріктіліктің қазіргі жастар үшін тек көмек көрсету формасы емес, олардың рухани дамуын, әлеуметтік интеграциясын және мәдени сабақтастығын қамтамасыз ететін әлеуметтік-философиялық феномен екенін айқындайды. Осы тұрғыдан еріктілік адамның өзін-өзі жүзеге асыруына, өмірлік мағына табуына және қоғамдағы жауапкершілік пен жанашырлық мәдениетін жаңғыртуға мүмкіндік беретін философиялық әрі экзистенциалдық кеңістік ретінде тұжырымдалды. Бұл қорытынды еріктілік ұйымдарын дамыту стратегиясын құруда рухани-адамгершілік және мәдени құндылықтарды басты бағдар ету қажеттігін көрсетеді.

Сонымен, жүргізілген зерттеу нәтижелері еріктілік феноменін қазақ халқының рухани-мәдени мұрасынан бастау алып, қазіргі қоғамда жаңа сипатқа ие болған әлеуметтік-философиялық құбылыс ретінде қарастыруға мүмкіндік берді. Ол тек қайырымдылық пен өзара көмек әрекеттерінің жиынтығы емес, адам болмысын айқындайтын, ұлттық дүниетаным мен мәдени сабақтастықты сақтайтын, қоғамды біріктіруге ықпал ететін әмбебап категория екені дәлелденді.

Қорыта айтқанда, еріктілік – ұлттық мәдениеттің терең тамырынан бастау алған, қазіргі кезеңде заманауи мазмұнға ие болып отырған, уақыт пен кеңістіктен тыс мәнге ие мәңгілік құндылық. Ол қоғамның рухани тұтастығын, мәдени сабақтастығын және әлеуметтік үйлесімділігін қамтамасыз ететін, Қазақстанның болашақтағы өркендеуіне негіз болатын әлеуметтік-философиялық феномен.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Тоқаев Қ.-Ж. Отанға деген махаббат құр ұран емес. <https://malim.kz/article/society/qasym-zomart-toqaev-otanga-degen-maxabbat-qur-uran-emes-610>. 07.09.2024.
- 2 Тённис Ф. Общество и общность [Текст] / Ф. Тённис. – СПб.: Наука, 2002. – 452 с.
- 3 Фромм Э. Иметь или быть. <https://flibusta.su/book/3413-imet-ili-byit/read/> 15.08.2024
- 4 Leigh R., Smith D. H., Lough B. J., Mati J. M., Giesing C., Leon M. J., Haski-Leventhal D., Strassburg S. State of the World's Volunteerism Report: Universal Values for Global Wellbeing / ed. by P. Hockenaz. – Bonn: United Nations Volunteers (UNV), 2011. – 120 p.
- 5 Batson C., Shaw L. Evidence for altruism: Toward a pluralism of prosocial motives // Psychological Inquiry. – 1991. – Vol. 2, № 2. – P. 107–122.
- 6 Sharabany R. The development of capacity for altruism as a function of object relations development and vicissitudes // Development and maintenance of prosocial behavior. – New York: Plenum Press, 1984. – P. 201–222.
- 7 Krebs D., Van Hesteren F. The development of altruism: Toward an integrative model // Developmental Review. – 1994. – Vol. 14, № 2. – P. 103–158.
- 8 Rushton J. P. Altruism, socialization, and society. – Englewood Cliffs, NJ : Prentice-Hall, 1980. – 264 p.
- 9 Hoffman M. Empathy and moral development: Implications for caring and justice. – New York: Cambridge University Press, 2001. – 342 p.
- 10 Clavien C., Chapuisat M. The evolution of altruism in humans // Biology & Philosophy. – 2013. – Vol. 28, № 1. – P. 125–140. – DOI: <https://doi.org/10.1007/s10539-012-9317-3>
- 11 Niebuhr R. The Nature and Destiny of Man. Vol. 1: Human Nature. – New York : Charles Scribner's Sons, 1964. – 301 p.
- 12 Tillich P. The Shaking of the Foundations. – New York: Charles Scribner's Sons, 1948. – 191 p.
- 13 Baumann D. J., Cialdini R. B., Kendrick D. T. Altruism as hedonism: Helping and self gratification as equivalent responses // Journal of Personality and Social Psychology. – 1981. – Vol. 40, № 6. – P. 1039–1046.
- 14 Levinas E. Totality and Infinity: An Essay on Exteriority. Vol. 1. – Dordrecht : Kluwer Academic Publishers, 1969. – 348 p.
- 15 Singer P. Famine, affluence, and morality // Philosophy & Public Affairs. – 1972. – Vol. 1, № 3. – P. 231–243.
- 16 Feinberg J. The Moral Limits of the Criminal Law: Harm to Self. – New York: Oxford University Press, 1989. – Online ed. Oxford Academic. - 2003. – Vol. 3. DOI: <https://doi.org/10.1093/0195059239.001.0001> 08.09.2024.
- 17 Бодренкова Г. П. Системное развитие добровольчества в России: от

теории к практике: учебно-методическое пособие. – М.: АНО «СПО СОТИС». – 2013. – 320 с.

18 Нечипоренко Л. М. Аристотель и античная литература. - М.: Наука, 1978. – 325 с.

19 Кропоткин П.А. Этика: Избранные труды. - М.: Политиздат, 1991. - 496 с.

20 Демина И.В. Отношение «Я – ТЫ» в философии Л. Фейербаха и проблема общения в экзистенциализме XX века // Научная мысль Кавказа, 2009, № 2. – С. 61- 66.

21 Ковалев В. А ты записался в добровольцы? / В.Н. Регило // Московская правда. – 2012. – № 47. – 3 с.

22 Стрешнева А. Открыли центр добровольчества // Москва центр. – 2012. – 2 с.

23 Пневная М. В. Волонтерство как социальный феномен: управленческий подход: дис. ... док. соц. наук. – Екатеринбург: Уральский федеральный университет им. первого президента России Б. Н. Ельцина, 2016. - 42 с.

24 Черепанова Н. В. Социальное обучение в добровольческом движении : автореф. ... дис. канд. пед. наук. – Ставрополь, 2006. – 31 с.

25 Болотова Л. В. Организация добровольческой деятельности как аспект вузовской подготовки будущих социальных работников: автореф. ... дис. канд. пед. наук. – Тамбов, 2007. – 8 с.

26 Хакен Г. Глобальный мир и самоорганизующееся общество // Философско-культурологические проблемы идентичности в контексте современности: материалы Междунар. конф. «Культурная идентификация молодёжи в условиях глобализации». – СПб.: Изд-во Политехн. ун-та, 2010. – С. 40–56.

27 Пригожин И. Философия нестабильности // Вопросы философии.– 1991. - № 6. – С.46-53.

28 Баева Л.В. Ценности изменяющегося мира: экзистенциальная аксиология истории: монография. – Астрахань: Астраханский государственный университет, 2004. – 275 с.

29 Прусский Я. Л. Теория взаимопомощи П. А. Кропоткина и перспективы выживания человечества // Прямухинские чтения 2008 года. – Тверь : Изд-во ООО «КУПОЛ», 2010. – С. 165–170.

30 Küçük B. Türk kültüründe yardımlaşma örneği: imece usulünden yardım sandıklarına. / B. Küçük // Türk Kültürü ve Hacı Bektaş Velî Araştırma Dergisi. – 2025. – Bahar-Mart. – Sayı 113. – P. 421–439.

31 Yakupoğlu C. Selçuklular, Beylikler ve Osmanlılar Döneminde Kastamonu Çevresinde Ahiler // Erdem.– Yayıncı : Atatürk Kültür Merkezi Başkanlığı. – 2009. – Sayı 55. – P. 157–174.

32 Sarıbay A. Y. Postmodernite, Sivil Toplum ve İslam / A. Y. Sarıbay. – İstanbul: Sentez Yayıncılık, 2014. – 224 p.

- 33 Ertuç H. İslam hukuk tarihinde vakıflar ile Batı kültüründeki benzeri kurumların karşılaştırılması: doktora tezi / H. Ertuç. – Erzurum: Atatürk Üniversitesi, Sosyal Bilimler Enstitüsü, 2007. – 209 p.
- 34 Dulkadiroğlu H. Türkiye'nin meselelerine gönüllü bakış. – Ankara: Orion Kitabevi, 2016. – P. 3–17.
- 35 Çağatay N. Bir Türk Kurumu Olan Ahilik. – Ankara: Türk Tarih Kurumu Yayınları, 1997. – 300 p.
- 36 Şimşek E. Türk Halk Anlatılarında Misafirperverlik Olgusu ve Psiko-Sosyal Açıdan Değerlendirilmesi // Akra Kültür Sanat ve Edebiyat Dergisi. – 2010. – № 4. – P. 67–85.
- 37 Yazılıtaş N. Türk toplum hayatında sosyal yardımlaşma ve dayanışmanın tarihi temellerine bir bakış // NÜSHA. – 2002. – Yıl II, Sayı 5 (Bahar). – P. 163–167.
- 38 Anheier H. K., Salamon L. M. Volunteering in cross-national perspective: Initial comparisons // Civil Society. – 2001. – № 10. – 5 p.
- 39 Seligman A. B. The Idea of Civil Society / A. B. Seligman. – New York: Princeton University Press, 1995. – 241 p.
- 40 Hustinx L., Lammertyn F. Collective and Reflexive Styles of Volunteering: A Sociological Modernization Perspective // Voluntas: International Journal of Voluntary and Nonprofit Organizations. – 2003. – Vol. 14, № 2. – P. 167–187.
- 41 Wegener D. T. Mood management across affective states: The hedonic contingency hypothesis / D. T. Wegener, R. E. Petty // Journal of Personality and Social Psychology. – 1994. – Vol. 66, № 6. – P. 1034–1048.
- 42 Putnam R. D. Bowling Alone: The Collapse and Revival of American Community. - New York: Simon & Schuster, 2000. - 544 p.
- 43 Devereux P. International Volunteers: Cheap help or transformational solidarity toward sustainable development. Murdoch University, 2010. - 147 p.
- 44 Есим Г. Об интеллектуальном ресурсе современного Казахстана Образование через всю жизнь: непрерывное образование в интересах устойчивого развития // Спецвыпуск. 2009. – С.23-27.
- 45 Нысанбаев А.Н. Становление глобальной этики взаимопонимания // Вопросы философии. - 2017. - № 8. - С. 11–19
- 46 Ғабитов Т. Х. Қазақ мәдениетінің рухани кеңістігі. - Алматы: КазНУ им. аль-Фараби, 2012. – 382 б.
- 47 Раев Д. С. Қазақ шешендігі философиясы: оқу құралы / Д. С. Раев. – Алматы: Қарасай, 2011. – 264 б.
- 48 Сағиқызы А. Гуманистік дүниетаным: элеуметтік-мәдени негіздер. – Монография / З.К. Шәукенова және С.Е. Нұрмұратовтың жалпы редакциясымен. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2013. – 292 б.
- 49 Кенжеахметұлы С. Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары : көпшілік оқырман қауымға арналған. – Алматы : Ана тілі, 1994. – 80 б.
- 50 Көбесов А. Әл-Фараби мен Абайды қатар оқығанда: Зерттеу еңбек. – Алматы: «Қазақ университеті». – 2006. - 258 б.

- 51 Орынбеков М.С. Духовные основы консолидации казахов. – Алматы: ИД «Аркаим», 2001. – 252 с.
- 52 Алтаев Ж. А. Түрік философиясы антологиясы. 2-том. Әл-Фараби философиясы: оқу құралы / Ж. А. Алтаев, Т. Х. Ғабитов, Ә. Құранбек, Қ. М. Алтынбек. – Алматы : Дарын баспасы, 2024. – 353 б.
- 53 Философия тарихы: Оқулық /Ж.Алтай, А.Қасабек, Қ.Мұхамбетали – Алматы: Жеті жарғы. 1999. – 204 б.
- 54 Қазақ руханияты: тарихи-философиялық және этномәдени негіздер. Ұжымдық монография / З.К. Шәукенованың жалпы редакциялауымен. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК ФСДИ, 2013. – 375 б.
- 55 Нұрмұратов С.Е. «Оғызнама» мәтініндегі мәдени-тарихи маңызды тұжырымдар // Орта ғасырдағы түркі ойшылдары. Жиырма томдық. 5-том. Астана: Аударма, 2005. – 124-129 бб.
- 56 Әлжанов Қ. М.Қашқари: дүиетаным айшықтары // Қазақ даласының ойшылдары (IX-XII ғғ). Алматы: Ғылым, 1995. – 160 б.
- 57 Аташ Б. Қорқыт Ата философиясындағы адам және әлем проблемалары // Ізденіс. - 1999. - №2. – 77 б.
- 58 Демеуова Г. Қайырымдылық әлеуметтік институт ретінде: автореферат дис. ... канд. социол. наук. – Алматы: Абай атындағы Алматы мемлекеттік университеті, Саясаттану және социология кафедрасы, 2002. – 26 б.
- 59 Kalenova T. S., Tileukesh N. B. Kazakhstan in the system of global civil society // Greater Eurasia: Development, Security, Cooperation. – 2021. – Т. 4, № 1. – P. 76–78.
- 60 Khamzina A. Volunteering as a Factor of Spiritual and Moral Education in Kazakhstan. Helping Professions: Scientific Evidence and Innovative Technologies, 6, 2016. – P. 643-648.
- 61 Beisekova R. T., Zholdasbek A. S. Study of current trends in the volunteer movement of the Republic of Kazakhstan // Proceedings of the Astana Sociological Forum dedicated to the Day of the First President of the Republic of Kazakhstan: International Scientific-Practical Conference. – Nur-Sultan: L. N. Gumilyov Eurasian National University, 2015.
- 62 Aynaliev N. A., Li E. D., Zhandauova Sh. E. Volunteering as a factor in the development of students' civic consciousness // Bulletin of the Abai Kazakh National Pedagogical University. Series "Pedagogical Sciences". – 2020. – № 2 (66). – P. 154–160.
- 63 Online Etymology Dictionary. Volunteer // Online Etymology Dictionary. – 2016. <https://www.etymonline.com/word/volunteer> .10.12.2024.
- 64 Қалиев Б. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. - Алматы, 2014. - 728 б.
- 65 Васюкова И. А. Словарь иностранных слов. - М. : АСТА-ПРЕСС, 2001. 148 с.
- 66 Dictionnaire de la langue française. Lexis. - P.: Larousse, 1993. - 2027 p.
- 67 Всеобщая Декларация Добровольчества (принята на XVI Всемирной Конференции Международной Ассоциации Добровольческих Усилий - IAVE,

Амстердам, январь, 2001 г., Международный Год Добровольцев)
<https://volunteers.kz/zakonodatelnaya-baza/vseobshchaya-deklaratsiya-dobrovolchestva>. 10.12.2024.

68 «Волонтерлік қызмет туралы»: Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 30 желтоқсандағы № 480-V ҚРЗ Заңы // Қазақстан Республикасының Парламентінің Жаршысы. – 2016. – № 24.

69 Августин А. Исповедь / пер. с лат. М. Сергеев. - СПб.: Азбука-Аттикус, 2019. - 400 с.

70 Гуманизм // Словарь философских терминов / науч. ред. В. Г. Кузнецов. - М.: Республика, 2004. - С. 121–122.

71 Кант И. Критика практического разума / пер. и предисл. Н. М. Соколова. - М.: Эксмо, 2023. - 288 с.

72 Гегель Г. В. Ф. Философия права. - М.: Мысль, 1990. – 524 с.

73 Шопенгауэр А. Свобода воли и нравственность. - М.: Республика, 1992.

74 Фейербах Л. Сущность христианства. - Соч.: в 2 т. Пер. с нем. / Ин-т философии. - М.: Наука, 1995. - Т.2. – 425 с.

75 Томазин де Циклария // Энциклопедический словарь: в 86 т. / Ф.А. Брокгауз, И.А. Ефрон. - М., 1992. - Т. 65.- С. 472-473.

76 Шлихтер А. А. Направления и механизмы взаимодействия социально-ответственного бизнеса с некоммерческим сектором США. - М.: ИМЭМО РАН, 2010. – 104 с.

77 Salamon M., Sokolowski S., Haddock M. Measuring the economic value of volunteer work globally: concepts, estimates and a roadmap to the future // Annals of Public and Cooperative Economics. - 2011. - № 82 (3). – 224 p.

78 Involving of third country nationals in volunteering: final project report. - 2006. - 7 p.

79 Akhmetova I., Shimshek N.-A., Balabekova L.G., Galy Zh.O. Philosophical and legal aspects of Volunteerism in Social Work. Вестник Карагандинского университета.- Серия Философия.– 2022. – № 4(108). - С. 246-252.

80 Новая философская энциклопедия: в 4 т. / Ин-т философии РАН; гл. ред. В. С. Степин. - М.: Мысль, 2010. - Т. 1. - 634 с.

81 Batson C. Addressing the altruism question experimentally // Altruism and altruistic love: Science, philosophy, and religion in dialogue. – 2002. – P. 89-105.

82 Конт О. Система позитивной политики: Трактат по социологии / пер. с фр. и вступ. ст. Е. В. Де-Келлер. - СПб.: Наука, 2000. - 640 с.

83 Comte A. System of Positive Polity / translated from the French by J. H. Bridges. – London, 1875. – Vol. 1. – 594 p. https://darwin-online.org.uk/converted/pdf/1875_Comte_PositivePolity_A3235.pdf. 10.12.2024.

84 Akhmetova I., Abdrasheva B.Zh, Baimukhanova A.M. The foundation of volunteering is charity: a philosophical approach. Вестник Карагандинского университета.- Серия Философия. №4 (108). – 2022. – С. 152-160

85 Сандел М. Дж. Что такое добродетель? / пер. с англ.; предисл. А.

Яковлева. – М.: Изд-во Института Гайдара, 2015. – 142 с.

86 Batson C., Fultz J., Schoenrade P., Paduano A. Critical self-reflection and self-perceived altruism: When self-reward fails // *Journal of Personality and Social Psychology*. – 1987. – Vol. 53, № 3. – P. 594–602.

87 Batson C., Bolen M., Cross J., Neuringer-Benefiel, H. E. Where is the altruism in the altruistic personality? // *Journal of Personality and Social Psychology*, 1986. - №50(1). – P. 212–220.

88 Адам-зат: Ғарифолла Есім. – Астана : Ақарман, 2008. – 382 б.

89 Шопенгауэр А. О свободе воли. Об основании морали. – М.: ООО «Издательство АСТ», 2023. – 448 с.

90 Кант И. Сочинения: в 8-ми т. Т. 6: Религия в пределах только разума. Метафизика нравов. — М.: ЧОРО, 1994. - 613 с.

91 Feinberg J. Harm to Self. – Oxford: Oxford University Press, 1986. – 350 p.

92 Жолдасбеков М. «Асыл арналар»: Зерттеулер, мақалалар. - Алматы, «Жазушы». - 1986. – 328 б.

93 Ежелгі дәуір әдебиеті. Жоғары оқу орындары филология факультеттері студенттеріне арналған хрестоматиялық оқу құралы (Құрастырған және өмірбаяндық деректерді жазған А. Қыраубаева, ф.ғ.к.), Алматы, «Ана тілі». - 1991. - 280 б.

94 Çandarlıoğlu G. Islam öncesi Türk tarihi ve kültürü / G. Çandarlıoğlu. – İstanbul, 2013. - 104 p.

95 Eroğlu Koşan Z. Bilge Tonyukuk yazıtlarının anlatıbilim unsurları açısından incelenmesi // *Uluslararası Türkçe Edebiyat Kültür Eğitim Dergisi*. – 2022. – Vol. 11, № 3. – P. 905–920.

96 Орхон ескерткіштерінің толық мәтіні / Құраст. М. Жолдасбеков, Қ. Сартқожаұлы. - Астана: Күлтегін, 2007. – 360 б.

97 Малов С. Е. Памятники древнетюркской письменности Монголии и Киргизии. - М.; Л. : Изд-во АН СССР, 1959. - 362 с.

98 Кляшторный С.Г., Лившиц В.А. Открытие и изучение древнетюркских и согдийских эпиграфических памятников Центральной Азии // *Археология и этнография Монголии*. - Новосибирск, 1978.

99 «Ұлы дала жауһарлары» сериясы. Ежелгі дәуір әдебиетінің антологиясы: Бес томдық. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: О.Д. Бекжан, Т.Е. Қыдыр. - Алматы: Evo Press, 2019. - 631 б.

100 Ахметова И.А., Карипбаев Б.И., Ғалы Ж.О. Қазақстандағы еріктіліктің бастаулары: элеуметтік талдау. 2nd International Rumeli Congress of Social and Educational Sciences. – Стамбул: Akademik paylaşım platform publishing house, 2024. – Б. 943-954 // <https://ubsder.org.tr/wp-content/uploads/2024/06/toplum-ve-egitim-kongre-kitabi.pdf>

101 Классикалық зерттеулер: Көп томдық. – Алматы: «Әдебиет Әлемі», 2013. Т.17: Көне түркі әдебиеті туралы зерттеулер. – 380 б.

102 Zafer Altun. Türk Kültüründe “Kurt Kavramı” Üzerine Bir İnceleme. 21. Yüzyılda Eğitim ve Toplum / *Education And Society In The 21st Century Cilt /*

Spring // Bahar. - 2019. - Vol.8, Iss. 22. - P.91-108.

103 Сарбасов Б. С. Қазақ фольклорындағы бөрі бейнесі // ҚазҰУ хабаршысы // Филология сериясы. – 2016. – № 2 (160). – Б.182–186.

104 Ақберен Елгезек. Хан Қасқыр <https://abai.kz/post/12709>. 10.01.2025.

105 Бөрі ене - «Орталық Қазақстан» газетінің ресми сайты (ortalyq.kz) 10.01.2025.

106 Дәлейұлы Ұ. Б. Қанымдағы қасқыр иісі: өлеңдер / Ұ.Б Дәлейұлы. - Алматы : Жалын, 2010. - 92 б.

107 Серік Ақсұңқарұлы. Адамзатнама (поэма және эсселер).– Алматы: Атамұра, 2024.-208 б.

108 Идрис Шах. Суфизм. - М.: Наука, 1994. – 340 с

109 Қорқыт Ата кітабы. Түрік тілінен ауд. Б.Ысқақов. – Алматы: Жазушы, 1994. – 160 б.

110 Ögel B. Türk Kültürünün Gelişme Çağları. Türk Dünyası Araştırmaları Vakfı, İstanbul. - 2001.

111 Kuzay D., Gonca – Duranlı, Muvaffak K. Dede Korkut Anlatılarında Küçük Düşme Motifi // Millî Folklor, 2015. - №107. – P. 49-59.

112 Şahin V. Dede Korkut Hikâyelerinde İyilik Kültürü // 1. Ulusal İyilik Sempozyumu материалдары. – 2009. – P. 294-302.

113 Kanter M. F. Dede Korkut Hikâyelerinin Arketipsel Sembolizm Yöntemiyle Çözümlemesi // Arayışlar. – 2005. – № 14. – P. 72–80.

114 Uyumaz G. Dede Korkut Hikâyelerinde Çocuk Eğitimi. Dokuz Eylül Üniversitesi, Eğitim Bilimleri Enstitüsü, Türkçe Eğitimi Anabilim Dalı, Türkçe Öğretmenliği Programı, Yüksek Lisans Tezi, İzmir. 2012. – 185 p.

115 Kafesoğlu İbrahim. Türk Bozkır Kültürü. Türk Kültürünü Araştırma Enstitüsü Yayınları, Ankara, 1987. – 172 p.

116 Kaşgarlı Mahmud, Divanü Lûgat-it-Türk, Çev: Besim Atalay, TDK Yay., C.I., Ankara, 1985. – 384 p.

117 Duymaz A. Oğuz Kağan Destanı'ndan Dede Korkut'a Toy Geleneğinin Simgesel Anlamı ve Türk Paylaşım Modeli // Karadeniz Araştırmaları Dergisi, – 2005. – № 5. – P. 37–60.

118 Akhmetova I., Karipbayev B.Zh., Shimshek H.-A. Volunteering in the Kazakh steppe as a segment of the socio-cultural space // Адам әлемі: философиялық және қоғамдық-гуманитарлық журналы. – 2022. - №2 (92). – P. 71-82.

119 Исмаилов А. Становление и развитие гражданского общества в Казахстане // Россия и мусульманский мир. - 2015. - №9 (279). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/stanovlenie-i-razvitie-grazhdanskogo-obschestva-v-kazahstane> 06.08.2025. 10.12.2024.

120 Қабдолда Қ. С. Уақыптың қоғамдағы орны // Ислам және өркениет газеті. – 2014. – №30 (348). – 12 б.

121 Erdem Y. Anadolu'da Ahilik ve Fütüvvet: Sosyal Ahlaki Bir Kurumun Tarihsel Gelişimi // Türk Kültürü ve Hacı Bektaş Veli Araştırma Dergisi. – 2021. –

№ 112. – С. 35–55.

122 Көпрүлү Ф. Түркі әдебиетінде алғашқы сопы-ақындар / ауд. доц. д-р Кенан Коч. – Түркістан: А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Өкілетті кеңес басқармасы, -2016. - 173 б.

123 Әл-Фараби. Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары// Философиялық трактаттар. Алматы: Ғылым, 1973. – 446 б.

124 Akhmetova I. A., Tutkysheva G. T. The Phenomenon of Volunteerism in al-Farabi's Philosophy: The Spiritual Path to Happiness and Virtue // Серия «История. Философия». - 2025. - Т.30, № 3 (119). - С.185-196 <https://doi.org/10.31489/2025HPh3/204-212>

125 Абдығалиева Л. И. Ізгілік мәселесінің қазақ дүниетанымындағы көрінісі: дис. ... филос. ғыл.канд. – Алматы: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, 2006. – 150 б.

126 Сағиқызы А. Конфуций және Әл-Фараби: адам және қоғам туралы ілім // Әл-Фараби. – 2012. – №4 (40). – Б. 33–39.

127 Ахметова И., Карипбаев Б. Volunteerism: historical and axiological analysis // Вестник Карагандинского университета. Серия: Философия. – 2022. – № 1 (105). – С. 189–197.

128 Баласағұн Ж. Құтты білік / көне түркі тілінен аударған, баспаға дайындаған А. Қ. Егеубай; жауапты ред. Ж. М. Аяпова. – Алматы: Өлке, 2006. – 640 б.

129 Баласағұн Ж. Құтты білік. - Алматы, 1986. – 196 б.

130 Әдеби жәдігерлер. Жиырма томдық. Жүсіп Баласағұн. Құтты білік / көне түркі тілінен ауд. А. Қ. Егеубаев; алғы сөзі мен түсіндірмелерін жазған А. Қ. Егеубаев. – Алматы: Таймас баспа үйі, 2007. – Т. 5. - 536 б.

131 K. Grönbech, Kuman Lehçesi Sözlüğü, Codex Cumanicus'un Türkçe Sözlük Dizini, çev. Kemal Aytaç, Ankara, Kültür Bakanlığı Yayınları, 1992, s. 38.

132 Kafesoğlu İ., Kutadgu Bilig ve Kültür Tarihimizdeki Yeri, İstanbul, Kültür Bakanlığı Yayınları, 1980. - 20 p.

133 Akhmetova I., Karipbayev B. Kazak Bozkırında Gönüllülük Fikirleri. 4. Materials of the International Symposium of Turkology Studies. - Van: UTAS, 2022. – Б.167-168. // http://webportal.yyu.edu.tr/images/content/1666991244_U_TAS_4_öze_t_kitabı_ISBN.pdf. 10.12.2024.

134 Kaşgarlı M. Dîvânü Lügâti't-Türk. T. III / çev. B. Atalay. – Ankara : TDK Yayınları, 1986.

135 Иүгінеки Ахмед. Ақиқат сыйы. Алматы: Ғылым, 1985. – 96 б.

136 Hibet-ül hakayik: Yukenaki, Ahmed bin Mahmud, 12th cent: Free Download, Borrow, and Streaming: Internet Archive <https://archive.org/details/atebetul-hakayik-edib-ahmed-b.-mahmud-yukneki>. 10.12.2024.

137 Clauson S.G. An Etymological Dictionary of Pre-Thirteen Century Turkish. Oxford at the Clarendon Press <https://archive.org/details/etymologica/etymologica-clauson>. 10.12.2024.

138 Toparlı R., Vural H., Karaatlı R. Kıpçak Türkçesi Sözlüğü. – Ankara: Türk

Dil Kurumu Yayınları, 2019. – 338 p.

139 Ерғали І. Ахмед Иүгінеки философиясы – адам әлемі туралы ой-толғаньы // Адам әлемі. 2000. - № 2. (5).

140 Soylemez O., Korkmaz U., Akhmetova I. Tarihi, Ormanları, Turizmi, Basını, Maneviyatı ve Şiiri ile Ulu Türkistan. - Ankara: BENGÜ YAYINLARI, 2022. –258 p.

141 Akhmetova I., Amangeliyeva G., Galy Zh.O. The Problem of Help in Yasawi's Hikmet. VI International Research Congress on Social Sciences. - Ankara: USOBAK, 2023. – P.255-259 // usobak.com/wp-content/uploads/2023/12/tammetin.pdf.

142 Йасауи Қ.А. Хикмет жинақ: Даналық сыр. – Алматы: Жалын, 1998. – 656 б.

143 Кенжетай Д. Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымы. – Түркістан: Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ - Түрік университеті, 2004. – 341 б.

144 Жанатова А.Ж. Қожа Ахмет Яссауидың «Диуани хикмет» дастанындағы гуманистік идеялар // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы, 2011. - № 4(134).

145 Akhmetova I., Karipbayev B. Türk kültüründe gönüllülüğün felsefi ve etik içeriği. 3. International Hasankeyf Scientific Research and Innovation Congress. - BATMAN: ISARC, 2022. – P.1285-1286. // [https://en.isarconference.org/files/ugd/6d c816 428f67b3873b42149eaacb50075b1c47.pdf](https://en.isarconference.org/files/ugd/6d%20c816%20428f67b3873b42149eaacb50075b1c47.pdf).

146 Қазақ этикасы және эстетикасы. Жиырма томдық. 12-том. - Астана: Аударма, 2007. – 455 б.

147 Валиханов Ч. Ч. Собрание сочинений: в 5 т. / Ч. Ч. Валиханов. – Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии, 1984. – 432 с.

148 Курманова С. Б. Творчество жырау в казахской философской мысли // Материалы международной научно-практической конференции, посвящённой 130-летию С. Сейфуллина. – Астана, 2004. – Т. 1. - С. 215–220.

149 Сыпыра, Асанқайғы, Қазтуған, Доспанбет, Шалкиіз, Бұқар Қалқаманұлы, т.б. шығармалары. – Алматы: «Нұрлы Press.kz», 2014 - 288 б.

150 Терекұлов Н., Қазбеков М. Қазақтың би-шешендері: 1, 2 кітап. – Алматы: Жалын, 1993. – 400 б.

151 Бабалар сөзі: жүз томдық / М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты; томды жүйелеп, ғылыми қосымшаларын дайындаған Қ. Алпысбаева [ж. б.] ; жауапты шығарушы А. Әлібекұлы. – Астана : Фолиант, 2010. – Т. 57 : Тарихи жырлар. – 406 б.

152 Байболұлы Қ. Еңсегей бойлы ер есім: дастандар / құраст., арап қарпінен ауыс. С. Дәуітұлы. - ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі... – Алматы : Жалын, 2005. - 318 б.

153 Бәйдібек баба - алып бәйтерек. Ұрпақтар шежіресі. Суан / ... – Алматы : Жалын, 2014. - 944 б.

154 Жамбыл О. Бұқар жырау. Ғұмырнама. – Астана: Фолиант, 2008. - 360 б.

- 155 Нәсенев Б. Төле би, Қазыбек би, Айтеке би. – Алматы: Новосибирск, 2012. – 608 б.
- 156 Жұмабеков Қ. Қайырымдылық – қадірлі іс <https://www.muftyat.kz> 18.07.2025.
- 157 Махамбет: Қазына.-Алматы: Арыс.- 2001.- 160 б.
- 158 Он ғасыр жырлайды / Ред. алқасы: Р. Бердібаев, М. Мағауин, Б. Тілеухан, А. Айталы, С. Қирабаев, А. Егеубаев, С. Дәуітұлы, А. Смақова. – Алматы, 2006. – 408 б.
- 159 Мекемтас Мырзахметұлы. «Толық адам» ілімі жайлы толғаныс [https://ult.kz/post/mekemtaz-myrazhmetuly-tolyk-adam-ilimi-zhayly-tolganys? Utm_s ource](https://ult.kz/post/mekemtaz-myrazhmetuly-tolyk-adam-ilimi-zhayly-tolganys?Utm_source) 18.08.2025.
- 160 Омаров А. Қ. Абайдың жауанмәртлік философиясы : дис. ... канд. филос. наук. – Алматы : Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, 2006. – 116 б.
- 161 Soylemez O., Akhmetova I. Eastern and Western Ethicians: A Critical Comparison. Chapter. Volunteerism in Abai’s Philosophy - a matter of morality. – Lyon: Livre de Lyon, 2022. - P.–319-332.
- 162 Шәкәрім. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1988. - 267 б.
- 163 Талипова А. Ф. Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің зерттеушілік еңбегіндегі мақал-мәтелдердің орны // Торайғыров университетінің Хабаршысы. Филологиялық серия. – 2025. – № 2. – Б. 422–438. – DOI: [10.48081/JLTU2352](https://doi.org/10.48081/JLTU2352)
- 164 Зиманов С.З. Қазақтың билер соты – бірегей сот жүйесі. – Алматы: АтаМұра, 2008. – 216 б.
- 165 Артықбаев Ж.О. Қазақ этнографиясы. XVIII ғасырдағы этнос және қоғам. – Қарағанды: ҚарМУ, 1995. - 226 б.
- 166 Ахметова И.А., Шимшек Х.-А., Қазақ даласындағы меценаттық – әлеуметтік-мәдени феномен. International Congress of Kazakh History, Culture and Language: халықаралық конгресс материалдары. – Анкара: Iksad Global Publishing House, 2021. – Б. 297-302
- 167 Akhmetova I., Karipbayev B. Voluntary Labor of Women of Kazakhstan: History and Today. 6. International Congress on Current Developments in Science and Technology. -Malatya: IKSAD, 2022. - P. 331-332 [//https://www.biltek.org/ files/ugd/262ebf_82a51cd2bc184fe98b42802f61d908e9.pdf](https://www.biltek.org/files/ugd/262ebf_82a51cd2bc184fe98b42802f61d908e9.pdf)
- 168 Жұмабаев М. Шығармалары: Өлеңдер, поэмалар, қара сөздер. – Алматы: Жазушы, 1989. – 448 б.
- 169 Сакенов Д. Ж. Использование народных традиций в подготовке старшеклассников к семейной жизни: автореф. дис. ... канд. пед. наук. – Алматы, 1994. – 23 с.
- 170 Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких гор и степей. – Алматы: Санат, 1996. – 656 с.
- 171 Кенжәлиев М. Қазақ хандығындағы дәстүрлі құқықтағы би таңдау жолы https://tumba.kz/tinis/47-тыныс/38988Kazak_handygyndagy_dasturl_i_ku_kykt_agy_bi_tandau_zholy.html. 19.08.2025.

172 Масанов Н. Э. Кочевая цивилизация казахов: основы жизнедеятельности номадного общества. Алматы «Социнвест» - М.: «Горизонт», 1995.- 320 с.

173 Артықбаев Ж. О., Сабданбекова Ә. Ә., Елемесов Ә. Қ., Дауенов Е. Н. Дәстүрлі қазақ этнографиясы: оқу-әдістемелік құралы. –Павлодар: «Кереку», 2008. –260 б.

174 Каримова Р. М. Истоки волонтерства в Казахстане // Мир науки, культуры, образования. – 2018. – № 4 (71). – С. 303–304.

175 Ахметова И.А., Жолдыбек Н.Ф. Қазақ даласындағы әлеуметтік жұмыстың негізгі институты ретінде – Асар. 2nd International Rumeli Congress of Social and Educational Sciences.-Стамбул: Akademik paylaşım platform publishing house, 2024. – Б. 599-602 // <https://ubsder.org.tr/wp-content/uploads/2024/06/toplum-ve-egitim-kongre-kitabi.pdf>.

176 Akhmetova I., Ozkan A.R. Psikososyal Boyutlariyla Afetler ve Din. Spiritus Versus Calamitas: Afetlerde Gönüllü Eylemlerin Motivasyonlarının Manevi Yönleri. – Ankara: NOBEL AKADEMİK YAYINCILIK EĞİTİM DANIŞMANLIK TİC. LTD, 2023. - P.645-658.

177 Akhmetova I. Ethical Foundations of Volunteering in Kazakhstan and its Role in Society. VII. International Research Congress on Social Sciences. – Ankara: USOBAK, 2025. –P. 136-140.

178 Akhmetova I., Galy Zh.O. Continuity of Social Work in Kazakhstan with Traditions. 26th International Turkish Cooperative Congress. – Spain: TEMINAT, 2024. –P. 53-54.

179 Қазақ салт-дәстүрлері / құраст. Әліхан Тауұлы. – Алматы: Балауса баспасы, 2017. – 384 б.

180 Қазақ кімді жомарт деген - Көгендік, кеусен, шүлен тарату дәстүрлері https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/qazaq-kimdi-zomart-degen-kogendik-keusen-sulen-taratu-364531/ 20.08.2025.

181 Кенжеахметұлы С. Қазақтың қайырымдылық дәстүрлері // Парасат. – 2014. – № 34. – 12 б.

182 Қазақ энциклопедиясы. – Алматы: Қазақ энциклопедиясының Бас редакциясы, 1972–1978. – Т. 9.

183 Хамитова Э. Тіліндегі этномәдени тарих пен тілдік процестердің «ақпарат көзі» – көнерген сөздер туралы // Avrasya Uluslararası Araştırmalar Dergisi. – 2016. – Cilt 4, Sayı 8. – Б. 206–218. – Türkiye.

184 Қазақ тілінің аймақтық сөздігі <https://kazakh.academic.ru/> 20.08.25

185 Салт-дәстүр – ұлттың тамыры <https://qazaly.kz/zanalyk/ruhaniyt/30682-salt-dstr-ltty-tamyry.html> 22.08.2025.

186 Ахмет Тоқтабай. Атсүйек» берудің мәні. anatili.kazgazeta.kz/news/11244 24.08.2025

187 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі // Энциклопедия. - Алматы: DPS, 2011. -735 б.

188 Akhmetova I., Shimshek H.-A. Kazakistan Ve Türkiye Geleneklerinde

Süreklilik: Asar Ve Imece Usulü Örneğinde. 3rd International Symposium of Academic Studies on Education and Culture. – Конья: «ISASEC», 2022. – Б. 45-46 // http://www.isasectr.org/wp-content/uploads/2022/05/ozet_kitapcigi_abstra_ct_book_isasec3.pdf. 10.12.2024.

189 Akhmetova I., Karipbayev B. Volunteering on the Kazakh land as a form of social assistance. Scientific research in XXI century: IX Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Оттава: «InterConf», 2021.–С.207-210 // <https://ojs.ukrlogos.in.ua/index.php/interconf/article/view/13561>. 10.12.2024.

190 Akhmetova I., Galy Zh.O. Mediation in Kazakh customs as an institute of volunteerism. Вестник Карагандинского университета.- Серия Философия. – № 3(107). – 2022. – С. 247-252.

191 Алаш. Алашорда. Энциклопедия. / Құраст: Ғ.Әнес, С.Смағұлова. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. -544 б.

192 Алаш қозғалысы: энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Сардар, 2014. – Б.122-128.

193 Бөкейхан Ә. Таңдамалы = Избранное: Қазақ және орыс тілдеріндегі ғылыми зерттеулер, еңбектер: монографиялары, мақалалары, сөздері, баяндамалары, өлеңдері, аудармалары, хаттары / Ә. Бөкейхан; [бас ред. Р. Н. Нұрғалиев; шығарушылар алқасы: М. Базарбаев (бас ред.); құраст. С. Аққұлыұлы; ред. алқасы: Ж. М. Абдильдин. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. – 477 б.

194 Коммерциялық емес ұйымдар туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2001 жылғы 16 қаңтардағы N 142.

195 Мемлекеттік жастар саясаты туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 9 ақпандағы № 285-V ҚРЗ.

196 Қайырымдылық туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 16 қарашадағы № 402-V ҚРЗ

197 Тоқаев Қ. «Birgemiz» атты волонтерлар фронт-офисінің ашылу рәсіміне қатысты. <https://qazaqstan.tv/news/122840/> 24.08.2025.

198 Волонтерлікті дамытудың 2021 – 2023 жылдарға арналған жол картасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2021 жылғы 22 сәуірдегі № 84-ө өкімі.

199 Sycheva A. V. Youth volunteer movement in the Tula region in the estimates of the expert community // Bulletin of the Tula State University. Series Humanities. – 2015. – № 2. – P. 48–55.

200 Ел басына күн туған сәтте еріктілер де жұдырықтай жұмылды. <https://qazaqstan.tv/news/150680> 25.08.2025.

201. Sholudko T. E. Analytical report on the state of volunteering in Kazakhstan 2022: according to data from regional front offices on volunteering. – Astana: National Volunteer Network ALE, 2022. – 25 p.

202 Амреева Е., Шолудько Т. Қазақстан Республикасындағы волонтерлік қызметке шолу / Е. Амреева, Т. Шолудько – Астана, 2024. – 48 б.

203 Қазақстанның бастамасымен БҰҰ 2026 жылды Тұрақты даму

мақсатында халықаралық волонтерлер жылы деп жариялады.
<https://qazvolunteer.kz/kk/articles/po-initsiative-kazakhstan-oon-provozglasila-2026-god-mezhdunarodnym-godom-volonterov-v-tselyakh-ustoychivogo-razvitiya>
25.08.2025.

204 Бабосов Е. Культурный код нации: сущность и особенности // Наука и инновации. 2016. - №157. <https://cyberleninka.ru/article/n/kulturnyy-kod-natsii-suschnost-i-osobennosti> .

205 Аралбай С. М. Қазақ мәдени құндылықтарындағы ұлттық код : дис. ... филос. докт. (PhD). – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2022. – 141 б.

206 Тоқаев Қ.К. Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан // Егемен Қазақстан. - 2020. - 36.

207 Yaran C. ““Mevlana'nin yedi öğüdü””: Evrensel erdemler, kozmik temellendirmeler ve aidiyet meselesi” // Journal of Istanbul University Faculty of Theology. – 2012. – Vol. 27, № 2. – P. 25–48.

208 Clary E. G., Snyder M., Ridge R. D., Copeland J., Stukas A. A., Haugen J., Miene P. Understanding and Assessing the Motivations of Volunteers: A Functional Approach // Journal of Personality and Social Psychology. – 1998. – Vol. 74, № 6. – P. 1516–1530.

ҚОСЫМША А

Жастардың еріктілік қызметке қатысуын анықтау

САУАЛНАМА ФОРМАСЫ

Зерттеу мақсаты: Жастардың еріктілік қызметке қатысу себептері, құндылықтық бағдарлары, әлеуметтік әсері мен рухани дамуға ықпалы туралы мәліметтер жинау.

Жынысы:

- Ер
- Әйел

Жасы:

- 17-18
- 19-21
- 22-24
- 25+

Сіздің біліміңіз / студенттік статусыңыз:

- Колледж
- Университет (бакалавриат)
- Магистратура
- Дәрежесіз / өзге

1. Еріктілік қызметке қатысасыз ба?

- Иә
- Жоқ (егер «Жоқ» – сауалнаманы осы жерден тоқтатуға болады)

2. Қай салада еріктілікпен айналыстыңыз? (бірнеше жауап белгілеуге болады)

- Қарттарға көмек
- Мүмкіндігі шектеулі жандарға қолдау
- Балалармен жұмыс
- Экология
- Жастармен жұмыс
- Өзге: _____

3. Еріктілік қызметіндегі негізгі мақсатыңыз қандай? (бірнешеуін белгілеңіз)

- Өзімді бақытты сезіну
- Рухани кемелдену
- Қоғамға пайдалы болу
- Жаңа адамдармен танысу
- Діни сеніміме сай сауапты іс жасау
- Азаматтық ұстанымды жүзеге асыру

- Материалдық пайда
- Өзгелердің жағдайына бей-жай қарамау
- Басқалардан құрмет күту
- Ұлттық дәстүрлерді жалғастыру
- Басқа: _____

4. Сізге еріктілік қызметінің қандай құндылықтық әсері болды?

- Мейірімділік дамыды
- Жауапкершілік артты
- Эмпатия (басқаны түсіну) қалыптасты
- Өз сенімім нығайды
- Жоқ әсері болмады
- Өзге: _____

5. Сіз еріктілік қызметінің нәтижесінде...

- Көп достар таптым
- Қоғамға қажет екенімді сездім
- Болашақ мамандығымды таңдауға ықпал етті
- Өмірімнің мәні өзгерді
- Қоғамдық істерге қызығушылық артты
- Өзгеріс байқамадым

6. Сізге еріктілік қандай құндылықтарды үйретті деп ойлайсыз?

(ашық сұрақ)

Жауабыңыз: _____

ҚОСЫМША Б

Интервью (терең сұхбат) сұрақтары

Мақсаты: Еріктілердің ішкі мотивациясы, тұлғалық дамуындағы рөлі, дәстүрмен байланысы және өмірлік әсерін анықтау.

Жалпы ақпарат:

- Аты-жөні (қалауы бойынша):
- Жасы:
- Еріктілікпен айналысқан мерзімі:
- Қызметі:

Негізгі сұрақтар:

1. Еріктілікке не себепті келдіңіз? Бұл шешімнің артында қандай құндылықтар тұр?

2. Еріктілік қызметінен қандай ішкі рухани өзгерістер байқадыңыз?

3. Сіз үшін еріктілік – бұл көмек пе, парыз ба, әлде өзін-өзі жүзеге асыру жолы ма?

4. Қазақ немесе түрік дәстүрлерінің (асар, ітесе т.б.) қазіргі еріктілікпен байланысын қалай бағалайсыз?

5. Отбасыңыз сіздің еріктілік қызметіңізге қалай қарайды? Сол тәрбие әсер етті ме?

6. Болашақта еріктілік өмірлік немесе кәсіби жолыңызға әсер етуі мүмкін бе? Қалай?

7. Сіздің ойыңызша, еріктілік қоғамды өзгертеді ме? Тұлғаны ше?

8. Қандай жағдай еріктілікті шынайы етеді деп ойлайсыз – ниет пе, нәтиже ме?

❖ Қосымша сұрақтар сұхбат барысында қатысушының жауабына қарай нақтыланады.

ҚОСЫМША В

Ғылыми зерттеу нәтижелерін Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің білім беру бағдарламаларына енгізу туралы актілер

<p>«Келісемін»</p> <p>«Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті» КЕАҚ Ғылыми зерттеу институты бойынша Проректоры Ахметкулова М.М. _____ 2025 ж.</p> 	<p>«Бекітемін»</p> <p>«Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті» КЕАҚ Философия және мәдениет теориясы кафедрасының меңгерушісі: Манасова М.М. _____ 2025 ж.</p> 
<p>Ғылыми зерттеу жұмысының нәтижелерін мекеме өндіріс іс-әрекетіне ендіру туралы А К Т</p>	
<p>Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің PhD докторанты Ахметова Идира Абдигазымовна жүргізген «Қазақ даласы құндылықтарының жүйесіндегі еріктілік (философиялық-этикалық дискурс тәжірибесі)» тақырыбы бойынша зерттеу нәтижелері Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің философия және мәдениет теориясы кафедрасының «6В02201 - Философия» білім беру бағдарламасының төмендегі элективті пәніне енгізілді:</p>	
<p>Пән атауы: «Әлеуметтік философия» Философиялық дүниетанымның ерекшелігі Кредит саны: 5 Семестр: 6 семестр (бакалавриат) Форматы: элективті пән (таңдау компоненті)</p>	
<p>Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті: Академиялық жұмыс департаменті басшысы _____ Хасенова Т.М. (қолы) « 09 » 10 2025 ж.</p>	<p>Мекемеден: философия және мәдениет теориясы кафедрасының меңгерушісі: _____ Манасова М.М. (қолы) « 09 » 10 2025 ж.</p>
<p>Ғылыми кеңесші: _____ Карипбаев Б.И. (қолы) « 09 » 10 2025 ж.</p>	
<p>Орындаған: 8D02201-«Философия» білім беру бағдарламасының докторанты _____ Ахметова И.А. « 09 » 10 2025 ж.</p>	

«Келісемін»

«Академик Е.А. Бокетов атындағы
Қарағанды ұлттық зерттеу
университетінің» КЕАҚ



Академик Е.А. Бокетов атындағы
Қарағанды ұлттық зерттеу
университетінің меңгерушісі:
Туркулова М.М.
2025 ж.

«Бекітемін»

«Академик Е.А. Бокетов атындағы
Қарағанды ұлттық зерттеу
университетінің» КЕАҚ
ӘЖ және ӘІП кафедрасының меңгерушісі:
Джамалиева Г.Ж.



« 06 » 10 2025 ж.


жұмысының нәтижелерін мекеме өндіріс іс-әрекетіне ендіру туралы
А К Т

Академик Е.А. Бокетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің PhD докторанты Ахметова Индира Абдигазымовна жүргізген «Қазақ даласы құндылықтарының жүйесіндегі еріктілік (философиялық-этикалық дискурс тәжірибесі)» тақырыбы бойынша зерттеу нәтижелері негізінде томендегі элективті пән Академик Е.А. Бокетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің әлеуметтік жұмыс және әлеуметтік педагогика кафедрасының «БВ11401-Әлеуметтік жұмыс» білім беру бағдарламасының оқу жоғарына енгізілді:

Пән атауы: «Әлеуметтік жұмыстағы еріктілік қызмет»
Әлеуметтік-медициналық жұмыс тәжірибесі (MINOR)
Кредит саны: 6
Семестр: 5 семестр (бакалавриат)
Форматы: элективті пән (таңдау компоненті)

Е.А. Бокетов атындағы Қарағанды ұлттық
зерттеу университеті:

Академиялық жұмыс департаменті
басшысы


(қолы) Хасенова Т.М.
« 06 » 10 2025 ж.

Мекемеден:

ӘЖ және ӘІП кафедра меңгерушісі:



(қолы) Джамалиева Г.Ж.
« 06 » 10 2025 ж.

Ғылыми кеңесші:


(қолы) Каримбаев Б.И.
« 06 » 10 2025 ж.

Орындаған:

8102201-«Философия» білім беру
бағдарламасының докторанты


(қолы) Ахметова И.А.
« 06 » 10 2025 ж.

«Келісемін»



Академик Е.А. Бөкетов атындағы
Қарағанды ұлттық зерттеу университеті»

Академиялық мәселелер бойынша
проректор

Умуркулова М.М.
2025 ж.

«Бекітемін»

«Академик Е.А. Бөкетов атындағы
Қарағанды ұлттық зерттеу
университетінің» КЕАҚ
философия және мәдениет теориясы
кафедрасының меңгерушісі:

Манасова М.М.

« 09 » 10 2025 ж.

Ғылыми зерттеу жұмысының нәтижелерін мекеме өндіріс іс-әрекетіне ендіру туралы
А К Т

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің PhD докторанты Ахметова Индира Абдигазымовнаның жүргізген «Қазақ даласы құндылықтарының жүйесіндегі еріктілік (философиялық-этикалық дискурс тәжірибесі)» тақырыбы бойынша зерттеу нәтижелері Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің философия және мәдениет теориясы кафедрасының «6В02202 - Дінтану» білім беру бағдарламасының төмендегі элективті пәніне енгізілді:

Пән атауы: «Мораль және дін»
Діннің әлеуметтік аспектілері
Кредит саны: 5
Семестр: 7 семестр (бакалавриат)
Форматы: элективті пән (таңдау компоненті)

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық
зерттеу университеті:

Академиялық жұмыс департаменті
басшысы

Хасенова Т.М.

(колы)
« 09 » 10 2025 ж.

Мекемеден:

философия және мәдениет теориясы
кафедрасының меңгерушісі:

Манасова М.М.

(колы)
« 09 » 10 2025 ж.

Ғылыми кеңесші:

Карипбаев Б.И.

(колы)
« 09 » 10 2025 ж.

Орындаған:

8D02201-«Философия» білім беру
бағдарламасының докторанты

Ахметова И.А.

(колы)
« 09 » 10 2025 ж.

ҚОСЫМША Г

Ғылыми зерттеу нәтижелерін Гази университетінің денсаулық сақтау факультеті, әлеуметтік жұмыс бөліміне енгізу туралы Актісі



Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті Философия және психология факультеті «Әлеуметтік жұмыс және әлеуметтік педагогика» кафедрасы



Түркия Республикасы, Гази университеті Денсаулық сақтау факультеті «Әлеуметтік жұмыс бөлімі»

Өндіріске ғылыми нәтижелерді ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ АКТИ

2025 жылғы 4 шілдеде Түркия Республикасы Гази университетімен ғылыми академиялық ұтқырлық шеңберінде докторант Ахметова Индира Абдигазымовнаның «Қазақ даласы құндылықтарының жүйесіндегі еріктілік (философиялық-этикалық дискурс тәжірибесі)» тақырыбындағы зерттеу нәтижелері әлеуметтік жұмыс бөлімінің білім беру және ғылыми тәжірибеге енгізілді.

Зерттеу нәтижелері келесі бағыттарда пайдаланылды:

Оқу процесінде: «Философия және этика негізіндегі еріктілік мәдениеті» элективті курсының мазмұны ретінде енгізілді;

Ғылыми жұмыста: зерттеу материалдары “Türk Kültürü ve Hacı Bektaş Veli Araştırma Dergisi” журналында жарияланған мақалаларда қолданылды;

Практикалық салада: «Good Way» волонтерлік орталығы және Гази университетінің әлеуметтік зерттеу зертханасы базасында еріктілерді даярлау бағдарламасында пайдаланылды.

Енгізу нәтижесінде студенттердің гуманистік дүниетанымын дамыту, әлеуметтік жауапкершілігін арттыру және Түркия мен Қазақстан арасындағы мәдени-ғылыми байланыстарды нығайту қамтамасыз етілді.

Қорытынды:

Зерттеу нәтижелері білім беру және ғылыми-практикалық үдерістерге сәтті енгізілді және тәжірибелік қолданысын тапты.

Құжат түрік және қазақ тілдерінде дайындалды

Тараптардың қолдары:

Ғылыми кеңесші  / проф. Б.И. Қарипбаев / Қарағанды Бөкетов университеті /

Зерттеуші  / Ахметова И.А. / Қарағанды Бөкетов университеті /

Қабылдаған тарап  / Prof. Dr. Fatma Arpacı, Гази университеті /

Күні: «04» 07/ 2025 ж.



Akademik E.A. Böketov adını taşıyan
Karaganda Üniversitesi
Felsefe ve Psikoloji Fakültesi
"Sosyal Hizmet ve Sosyal Pedagoji" Anabilim
Dalı



T.C. Gazi Üniversitesi
Sağlık Bilimleri Fakültesi
Sosyal Hizmetler Bölümü

BİLİMSEL SONUÇLARIN ÜRETİME UYGULANMASI

HAKKINDA TUTANAK

04 Temmuz 2025 tarihinde, Türkiye Cumhuriyeti Gazi Üniversitesi ile yürütülen bilimsel-akademik hareketlilik çerçevesinde, doktora öğrencisi Indira Abdigazymovna Akhmetova'nın "Kazakh Bozkırı Değerler Sisteminde Gönüllülük (Felsefi-Etik Bir Söylem Deneyimi)" başlıklı araştırma sonuçları, Sosyal Hizmetler Bölümünün eğitim ve bilimsel uygulamalarına entegre edilmiştir.

Araştırma sonuçları aşağıdaki alanlarda kullanılmıştır:

- Eğitim sürecinde: "Felsefe ve Etik Temelli Gönüllülük Kültürü" başlıklı seçmeli dersin içeriği olarak dahil edilmiştir;
- Bilimsel çalışmalarda: Araştırma materyalleri, "Türk Kültürü ve Hacı Bektaş Veli Araştırma Dergisi"nde yayımlanan makalelerde kullanılmıştır;
- Uygulamalı alanda: "Good Way" gönüllülük merkezi ve Gazi Üniversitesi Sosyal Araştırmalar Laboratuvarı bünyesinde yürütülen gönüllü eğitim programlarında faydalanılmıştır.

Uygulama sonuçları: Öğrencilerin hümanist dünya görüşünün geliştirilmesi, sosyal sorumluluk bilincinin artırılması ve Türkiye ile Kazakistan arasındaki kültürel-bilimsel ilişkilerin güçlendirilmesi sağlanmıştır.

Sonuç:

Araştırma sonuçları, eğitim ve bilimsel-uygulamalı süreçlere başarıyla entegre edilmiş ve pratikte kullanıma girmiştir.

Belge hem Türkçe hem Kazakça olarak hazırlanmıştır

Tarafların İmzaları:

Bilimsel Danışman [İmza] / Profesör/ B. I. Karıpbayev, Karaganda Buketov Üniversitesi/

Araştırmacı [İmza] / I. A. Akhmetova, Karaganda Buketov Üniversitesi/

Kabul Eden Taraf [İmza] Prof. Dr. Fatma Arpacı

Tarih: "04" 07/ 2025